

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

---

# **ПМУ ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



# **ВЕСТНИК ПГУ**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

**№ 3 (2016)**

---

**Павлодар**

**МАЗМҰНЫ****НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**о постановке на учет средства массовой информации  
№ 14210-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия  
Республики Казахстан**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А.

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*  
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*  
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*  
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*  
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*  
 Казмирова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*  
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*  
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*  
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*  
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*  
 Нургожина Б. В., *технический редактор*

**Абдыханова А. Б.**

Интертекстуалдылықты тұғырлау мәселесіне .....12

**Амренов А. Д.**Мақыш Қалтайұлы өлеңдеріндегі мұсылман ағартушылығы  
(жәдитшілдік) .....20**Амренов А. Д.**Бодандыққа қарсы туған қазақ поэзиясы: XIX ғасырдың  
екінші жартысы, XX ғасыр басы .....27**Айтпаева А. С., Раимбекова А. А.**Шетелдік аудиторияда тіл меңгерудің бастапқы деңгейінде  
фонетикалық құзыретті қалыптастыру .....33**Әбішева К. М., Әйкенова Р. Ә., Сатыбаева Д. М., Иманбаева Ж. К.**

Лингвомәдениеттік бірлік «қымыз» және оның ассоциативтік кеңістігі .....41

**Әбішева К. М., Мухамеджанова Л. Ж., Айкенова Р. А.,****Иманбаева Ж. К., Орманова А. А.**

Көркем мәтіндегі ақпарат пен мәндерді сипаттау мәселесі туралы .....48

**Балмағамбетова Ж. Т., Нұрғалиева А. А.**Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» романы бойынша  
аударма кеңістігіндегі мәтіннің асимметриясы .....55**Жанұзақова Қ. Т.**Прозалық туындылардың көркемдік жүйесіндегі мифопоэтикалық  
формалар .....62**Жанұзақова Қ. Т., Омарова Д.**

Қазақ лирикасындағы дәстүр мен жаңашылдық .....70

**Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.**

Шәкәрімнің хикаят және философиялық өлеңдері .....77

**Жұмақаева Б. Д.**Білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды әдебиет  
пәнінде тиімділікпен қолдану .....83**Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С.**

Баден-Вюртемберг жерінің ойконимдер классификациясы .....94

**Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С.**

Лингвистикадағы өзін-сықақтың пайда болу проблемасы .....101

**Қадыров Ж. Т., Жәмбек С. Н.**

Серік Қирабаев – сыншы ғалым .....106

**Қанабекова М. Қ.**

Көне сөздер құпиясы .....114

**Қасым Б. Қ.**

Күрделі аталымдардың уәжділігі мен семантикасы .....121

**Кенжеқанова Қ. К., Акшолова А. Ж., Камзина А. А.**

Қоғамдық-саяси лексиканың бағалаушылық сипаты .....129

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
 Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
 При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

<b>Қожекеева Б. Ш., Жұмақазева Б. Д.</b> Абай мұрасын кемел тұлға қалыптастырушы құндылық ретінде оқыту ....	135
<b>Қожекеева Б. Ш., Жұмақазева Б. Д.</b> Белтірік Атыхаңұлы шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы .....	143
<b>Көшекбаева А. А., Жанұзақова Қ. Т.</b> Манап Көкенов айтыстарының көркемдік, тілдік ерекшеліктері .....	147
<b>Левина Т. В., Мошенская Н. А., Нурланова А. Н.</b> Жоғары оқу орнының тілдік емес мамандықтар студенттерінің биллингвалдық құзыреттерін дамытудың мәселелері .....	156
<b>Личман Е. Ю.</b> Әли Джүсіпов (1928-1976) шығармаларындағы лирикалық өсем көрінісінің орыс дәстүрі .....	161
<b>Личман Е. Ю., Жанайхан Е.</b> Павлодар өңірінің бейнелеу шығармашылығының дамуының ерекшеліктері .....	167
<b>Личман Е. Ю., Жанайхан Е.</b> Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің әлем суреті негізі кеңістік уақыттық категория ретінде .....	175
<b>Мамырханова Ж. Т.</b> Қазақтардың батыс қытайдағы этностық құрамы .....	185
<b>Муталиева Р. М., Әбдіқалық К. С.</b> М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы дерексіз ұғымдардың қолданылуы .....	192
<b>Мұхамедина А. А.</b> Мәтіннің интерпретациялауын талдаудың негізгі кезеңдері .....	196
<b>Мухамедина А. А.</b> Адамның жас мөлшерін анықтаудағы мәдениеттің зоонимикалық коды ..	204
<b>Оспангазиева Н. Б., Базарбаева З. М.</b> Қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыс пен морфонологиялық құбылыстардың сипаты .....	211
<b>Рахимжанов К. Х., Ақошева М. К.</b> Тіл мен ойлаудың диалектикалық өзара байланысы .....	218
<b>Рахымов Б. С.</b> Қазақ фольклорындағы Олжабай батыр бейнесі .....	223
<b>Пазтаева Р. С.</b> Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жобалау әдісін пайдаланудың әдістемелік жүйесі .....	233
<b>Сатбекова А. А., Әділбекова Л. М., Қайратова Ж. К.</b> Қазақ тілін орыс тілді студенттерге лингвоелтаным бағытында оқыту әдістемесі .....	241
<b>Сейсекенова А. Б., Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф.</b> Шәкәрімнің көркемдік танымындағы «жар» символы .....	246
<b>Сорокина С. Л.</b> Қазақ тіліндегі сөз басында келетін дифтонгтық /е/ дыбысының даму тарихына қатысты .....	253

<b>Төлебаева Қ. Т., Қадырова Б. М., Кәріпжанова Г. Т.</b> Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні .....	261
<b>Хан Н. Ч.</b> Корей және орыс тілдеріндегі қаратпа сөздер түсінігіндегі айырмашылық жайлы .....	269
<b>Шагбанова Х. С., Бобкова Е. А.</b> Әдеби үрдіс қалалық және ауылдық мәдениеттер диалогының кеңістігі ретінде .....	278
<b>Шайықова Г. К.</b> XX және XXI ғасырларда газет мәтінінде қайталауды пайдалану ерекшеліктері .....	288
<b>Шахин А. А.</b> Л. Н. Гумилевтің ассоциативті-вербалды торындағы прецеденттік феномен түрлері .....	295
<b>Шахин А. А.</b> Л. Н. Гумилевтің авторлық сөздігі (контекст vs лексикография) .....	302
<b>Щербак А. С.</b> «Ғылыми коммуникацияның заманауи әдістері мен технологиясы» атты курсының енгізу қажеттілігі туралы .....	309
<b>Әділбекова Л. М., Тұрдалиева А.</b> Феномен .....	314
Авторларға арналған ережелер.....	320

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдыханова А. Б.</b> Проблемы теорий интертекстуальности .....	12
<b>Амренов А. Д.</b> Мусульманское просветительство (жадидизм) в поэзии Мақыша Калтаева .....	20
<b>Амренов А. Д.</b> Казахская поэзия против колониализма: вторая половина XIX века и начало XX века .....	27
<b>Айтпаева А. С., Раимбекова А. А.</b> Формирование фонетической компетенции на начальном этапе освоения языка в иностранной аудитории .....	33
<b>Абишева К. М., Айкенова Р. А., Сатыбаева Д. М., Иманбаева Ж. К.</b> Лингвокультурная единица «қымыз» и ее ассоциативное поле .....	41
<b>Абишева К. М., Мухамеджанова Л. Ж., Айкенова Р. А., Иманбаева Ж. К., Орманова А. А.</b> О проблеме характеристики информации и значения в художественном тексте .....	48
<b>Балмагамбетова Ж. Т., Нурғалиева А. А.</b> Асимметрия текстов в переводческом пространстве по роману Ш. Муртазы «Луна и Айша» .....	55
<b>Жанузакова К. Т.</b> Мифопоэтические формы в художественной системе прозаических произведений .....	62
<b>Жанузакова К. Т., Омарова Д.</b> Проблема традиций и новаторства в казахской прозе .....	70
<b>Жусупов Н. К., Баратова М. Н.</b> Повествовательные и философские стихотворения Шакарима .....	77
<b>Жумакаева Б. Д.</b> Эффективное использование новых технологий в преподавании литературы в системе образования .....	83
<b>Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С.</b> Классификация ойконимов региона Баден-Вюртемберг .....	94
<b>Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С.</b> Проблемы комического в лингвистике .....	101
<b>Кадыров Ж. Т., Жамбек С. Н.</b> Серик Кирабаев – ученый-критик .....	106
<b>Канабекова М. К.</b> Тайны архаических слов .....	114
<b>Касым Б. К.</b> Мотивация и семантика сложных названий .....	121
<b>Кенжеканова К. К., Ақшолоқова А. Ж., Камзина А. А.</b> Оценочный характер общественно-политической лексики .....	129

<b>Кожекеева Б. Ш., Жумакаева Б. Д.</b> Изучение наследия Абая с целью формирования полноценной личности .....	135
<b>Кожекеева Б. Ш., Жумакаева Б. Д.</b> Идея независимости в творчестве Болтирик Атыханулы .....	143
<b>Кошекеева А. А., Жанузакова К. Т.</b> Художественные, языковые особенности айтысов Манапа Кокенова .....	147
<b>Левина Т. В., Мошенская Н. А., Нурланова А. Н.</b> Вопросы развития билингвальной компетенции у студентов вуза неязыковых специальностей .....	156
<b>Личман Е. Ю.</b> Традиции русского лирического пейзажа в произведениях Али Джусупова (1928-1976) .....	161
<b>Личман Е. Ю., Жанайхан Е.</b> Особенности развития детского изобразительного творчества в Павлодарском регионе .....	167
<b>Личман Е. Ю., Жанайхан Е.</b> Пространственно-временные категории как основа картины мира в традиционной культуре казахов .....	175
<b>Мамырханова Ж. Т.</b> Этнический состав казахов в Западном Китае .....	185
<b>Муталиева Р. М., Абдикалык К. С.</b> Применение абстрактных понятий в романе М. Ауэзова «Путь Абая» .....	192
<b>Мухамедина А. А.</b> Основные этапы интерпретации художественного текста .....	196
<b>Мухамедина А. А.</b> Зоонимический код культуры в обозначении возраста человека .....	204
<b>Оспангазиева Н. Б., Базарбаева З. М.</b> Виды фонологических и морфонологических явлений в казахском языке .....	211
<b>Рахимжанов К. Х., Ақошева М. К.</b> Диалектическая взаимосвязь языка и мышления .....	218
<b>Рахимов Б. С.</b> Образ Олжабай батыра в казахском фольклоре .....	223
<b>Пазтаева Р. С.</b> Особенность и эффективность использования проектного метода в процессе обучения английского языка .....	233
<b>Сатбекова А. А., Адилбекова Л. М., Кайратова К. Ж.</b> Методика обучения казахского языка русскоязычным студентам в лингвострановедческом направлении .....	241
<b>Сейсекенова А. Б., Есиркепова К. К., Канапина С. Г.</b> Символ «Второй половины» в художественном восприятии Шакарима .....	246
<b>Сорокина С. Л.</b> К вопросу об истории происхождения дифтонгоидного звука /e/ в начале казахских слов .....	253

<b>Толбаева К., Кадырова Б. М., Карипжанова Г. Т.</b>	
Воспитательное значение пословиц-поговорок в произведении	
М. Кашкари «Диуани лұғат-ит түрк» .....	261
<b>Хан Н. Ч.</b>	
О различиях в понимании обращений в корейском и русском языках .....	269
<b>Шагбанова Х. С., Бобқова Е. А.</b>	
Литературный процесс как пространство диалога	
городской и деревенской культур .....	278
<b>Шаикова Г. К.</b>	
Особенности употребления повтора в газетных текстах XX и XXI веков ..	288
<b>Шахин А. А.</b>	
Виды прецедентных феноменов в ассоциативно-вербальной сети	
Л. Н. Гумилева .....	295
<b>Шахин А. А.</b>	
Авторский словарь Л. Н. Гумилева (контекст vs лексикография) .....	302
<b>Щербак А. С.</b>	
О необходимости введения курса «Современные методы	
и технологии научной коммуникации» .....	309
<b>Адилбекова Л. М., Турдалиева А.</b>	
Феномен .....	314
Правила для авторов .....	320

## CONTENT

<b>Abdykhanova A. B.</b>	
Theory of intertextuality .....	12
<b>Amrenov A. D.</b>	
Muslim enlightenment (Jadidism) in poetry by Makysh Kaltayev .....	20
<b>Amrenov A. D.</b>	
Kazakh poetry against colonialism: the second half of the XIX <sup>th</sup> century	
and the beginning of the XX <sup>th</sup> century .....	27
<b>Aitpaeva A. S., Raimbekova A. A.</b>	
Formation of phonetic competence on the initial stage	
of language assimilation in a foreign audience .....	33
<b>Abisheva K. M., Aikenova R. A., Satubayeva D. M., Imanbayeva J. K.</b>	
Linguistic-cultural unit «kymyz» and its associative space .....	41
<b>Abisheva K. M., Mukhamedzhanova L. J., Aikenova R. A.,</b>	
<b>Imanbayeva J. K., Ormanova A. A.</b>	
About the problem of information and value characteristics in the literary text ....	48
<b>Balmagambetova Zh. T., Nurgaliyeva A. A.</b>	
The asymmetry of texts in translation space in the novel	
by Sh. Murtaza «The Moon and Aisha» .....	55
<b>Zhanuzakova K. T.</b>	
Mythopoetic forms in prose art system .....	62
<b>Zhanuzakova K. T., Omarova D.</b>	
The problem of tradition and innovation in the Kazakh lyrics .....	70
<b>Zhussupov N. K., Baratova M. N.</b>	
Narrative and philosophical poems of Shakarim .....	77
<b>Zhumakayeva B. D.</b>	
Effective use of new technologies in teaching literature in	
education system .....	83
<b>Ismagulova G. K., Kulakhmetova M. S.</b>	
Classification of settlements' names of region Baden-Württemberg .....	94
<b>Ismagulova G. K., Kulakhmetova M. S.</b>	
Problems of humour in linguistics .....	101
<b>Kadyrov Zh. T., Zhambek S. N.</b>	
Serik Kirabayev – a scientist and critic .....	106
<b>Kanabekova M. K.</b>	
Secrets of archaic words .....	114
<b>Kasym B. K.</b>	
Motivation and semantics of composite names .....	121
<b>Kenzhekanova K. K., Aksholakova A. Zh., Kamzina A. A.</b>	
Evaluation character of social and political lexis .....	129
<b>Kozhekeyeva B. Sh., Zhumakayeva B. D.</b>	
The study of the legacy of Abay with the aim of forming the	
full personality .....	135

<b>Kozhekeyeva B. Sh., Zhumakayeva B. D.</b>	
The idea of independence in the creations of Boltirik Atykhanuly .....	143
<b>Koshekova A. A., Zhanuzakova K. T.</b>	
Artistic, linguistic characteristics of aitys by Manap Kokenov .....	147
<b>Levina T. V., Moshenskaya N. A., Nurlanova A. N.</b>	
The development of the bilingual competence among the students of nonlanguage majors at the higher education institutions .....	156
<b>Lichman Ye. Yu.</b>	
Traditions of Russian lyrical landscape in artworks of Ali Dzhusupov (1928-1976) .....	161
<b>Lichman Ye. Yu., Zhanaykhan E.</b>	
Peculiarities of development of children fine art in Pavlodar region .....	167
<b>Lichman Ye. Yu., Zhanaykhan E.</b>	
Spacial-temporary categories as a basis of traditional image of the world of Kazakhs .....	175
<b>Mamyrkhanova Z. T.</b>	
Ethnic composition of the Kazakhs in Western China .....	185
<b>Mutalyeva R. M., Abdikalyk K. S.</b>	
Using abstract notions in «Abay's Way» novel by M. Auezov .....	192
<b>Mukhamedina A. A.</b>	
The main stages of interpretation of the art text .....	196
<b>Mukhamedina A. A.</b>	
Zoonymic code of culture in designation of the person's age .....	204
<b>Ospangazyeva N. B., Bazarbayeva Z. M.</b>	
Types of phonological and morphonological phenomena in Kazakh language .....	211
<b>Rakhimzhanov K. H., Akosheva M. K.</b>	
The dialectical relationship between language and thought .....	218
<b>Rakhimov B. S.</b>	
The image of Olzhabay Batyr in the Kazakh folklore .....	223
<b>Paztayeva R. S.</b>	
The peculiarity and effectiveness of the project method in teaching English language .....	233
<b>Satbekova A. A., Adilbekova L. M., Kayratova Zh. K.</b>	
The method of teaching the Kazakh language to Russian-speaking learners through lingua-country study .....	241
<b>Seysekenova A. B., Yesirkepova K. K., Kanapina S. G.</b>	
Symbol of «The second half» in art perception of Shakarim .....	246
<b>Sorokina S. L.</b>	
To the problem of the origin of diphthong sound /e/ at the beginning of words in the Kazakh language .....	253
<b>Tolebaeva K., Kadyrova B., Karipzhanova G.</b>	
The educational value of proverbs, sayings in «Divanu Luğati – t – Türk» by M. Kashgari .....	261

<b>Khan N. Ch.</b>	
The differences in understanding addressing in Korean and Russian languages .....	269
<b>Shagbanova Kh. S., Bobkova E. A.</b>	
The literary process as a space for urban and rural culture dialogue .....	278
<b>Shaikova G. K.</b>	
Special aspects of usage of the repeats in XX-XXI century newspaper copies .....	288
<b>Shaheen A. A.</b>	
Types of precedent phenomena in associate and verbal links of L. N. Gumilyov .....	295
<b>Shaheen A. A.</b>	
Author's dictionary of L. N. Gumilyov (context vs lexicography) .....	302
<b>Shcherbak A. S.</b>	
About necessity of introduction of the course «Modern methods and technologies of scientific communication» .....	309
<b>Adilbekova L. M., Turdalieva A.</b>	
Phenomenon .....	314
Rules for authors .....	320

**А. Б. Абдыханова**

PhD докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,  
Астана қ.

e-mail: AbdychanovB@mail.ru

**ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚТЫ ТҰҒЫРЛАУ  
МӘСЕЛЕСІНЕ**

*Мақалада қазіргі ғылыми зерттеулердегі интертекстуалдылық теориясы мәселесі қарастырылады; «интертекстуалдылық» терминінің анықтауға байланысты берілген алуантүрлі тұжырымдамалар қамтылады, талдау жасалынады.*

*Кілтті сөздер: интертекстуалдылық, интертекст, мәтін, анықтама, прецеденттілік, интеракция.*

**КІРІСПЕ**

Семиотиктердің сендіруі бойынша, түпнұсқа мәтін бізден бұрын жасалып қойған, біздің үлесімізге қалғаны – соны пайдаланып тағы да мәтін жасау. Осы тұрғыдан келгенде, автордың саналы немесе бейсана түрде өзінің жаңа шығармасына көпшілікке танымал мәтіндерден үзіктер енгізуі – заңды әрекет. Бұл әрекет ойды дұрыс жеткізуге ғана емес, ойдың дұрыс қабылдануына да әсерін тигізеді. Мұндай үзік-үзінділер белгілі бір образдарды еске түсіреді немесе соған сай ассоциациялар тудырады. Мәтіндердің осындай ықпалдастығы «интертекстуалдылық» немесе «мәтін ішіндегі мәтін» деп аталып жүргені белгілі.

Интертекстуалдылық теориясы туралы пікірлер әралуан. Дегенмен көптеген ғалымдар интертекстуалдылық терминіне қатысты мәселеде мәтіннің басқа мәтіндерге жүгіне отырып өз ойын толықтай немесе жартылай жеткізе алу қабілетін айтады. Мәтіннің басқа мәтіндерге жүгінуін интертекстуалдылық байланыспен түсіндіреді.

Интертекстуалдылыққа қатысты ойлар көптеген зерттеушілердің, мәселен, Ю. Кристева, Ю. Тынянов, М. Бахтин, Р. Барт, М. Риффатер, Н. А. Кузьмина, Н. А. Фатеева т.б. еңбектерінде сөз етіледі.

Қарастырылып отырған саладағы негізгі мәселелердің бірі – екі терминді, «интертекстуалдылық» және «интертекст» терминдерін, екі басқа етіп бөліп қарау мәселесі. С. А. Стройков, Ю. С. Степанов, Л. Грузберг, Е. Политыко, И. К. Сидоренко т.б. ғалымдар бұл екі терминді бөліп қарамайды. Ал Н. Пьего-Гро, Е. Г. Еременко И. К. Сидоренко т.б. зерттеушілер аталмыш терминдердің терминологиялық айырмашылықтарын ұсынады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Интертекстуалдылық терминін 1967 жылы француз филологы, постструктуралист Ю. Кристева енгізді. Ю. Кристева интертекстуалдылықты ең алдымен мәтіндер динамикасы деп қарастырады. Осы термин оның постмодернизм үлгісінде жазылған көркем шығармаларды талдаудағы негізгі термині болды. Ю. Кристева кезкелген мәтіннің басқа мәтінмен диалогқа түсе алу қабілетін интертекстуалдылық деп санайды. Оның айтуынша: «кез-келген мәтін цитаталар мозаикасы тәрізді құрылады, кез-келген мәтін – басқа бір мәтіннің үзіндісі түріндегі көшірмесі я трансформациясы, сіңірілуі» [1, 67].

М. Ямпольскийдің пікірі бойынша, «интертекстуалдылық» теориясы өз бастауын Ю. Тынянов пен М. Бахтиннің теориялық көзқарастарынан және Фердинанд де Соссюрдің анаграмма теориясынан алған [2, 15]. Ю. Тынянов интертекст мәселесіне пародияны зерттеу арқылы келген. Ол да М. Бахтин секілді пародиядан алдыңғы мәтіндерден алынған үзінділерге негізделген көркем мәтіндер жүйесінің жаңару принципін байқаған. Ал Ф. де Соссюрдың анаграмма теориясы «басқа мәтіннің, жасырын цитатаның мәтіндегі элементтерді қалайша үйлестіретіндігін және мәтінді жаңарту қабілетін байқауға мүмкіндік береді» [2, 15].


М. Бахтиннің: «Тіпті бұрынғы, яғни өткен ғасырлар диалогында пайда болған ойлар ешқашан тұрақты (біржола аяқталған, тиянақталған) бола алмайды, олар үнемі келесі диалог, болашақ диалог дамуының үдерісінде өзгеріп, жаңарып отырады. Диалог дамуының кез-келген сәтінде шексіз көлемдегі ұмытылған ойлар «өмір сүреді», бірақ диалогтың одан ары дамуының белгілі бір сәтінде олар тағы еске түседі де, жаңарған түрде (жаңа контексте) пайда болады», – деген тұжырымдамасы мәтінаралық байланысқа қатысты айтылған [3, 373].

Интертекстуалдылық теориясына анықтама берген зерттеуші И. П. Смирнов: «...интертекстуалдылық–кең мағынадағы түсінік. ... көркем шығармадағы ой толықтай немесе үзіктей келесі бір мәтінге сілтеме жасау арқылы қалыптасады... мәтіннен мәтінге өте келе біртұтас ойды береді» деп түсіндірсе, «интертекст» және «интертекстуалдылық» теориясын қарастырған И. И. Ильин өз еңбегінде Р. Барттың мына анықтамасына тоқталады: «Әрбір мәтін интертекст болып табылады; ... басқа мәтіндер онда әр түрлі деңгейде қатысады және танылуы да әрқилы. Әрбір мәтін ескі цитаталардан тігілген жаңа тін сияқты. Мәдени кодтардың, формулалардың, ритмикалық құрылымдардың бөлшектері, әлеуметтік идиомалардың фрагменттері және т.б. – осылардың барлығы мәтінге жүктелген, мәтінге ауыстырылған, себебі тіл мәтінге дейін және мәтіннің айналасында өмір сүреді. ... мәтінде мәтінаралық байланыс түрлері жасырын берілуі мүмкін, тырнақшаға алынбаған «ойланбай немесе автоматты түрде» берілетін цитаталар болуы мүмкін, олардың қайдан алынғанын айқындау сирек жағдай

болып табылады» [4, 207]. Р. Барттың айтуынша: «кез-келген мәтін басқа бір мәтін ішіндегі мәтін» болып табылады [5, 417]. Н. А. Кузьмина «Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка» атты монографиясында интертекстке мынандай анықтама ұсынады: «Бұл – адамның шығармашылық қарекетінің өнімі болып табылатын, уақыт бағытымен өз бетінше шексіз регенераттана алатын, объективті түрде өмір сүретін ақпараттық болмыс» [6, 8].

Т. Ю. Аветованың еңбегінде интертекстуалдылықты лингвистикалық және әдебиеттану тұрғысынан бөліп қарастыруды ұсынған тұжырым байқалады. Оның түсіндіруінше, лингвистикалық тұрғыдан келгенде «әр түрлі авторлардың мәтіндерінің бір-біріне «әдеби әсер етуін» зерттеу қажет, әдебиеттану тұрғысынан келгенде «интертексті оқырман тұрғысынан талдау, танымдылық (узнаваемость) деңгейі мен үдерісін талдау» қажет [7, 67]. Н. Пьего-Гро интертекстуалдылықты әдебиеттің түпнегізі (первооснова литературы) деп атайды, әдеби жазудың негізін салатын, кез келген әйгілі де тарихи шектерден асып түсетін феномені деп санайды [8, 34]. Жерар Женет өзінің «Палимпсесты» кітабында интертекстуалдылыққа басқаша анықтама береді. Ол – интертекстуалдылықты әлемдік әдебиеттің бастапқы, бірінші элементі деп есептейді. Интертекстуалдылық әлемдік әдебиеттің бүткіл өзгешелігін анықтайтын көркем тіннің негізін құрайды деп есептейді [9, 3].

Француз ғалымы, филолог М. Риффатер философ Г. Фрегенің семиотикалық ұштағанға сүйене отырып интертекстуалдылық мәселесіне қатысты өзіндік ұштаған ұсынады:



Сызба 1 – М. Риффатердің ұштағаны

Мұндағы Т-текст, Т-интертекст, И-интерпретант.

М. Риффатер: «егер оқу Т-дан Т-ға И арқылы өтпесе, интерпретант мәтінді интертекст арқылы тәпсірлемесе, онда мәтінде интертекстуалдылық жоқ» деп есептейді [9, 34]. Автор мәтіннің басқа мәтінмен қаншалықты байланысып тұрғандығын, мәтінде басқа мәтіннің қаншалықты көрінеу немесе қаншалықты көмескі түрде берілгенін, басқа мәтіннің қатысып отырғандығы қаншалықты сезілетіндігін анықтауда «үшінші мәтін қағидатының (принцип третьего текста)» маңызды екендігін айтады. (Бұл жерде «үшінші» – интерпретант және шартты түрде алынып отыр, ол

«төртінші» немесе «бесінші»... болуы да мүмкін, бұл жерде «нешінші» болуы мәтіндегі мәтіндер санына байланысты). Екі мәтіндегі мәністердің бірінен-біріне өзара ауысуы интерпретанттың арқасында жүзеге асады, бұдан М. М. Бахтиннің «ой гибриды» деп атайтын ұғымы келіп шығады. М. Риффатердің айтуынша: «Интертекстуалдылық – нақты шығармамен уақыты жағынан бұрын түзілген немесе уақыты жағынан кейін түзілетін көркем шығарма арасындағы қарым-қатынасты оқырманның қабылдауы («уақыты жағынан бұрын түзілген», «уақыты жағынан кейін түзілетін» анықтамалары А. С. Әділованың еңбегіне сүйеніп алынып отыр). Міне, осындай шығармалар бірінші шығарманың интертекстуалдылығын құрайды» [9]. М. Риффатер интертекстуалдылықты қосымша (факультативті) және қажетті деп шектеп бөліп қарастырады. «Қажетті интертекстуалдылықты оқырман сезбеуі немесе анықтай алмауы мүмкін емес, себебі интертекстуалдылық нысан көркем әдебиетте өз ізін анық қалдырады» – дейді. «Бұл – оқырман үшін императив қызметін атқарып, нақты бір хабарламаны/кодты көркемдік қырынан ажыратып-айқындау әрекетін басқаратын болады» [9]. «Демек, интертекст ерекше бір «мәжбүрлікті» көрсетеді, – деп тұжырымдайды Е. В. Поветьева, – егер оқырман интертексті тани алмаса, онда ол мәтіннің табиғатын да көре алмайды».

Пьего-Гроның ойынша, М. Риффатердің ғылыми теориясында интертекст тарихи тұрғыдан дамытылады және тарайды: оқырманның жады мен ой-өрісі уақытпен бірге өзгереді, ал нақты бір ұрпаққа ортақ болып табылатын референция (контекст) корпусыбірнеше онжылдықтар ішінде мүлдем басқа күйге түседі. Көркем мәтіндер пешенесіне мәдениеттің оқылмайтын нысанына айналу жазылып қойылғандай жағдайға келеді. Жок дегенде, олар өз ойларын жоғалтады, олардың интертекстуалдылығы да айқын түсініктілігінен айырылады [8].

Қарастырылып отырған саладағы негізгі мәселелердің бірі – екі терминді, «интертекстуалдылық» және «интертекст» терминдерін, екі басқа етіп бөліп қарау мәселесі. С. А. Стройков, Ю. С. Степанов, Л. Грузберг, Е. Политыко, И. К. Сидоренко т.б. ғалымдар бұл екі терминді бөліп қарамайды, ал Н. Пьего-Гроның аталмыш терминдердің мынандай терминологиялық екі айырмашылығын ұсынады: «Интертекстуалдылық – құрылғы, оның көмегімен бір мәтін екінші мәтінге қайта жазылады, ал интертекст – шығармамен ықпалдаса алу/алмауына (аллюзия жағдайында) және мәтінге кірігіп кете алу/алмауына (цитата жағдайында) қарамастан, шығармада бейнеленген мәтіндер жиынтығы». Н. Пьего-Гроның ойын негізге ала отырып, Е. Г. Еременко: «Екі терминнің бір-бірімен тығыз байланысты екені анық. Егер интертекстуалдылық құрылғы болса, сол құрылғының көмегімен интертекстерді санайтын болсақ, онда интертекст – мәтіндер кеңістігіне тартылушы мәтіндер жүйесі», – деп тұжырымдайды [10, 132].



И. К. Сидоренко лингвистика тұрғысынан «интертекстема» терминін ұсынды. Оның түсіндіруінше, «интертекстема»: «мәтіннің мазмұндық құрылымының – грамматикалық (морфемдік-сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік), лексикалық, просодикалық (ырғақтық-интонациялық), строфикалық, композициялық құрылымының мәтінаралық байланыстарға тартылған деңгейаралық қатысты (реляциялық) сегменті» [10, 133]. Е. Г. Еременко И. К. Сидоренконың пайымдамаларын былайша түйіндейді: «Басқаша айтқанда, интертекстема – «бөтен дауыс», ол – мәтінде әр түрлі формада кездесе береді» [10,132].

Е. А. Баженова «Стилистический энциклопедический словарь русского языка» атты мақаласында интертекстуалдықтың мынадай мүмкіндіктерін атайды: «Интертекстуалдылықты қарым-қатынастың әр түрлі саласы бойынша зерттеу мәтін туралы түсінікті тек лингвистикалық құбылыс ретінде ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде де тереңдетеді. Сондай-ақ интертекстуалдылық теориясы мәтіннің имманентті қасиетін – басқа ойлар жүйесімен өзара әрекеттесу арқылы ойдың тереңдеу қабілетін, жаңа ойлар түзу қабілетін түсіндіруге мүмкіндік береді» [11, 108]. Л. Грузберг интертекстуалдылықтың мәтінде «шығарманың терең семантикалық қабатын тануға бағытталған стратегиялар» түрінде көрініс табатынын, ал интертекст «оқырман энергиясыз мүмкін емес» және «интертексті тану реципиенттің эрудициясымен ұштасады» дегенді баса айтады. «Ақынның сөзі о баста үлкен энергияға ие, осы сөз оқырманның энергиясымен қосылып жаңа ойдың тууына қуатты серпін береді. Анық, көзге көрінетін интертекстерден интертекстік кеңістіктің терең қабаттарына жылжи отырып оқырман шығарманың мүшесі болып шығады» [12, 143].

А. С. Әділова зерттеуінде аталған терминдерге қатысты өз анықтамасын ұсынады: «Интертекст – басқа мәтіндермен байланысы түрлі маркерлер арқылы көрініп тұратын, уақыты жағынан кейін түзілген көркем шығарма және оған цитация қағидатымен кіргізілген лексика-семантикалық, коммуникативтік бірлік; интертекстуалдылық немесе интертекстуалды байланыстар – мәтінаралық байланыстардың жалпы атауы» [13, 73].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көрініп тұрғандай, «интертекстуалдылық» және «интертекст» терминдерінің анықтамасында ұқсастықтар басым. Егер Н. А. Кузьминаның: «Интертекст – адамның шығармашылық ойының жемісі» деген пікіріне сүйенсек [6,8], онда М. М.Бахтиннің «бөгде сөз» [13, 61], деген атауын қолдана отырып, «интертекст белгілі бір шығармадағы «бөгде сөз», яғни басқа адамның шығармашылық ойы» – деген тұжырымға келуге болады. Әр зерттеушіде «интертекст»: «мәтіндер жиынтығы», «мәтіндер жүйесі», «көркем шығарма»,

«коммуникативтік бірлік» деген әр түрлі атаулар қолданылып жүргенмен, М. Риффатер ұсынып отырған ұштағанда, А. С. Әділованың анықтамасы да, Л. Грузберг пен Н. Пьего-Гроның ойы да осыны көрсетеді.

«Интертекстуалдылық туралы сөз қозғағанда, оның екіжақтылық қасиетін ажыратып алғанымыз дұрыс сияқты» – деп есептейді Н. А. Фатеева. Ол – интертекстуалдылықты оқырман тұрғысынан және автор тұрғысынан қарастырып, оның ара-жігін былайша ашып көрсетеді: «Оқырман тұрғысынан интертекстуалдылық дегеніміз – мәтінді тереңірек түсінуге деген бағдар (1) немесе басқа мәтіндермен байланыс көп болғандықтан, мәтінді түсінбеу мәселесін шешу (2)» [14].

Н. А. Фатеева оқырман алдында үнемі таңдау тұратынын айтады. Зерттеушінің айтуынша, оқырман не кейбір тілдік формаларды осы мәтіннің фрагменті ретінде ғана қарап оқуды жалғастырады, бұл фрагменттер ешқандай ерекшелік болмайды және мәтіннің синтагмалық құрылысының үйлесімді бөлігі ғана болып табылады, не осы мәтінді бара-бар, дұрыс түсіну үшін ол «келтірінді фрагменттің» бастапқы мәтініне жүгінеді, осылайша өзінің интеллектуалдық ізденісін жүзеге асырады, соның арқасында маркерленген элемент мәтін-реципиенттің парадигматикалық жүйесінде «бастапқы мәтіннің синтагматикасына итермелеуші» ретінде көрініс табады [14]. Автор тұрғысына қарасақ, интертекстуалдылық – «басқа авторлардың мәтіндерімен оппозициялық, ұқсастырушылық және бүркемелеушілік жолымен қатыстырудың күрделі жүйесі арқылы өзінің поэтикалық «Мен»-ін постулаттау және өз мәтінінің генезисін табу тәсілі», яғни автор қашан да өзінің поэтикалық «МЕН»-ін өзге мәтіннің поэтикалық «МЕН»-імен қарым-қатынасқа (диалогқа) түсіріп отырады [14].

Воггестің: «Авторлық интертекстуалдылықтың арқасында поэтикалық және мәдени жадтың (ес) барлық кеңістігі ой түзетін элемент ретінде жазылатын мәтін құрылымына қайта енеді, осылайша әдеби дәстүр өткеннен бүгінге келмейді, керісінше, бүгіннен өткенге барады», – деген тұжырымдамасынан бұрынғы мәтіннен фрагменттер келтіру арқылы автордың өткенге соғатындығын, оқырмандарын өткен оқиғаға жетелейтіндігін, өткен оқиға желісінің оқырман санасында сақталып қалған немесе ұмытыла бастаған дүниелерді қайта жаңғыртатынын байқауға болады.

Олай болса, Н. Пьего-Гроның «интертекстуалдылық – әдебиеттің түпнегізі», «интертекстуалдылық – құрылғы, оның көмегімен бір мәтін екінші мәтінге қайта жазылады» деген, А. С. Әділованың «интертекстуалдылық – мәтінаралық байланыстардың жалпы атауы» деген тұжырымдамаларын есепке алып, интертекстуалдылықты байланыс құралы деп атауға негіз бар сияқты. Н. А. Фатееваның оқырман тұрғысынан интертекстуалдылықты түсіндіруде оқырманның «келтірінді фрагменттің» бастапқы мәтініне жүгінеді деуі, яғни оқырман мен мәтін ішіндегі мәтін арасында байланыс туындайды

және Voggestiң «әдеби дәстүр өткеннен бүгінге келмейді, керісінше, бүгіннен өткенге барады» деуі де интертекстуалдылықты байланыс құралы ретінде тануға себеп сияқты. Е. В. Поветьеваның мына тұжырымдамасынан да интертекстуалдылықтың осы сипаты көрінеді: «Интертекстуальность предполагает наличие принципиальной «подвижности» процесса письма, которые выступает в качестве транспонирующего инструмента, работающего с предшествующими или современными высказываниями» [15, 40].

Интертекстуалдылық – сапаны емес, санды көздейтін ұғым. Оған белгілі бір көркем мәтіндер және осы мәтіндермен замандас тұтастықтар арасында бола алатын ақпараттық алмасудың барлық түрі де, аллюзия, пародия мен стилдендендіру ғана емес, жаңғырықтардың (ремисценциялардың), қайта жазудың кез келген түрі жатады.

Қорыта келгенде, интертекстуалдылыққа қатысты зерттеулердегі тұрғыларды сын таразысына сала отырып қазақ мәтіндерін зерттеуге пайдалану қазақ тіл білімінің алдында тұрған бір міндет екенін бағамдауға болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кристева, Ю.** Избранные труды: Разрушение поэтики. – М. : РОССПЭН, 2004.
- 2 **Ямпольский, М.** Память Тирессия. – М. : РИК «Культура», 1993.
- 3 **Бахтин, М. М.** К методологии гуманитарных наук // Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979.
- 4 **Ильин, И. И.** Интертекстуальность // Цит. соч.
- 5 **Барт, Р.** От произведения к тексту // Избранные работы: Семиотика: Поэтика. – М., 1989.
- 6 **Кузьмина, Н. А.** Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка. – Екатеринбург, Омск : Изд-во Урал. уни-та, 1999.
- 7 **Аветова, Т. Ю.** Роль интертекстуальности в создании художественного образа на материале романа Ч. Диккенса «Наш общий друг» // Интертекстуальные связи в художественном тексте. – СПб. : Образование, 1993.
- 8 **Пьего-Гро Н.** Введение в теорию интертекстуальности. – М. : ЛКИ, 2008. – ISBN 5-484-00466-7.
- 9 **Женетт, Ж.** Палимпсесты: литература во второй степени. – М. : Науч. мир, 1982. – С. 76.
- 10 **Риффатер, М.** Критерии стилистического анализа / М. Риффатер // Новое в зарубежной лингвистике, Выпуск IX, Лингвостилистика. – М. : Прогресс, 1980. – С. 69–97.
- 11 **Еременко, Е. Г.** Интертекстуальность, интертекст и основные интертекстуальные формы в литературе. – Уральский филол. вестник. – № 6. – 2012.

11 **Баженова, Е. А.** Интертекстуальность // Стилистический энциклопедический словарь русского языка. – М. : Наука, 2003.

12 **Грузберг, Л.** Интертекст // Филология. 2005. – Вып. № 6.

13 **Әділова, А. С.** «Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы». – Алматы, 2009.

14 **Фатеева, Н. А.** Интертекст в мире текстов: Контрапункт интертекстуальности. Изд. 3-е, стереотипное. – М. : КомКнига, 2007. – ISBN 5-484-00832-8

15 **Поветьева, Е. В.** Проблемы теорий интертекстуальности в современном языкознании // Филологические науки, International Journal of Applied and Fundamental Research. – № 8. – 2012.

Материал 11.07.16 баспаға түсті.

*А. Б. Абдыханова*

### Проблемы теорий интертекстуальности

Евразийский Национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 11.07.16.

*A. B. Abdykhanova*

### Theory of intertextuality

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 11.07.16.

*В данной статье рассматриваются проблемы теорий интертекстуальности в современных исследованиях; обобщаются различные подходы к определению термина «интертекстуальность». Многообразие трактовок данного термина объясняется существованием различных видов интертекстуальности.*

*This article dwells upon the basic theories of intertextuality in contemporary linguistic studies, sums up different approaches to the definition of the term «intertextuality». The variety of the definitions of this term is explained by the existence of different types of intertextuality.*

**А. Д. Амренов**

ф.ғ.к, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
e-mail: adilbek.61@mail.ru

**МАҚЫШ ҚАЛТАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МҰСЫЛМАН АҒАРТУШЫЛЫҒЫ (ЖӘДИТШІЛДІК)**

*Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өкілдерінің бірі ақын Мақыш Қалтайұлы өлеңдерінің ағартушылық идеясы талданады. Ақынның діни ағартушылық, жәдитшілдік ұстанымы зерделенеді. Мақыш өлеңдері сол кезеңнің тарихи-саяси, әлеуметтік даму үрдісімен бірлікте қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: ағартушылық, мұсылман ағартушылығы, жәдитшілдік, діни ояну, мұсылман мектептері, қадим.*

**КІРІСПЕ**

Қазақ ағартушылығының туу, қалыптасу, даму жолдарын әлем ағартушылығының контекстінде зерттеген Д. Қамзабекұлы қазақ ұлтының тарихи-әдеби үдерісіндегі Ағартушылық кезеңді ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан ХХ ғасырдың 30-жылдары аралығында қарастырып, бір-бірімен байланысты үш кезеңге Бастапқы, Негізгі (Алаш) және Инерциялы ағартушылыққа жіктей келе Негізгі ағартушылықты әлем, орыс, мұсылман ағартушылығы және жәдитшілдік контекстінде типологиялық салыстырулар арқылы зерделей келе «Жәдитшілдік – қазақ ағартушылығының құрамдас бір бөлігі. Жәдитшілдік – Ресей империясы құрамындағы басқа мұсылман халықтары секілді, қазақ ой-санасына, руханиятына олжа салған концепция әрі ағым», – дейді [1, 48]. Мұсылман ағартушылығын көркемдік оймен өрнектеген Мәшһүр Жүсіп, Шәді Жәңгіров, Кердері Әубәкір сияқты т.б ақындармен қатар Мақыш Қалтайұлы шығармашылығында да басты аңсар болды.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Мақыштың ағартушылық бағыттағы идеялары «Ғылым үйрету парызыдылығы», «Орысша оқу керектігі», «Ғылым әдептері», «Бар оқиға», «Сахарадағы мешіттер», «Оқу парыз балаларға», «Басқа жұрттар қандай халде», «Өз пайдамызды білмейміз» сияқты өлеңдерінде жарқырап көрінеді. Бұл өлеңдерінде ақын қоғамның кертартпа жақтарын, надандықты сынап-міней отырып, одан құтылудың бірден-бір жолы өнер-білімге ұмтылу, кәсіп жасап еңбек ету деп халықты оятуға әрекет етеді, қазақ қоғамының заман

талабына сай болмай артта қалуының себебіне үңіліп, озық ойлы елдерден үлгі алуға шақырады. Бұлардың бәрінің идеялық мазмұны, ақынның негізгі идеясы – діни оянушылық, жәдитшілдік тұрғысынан қарастырылады.

Ақынның ағартушылық идеясының қалыптасуына өз дәуірінің талап-тілектерінен туындаған қоғамдық-саяси әлеуметтік жағдайлар әсер етті.

ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасырдың басы Ресей мұсылмандары үшін рухани жандану кезеңі болды. Ұзақ уақыт бойы бодандық тепіресін көрген түркі халықтары арасынан шыққан жаңа зиялылар қауымы отарлық саясатпен тиімді күресу үшін барлық түркі халықтарын ынтымақтастыққа шақырды. Олар өз мүдделерін қорғау, ұлт намысын түсіндіру үшін бар пәрменімен халық санасын оятуға, ұлтжандылық ілімін таратуға әрекет етті.

Ресей мұсылмандарының зиялыларына айырықша әсер еткен, ой-санасына тың көзқарас қалыптастырған көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Исмаил Гаспринский болды.

И. Гаспринскийдің үлкен маңыз артқан мәселесі – мұсылман мектептеріндегі оқу ісін жандандыру, шәкірттерді алдыңғы қатарлы педагогикалық тәсілдермен тәрбиелеуді насихаттау болды. Ол ескі, қадим жүйесіндегі оқытудың қиындықтарын байқап, араб әліп-биін түркі тілінің дыбысталу заңдылықтарына сәйкестендіріп жаңа дыбыс әдісін жасады. Бұл әдіс жаңа оқу, яғни «усул-и-джадид» немесе «услу-с-саутия» деп аталды және түркі тілдері тарихында маңызды үлкен оқиға болды. Ағарту саласын жандандыруға бағытталған жәдид қозғалысы қоғамның басқа да салаларын қамтыды. Жәдитшілік Ресей империясындағы көптеген түркі мұсылман халықтарына тарады. Сондай-ақ қазақ зиялыларының ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына да жәдитшілдіктің игі әсері мол болды. Бұларға қадим ағымындағылар қарсылық көрсетсе, екінші жағынан Ресей патшалығының ресми органдары да тежеу салып қысым көрсетумен болды. Бұл жөнінде зерттеуші Н. Нұртазинаның пікірі назар аударарлық: «Вместе с тем неизбежно возникали разногласия с духовенством и традиционалистски настроенными элементами. В большинстве своем коренное население соотносило европеизацию и любое обновление с политикой метрополии и не сразу поддержало интеллигенцию. Духовенство понимало, что подлинное просвещение (в том числе и в вопросах ислама) приведет к ослаблению его позиций. Вообще для традиционалистов отказ от средневековых принципов обучения, введение светских предметов, в том числе русского языка (в старших классах и обязательно в высших реформированных мусульманских школах медресе), новые правила (даже европейский костюм учителя) казались чуть ли не изменой народу. Поэтому в Самарканде, Коканде и других городах борьба джадидов и хадимистов приняла ожесточенный характер. Эта борьба между традиционалистами и реформаторами имела место, хотя в сглаженной форме, и на казахской почве, о чем свидетельствуют

газеты той эпохи, а также творчество Миржакуба Дулатова, Гумара Карашева и др» [2, 7].

Осы дәстүршілдерге қарсы өз өлеңдерімен күрес ашқан акындардың бірі – Мақыш Қалтайұлы. Акын халықтың заман талаптарына ілесе алмай өнер-білімнен кенже қалып отырған қараңғылығын олардың өмір сүріп отырған ортасынан, айналасындағы ескі көзқарасты дүмше молдалардың надандығынан көреді: «Ескі менен жаңаға мәжіліс ашып, Тәптіш етіп көрейік ақылдасып» – деп қадим мен жәдидті салыстыра отырып ескі бағытқа қарсы шығып, сол жолдағы молдаларды өлтіре сынады:

Бастарымыз молдалар жұмақ көзі,  
Садақаның сауабы сөйлер сөзі.  
Жәдидті жамандайды жала жауып,  
Болмаса ихтибарсыз қалар өзі.  
Моллаға ерері не десе ғауам пақыр,  
Өзі надан болған соң таза тақыр.  
Би-д-дұғамен қорқытқан әулиелер,  
Біздердің жолбасшымыз әуел, ақыр [3,18],

– деп жәдидті жақтырмайтын молдаларды ащы мысқылмен түйреп өтеді.

Мақыштың өз заманындағы рухани өмірдің ащы шындығын ашып көрсететін шығармасы «Сахарадағы мешіттер» деп аталатын өлеңі. Акын бұл өлеңінде ең алдымен сын семсерімен түйрейтіні «Шәкірттерге шабылып жатырмын деп» арамтер болып медреседе дәріс жүргізіп жүрген дүмше мұғалім-молдалар. «Олардың көпшілігі Бұхара, Самарқан, Ташкент, Қазан, Уфа, Орынбор, Тройцкі сияқты қалалардағы медреселерде оқып келген татар, башқұрт болатын еді де, біразы жергілікті жердегі медреседе оқып шыққан қазақ молдалары болатын. Олардың кейбірі, Абай айтқандай, құранды теріс оқитын дүмше молдалар еді» [4, 5]. Осы дүмше мұғалім-молдалардың тірлігін акын былай көрсетеді:

Қайсы бір қазақта бар таудай талап,  
Естумен бір хазретті барар қалап.  
Елі ихсанды болады деген сөзбен,  
Қаражатын апарар, өлшеп тамақ.  
Шәкірттерге шабылып жатырмын деп,  
Күйедей жатады екен өзі жалап.  
Пәлен шәкірт оқытып жатырмын деп,  
Хисабын көрсетеді елге санап.  
Оқуын һәм дүниесін табамын деп,  
Келген көбі хазретке жақын жанап.  
Қазақтың қамын жемей, малын жеген,  
Алдаушы әулиеден сақтан жарап [3, 13],

– деп акын балаларды оқытып жатырмын деп елді алдап, олардан жинап алынатын зекет қаржысымен күнелтіп жүрген «Қазақтың қамын жемей,

малын жеген», «Күйедей жалап жататын» арамтамақ дүмшелердің образын шебер суреттейді, бұндай типтерден халықты сақтандырады.

Айта кететін жағдай, қазақ қоғамы рухани өміріндегі бұндай кеселдің бетін ашып көрсету тек Мақыш Қалтайұлы шығармашылығына ғана тән ерекшелік емес, сол тұста өмір сүрген акын-жазушылар шығармашылығының бәріне тән сипат.

Бұл жағдай көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының назарынан да тыс қалмаған. Мәселен, XIX ғасырда қазақтан шыққан зерделі тарихшы, этнограф, дарынды публицист Мұхамбетсалық Бабажановтың «Қазақтың қазақ туралы жазбалары» еңбегінде Бөкей ордасындағы қадим оқуының жай-жапсары реалистік тұрғыда жан-жақты айтылған: «Мұғалімнің қарым-қатынасы, қатаң тәртібі балаға да, қызға да бірдей, жауапкершілікті кең түрде талап етеді. Жарты күнгі уақыт дауыстап қайталап оқуға кетеді. Оқта-текте мұғалім-молда «дауыстап оқындар» деп қояды, қорқып өскен балалар бар күшімен дауыстарын онан сайын қаттырақ шығарады... Оқу жүріп жатқан кезде оқушы тек қана дәптеріне қарап, үнемі дауыстап оқи беруі тиіс; тентек болуға немесе орыннан тұруға тиым салынған, бұл ережені бұзған баланы мұғалім шапалақпен, жұдырықпен, жеңіл таяқша не шыбықпен бір тартып жібереді, кейде аяғымен теуіп қалады. Тіпті бұл-бұлма, өте қатаң жазалап, қан шыққанша құлағынан тартады. Егер оқушының біреуі бір сөзді жаңылыс қисық оқыса, шаруа біткені, оған Алланың өзі жар бола көрсін. Ол уақытта молда оның тілін түзету үшін қайталап айтады, егер бала дұрыс айта алмаса, баланың тілінен тартып (қолы жылпып кетпеу үшін баланың тілінің ұшына шүберек орайды), басын көзінен жас шыққанша бұлғақтатады, кейде аузынан қан шыққанша қайталағанда. Мұны баланың тілін түзету деп атайды, ал осы қатыгездікті айтып шағынатын жер жоқ, қазіргі жүріп тұрған заң бойынша, молданың шыбығы мен таяғы тиген жерді тозаққа түссең де отқа жанбайды деп түсіндіреді» [5, 78], – деп қадим оқуының ащы шындығын жазса, Мақыш «Сахарадағы мешіттер» өлеңінде өз заманындағы ескі оқыту жүйесінің жайын былай суреттейді:

Тәртіп жоқ, емтихан жоқ шуылдасып,  
Оқу деп ойнап жатыр талабалар,  
Әдепсіздік, жанжал мен қу төбелес  
Болады неше түрлі ғалабалар...  
Сағаттың жиырмасы ойын, ұйқы,  
Тәртеуін оқыған боп болар харап,  
Екі ай сафсатамен күн кешіріп,  
Жазғытұры еліне кетер тарап.  
Жатқанға мәз болса да медреседе,  
Жаны ашып кім оқытқан қадағалап...  
Қартайғанша қаңғырып хатты білмей,  
Жүргенге ескі оқумен қылмаймыз сын.

Он жыл өйтіп оқуды оңдырмаған,  
Көрсіз бар емес пе айтқанда шын [3, 14].

Міне, ақын көзімен көріп отырған қазақ даласындағы аты бар да заты жоқ ескі оқудың жай-күйі осы болатын.

Яғни, ақынның сөз етіп отырған қадим мектептерінде жыл аяғында емтихан тапсыру, мектеп бітіргені үшін ресми куәлік беру тәртібі сақталмаған, белгілі оқу жоспары, оқушыларды жас шамасына қарай топтау, оқу бағдарламасы бойынша сабаққа бөлу болмаған жүйесіз оқу еді.

Әрине, мұндай мектептерде дәріс берушілер де дүмше надандар. Сондықтан да ақын «Он баланы оқытып оңдыртпаған» дүмше молдаларды, «Дүнияуай тіршілікте бір пайдасы жоқ» қадим оқуын қоғамды рухани құлдырауға түсіріп, халықты сауатсыздандырып надандыққа душар ететін қатерлі дерт деп біледі. Сол себепті ол рухани өмірдегі осындай кеселдердің бас-аяғына көз жібере отырып олармен ашық күреске шығады.

Бар мақсаты өз халқының көкірек көзін ашып, санасын ояту болған ақын ағартушылық сипаттағы өлеңдерінде «Ескі усулмен оқытып оқығанмен, Кім жетілген сахарау даласынан» деп пайдасыз оқудан халықты сақтандыра отырып жәдидшілікті дәріптеп, халықты оянуға, ілгері ұмтылуға, жаңашылдыққа үндейді.

Түрленді бұрынғыдан заманымыз,  
Қуанған бар, шошып тұр наданымыз.  
Замана зарлауымен үйретпесе,  
Жақсыға жармаспайды жаманымыз.  
Туғандай дүние толған жаңа асылдан,  
Безгеннен болар ма екен аمانымыз...  
Ақылға мақұл болған болсын қиямет,  
Қияметті өлшеп көру бізге міндет.  
Ғаламда ғалып болған өзгерістер,  
Сірә бір болса керек ижмағ үміт...  
Жаңа усул жаһан жүзін тегіс кезді,  
Пақырың көзбен, сөзбен мұны сезді.  
Күллі ғалам ынтымақ болған істен,  
Қазақтар хауараж боп неге безді.  
Біздерге де хақ еткен жаңа пікір,  
Болмайық қадірін білмей ниғмат кәпір.  
Ахмақтар аңдамайтын айта берсін,  
Ақылдымыз Аллаға қылса шүкір.  
Низамды хақ тәртіпті қабыл алып,  
Алдаушы әулиенді бетке түкір.  
Ақылға шарифатпен салып көріп,  
Ұнаса жолыменен қорықпай жүгір [3, 3],

– деп ақын «Бар оқиға» атты ұзақ өлеңінде заманның өзгеріп, рухани түлеудің таңы атқанын хабарлап жар салады.

Бір қарағанда жалаң үгіт-насихат тәрізді көрініп өткір сынмен сабақтасып жатқан бұл өлеңде, сонымен қатар, ақынның «Жәдид хан өздерінше бұзылған дер» «Жаңа төре жақсы болса жан сақтарлық» сияқты жолдардағы «жәдид хан», «жаңа төре» тіркестері арқылы жәдидшіліктің қоғамдық-саяси астарына терең мән бере түйіндейтін жерлері де кездеседі. Әрине, бұл өлеңді саяси тақырыптағы туындылармен тең дәрежеде деп айтуға келмес, әйтсе де ақынның айналадағы болып жатқан өзгерістер мен жаңаруларға сергек көзбен қарап қоғам құбылыстарына өзіндік үн қосқанын көреміз. Бұл орайда зерттеуші С. Қирабаев пікірі ой саларлық: «Бір кезде ұран үлгісінде жазылған өлеңдерді, риторика мен жалаң үгітке толы жырларды ғана азаматтықтың үлгісі ретінде қараған да кездеріміз болған бүгін соның бәріне қарсы күресе отырып, қоғамдық құбылысқа, адамның жан дүниесіне тән сипаттарға терең талдау бере білетін жырлардың бәрінен де азаматтық үн табамыз» [6, 22]. Міне Мақыш өлеңнің мазмұнын осы тұрғыдан түсінген жөн.

Ақын қоғам өмірімен араласа бастаған жаңашылдықты (жәдидшілік – Ә. Ә.) көпшілікке хабарлай отырып оның саяси сипатынан гөрі ағартушылық мәніне баса назар аударады. Бұл жағынан алғанда ол жаңа, төте оқуды насихаттап, ескіге қарсы күресуде ілгерішіл ақын болды.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Түйіндегенде, Мақыш өлеңдерінің өн бойында желі болып тартылған тақырып – оқу мен білім, ғылым мен өнерді үйрену, сол арқылы іргелі елдер қатарына жету. Бұл жағынан келгенде Мақыш ең алдымен – жәдидшіл ақын. Ресей мұсылмандары зиялыларына тың көзқарас қалыптастырған жаңа оқу жүйесі «услу жәдидті» қазақ арасында барынша қуаттап қолдағандардың бірі – Мақыш Қалтайұлы болды. Ол осы тәсілмен бала оқытқан ұстаз, өлеңдерімен насихаттаған ақын.

Оқу-білімге ерекше мән берген Мақыш қадим мен жәдидті бір-бірімен салыстырып, халықтың заман ағысымен ілесе алмай артта қалуының себебін талапқа сай оқу-білімнің жоқтығы, ескі жүйенің білім беруді заманға сай қанағаттандыра алмайтынын айтып, жаңа оқу жүйесін қолдап, жаңа үлгіде мұсылмандық білім беруді насихаттаған ақын.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш және әдебиет. – Астана : «Фолиант», 2002. – 474 б.
- 2 **Нуртазина, Н.** Новометодные школы: из опыта строительства новых национальных школ в Туркестане на рубеже XIX-XX в.в. // Наука Казахстана, 1997. – 16-31 октябрь.

3 Мәшһүр молла М. Қалтаев. Бар оқиға. – Қазан : Домбровский мәтбуғасы, 1912. – 30 б.

4 **Кенжебаев, Б.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы : Білім, 1993. – 248 б.

5 **Бабажанов, М.** Қазақтың қазақ туралы жазбалары. // Маданов Х., Мұсабаева А. Мұхамбетсалық Бабажанов (Өмірі мен шығармалары туралы). – Алматы : Санат, 1995. – 128 б.

6 **Қирабаев, С.** Шындық және шығарма: сын мақалалар, зерттеулер, портреттер. – Алматы : Жалын, 1981. – 248 б.

Материал 15.08.16 баспаға түсті.

*A. D. Amrenov*

**Мусульманское просветительство (жадидизм) в поэзии Макыша Калтаева**

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 15.08.16.

*A. D. Amrenov*

**Muslim enlightenment (Jadidism) in poetry by Makysh Kaltayev**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 15.08.16.

*В статье рассматриваются стихи Макыша Калтаева, один из основоположников казахской литературы начала XX века, и анализируется мусульманско-просветительская (жадидизм) концепция поэта. Тематическое содержание произведений Макыша рассматривалось историческим, политическим и социальным развитием того периода.*

*The article discusses the poems by Makysh Kaltayev, one of the founders of Kazakh literature at the beginning of the twentieth century and analyzes the Muslim-education (Jadidism) concept of the poet. Thematic content of Makysh's works were considered through historical, political and social development of that period.*

ӘОЖ 82.09(574)

**А. Д. Амренов**

ф.ғ.к, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
e-mail: adilbek.61@mail.ru

## **БОДАНДЫҚҚА ҚАРСЫ ТУҒАН ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ, XX ҒАСЫР БАСЫ**

*Мақаланың негізгі мақсаты отарлық дәуірдегі қазақ поэзиясының идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін қарастыру. Ақындар шығармаларының тақырыптық-мазмұны сол кезеңнің тарихи-саяси, әлеуметтік даму үрдісімен бірлікте қарастырылды. Олардың өз заманының шындығын сипаттайтын өлеңдері талданып, бодандыққа қарсы идеялары айқындалды.*

*Кілтті сөздер: ұлттық тәуелсіздік, отаршылық, «Жаңа низам», миссионерлік саясат, мұсылмандық оқу, орыс оқуы.*

### КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму жолын шолып қарасақ рухани-мәдени өмірінің туыстас халықтармен біте қайнасқан VIII-XIV ғасырлардағы жалпытүркілік ортақ әдебиеттен бастап, XV-XVII ғасырлардағы қазақтың ұлт болып қалыптасып, дербес мемлекетке ие болған тұстағы поэзиясы, XVIII-XIX ғасырдағы ұлттық тәуелсіздік, отаршылдық зардабы тақырыбындағы поэзия, XX ғасыр басындағы отаршылдық езгіден құтқару, елдің тәуелсіздігі үшін күресі идеясын батыл көтерген поэзия, кеңестік кезеңдегі әпербақан саясаттың ығына жығылған «қып-қызыл идеядағы», тәуелсіздік санадан жұрдай болған әдебиет деп қысқаша тұжырымдауға да болады. Осы санамалап өткен кездердегі әдебиеттің идеялық-мазмұндық, көркемдік жағынан дамуына әсер еткен қоғамдық тарихи-саяси жағдай болды.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Отаршылдыққа қарсы туған тәуелсіздік, елшілдік, әлеуметшілдік сарындағы поэзияның тақырыптық-идеялық жағынан жандануы XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әдебиетте көрініс тапты. Бұл жөнінде М. Әуезов былай дейді: «XIX ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиеті әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін,

салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» [1, 194-195].

Ресей патшалығының қазақ еліне жүргізілген отаршылдық нәубәті жоспарлы түрде жасалып, біртіндеп сыналай еніп, өз нәтижесін берді. Алдымен қазақ сахарасындағы дәстүрлі хандық билік жойылды. «1822-1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктеді. Бұл тұста ру басыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жүзеге асырды...» [2, 73]. Патша әкімшілік жүйесінің отаршылдық пиғылдағы бұйрығын орындататын ел ішіндегі басқарушылары аға сұлтан, болыс, старшын, билер еді. Патша шенеуніктерінің айдауымен қазақ ішіне ірткі салып, елді бұзған да осылар болды. Бұны Дулат жақсы айтқан:

Би, старшын мойнына  
Жезден қарғы тағынды.  
Аға сұлтан қазылар,  
Майырға болды жағымды.  
Шайқады қулар тағымды,  
Тайғызды бастан бағымды [3, 44].

Билікті қолға алған соң ендігі кезекте жер отарланды. 1968 жылғы қазақтар «Жаңа низам» деп атап кеткен «Уақытша Ереженің» 210 бабында: «Қырғыз (қазақ) көшқоны болып табылатын жер мемлекеттік болып есептеледі, әрі қырғыздарға қоғамдық түрде пайдалануына беріледі» [4, 289], – деп жазылған. Барлық ерікті өз қолына алған патша өкіметі қазақтың атамекен, құт қонысы болған ең шұрайлы жерлерін ішкі Ресейден шұбырған қара шекпендерге таратып берді. Патша өкіметі оларға қолдау көрсетіп: «Күздік жайылым мен қыстақтар, оған жақын жердегі шабындықтар және дәл сол сияқты сонда орналасқан құдықтар мен ормандар жеке отбасылардың жеке меншігі болып табылады» [4, 290], – деп жарлық шығарады. Алайда бұрын отырықшы болмаған қазақ бұл заңның пайдасын көрмеді. Ата-бабасынан бері көшіпелі тұрмыс кешкен қазақ биліктен бір айырылса, енді шұрайлы жерінен тағы айырылды.

Мұндай жағдай: «Қазақ елінің рухани құлдық қамытын киіп, отаршылдық қысымға ұшыраудан құтылуға ұмтылу – осы кезеңдегі қазақ поэзиясының өзекті сарынын тудырмай тұра алмады. Өткен замандағы Асан Қайғы, Бұхар, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, бергіде Абай бастаған жаңа әулет өкілдері, кітаби ақындар туындыларындағы отаршылдыққа іштей қарсылықтан туған ортақ сарынды сезінеміз» [5], – дейді М. Мырзахметов.

Жердің отарлануы, ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбына айналды. Енді ата қоныстың жаз жайлауы, күзеуі, қыстауы, өзен-көлі, тіпті ағаш, талы, топырағына дейін жат жұрттық болып кеткенін шерменде

болып толғаған қазақ даласының Батысы мен Шығысының екі ақынына құлақ түрелік:

Еділді тартып алғаны –  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны –  
Ойдағысы болғаны.  
Маңғыстауда үш түбек,  
Оны дағы алғаны.  
Қоныстың бар ма қалғаны?! [6, 143].

Бұл қазақтың Батысының отарлануы. Жері тарылған, қайраны таусылған, жұртының ауыр халін жырлаған Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы. «Адыра қалғыр үш қиян, Қайырсыз болған неткен жер», деп амалсыздық етеді. Жеті жұрттан қалған қоныстың, қазақ жұртына құтты мекен болама деген арманды орыс отаршылдығы ойрандады:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,  
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.  
Артынан Еділден соң Нарынды алды,  
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды [6, 149].

Осы озбырлықты Дулат ақын да өзінше толғайды. Ол халықтың азып-тозып кетуін алдымен орыс патшалығының қазақ билігін тартып алуынан, шұрайлы жерді басып алып, дуан салуынан, елдің қонысы тарылып көшпенділік тұрмыстан айырылуынан, қазақтың өзін өзі қанап, болыстыққа таласып бейбіт елді бүліктіруінен деп түсінеді. Ақын толғауларының ерекшелігі де осы – замана келбетін бар көрінісімен көрсете алған шыншылдығында:

Айтуға ауыз келе ме,  
Аяғөз кімнің жері еді?  
Жер сауырын жайлауды,  
Ел сауыры дер еді.  
Жер кімдікі, дегенде  
Аға сұлтан, қазылар  
Не деп жауап береді.  
Жеріңнің алды шұрайын,  
Дуан салып жайланып.  
Датынды айтсаң орысқа,  
Сібірге кеттің айдалып [3, 44].

Бұл Сарыарқаның талапайға түсуі. Ақын жауапкершілікті ел басшылары болып отырған аға сұлтандарға жүктейді, елдің тозуын, «кең қоныстың тарылуын», құт қоныстан айырылуының себебін солардан сұрайды. Жалпы

сол тұстағы қазақ ақындарынан патшаның әкімшілік аппаратының ішіндегі лауазымы жоғары болып саналатын аға сұлтанды сын тезіне салу Дулатта ғана бар.

Ақындар отарланып, халқы бодан болғанға дейінгі туған жердің тамаша көрінісін әсем бейнелейді. Мәселен Аягөз өзенінің әсем табиғатын Дулат ақын:

Аягөз сенің бойыңда,  
Несібе, ырыс тегіс қой  
Сай-салаң балғын жеміс қой.  
Қырың – малдың кіндігі,

Ойың - өнім егіс қой, – деп думандата жырласа Дулат ақын, Мұрат отарланғанға дейінгі елінің әсем көрінісін халықтың тыныс-тіршілігімен, туған жерінің төсіндегі елдің дәулеті болған мың-мыңдап өрілген малын, мамыржай күй кешіп, бейқам тірлік етіп жатқан елін жырға қосады:

Қойды мыңнан өсірген,  
Жылқыны санға жеткізген,  
Арпа, қауын төктірген,  
Жеріне жеміс ектірген  
Дәулеті қалың біткен жер.

Бұл Дулат ақын пен Мұрат жыраудың аңсарындағы тәуелсіз ел ғана емес бүкіл халықтың арманындағы құт қоныс. Отарланып жаттың қолына өткеннен кейінгі жердің мұндай әсем көрінісінің бірі де қалмаған, тіпті бұрынғы арқырап ағып жатқан өзеннің ағысы да өзгерген:

Жағана дуан түскен соң,  
Суыңды орыс ішкен соң  
Аягөз суы қағынды.

Ресей патшалығы қазақ жерін тұтас отарлап алған соң, басты мақсатына көшті – ұлтың рухани жан дүниесін тоздырып, санасын улап, орыстандырудың миссионерлік саясатын жүзеге асыра бастады. «Ресей империясының шет аймақтағы бұратана халықтарды тұтас шоқындырып орыстандыру жайындағы жүргізген миссионерлік саясаты қыры мол көп салалалы, жоспарлы әрі өте күрделі, мейлінше кертартпа мемлекеттік дәстүрлі саясат болатын-ды» [2, 105].

Халықтың рухани болымысын отарлаудың басты мақсаты – қазақ елін шоқындыру, орыстандыру болды. Ең алдымен бірнеше ғасырлар бойы халықтың санасына сіңіп кеткен ислам діні мен мұсылмандық негіздегі оқу-ағарту жұмысын реформалаудан бастады. Мұсылмандық оқудың орнына орыс оқуын алмастыру, дін танытатын араб жазуын, орыс жазуымен алмастыру, проваcliffe дінін уағыздайтын қазақ тіліндегі кітаптарды тарату, қазақ балалары оқитын мектептерде христиан дінінен сабақтар жүргізу сияқты т.б. бағыттардағы жұмыстарға қызу кірісіп кетті. Бұл жұмыстар нәтижесіз де болмады.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында елдің орыстандыру саясатына қарсы қазақтың бірсыпыра оқығандары мәдени ағарту, әдебиет майданына шықты. Олар өздерінің шығармаларында ескі оқуға, надандыққа қарсы болды, мұсылмандық білімді ана тілінде оқытып үйрететін «услу жәдид» әдісін, жаңа әдісті барынша қуаттап, өз өлеңдерімен қолдау көрсетеді. Мәселен, Мақыш Қалтаевтің сөзіне құлақ түрсек:

Жәдидпен балаларға тап осы күн,  
Екі-үш жылда мұқамал танытар дін.  
Өзіміздің түрікше тілімізбен,  
Тез білдіру болады қай жері мін...  
Ана тілмен табылса қажетіміз,  
Парыз ба ескіше оқу оқу әдетіміз.  
Түркі тілде жәдидпен «Ғылым халды»,  
Білсек қабыл болмай ма тағатымыз [7, 14].

Сөз болып отырған «Сахарадағы мешіттер» атты өлеңінде ақын жастардың діни тәлім-тәрбие мәселесіне айырықша көңіл бөле отырып, сонымен қатар, өмірлік қажеттіктерден туындап отырған орыс тілін үйреніп, орысша білім алу керектігіне де баса назар аударады. Медреселерде дін оқуымен бірге ғылыми пәндерді, орыс тілін оқытатын тәртіп енгізілсін деген пікірді қолдайды.

Дін танытып екі-үш жылда түркімізден,  
Орыс тілін білейік тұрған қамап.  
Қайыршы боп жүрмейді қолын жайып,

Кәсібін өнер тапқан болар манап, – деп ақын заманның өзі талап етіп отырған орыс тілін білу арқылы жастарымыз кәсіпке, өнерге қол жеткізіп өзгеге қор болмайды деп тұжырымдайды.

Мақыш жастардың оқып, білім алудағы міндеті өз халқының пайдасына жарау, ғылым, өнерден кенже қалған елін алдыңғы қатарлы елдермен теңестіру, оның прогрестік бағытта дамуына жол ашу деп біледі.

Оқысын бай, фақырдың баласынан,  
Орыстардың кәметті данасынан.  
Петербор, Мәскеулердей биік жерде,  
Орыстың шаһаратты қаласынан.  
Білсін де дін-дүние қызмет қылсын,

Табылса да «пуруснай» қарасынан [7, 29], – деген өлең жолдары ақын өзі өмір сүрген замандағы ағартушылық бағытпен үндесіп жатыр. Жастарды оқу, білімге жетелеу туралы толғанады. Мақыш өзінен бұрын Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды жаңа жағдайда ары қарай жалғастырады.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Бодандықтан құтылу, туелсіз билік, азат жер аңсары сол тұста жасаған ақындардың барлығының да шығармаларында кездеседі. Бұл отаршылдықтың әкелген себебінен туған салдар еді. Отаршылықтан құтылудың жолын нақтылап көрсетпесе де, заманның лаңын сын тезіне сала отырып бүкіл патшалық аппараттың билік басындағыларды ашық айыптады, елдің бостандығын арман етті. Орыс мұжығының қолына кетіп ту-талақайы шыққан ата қоныстың сүреңсіз көрінісі қан жылатты. Бодандыққа дейінгі төскейде малы шұбырған, әсем табиғатты кең жайлау, асқаралы асқар тау, тұнық, мөлдір айнакөл, алаңсыз тірлік еткен салқар көшті елді аңсады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов, М. Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 261 б.
- 2 Мырзахметов, М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы : Атамұра-Қазақстан, 1993. – 128 б.
- 3 Бабатайұлы, Д. Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар. Құрастырған Қ. Раев. – Алматы : «Раритет», 2002. – 288 б.
- 4 Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – 419 б.
- 5 Мырзахметов, М. Отаршылдық дәуіріндегі әдебиет // Жұлдыз, 1993. – № 7,8,9.
- 6 Мұрат. Құрастырған Б. Қорқытов. – Алматы : «Арыс», 2001. – 232 б.
- 7 Қалтайұлы, М. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, мақалалар. Семей, 1998. – 137 б.

Материал 15.08.16 баспаға түсті.

*А. Д. Амренов*

**Казхская поэзия против колониализма: вторая половина XIX века и начало XX века**

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 15.08.16.

*A. D. Amrenov*

**Kazakh poetry against colonialism: the second half of the XIX th century and the beginning of the XX th century**

Pavlodar State Pedagogical Institutes, Pavlodar.  
Material received on 15.08.16.

*Основная цель статьи – выявить идейно-содержательные особенности казахской поэзии колониальной эпохи. Тематическое содержание произведения поэтов рассматривалось историческим, политическим и социальным развитием того периода. Проведен анализ стихов поэтов, описывающих реальность своего времени, определилась идея антиколониализма.*

*The main purpose of the article is to reveal the ideological-content features of the colonial era Kazakh poetry. Thematic content of the poets works were considered through historical, political and social development of the period. The analysis of poetry, describing the reality of his time, defined the idea of anti-colonialism.*

УДК 80/81.2

**А. С. Айтпаева<sup>1</sup>, А. А. Раумбекова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ст. преподаватель; <sup>2</sup>к.филол.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы

### **ФОРМИРОВАНИЕ ФОНЕТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА НАЧАЛЬНОМ ЭТАПЕ ОСВОЕНИЯ ЯЗЫКА В ИНОСТРАННОЙ АУДИТОРИИ**

*В данной статье рассмотрены проблемы обучения фонетике русского языка иностранцев. Цель статьи заключается в рассмотрении особенностей данного вида компетенции, её важности для овладения системой языка.*

*Отмечаются характерные особенности акустической и перцептивной фонетики иностранцев как имеющие большое влияние на процесс овладения речевой деятельностью на русском языке.*

*Обобщается практический опыт работы с иностранной аудиторией на начальном этапе обучения русскому как иностранному. Особое внимание обращается на трудности восприятия и овладения русской фонетической системой представителями народов Юго-Восточной Азии. Проанализированы некоторые характерные особенности русских фонем на примере редукции гласной о, оглушения согласных в сочетаниях слов с предлогами. Выявлена и обоснована необходимость постоянного выполнения иностранцами системы различных упражнений, направленных на овладение фонетикой*

*русского языка. Данные упражнения должны охватывать отработку произношения, интонирования, а также работу с изменяющимся ударением. Авторы отмечают, что данные умения и навыки должны быть получены учащимися на базовом уровне обучения. Фонетика языка, её правила должны изучаться и отрабатываться учащимися постоянно.*

*Ключевые слова: фонетика, фонологические знания, фонетическая компетенция, фонема, акустическая фонетика, перцептивная фонетика.*

## ВВЕДЕНИЕ

Обучение русскому языку как иностранному предполагает формирование ряда компетенций: орфографической, фонетической, коммуникативной. Фонетическая компетенция, а именно знание теоретической и практической сторонами фонетики изучаемого языка – базисная часть говорения, аудирования, понимания как устной, так и письменной речи. Это объясняет системное изучение иностранного языка, которое начинается с вводно-фонетического курса и сопровождается работой над фонетикой в течение практически всего курса обучения языку.

Студентам, которые уже занимаются системным изучением русского языка и обладают определенными знаниями в области грамматики, предлагают сопроводительные или корректировочные курсы фонетики, которые помогут исправить и в дальнейшем избежать ряда фонетических ошибок в произношении.

Фонетика исследует не только языковую функцию, но и материальную сторону своего объекта: работу произносительного аппарата, а также акустическую характеристику звуковых явлений и восприятие их носителями языка.

Фонетика – раздел языкознания, изучающий звуки в потоке речи, их сочетаемость и их позиционные изменения. Круг вопросов общей фонетики достаточно широк. Фонетика изучает:

- 1) общие условия звукообразования, исходя из возможностей произносительного аппарата человека;
- 2) акустические особенности звуковых единиц;
- 3) функциональный аспект звуков речи (учение о фонеме);
- 4) закономерности сочетания звуков и влияние их друг на друга в потоке речи;
- 5) природу слога и законы слогаделения;
- 6) ударение и сингармонизм как средства организации фонетической структуры слова;

7) интонацию как средство организации фразовых единиц;

8) связь звуковой стороны языка с письмом (графикой и орфографией).

Для успешной коммуникации и уверенности в себе обучающемуся необходимо иметь фонетическую грамотность, которая определяется правильным произношением звуков, пониманием ритмики русского слова, правильным интонационным оформлением высказывания.

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Наибольшее значение, на наш взгляд, имеет системность изучения фонетики для аудирования, так как может дать ответ на вопрос: «Почему я не понимаю, хотя в принципе, знаю достаточно слов на этом языке?» Получив ответ на этот вопрос, студент получает и ответ на вопрос «Как, что нужно, чтобы начать понимать звучащую речь?»: прослушивать в реальной артикуляции и реальном темпе большой объём аутентичных текстов, а затем проговаривать, сравнивая своё произношение со звучащим материалом.

Таким образом, можно сказать, что фонетическая компетенция служит инструментом для достижения целей коммуникации.

В настоящее время изучение русского языка привлекает представителей языковых систем, кардинально отличающихся от русского языка (японцев, китайцев, корейцев). Как раз именно лингвистические навыки в области фонетики становятся базовыми для дальнейшего изучения русского языка. Вопрос специализированного изучения фонетики и повышения уровня фонетических знаний учащихся порождает новый вопрос: каково соотношение коммуникативных принципов и лингвистической грамотности в области русского языка, а также национальных особенностей и фонетической системы родного языка иностранных студентов при изучении фонетики?

Начиная изучать иностранный язык, учащийся сталкивается с рядом проблем, которые значительно затрудняют процесс овладения иностранным языком. Это в первую очередь связано с переходом на фонетическую систему другого языка, когда обнаруживаются особенности, вызванные влиянием фонетической системы родного языка.

Для того чтобы при изучении другого языка устранить влияние фонетической системы родного языка, необходимо, как показали современные исследования, сознательное сопоставление артикуляций и речевых звуков обеих систем.

Лингвистическая грамотность в фонетической сфере распространяется на четыре направления: звуковое произношение и изменение позиций звуков; конструкции интонаций и случаи их применения; ударение в словах и его перемещение в зависимости от случая применения слова; синтагматическое деление фраз на отдельные члены.

Здесь большое значение имеет понимание фонемы - звука, находящегося в сильной позиции: для гласных – это позиция под ударением, для согласных – позиция перед гласным или сонорным. Одной из проблем восприятия иноязычной речи является то, что при говорении, в нашем случае на русском языке, человек не отделяет звуки друг от друга, произнося их слитно (причём иногда звуки накладываются друг на друга или вообще выпадают, напр., с шáпкой [ш:áпкь]). В потоке речи звуки видоизменяются под влиянием соседних фонем. Ср. сделать – [з'д'эльт']; в тетради [ф т'итрад'и]; из журна́ла [иж:урна́л^]: глухие фонемы перед звонкими озвончаются, звонкие перед глухими – оглушаются, в приставках с-, из-, раз-, без-, которые стоят перед «ж», с- и –з произносятся как [ж], на конце слов могут встречаться только глухие согласные(конец слова считается слабой позицией), ср. клад – [клат], но клады – [клады].

Из фонем *о, е, я* наиболее изменчивой считается фонема *о*. В безударном положении фонема *о* редуцируется, но в случаях, когда буква «о» находится в безударной позиции и следует за твердым согласным, она произносится, как краткий неясный редуцированный звук, практически не распознаваемый как *о*, напр., голова – г[ъ]лова. Исходя из опыта работы с иностранцами, можно сказать, что качественные и количественные изменения звука, связанные с фонемами *о, е, я* порождают наибольшее количество трудностей в речепорождении и в восприятии русской звучащей речи.

Наиболее интересной, на наш взгляд, является акустическая и перцептивная фонетика. Акустическая фонетика изучает звуки речи как физические явления, описывает такие их характеристики, как высота (которая зависит от частоты колебаний), сила (от амплитуды), громкость, тембр и длительность звука, а также перцептивная – изучает особенности анализа и восприятия звуков речи органом слуха. Это связано с тем, что обучая многонациональную аудиторию, где в одно время находятся представители диаметрально противоположных по системе языков, преподаватель вынужден дробить фонетический курс, чтобы максимально учесть особенности этой аудитории. Несомненно, что уровень восприятия звуков, например, у китайцев или вьетнамцев отличается от англоязычных народов. Восприятие интонации, высоты тона тоже разное. Сравнительная фонетика

Данная работа имеет ряд трудностей, так как обычно в аудитории сидит многонациональная аудитория, в учебниках же этот момент не может быть учтён полностью. Решение данного вопроса остаётся преподавателю, который должен при подборе заданий учитывать типологические особенности родного языка учащихся и типичные ошибки в произношении и интонации. Так, в китайской и англоязычной аудитории работает слоговой принцип подачи материала по произношению звуков, выделение четких

артикуляционных оппозиций по твёрдости /мягкости л и отработка не только повышения, но и обязательного понижения тона в вопросительных интонационных конструкциях.

В вопросе изучения фонетики важное место занимает лексика языка, которая имеет свою собственную систему, основанную на предметном значении слов. Слова неразрывно связаны с понятиями, которые всегда выражаются в словах. Поэтому близкие друг другу по звуковому составу слова, имея совсем разное значение, относятся к разным рядам слов («доктор – диктор», «вектор – лектор»). Наоборот, совсем различные по звуковому составу слова, имеющие одно и то же значение, образуют одну и ту же группу слов – синонимов.

Наиболее важно для человека предметное значение слов. Поэтому слова, сходные по значению, но резко отличающиеся по звуковому составу, вызывают сходную реакцию. Наоборот, слова, близкие по звуковому составу, но резко различные по значению, обычно вызывают различную реакцию. Так бывает не только при произвольной, но и при непроизвольной реакции на одно и то же слово.

Все это указывает на то, что слова языка образуют определенные системы, основой которых может быть как звуковой состав слов, так и их предметное значение. Вторая система более прочна, чем первая, поскольку синонимы продолжают вызывать условный рефлекс уже после дифференцировки сходных по звучанию слов. Именно это и есть основная и подлинная система языка. Ее определяющей ролью обусловлена ясность дифференцировки сходных по звучанию слов. Они легко дифференцируются друг от друга именно потому, что предметное значение их различно. В то же время сходные звукокомплексы, не связанные с различиями в предметном значении, не дают дифференцировки.

Предметное значение слов лежит в основе образования систем слов, родственных друг другу, несмотря на различия их грамматической формы (разные окончания, суффиксы, приставки). Слова «бег», «убежать», «избегать», «беглый», «беглец», имея общую часть – корень («бег» или «беж»), связанный с определенным предметным значением, образуют единую группу.

Одна из важных задач фонетиста – диагностирование фонетических и фонологических ошибок, их анализ и нахождение возможного решения.

Работа с фонетикой русского языка для иностранцев связана с постановкой фонематического слуха, т.е. с различением звуков на слух. Это важно, потому что для иностранцев многие русские звуки звучат одинаково. Например, если учащийся, говорит «деДушка» вместо «деВушка», и при этом не слышит себя, то это значит, что он не различает на слух звуки [Д] и [В], они для него звучат одинаково.

Таким образом, встает вопрос о системе упражнений, которая должна будет скорректировать фонетические неточности на базовом уровне обучения русскому языку.

Для этого необходимо сознательное воспроизведение звуков, опора на осязаемые моменты артикуляции.

При национально-ориентированном подходе противопоставление губно-губных и губно-зубных согласных корректируется на протяжении всего курса обучения, где внимание обращается на смысловозначительное значение данной оппозиции, напр., был – выл; бил-был, и т.д.

Большие трудности у учащихся вызывает ритмическая система русских слов. Ударение является одной из важнейших и уникальных фонетических характеристик русского слова. Для формирования умения правильной передачи ритмической структуры слова, словосочетания, синтагмы необходимы знания теоретической основы. Основы владения ритмикой закладываются на элементарном уровне, но работа должна продолжаться и на базовом. Данные фонологические знания дают возможность правильного определения места ударного слога, произнесения его с большей интенсивностью, длительностью и более точными качественными характеристиками по сравнению с безударными слогами.

#### ВЫВОДЫ

В заключении необходимо отметить важность изучения фонетики, связанной с обучением нормам произношения звуков в словах, сочетаний звуков в различных частях слова, с нормами ударения в словах. В результате реализации этого принципа практической направленности в изучении фонетики у учащихся формируются орфоэпические умения и навыки. Базовые фонетические понятия для усвоения орфографии: гласные – ударные и безударные, звонкие и глухие согласные, мягкие и твердые, шипящие согласные, оглушенные и озвонченные согласные, должны быть усвоены учащимися на начальном уровне обучения. Фонетика языка, её правила, как необходимая часть овладения коммуникацией, должны изучаться и отрабатываться учащимися постоянно, начиная с самых первых практических занятий по иностранному языку.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Аванесов, Р. И.** Русское литературное произношение. – 6-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1984. – 383 с.

2 **Богомазов, Г. М.** Детерминантные основы преподавания фонетики современного русского литературного языка в вузе // Фонетика в системе языка. Вып. 2. – М.: Владос, 2001. – 352 с.

3 **Брызгунова, Е. А.** Звуки и интонация русской речи: Для иностранцев, изучающ. рус. яз./Е. А. Брызгунова. – 3-е изд. – М.: Русский язык, 1983. – 279 с.

4 **Касаткин, Л. Л.** Современный русский язык: Фонетика. – М.: Академия, 2006. – 351 с.

5 **Трубецкой, Н. С.** Основы фонологии / Под ред. С. Д. Кацнельсона; Вступ. ст. Л. А. Касаткина. – Изд. 2-е. – М.: Аспект-Пресс, 2000. – 352 с.

Материал поступил в редакцию 22.07.16.

*А. С. Айтпаева, А. А. Раимбекова*

**Шетелдік аудиторияда тіл меңгерудің бастапқы деңгейінде фонетикалық құзыретті қалыптастыру**

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Материал 22.07.16 баспаға түсті.

*A. S. Aitpaeva, A. A. Raimbekova*

**Formation of phonetic competence on the initial stage of language assimilation in a foreign audience**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 22.07.16.

*Мақалада шетелдіктерге орыс тілінің фонетикасын үйрету мәселелері қарастырылған. Аталмыш құзырет түрлерінің ерекшеліктерін, сонымен қатар оның тіл жүйесін меңгерудегі маңыздылығын қарастыру мақала мақсаты болып табылады.*

*Орыс тіліндегі сөйлеу қызметін меңгеру үдерісіне үлкен әсер ететін шетелдіктердің акустикалық және перцептивтік фонетикасының өзіндік ерекшеліктері байқалады. Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың бастапқы деңгейінде шетелдік аудиториямен жұмыс істеудің тәжірибесі жиынтықталады. Оңтүстік-Шығыс Азия халықтары өкілдерінің орыс тілі фонетикасының жүйесін меңгеруі мен қабылдауындағы қиыншылықтарға ерекше көңіл бөлінеді.*

*Орыс тіліндегі о дауысты дыбысының қысаңдануы, сонымен қоса дауыссыз дыбыстардың көмекші сөздермен тіркескенде қатаңдануы сынды өзіндік ерекшеліктерге талдау жасалынды. Шетелдіктердің орыс тілі фонетикасын меңгеруге бағытталған әртүрлі жүйедегі жаттығулар жасату қажеттілігі айқындалып дәлелденді. Аталмыш жаттығулар дыбыстарды айту, дауыс ырағы, сонымен бірге өзгертін екпін түрлерімен де жұмыс жасау сынды*

*мәселелерді де қамту керек. Мақала авторлары тіл үйренушілерден жоғарыда айтылған дағдылар тіл оқытудың қарапайым деңгейінде талап етілуі керек деп есептейді. Тілдегі дыбыстар мен ережелерді тіл үйренушілерге ұдайы меңгертіп, жетілдіріп отыру қажет.*

*This article discusses the problem of learning phonetics of Russian as foreign language. The purpose of the article is to review the characteristics of this type of competence, its importance to master the system of language.*

*There have been characteristic features of acoustic and perceptual phonetics of foreigners as having a great influence on the process of mastering the speech activity in Russian.*

*We generalize practical experience with the foreign audience at the initial stage of learning Russian as foreign language. Particular attention is drawn to the difficulties of perception and mastering the Russian phonetic system of representatives of the peoples of Southeast Asia. Also there are analyzed some characteristics of Russian phonemes as an example of the reduction vowels, consonants in stunning combinations of words with prepositions. And there is revealed the necessity of permanent system performance by foreigners of different exercises aimed at mastering the phonetics of the Russian language. These exercises should involve practicing the pronunciation, intonation, as well as work with varying emphasis. The authors note that these skills must be received by students at the basic level of education. Phonetics language, its rules must be studied and practiced by students constantly.*

ЭОЖ 811.111

**К. М. Әбішева<sup>1</sup>, Р. Ә. Әйкенова<sup>2</sup>, Д. М. Сатыбаева<sup>2</sup>,  
Ж. К. Иманбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, <sup>2</sup>магистранттар, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.  
e-mail: <sup>1</sup>abishevakm@mail.ru

## **ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК БІРЛІК «ҚЫМЫЗ» ЖӘНЕ ОНЫҢ АССОЦИАТИВТІК КЕҢІСТІГІ**

*Мақалада «қымыз» лингвомәдени бірлік қарастырылады, оның лингвомәдени және ассоциативтік кеңістігі қарастырылады*

*Кілтті сөздер: реалиялар, дискурс, интерпретация, мағына, бірлік*

### КІРІСПЕ

Кез келген, жаңа қалыптасып, дамып келе жатқан ғылым бағытында кездесетін көптеген қарама-қайшы көзқарастар, пікірлер лингвомәдениеттану ғылымында да баршылық. Осы саланы зерттеуші ғалымдар В. В. Воробьев, В. Н. Телия, В. А. Маслова, В. В. Красных, Ж. А. Манкеева, А. Ш. Жұмашева т.б. пікірінше, лингвомәдениеттану қазіргі әлемдік лингвистика ғылымының бетке ұстар саласы ретінде белсенді дамып келе жатқан жаңа бағыт. Сонымен қатар, бұл саланың жанадан өріс алып келе жатқандығынан оның теориялық-практикалық мәселелері әлі де толық шешілмеген.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Лингвомәдениеттанудың зерттеу әдістеріне байланысты пікір-сайыстар тудыратын мәселелер баршылық, мысалы, В. А. Маслованың пікірінше, «лингвомәдениеттанудың пәні ретінде келесі тілдік, мәдениетті-символикалық, эталондық, бейнелі-метафоралық мағыналарға ие болған, адамның санасындағы нәтижелерін (архетиптік және прототиптік) жалпыға келтіретін; миф, аңыз, ритуал, рәсім, ауыз әдебиетте, діни дискурстарда, поэтикалық және көркем мәтіндерде, фразеологизмдерде, метафораларда, символдарда, мақал-мәтелдерде көрініс берген бірліктерді қарастыруға болады» [1, 36]. З. К. Сабитова лингвомәдениеттік бірлікті лингвокультурема ретінде зерделеп, оны кешенді, лингвистикалық және экстралингвистикалық (мәдени) мазмұны бар сөздерге жатқызады. Лингвокультурема тілдік көрініс пен тілден тыс органы біріктіріп, ассоциативтік торларды да қамтиды [2, 38].

В. А. Маслова лингвомәдени бірліктерге терең мәдени мағыналары бар, символикалық, бейнелі реңктерге ие сөздерді жатқызады, ал З. К. Сабитованың ойынша, лингвокультуремалардың ішкі формасы бар. Сол

ішкі форма тілден тыс ортамен байланысты, себебі экстралингвистикалық мазмұны бар. А. А. Потебня сөздің жақын және алыс мағыналарын сипаттаған. Жақын мағыналардың тілге қатысы бар, олар тура және ауыспалы мағыналар түрінде көрініс береді. Ал сөздің алыс мағыналары оймен байланысты, экстралингвистикалық мағынаны білдіріп, халықтың ұлттық ерекшелігін сипаттайды [3]. Ондай сөздердің қатарына кейбір зерттеушілер реалийлерді де кірістіреді, өйткені олар бір ғана мәдениетке тән, өзге мәдениетте кездеспейтін заттар мен құбылыстарды атайды. Олардың негізгі қызметі – атау функциясы. Осындай сөздерге С. Н. Влахов және С. И. Флорин келесі анықтама береді: «реалиялар – бір халықтың өмір тәсіліне, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына қатысты нысандарды айтатын сөздер және тіркестер. Олар басқа халықтарға таныс емес» [4, 432-434]. Демек, реалиялардың тек денотативтік мағынасы ғана емес, мәдени мағыналары да бар, себебі олар фондық білімдерге сипаттама береді. Бірақ реалийлер мен лингвомәдениеттік бірліктерді салыстыруға болмайды, себебі тек лингвомәдениеттік бірліктерде ғана терең символикалық мәндер, халықтың менталитетімен, оның көзқарасымен, сенімімен байланысты мағыналар кездеседі. Осы мағыналар лингвокультуреманың ішкі формасын жүзеге асырып, оны экстралингвистикалық мазмұнға ие қылады. Лингвокультуремалық бірліктердің семантикалық құрылымында төрт түрлі белгілер іске асырылады: 1) мағына мен семантикаға байланысты белгі; 2) сигматикалық белгіні қарастыру барысында біз тілден тыс орналасқан затты-түсінікті, әлемді де сипаттай аламыз, себебі сигматикалық қатынастар ұлттық-мәдени мәнді білдіреді. Лингвомәдениеттануда сөз төрт тұрғыдан зерттелінеді: семантикалық, прагматикалық, синтактикалық, сигматикалық. Осы жан-жақты зерттелінетін тілдік бірлік лингвомәдени бірлік деп қарастырылады.

Лингвомәдени бірлік – кешенді бірлік, ол тілдік және экстралингвистикалық мазмұндардың тұтастығы. Тілден тыс факторларға: мәдени – түсінікті мазмұндарға ие. Сөздің затпен өзара қатынасы бар, ол десигнат пен денотатпен қатынасады, соған жіберіледі, заттың атын ғана атайды, яғни атаулық қызметті атқарады. Лингвокультурема сөздің мазмұнын ұғым мен мәдени феномен ретінде ашады. Осындай лингвокультуремаларда бейнелі және символикалық мәндермен қатар коннотативтік мағыналар да басым болады. Олар мәдени сөзбен байланысты эмоционалдық реңктерді, интерпретатордың субъективтік қатынасын сипаттайды.

В. Н. Телия, В. И. Шаховский, М. Оразов, Р. Авакова тәрізді ғалымдар коннотацияны семантикалық тұрғыда болатын номинативтік бірліктердің құрамдас бөлігі десе, Ю. Д. Апресян, Д. Н. Шмелев бұл көзқарасты қабылдамайды. Олар коннотациялық бірліктердің бояуы, реңкі, стилистикалық мағыналары бар деген пікірді білдіреді [5]. Егер бұл

соңғы пікірге сүйенсек, коннотацияның номинацияға қатысы аз, алайда коннотация ассоциация негізінде пайда болады десек, ассоциацияға тірек компонент (денотат) номинацияның өзегінде болуы керек. Негізсіз сезімге түйсік туғызбайтын жерде эмоция болмайды. Ассоциация эмоция арқылы жүзеге асады, бағалау және ұқсату, салыстыру негізінде пайда болады. Тілде мұндай мәндегі сөздер тобы эмоционалды-экспрессивті лексиконды құрайды. Эмоция бар жерде экспрессия, бағалау, бар.

Осындай әртүрлі мағыналары, мәндері бар «қымыз» атты лингвомәдениеттік бірлікті талдап көрейік. Оның денотативтік мағынасы «сусын» деген ұғымды білдіреді. «Қымыз» сөзі негізінде жасалған тіркестер оның түрін, сапасын көрсетеді: *құнан қымыз* (үш күндік қымыз); *дөнен қымыз* (төр түндік қымыз); *бесті қымыз* (бес күндік қымыз); *жұмсақ қымыз* (әлсіз қымыз); *сары қымыз* (қою қымыз); *жетілген қымыз* (сапасы жоғары қымыз); *айныған қымыз* (іріп кеткен қымыз); *май айының уыз қымызы* (қою май қымызы); *түнemel* (кешегі, тұрып қалған қымыз).

«Қымыз» лингвокультуремасының мәдени мағынасы халықтың түсінігінде қымыздың емдік қасиетімен, шипалылығымен байланысты, сондықтан «қымызбен емдеу жері» – *қумыслечебница*, «қымызды ішуге ұсынатын орын» атаулары кең тараған, мәселе *қымызхана*, *қымыз сусыны*, т.б. Қазақ халқы «қымыз» туралы ұғымды құру алдында оны жан-жақты сезімдік қабылдау арнасы арқылы қабылдап, әр белгісін сипаттаған, мәселен: 1) иіс сезу арқылы қабылдау: «жұпар иісі, қараңыз: *«Жұпар иісі танауымды кернеп кетті»* (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 23 б.); 2) дәмді сезу мүшелер арқылы дәмін тату: а) *қышқылтым нәр*: «*Осы қышқылтым нәрден* қайран аға кер даланың, оның төсіндегі көкпардың, дүрсілі басылған жастығының қасиетін қайта сезінеді екен ғой» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 23 б.); б) *бал татитын қымыз*: «*Бал татитын тәтті қымыз* әзірлейтін әдемі саба дүниеге осылайша келеді (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 31 б.); в) *таңдайды үйірген үгітілме қымыз*. «*Таңдайды үйірген үгітілме қымызды сіміріп* салғанымда шекемнен тер бұрқ ете түсті» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 33 б.). Ауыспалы мағынасы сирек кездеседі, тек ғана *қымыз – кісінің қаны, ет кісінің жаны* деген мақал-мәтелде қымыз қанмен салыстырылады.

«Қымыз» лингвокультуремасының лингвомәдениетінің кеңістігі бар. Осындай кеңістікке В. В. Воробьев иерархиялық қатынаста тұратын, жалпы инварианттық мәнге ие болатын бірталай мәдени мағыналары бар сөздерді жатқызады [6, 65]. Лингвомәдениеттік бірліктер кеңістігінің өзегі, парадигматикалық және синтагматикалық қатарлары бар. Негізгі лингвомәдениеттік өзек кеңістіктің аты туралы түсініктеме береді. Ал шалғайдағы парадигматикалық және синтагматикалық қатарлар кеңістіктің толымдылығын көздеп, солардың құрамдарына негізгі өзекті

лингвокультурамамен байланысты синонимдер, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді кірістіруге септігін тигізеді.

«Қымыз» лингвокультурамасының лингвомәдениеттік кеңістігінде негізгі өзекті сөз – «қымыз». Ол кеңістіктің орталығында орналасқан, төңірегінде «қымыз» сөзін жан-жақты сипаттайтын, түсінік беретін сөздер, тіркестер келтірілген: *қымыз* – өзекті лингвомәдениеттік бірлік. Ол келесі мағынаны жүзеге асырады: «бие сүтінен жасалған аса құнды, емдік тағам». Қымыздың түрлеріне С. Кенжахметұлы өзінің «Қазақ халқының, тұрмысы мен мәдениеті» еңбегінде этнографиялық сипаттама берген: *уыз қымыз* – биені алғаш байлағандағы жаңа ашытылған қымыз; *тай қымыз* – бір күн сақталған қымыз; *құнан қымыз* – екі түн сақталған қуатты қымыз; *дөнен қымыз* – үш түн сақталған, күші мол қымыз; *бесті қымыз* – төрт түн сақталған сапалы қымыз; *сары қымыз* – шөп буыны қатып, күзде сауылған биенің маңызды қымызы; *қысырдың қымызы* – қыста құлынсыз сауылатын биенің дәмді, қуатты, шипалы қымызы; *түнмел қымыз* – көп тұрған немесе үстіне саумал қосылған, сапасы төмен қымыз де қосады [7]. «Қымыз» лингвомәдени сөзінің парадигматикалық қатарына «сусын» мағынасына ұқсайтын *сүт, айран, қымыранды* синоним сөздерін жатқызуға болады.

Синтагматикалық қатардағы «қымыз» лингвокультурамасының негізінде пайда болған фразеологизмер, мақал-мәтелдер: мақал-мәтелдер: *сары қымыз сүйегіңе сіңсе сан ауруды кеседі. Сары бал сүйегіңе сіңсе кәрілік жоқ деседі; Айранды көріп азба, қымызды көріп қызба. Көженің кенеуі болса, қымыздың қызуы бар; қымызы бар үйдің қызылы бар; Бір аяқ қымыздың екі аяқ желі бар* [8]; фразеологизмер: *қымыз мұрындық* І. Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» осы фразеологизм келесі мағынаға ие «Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы» [9, 374].

А. Тоқтабай қымыз мұрындықты салт-дәстүрлердің бір түрі деп санайды: «Қымызмұрындық дегеніміз – ел жайлауға шыққанда жазғытұрым аталып өтетін – *қымыз тойы*. Қазақ жерінде *қымызмұрындық* әр түрлі аталады. Жетісу, Батыс Қазақстанда *қымызмұрындық*, Шыңжайда *биебау*, Монголияда *бие байлар*, т.с.с., бірақ бәрінің мағынасы бір [10, 266].

«Қымыз» сөзінің ассоциативтік кеңістігі де бар. Осындай кеңістікке біз «қымыз» – стимул сөзімен байланысты, респонденттің ойына келген реакция сөздерді жазып алып, информанттардың ойына жиі келген сөздерді бір кеңістікке біріктірдік. «Қымыз» стимул сөзімен байланысты ассоциаттарға біз келесі сөздерді жатқызамыз:

*Қымыз – бесті қымыз, саумал, сары қымыз, май қымызы, саба, торсық, дөнен қымыз, жұпар иісті қымыз, бал қымыз, торсық қымызы, тай саба, құнан саба, кермек қымыз, қуақтағы қымыз, қымызды сапыру, шады қымыз (шайқалып ашыған қымыз), көнбіс қымыз (тыныш жатып ашыған қымыз).*

*Қымыз құятын ыдыстар: Тай саба, құнан саба.* Сабаны жасау жолдары: Жылқының терісін іреп сойып алып, көлеңкеге кептіреді, сосын қымыздың бетіне шыққан іркіттен и жасап, сол, иге салады. Құнан терісі бықыраған и ішінде бір апта жарым жатады. Сосын иісінді болған теріні кермеге іліп, қырғышпен қырады, телиді, телін алады. Көгеріп, таза терінің өзі қалады. Енді мұны саба ғып тигеді. Тобылғыны жағып, ащы түтінмен сабаның ішін ыстайды. Ысталған сабаға саумал құйып, ұзақ шайқайды. Сосын саумалын төгіп тастайды. Және ыстайды және саумалмен шаяды. Қашан ішіне құйылған қымыздан тері дәмі кетіп, тобылғы табы қалғанша өстіп алмастыра береді. *Бал татитын тәтті қымыз* әзірлейтін әдемі *саба* дүниеге осылай келеді (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 31 б.).

*Торсық:* Жылқы терісінің мойнынан жасалған қолбала ыдыс. Мұның да әзірлеу әдісі әлгідей. Тек тобылғының түтінімен ыстамайды, теріге өрік талдың не ұшқаттың сөлін сіңіреді. Торсықтың қымызын екі-үш аптаға дейін сақтайды (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 31 б.).

*Қымыз ишетін ыдыс: тостақ, тостаған, кесе* (жай кісіге береді); зерен (онымен қымызды асыл достарға, береді), *көзе* (ғашықтарға қымыз құйып беретін ыдыс), *қытша бел құмыра* (бұнымен қымызды тек батырларға ұсынады).

«Қымыз» лингвомәдени сөзімен байланысты құндылық бағдарламалар, наным-сенімдер:

*Жағымды бағдарламалар: Құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз, қу қымыз.* Оларды сыйлы адамдарға берген, мәселен: «Құнан қымызын сырласар қонағына құяды. Оны әуелі маслихаттың кеніші деседі» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 34 б.). *Ғашықтар мен ақындарға дөнен қымызды құйған.* Көңілге желік бітіріп, көкейге құрт түсіретін қасиеті бар ғой (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 3 б.). Сусынның сосынғы төресі – *бесті қымыз.* «Қу қымызды жасауға шабар батырлар мен бәтуаға жүрер елшілер ішеді» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 34 б.).

*Жағымсыз бағдарламалар: саумал қымыз.* Жақтырмаған адамға беріледі: «Саумал қымызды жақтырмаған адамына береді. Оны ішкен кісі түзге шыққыш келеді де байыз тауып отыра алмай жөніне жоғалады» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 34 б.).

«У қымыз. «У қымызды қазақ кезбе, бақсы, бәдік, саудагер жандарға беретін болған» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 34 б.).

«Қымыз» сөзімен байланысты наным-сенімдер: *жас биенің қымызы, жақсы қымыз.* Олардың емдік қасиеттері бар, қараңыз:

– Неге биенің басын ұстатып саумадыңыз? /Қарағым-ай, онда жылқы дірдектеп, қорқып тұрады да сүттің маңызы тамырда қалып қояды. *Жақсы қымызға* биенің өз еркімен иіп берген сүті бал келеді.

– Жуас, кексе биелерді қалдырып кеткеніңіз қалай?

Егде жылқының сүті желінінде тұрады, ал жас биенікі тамырдан жиылады. Өрі қасалдың сүті тез ашиды да, күші бірден бетіне шығады. Жас биенікі бабына екі түнемеліден соң ғана келеді, әл-қуаты түбінде жатады. Иә... қымыз да жылқының мінезіне байланысты. *Жас биенікі кісіні жасартады, дәрі боп сіңеді.* Теріп сауып жүргенім содан ғой, – деді Ақтәте» (Д. Досжанов. «Терезенің жарығы», 37 б.).

*Ақты киелі ас – «Киелі мағына»: Киелі ас көретін жұрттың у-шуы басылып, үлкендері быйылғы қымызға аман-есен ауыздары тигеніне іштей шүкіршілік сезімімен «пісіміллә» деп зереннің шетінен ептеп сіміре бастады...* Тобылғының түтініне ысталған сабада бабымен ашыған, пісуі әбден қанған, майы бетінде түйіртпектеніп жүзіп жүрген *сары қымыз денеге жайылып қыздырғанда* әңгіме қайта басталады» (Ғ. Ахмедов. Жем бойында, 6 б.).

«Қымыз» лингвомәдениеттік бірліктің мәтіндегі қолданысы. Контекстінде *сары қымыз* қолданысы суреттеліп, қымызбен» байланысты *қымызмұрындық* мерекесіне сипаттама беріледі. Қымызды ішетін ыдысты да суреттейді: «Ауыл ерте көктемде шөбі малдың аузына ілініп қалған кезде Мәні бойынша көшіп-қонып, бие байлаған сәске кезі. Күн енді ғана қызып келе жатыр. Бүгін осы елдің белгілі байы Ерناзар *қымыз мұрындық бермекшіі.* Байдың ас үйінде екі жігіт ту биенің терісінен тігілген сабаны ертеден бері дамылсыз гүрсілдетіп пісіп, қара терге түскен. Саба кісі бойы, бас жағын оюлап, сырлап істеген қайың піспек одан да биік. Піспектің оюлы қалақ басының төменгі бұнағынан ұзын арқанды орта жерінен қазықбау талып байлап, екі ұшын әлгі жігіттер сабаның екі жағында талтайып тұрып төмен тартып, арқанды жібергенде, иіспен шапшып, жоғары шығады. Бұл жігіттер шаршап алқына терлеген кезде, басқа екі жігіт келіп піседі. Әйтеуір *сабаға да, піспекке де* тыным жоқ, бабымен ашыған қымыз шапшып көбік атады»; «Міне жұрттың қыстай сағынып күткен *сары қымызы* да келді. Білектерін түрінген жігіттер сырлы *зерен тастағандармен* қымызды үйдегі ақсақалдарға, даладағы жұртқа жүгіре басып таси тастады» (Ғ. Ахмедов. Жем бойында, 6 б.).

#### ҚОРЫТЫНДЫ

«Қымыз» лингвомәдениеттік бірлігінің мәдени мағынасы қазақ халқының тұрмысы, өмір сүру тәсілі және менталитетімен байланысты. Мәдени мағынамен қоса «қымыз» лингвокультуремасы ассоциативтік және құндылықтық мағыналарды да қамтиды, себебі қымыздың әр түрін сипаттап, оған байланысты халықтың жағымды және жағымсыз субъективтік бағдарларын көрсетеді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология. – М., 2001.
- 2 **Сабитова, З. К.** Лингвокультурология. – М. : Флинта, 2015.
- 3 **Потебня, А. А.** Из записок по русской грамматике. – Харьков, 1989.
- 4 **Влахов, С. П. Флорин С. И.** Непереводимое в переводе. – М., 1980.
- 5 **Телия, В. Н.** Коннотативный аспект семантики языковых единиц. – М., 1986.
- 6 **Воробьев, В. В.** Лингвокультурология. – М. : РУДН, 1997.
- 7 **Кенжеахметұлы, С.** Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы : Кітап, 2006.
- 8 Мыңжылдық мақал-мәтелдер. – Алматы : Өнер, 2009.
- 9 **Кенесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1977.
- 10 **Токтабай, А.** Қымызмұрындық // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы : Арыс, 2005. – 266-273 б.

Материал 29.07.16 баспаға түсті.

*К. М. Абишева, Р. А. Айкенова, Д. М. Сатыбаева, Ж. К. Иманбаева*  
**Лингвокультурная единица «қымыз» и ее ассоциативное поле**  
 Университет «Туран-Астана», г. Астана.  
 Материал поступил в редакцию 29.07.16.

*К. М. Abisheva, R. A. Aikenova, D. M. Satubayeva, J. K. Imanbayeva*  
**Linguistic-cultural unit «kymyz» and its associative space**  
 University «Turan-Astana», Astana.  
 Material received on 29.07.16.

*В статье рассматривается лингвокультурема «қымыз», характеризуются его лингвокультурологические и ассоциативные поля.*

*The article discusses linguocultural unit «kymyz», characterized by its linguistic, cultural and associative fields.*



**К. М. Әбішева<sup>1</sup>, Л. Ж. Мухамеджанова<sup>2</sup>, Р. А. Айкенова<sup>2</sup>,  
Ж. К. Иманбаева<sup>2</sup>, А. А. Орманова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>д.ф.н. профессор, <sup>2</sup>магистранттар, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.  
e-mail: <sup>1</sup>abishevakm@mail.ru

## **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АҚПАРАТ ПЕН МӘНДЕРДІ СИПАТТАУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ**

*Мақалада оқиға, мәтін астартын және модельдік мағына туралы түсінік беретін мәтіндегі ақпарат түрлері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: мәтін теориясы, семиотикалық белгі, категория, астыртын мәндер, түсіну.*

### **КІРІСПЕ**

Мәтінді талдау мәселесі мәтін теориясы ғылымының ең күрделі, әлі де толық шешілмеген мәселесі болып табылады. Бүгінгі күнде мәтін пәнаралық феномен ретінде қарастырылады. Мәтінді лингвистикалық тұғырдан зерттеу мақсатын көздеген «Мәтіннің лингвистикасы» деген жаңа ғылым саласы қалыптасса да, мәтін әлі де болса, әр түрлі ғылыми тұғырлардан зерттелініп жатыр. Сондықтан да мәтінді қарастыру барысында бірсыпыра бағыттар пайда болды.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Бастапқы бағыт – тіл білімдік. Бұл бағыттың өкілдері А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Г. Я. Солганик, И. Р. Гальперин Ю. А. Левицкий, З. Я. Тураева, Б. Шалабай, т.б. Қазақ, орыс тіл білімінде мәтіндік «Мәтіннің лингвистикасы» пәнінің негізгі нысаны, пәні ретінде қарастырады. Қазақ тіл білімінде мәтінге қатысты ой-пікірлерін білдірген ғалымдардың бірі А. Байтұрсынұлы және Қ. Жұбанов. Мәтін туралы алғашқы ойларын А. Байтұрсынұлының еңбегінде кездестіреміз. Осы белгілі ғалым мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма сөз деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады» – дейді [1, 344]. А. Байтұрсынұлының пайымдауынша, мәтін тақырыптан, мазмұнының үш мүшесінен (аңдату, мазмұндау, қорытудан) құрылады. А. Байтұрсынұлы мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты [1].

Қ. Жұбанов мәтінді сөз деп атайды. Оны қарым-қатынасты жүзеге асырудың құралы деп түсініп, мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетеді, мәтіннің осындай түрлерінің айырмашылықтарына назар аударады; ауызша және жазбаша мәтіннің өзіндік жасалу жолдарының болатындығын тілге тиек етіп, бұл жөнінде келесі ойды айтады: «Сөз бұйымын дұрыс жасау үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керек... Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөле қарау, өйткені ауызекі сөйленетін сөздің аңдай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар, – деп паралингвистиканың зерттеу нысанасы ым-шынара деп көрсетеді де, ойын былайша сабақтайды: «Жазулы сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі, немесе түсініксіз күйімен қалып қояды... Жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет» [2, 148]. Бұл жерде мәтіннің жүйелілік нышанына назар аударылады, ғалым мәтінді жүйелілік сипаты бар құрылыс деп түсіндіреді.

И. Р. Гальперин мәтінді мәтін тудырушының нәтижесі деп санайды. Ол жазбаша түрде сомдалынып, әдеби түрде өңделініп, тақырыпқа және ерекше бірліктерге ие болады. Өзара байланысып жатқан мәтіннің мазмұндық және тұлғалық-құрылымдық категориялары болады. Олар: хабар беру, мәтін ішіндегі байланыс (когезия), модальдық белгілер [3].

Т. М. Дридзе мәтінді күрделі семиотикалық белгі және қауышудың бірлігі деп сипаттап, оны бір жалпы концепция не қауышу субъектілердің түпкі ойы негізінде жабық, иерархиялық, коммуникативті-танымдық жүйеге бірліктірілген мәнді элементтердің жүйесі деп қарастарады. Т. М. Дридзе мәтіннің тұтастық және жүйелілік қасиеттерін атаумен қоса тілдік бірліктердің автордың ойын жеткізу үшін тағайындалынғанын көрсетеді. Тілдік бірліктер мәтіннің мазмұнын және қауышу субъектілерінің түпкі ойын оқырмандарға жеткізе алады: «Мәтін – күрделі белгі және қауышудың тұтас бірлігі ретінде мағыналық элементтердің жиынтығы түріндегі көрініс береді. Осындай элементтер қауышудың нақты мақсатын, орындау үшін бір тұйық, иерархиялық құрылымды, коммуникативтік танымды жүйеге жалпы концепция немесе қауышу субъектілерінің коммуникативтік ниеттері арқылы біріктірілген» [4, 57].

Ғалымдардың еңбектерінде мәтіннің келесі белгілері сипатталған. И. Р. Гальпериннің пайымдауынша, мәтіннің келесі нышандары бар: тақырыбы мәтіннің ішіндегі сөйлемдерді байланыстыратын байланыстық тәсілдердің болуы, мәтіннің құрылымдық компоненттері [3]. А. Н. Юрьев мәтіннің ақпараттылығына назар аударып, оның құрамында көрініс беретін әртүрлі ақпараттарды сипаттайды. Соларға концептуалды-мазмұндық, фактуалдық, астарлы мәтіндік ақпарат жатады. Концептуалды-мазмұндық ақпарат автордың дүниетанымы, бейнесі туралы сипаттама береді.

Фактуалды ақпарат фактілерді, оқиғаларды, уақиға орнын, уақиға болған мерзімді сипаттайды. К. Долинаның пайымдауынша, оқиғалық фондарды кейіпкерлердің арасындағы қауышудың өтетін жері, оқиғаның іске асырылуы, өріс алуы (тәулік уақыты, аптаның бір күні жылдың бір мезгілі, сонымен қоса абсолюттік уақытта белгіленеді, яғни білгілі бір оқиға болған жыл жағдаяттың жүзеге асырылған уақыты, мәселен, 1945 жылдың 9-жұлдызы), фактуалдық ақпарат сол оқиғаны көргендерді, олардың төңірегінде не болғанын да сипаттайды [6, 12].

Фактуалдық ақпарат Г. Ахмедовтың «Жем бойында» атты романынан келтірген бір үзіндісінде оқиғаның болған орны, мезгілі оқиғаға қатынасы бар адамдар суреттелінеді: *«Көктемнің көзге тұртсе көргенсіз қараңғы түнінде бұйрат құмның ішімен қараңдап бір топ көшіп келеді. Заузаның орта шені болғанымен түн суық, атқа жүк артақан түйеге мінген адамдар көліктерінің аяғымен ырғала қозғалып, тоңып бүрсііп көрінеді. Ай тумаған, ... аспан да бұлтты. Түн ортасы ауған. Малдың жусайтын, адамның тәтті ұйқыға шомылатын кезі. Бірақ көш тоқтар емес, адамдардың да, көліктердің де шаршаған түріне қарағанда, алыстан келе жатқан сияқты. Ұшқыр атқа мінген біреулер жан-жақты әлсін-әлсін барлай жортып келіп бірдеңе деп күбірлеп қайта кетеді. Ел көшкенде қыз-келіншектер қосылып ән салып, немесе жігіттермен әзілдесіп сықылықтап келе жатушы еді, мына топта ешқандай дыбыс жоқ, тіпті әншейінде қатты қақырынатын шалдар да үндерін өшірген. Ауыл иттері де құйрықтарын бұттарына қысып, төңірекке аларып қарайды. Түн ішінде босып келе жатқан адамдардың үрейлі екенін мақұлық та болса сезінетін сияқты. Анда-санда ғана аттың пысқырғаны, арқасына жүк батқан кейбір түйелердің мақ еткені ғана естіліп қалады (Г. Ахмедов «Жем бойында», 10 б.).*

Жоғарыда келтірілген мысалда уақыт мезгілі көрсетілген: *көктемнің қараңғы түні, заузаның орта шені, түн ортасыауған. Оқиғаға қатысушы тұлғалар – көш құрамындағы адамдар, көш басындағы қылаң ат мінген кісі, сол кісіге күбірлеп бірдеңе айтып, қайта кететін кісілер сияқты көріністер сипатталған.*

Келесі мысалда оқиғаның болған жерін, уақыты белгіленеді: *«Жем... Орал тауларының сілемі – Мұғалжардың тілім-тілім сай ішіндегі бұлақтарынан басталып, орта тұсында аңғары далиған, төңірегі от, «балығы таудай тулаған, бақасы қойдай шулаған» мол суға айналып, бұраландай, жайымен жайыла ағып, жолындағы қалың ел мен қаптаған малдың сусынын қандыра, Каспий теңізіне құйылып жатқан осы дала өзені дүния жарадғаннан бері бар...» деп табиғаттың тылсым дүниесін баяндайды (Г. Ахмедов. Жем бойында, 7 б.).*

Үшінші мәндер тобы – астыртын мәндер. Олар имплициттік түрде сақталынады. Бүкпелі мән теориясы әлі толық өңделмеген, бірақ кейбір

зерттеушілердің еңбегінде осындай мән туралы салықалы пікірлер айтылып, бүкпелі мән мәселесі келтірілген. Ю. А. Левицкий келесі анықтама береді: *«Бүкпе мән мәтінді оқырман қабылдап, түсінуге күш салып іс-әрекет жасағанда көзге түспей, меңзең нышандар арқылы жеткізілетін ақпарат. Ол тікелей жүзеге асырылмай, тек ғана жасырын түрде көрініс береді [7, 7]. Оқырман мәтін кеңістігінде орын алған бүкпе мәнді тауып алып, оны ұғынып, автордың жасырын түрде берген ақпаратын түсінеді. Бүкпе мәнді түсіну үшін оқырман мәтіндегі шынайы, объективтік әлемінің заты, құбылысы, адамдарына қатысты берген меңзеңдерді, астыртын ойды ұғыну керек. Көбінесе тұспалдап сөйлеудерді жүзеге асыру барысында тек ғана объективтік әлемнің затына қатысты ақпарат жасаумен шектелмей, астыртын сөз бұрынғы мәтіндерге де көрсете береді, басқа мәтіндерге сілтеме жасатқызады. Е. К. Бразговскаяның пайымдауынша, «бұл жағдайда интертекст, яғни интермәтін туралы айтуымызға болады: мәтін үнемі өзінің шекарасының сыртындағы оқиғаларға, жағдаяттарға сілтеме жасайды, олар туралы тұспалдап айтады, сондықтан да мәтіннің мәселелерін интертекст мәселелерімен бірге қарастыруға болады. Мәтін мәтінаралық кеңістікте, басқа мәтіндердің шекарасында, солармен қиысу үдерісінде өзіндегі ақпаратты, білімдерді жеткізе алады. Сондықтан да оның құрамында үнемі бұрынғы кезде жүзеге асырылған дискурстарының іздері қалады» [8, 7]. Сондықтан мәтінге талдау бүкпе мәнде табу үшін талдау жасау барысында бүкпе мәнді ашу үшін қолданылатын тәсілдерді сипаттау қажет. Солардың бірі аллюзия – бұрынғы болған оқиғаға мақал-мәтелдер арқылы сілтеме жасау, қараңыз:*

*– Базым, қамшы өзіңнің бетіңе де тиген зой түрі! Құтырыпты-ау бұл Торғай, ә? Басыңа мініп, қырғи боп қайткелі жүр бұл? –* деді ... Осы, шаққа кейін тартынып, жүдегендей боп отырған Базаралы енді аппақ болған жүзіне, дуылдап ыза намыс шығып, екі көзі Майбасарға қадала қарап, жалт етті.

*– Е, Торғайдың торғай болмай, қырғи шыққанын жаңа біліп пе ең, сығыр? // Әуелі артыңа шоңқайтып дәндөткен өзің емес пе ең? Менің басыма, сенің артыңа мінген соң қырғи болмай, кім болушы еді? – деп салды (М. Әуезов. Абай жолы, 81 б.).*

Бұл мәтінде бүкпе мән «торғай» деген сөзде көрініс береді. Торғай – рудың аты, торғай – құс. Мәтінде сөздің ауыспалы мәні бүкпе мәнді келесі сөйлемде беріледі: *Торғайды торғай болмай, қырғи шыққанын жаңа біліп пе ең сығыр?* (М. Әуезов. Абай жолы, 341 б.). Бұндай мәтінде бірнеше мән рефлексиялық, бүкпе сақталған. Осындай мәндері бар мәтіндерді когнитивтік тұғырдан қарастыру барысында түсінуге болады. Когнитивтік тұғырдан мәтінді түсіну мәселесін зерттеу барысында түсінудің когнитивтік концепциясы қалыптасқан. Бұл концепция ең алдымен философия саласында өңделініп, логико-гносиологиялық мәселе ретінде шешімін тапқан. М. В. Попович логико-гносиологиялық түсінік тарихи қоғамның іс-әрекетінде ұжымдық

субъектіні қалыптастыратын рухани және практикалық алғышарттармен, оның тәжірибесінің интегралдық құрылымдарымен байланысты деп санайды. Анықтамада түсінік ұжымдық субъектінің білімдерінің қалыптасуымен байланысты қарастырылған. Ұжымдық субъект қоршаған әлемді түсіну үшін өзі үшін алдын-ала білімдерді, дағдыларды жинастыруға, соларды игеруге дайындалу керек. Кейде бұл пайымдамалар бұрыс болып, түсінік туралы толық мәлімет бере алмайды. Е. С. Кубрякова, түсінікті когнитивтік тұғырдан зерттей отырып, келесі тұжырымға келеді: түсіну, таным және білім құбылыстарының арасы ерекше байланыста болады, себебі тек қана таным үдерісі (бірдеңені білу), білімді пайдаландыруға түрткілейді. Бұл жағдайда білім белгілі, көздеген мақсатқа жету үшін пайдаланады («қандай», «қай тәсілмен?» деген сұраққа жауап беретін білімдер). Түсіну біліммен тепе-теңдікте бола алмайды, ол объектілердің мазмұнын, құндылығын, мәнін ұғынуға назар аударады. Түсіну – танымның бір ғана бөлігі. Таным түсіну мен ұғынудан басталады, таным көлемді құбылыс, ол шынайылықты білім мен хал-ахуалды көрсетуге бағытталынады [9]. Тіл білімінде түсіну үдерісін әртүрлі сөздің мазмұнын ұғыну деп түсінеді.

Мәтінді түсіну үшін мағлұматтың сөздік жағын ғана талқылап, оның мазмұнын ұғыну үшін белгілі операцияларды жүзеге асырады. Бұл жағдайда мәтіннен белгілі ақпаратты, сол мәтіндегі білімді жинастыруға болады. Ал когнитивтік лингвистикада түсінік когнитивтік іс-әрекетті жүзеге асырылғанның нәтижесінде белгілі объектінің мәнін табу үдерісі деп қарастырылады; түсінікті танымдық іс-әрекетімен байланысты қарастырып, оны танымдық іс-әрекеттің нәтижесі, сол мәнді айқындайтын біліммен байланыстырады.

Когнитивтік тұрғыдан мәтінді және оны талдау мәселесін қарастыру нәтижесінде зерттеушілер мәтінді түсіну үшін оның негізгі мәтініне жету керек дейді. Мәтін – мәндердің жиынтығы. Оның құрамында имплициттік түрде жүзеге асырылатын бірталай мәндер кездесіп, мәтіндік кеңістікте бірнеше когнитивтік деңгейде көрініс беретін мәндер сиысады. Сонымен қоса, мәтін кеңістігінде автордың, аудармашының, оқырманның ассоциативтік кеңістіктері де орын алады. Мәтін, Г. Ю. Аманбаеваның пайымдауынша, танымдық іс-әрекетінің нәтижесінің белгілі манифестациясы. Оның құрамындағы универсалиялардың сегменттері бүкіл адамзаттық қауымдастыққа тән білімдерді (архетиптер), эталондар, оқиғалық қатарлардың (фреймдер, прототиптер, пропозициялар) компоненттері мен құрылымдары туралы түсінік, тәжірибенің ұлттық-өзгешеліктік элементтері (концепт) туралы сипаттайды, оларда менталдық білімді әр түрде жүзеге асыратын құрылымдар бар [10].

Осы когнитивтік құрылымдар мәтіннің кеңістігіндегі мәндерді бір жиынтыққа біріктіреді. Мәтіннің кеңістігінде жүзеге асырылатын мәндерге

келесілерді жатқызуға болады: 1) модальдық мән. Ол арқылы мәтіннің авторының ниеттері, сөзінің желісі, бағалары, көзқарастары көрсетіледі; мәндер концептуалдық ақпаратты жүзеге асырады, жазушының ойын, ниетін, көзқарасын білдіру арқылы концептуалдық мағлұматтарды жеткізеді; 2) рефлексиялық, яғни мәтіннен оқырманның шығарып алатын ақпаратымен байланысты; 3) астыратын мәтіндер, олар имплициттік түрде сақталынады.

Талдау жасалған мәтіндерде автордың ниеті үш мәнді көрсету арқылы жүзеге асырылады: 1) модальдық мән: автор Майбасардың мінезін теріс көріп, жақтамайды, оның көңілі Базаралыға аударылған, Базаралының тілі өткір, ол Майбасардың сөзіне лезде орынды, орнықты, мысқылды жауап қайтарады; Базаралы жағымды кейіпкер ретінде сипатталады; автор осы кейіпкерін үнемі мақтап, тәнті болып қарайды; 2) рефлексивтік мән: оқырман жағдаятта айтылған сөзді түсініп. Майбасар мен Базаралының мінез-сипаты туралы тұжырымдама жасайды; 3) бүкпе мен аллюзия тәсілі: Базаралы бұрын Майбасарға қатысы бар оқиғаны еске алып, соған меңзейді (бірнеше жыл бұрын Торғай руы Майбасардан кегін алып, сабап, артына қойдың құмалағын салған). Осы оқиғаға Базаралы ишарат жасап отыр.

Егер бүкпе мен ақпаратты тура жеткізбей, тұспалдау, меңзеу арқылы білдірсе, интермәтін көркемәтіндегі ақпаратты бұрынғы болған оқиғаларға меңзеп, мақал-мәтелдерді келтіріп, біреудің сөзінен цитата келтіру арқылы осы мәтіндегі мәліметті толықтырады. Яғни мәтін өзінен басқа текстерге сілтеп, сондағы болған оқиғаларды мұндағы мәтінмен байланыстырады, мәселен, келесі мәнмәтінде кейіпкерлер астыртын мәтінді жұмбақты түрде білдіреді: «Ол үйде отырған бәйбішенің бар емес пе? Жок. Мен өреліде тұрамын, ол кісі Сөреліде тұрады. Арамыз құдайға илансақ, жеті жыл. Есенейдің жұмбақтап айтқанына Ұлпан ойланбай-ақ түсінеді (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан, 218 б). *Өрелі* ат деп бір алдыңғы аяғынан, бір артқы аяғынан шалыс шідерленген атты айтады. Бұл күнде естіп жүрген сөзі. Ондай ат бос та емес, түгел тұсаулы да емес. Есеней өзін солай өреленген атқа теңеді. *Сөре* деп жаугершілік заманда өлген адамды мекеніне апарып жерленгенше қалдыра тұратын жарым үй – жарым жаппаны айтады. Бүкпе мән имплициттік түрде де көрініс береді, қараңыз: Әкеңнің атын жамылғанда мүйіз шықты ма саған? – деді. // Көрдің ғой, олар кешірмейді. // Сен сол үшін бездің бе өзіңнің туған әкеңнен? – маған күні бұрын ескертті. Сосын шындық қой? // Не шындық? // Өмірбаянның таза болу керектігі. Онымен тазара қойса жақсы ғой. // Неге тазармайды. Сол үшін отанға өмір бойы адал қызмет етіп өтемін. – оған өзінді жарық дүниеге әкелген әкеңнің қандай бөгеті бар? // Болмаса болады. Алдымнан ор болып қазылып шығады да отырады. // Мен өкінбеймін, сені де табаламаймын. // Білем ғой сенің қасарыспа екеніңді. // «Әркім білген жерінен қайтады», дейсің ғой? // Соны түсінгенің үшін де рахмет саған, Болат! (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 307 б.).

## ҚОРЫТЫНДЫ

Когнитивтік құрылымдар мәтіннің кеңістігіндегі мәндерді бір жиынтыққа біріктіреді. Мәтіннің кеңістігінде жүзеге асырылатын мәндерге келесілерді жатқызуға болады: 1) модальдық мән; 2) рефлексиялық; 3) астыратын мәтіндер. Қазақ халқы сөздің мәнін түсініп, бір сөздің шеңберіне сыйған ойды толық ұғып, жан-жақты талқылап, ұйғаруға тырысқан. Түсіну, түсінісу сондықтан халықтың мінез-құлқысының негізгі көрінісі.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынов, А. Ақжол. – Алматы, 1991.
- 2 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
- 3 Гальперин, И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981.
- 4 Дридзе, Т. М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации (Проблемы семиопсихологии). – М.: Наука, 1984.
- 5 Юрьев, А. Н. Русский язык. Типы и стили речи. – Алматы, 2005.
- 6 Долина, К. А. Интерпретация текста. – М., 1985
- 7 Левицкий, Ю. А. Лингвистика текста. – М., 2006.
- 8 Бразговская, Е. К. Текст культуры: от события к событию (логико-семантический анализ межтекстовых взаимодействий). – Пермь, 2004.
- 9 Кубрякова, Е. С. Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Языки славянской культуры, 2004.
- 10 Аманбаева, Г. Ю. Текст и дискурс: тождество и оппозиция // Вестник КазНУ. Серия филологическая, 2003. – № 70.

Материал 29.07.16 баспаға түсті.

*К. М. Абишева, Л. Ж. Мухамеджанова, Р. А. Айкенова, Ж. К. Иманбаева, А. А. Орманова*

**О проблеме характеристики информации и значения в художественном тексте**

Университет «Туран-Астана», г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 29.07.16.

*К. М. Abisheva, L. J. Mukhamedzhanova, R. A. Aikenova, J. K. Imanbayeva, A. A. Ormanova*

**About the problem of information and value characteristics in the literary text**

University «Turan-Astana», Astana.  
Material received on 29.07.16.

*В статье рассматриваются типы информации, дающие представление о фактах, событиях, подтекстовом и модельном смысле в тексте.*

*This article reviews the types of information which give an idea about the facts, events, the implied and model meanings implemented in the text.*

УДК 81'25

**Ж. Т. Балмагамбетова<sup>1</sup>, А. А. Нурғалиева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>д.ф.н., профессор, <sup>2</sup>магистрант, Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда  
e-mail: <sup>2</sup>aigera\_88n@mail.ru

**АСИММЕТРИЯ ТЕКСТОВ В ПЕРЕВОДЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ ПО РОМАНУ Ш. МУРТАЗЫ «ЛУНА И АЙША»**

*В статье говорится об асимметрии как о сущностном свойстве процесса перевода. Перевод понимается как система взаимосвязи языка и культуры, в результате чего устанавливаются как гармоничные, так и дисгармоничные отношения между текстами исходного языка и языка перевода.*

*Ключевые слова: этноязыковая асимметрия, переводческое пространство, гармонизация смыслов текстов.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Цель настоящей статьи состоит в выявлении асимметрии как сущностного свойства процесса перевода, определении воздействия на его результат, а также в установлении проявлений асимметрии в текстах на казахском и русском языках при проведении сопоставительного анализа.

В современном мире, в эпоху интеграции и глобализации научного знания, теория перевода также испытывает на себе влияние этих процессов. Актуальными являются и лингвопереводческие исследования, касающиеся заимствованных категорий – категории симметрии и асимметрии.

Понятие асимметрии основана на общенаучном понимании категорий симметрии и асимметрии. Так, симметрия – это «упорядоченность, регулярность, единообразие предметов и явлений объективного мира»

[1]. Под асимметрией обычно понимается «нарушение упорядоченности, регулярности, определенное разнообразие» [1].

Рассматривая асимметрию как сущностное свойство перевода, Н. Г. Гончар вводит термин «этноязыковая асимметрия» для обозначения двупланового явления: межъязыковой и кросс-культурной асимметрии [2].

### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Термин «межъязыковая асимметрия» употребляется Н. К. Гарбовским, исследователь толкует его, как межъязыковую лексическую асимметрию [3].

Н. Г. Гончар понимает под межъязыковой асимметрией явление, которое проявляется при сравнении систем языков в виде лексической, грамматической, фонетической асимметрии. Кросс-культурная асимметрия проявляется при сопоставлении систем культур как асимметрия концептов, фреймов, стереотипов, невербального поведения и др. Не всегда представляется возможным зафиксировать проявление данных типов асимметрии в системе перевода в изолированном виде, в таком случае речь может идти о комплексном явлении – этноязыковой асимметрии [2].

Перед тем, как перейти к определению понятия «Текст», необходимо отметить, что традиционно текст трактуется в лингвокультурологическом (Ю. М. Лотман), когнитивном (Е. С. Кубрякова), переводческом (И. С. Алексеева, Л. К. Латышев, В. В. Сдобников, Ю. П. Солодуб, С. В. Тюленев, И. С. Алексеева и др.) аспектах, что позволяет проследить несколько тенденций в понимании текста.

Стержневым для настоящего исследования, в котором перевод рассматривается как взаимосвязь языка и культуры, является трактовка Ю. М. Лотмана. Он отмечал, что понятие «текст» является одним из центральных понятий при изучении культуры: «культура есть совокупность текстов или сложно построенный текст» [4].

Е. С. Кубрякова акцентирует внимание на когнитивном аспекте изучения текста, а именно, на такой его характеристике, как информационная самодостаточность с четко поставленной целью и ориентацией на адресата, который обрабатывает языковой материал текста и извлекает из него знания. Данная деятельность адресата связана не только с его рациональностью, но и эмоциями и оценками [5]. Именно данная трактовка и формулировка очень актуальны при анализе текста перевода.

Изучению текста в теории перевода посвящены работы И. С. Алексеевой, Л. К. Латышева, В. В. Сдобникова, Ю. П. Солодуба, С. В. Тюленева и др. Любой текст выполняет определенную коммуникативную функцию, достижению которой служат как план выражения, так и план содержания текста. По мнению В. В. Сдобникова: «Форма текста есть выражение коммуникативной интенции отправителя, реализуемой через

посредство языка. Анализируя исходный текст, переводчик ставит перед собой вопрос: какую цель преследует отправитель и какие он использует для этого языковые средства? При этом важно не только то, что выражено эксплицитно, но и то, что подразумевается» [6].

С. В. Тюленев, исследуя текст как объект перевода, отмечает, что «тексты могут оказаться дефектными и в плане содержания, и в плане выражения» [7]. В дефекты плана выражения он относит его нелогичность, непродуманность изложения мысли, оформление, затрудняющее восприятие текста. Дефекты плана содержания составляют лексические ошибки, приводящие к нарушению связи между высказываниями, логики построения и расхождению плана выражения и плана содержания текста, неправильный порядок слов в предложении, искажающий коммуникативную цель высказывания и пр. Очень интересна мысль С. В. Тюленева о том, что «чем менее информационноцентричным является текст-оригинал, тем менее близким к нему окажется его перевод (или переводы). Чем больше ставка в оригинале на форму (как, например, в художественных текстах), тем сложнее передать оригинал на ПЯ и тем больше потерь» [7].

В исследованиях Л. В. Кушниной концепция переводческого пространства представляет собой комплекс, отражающий взаимосвязь языка и культуры в процессе перевода и отображающий систему перемещения эксплицитных и имплицитных смыслов из текста оригинала в текст языка перевода. Ученый исходит из положения о полевой природе языка, что позволило представить сам процесс перевода как полевую структуру, имеющую ядро и периферию. «Если ядро переводческого пространства – содержание текста выражает эксплицитный смысл, то периферия включает в себе разнообразные имплицитные смыслы, формируемые как в текстовых полях, так и в полях субъектов переводческой коммуникации» [8]. В переводческом пространстве выделяются поля трех субъектов процесса перевода: автора, переводчика и реципиента, каждое из которых является носителем смысла.

Слияние смысловых полей приводит к порождению гармоничного текста перевода, обусловленное порождением и восприятием смыслов, соразмерных смыслам текста оригинала. Согласно данной концепции, процесс гармонизации смыслов может сопровождаться как их симметризацией, так и асимметризацией.

Наибольший исследовательский интерес представляет асимметризация, что обусловлено дихотомическим характером данного феномена. С позиции переводческого пространства это означает асимметричные отношения между смыслами текстов исходного языка и языка перевода, что придает им как позитивный характер в виде переводческой гармонии, так и негативный характер в виде переводческой дисгармонии – ошибок и несоответствий.

Представленный ниже иллюстративный материал показывает дихотомическую природу этноязыковой асимметрии. Сопоставительный анализ текстов на казахском и русском языках позволил выявить следующие типы этноязыковой асимметрии.

Во-первых, речь идет о лексико-грамматических расхождениях в системе казахского и русского языков, что приводит к расхождению объемов текстов исходного языка и языка перевода, т. е. к асимметрии плана выражения, не зависящей от переводчика, что обусловлено объективными причинами. Приведем пример.

Таблица 1 – Асимметрия плана выражения

Казахские композиты	Перевод на русский язык SOZDIK.KZ
– Көкорай – Жамбы – Жоктау	– местность с густым травяным покровом – слиток серебра – поминальная песня по умершему

Из таблицы 1 ясно, что в результате перевода возникает асимметрия плана выражения, в частности, увеличение объема.

Во-вторых, в таблице показана асимметрия плана содержания на материале этноязыковой асимметрии. Рассмотрим подробнее этот тип асимметрии, проявления которого в переводческом пространстве приводят к разным результатам.

Такие результаты обусловлены глубинными процессами в поле переводчика в процессе транспонирования смыслов и формирования образа как отражения индивидуально-образного смысла текста. В одних случаях образ переводчика, будучи асимметричным образу автора, становится соразмерным ему, что приводит к переводческой гармонии. В других случаях образ переводчика, также являясь асимметричным образу автора, оказывается несоответственным ему, что приводит к переводческим несоответствиям и ошибкам.

Проиллюстрируем проявление асимметрии смыслов, возникшей вследствие асимметрии форм. В таблице 2 представлены текст оригинала, его профессиональный и буквальный переводы.

Таблица 2 – Асимметрия плана выражения – асимметрия смыслов

<b>Текст 1.</b> Ш. Мұртаза. Ай мен Айша <i>Анадан ешкім сақал-мұртымен тумаиды. Мен де солардың бірімін.</i>	<b>Текст 2.</b> Ш. Муртаза. Луна и Айша [Ш. Муртаза, пер.Г. Нурбекқызы. Здесь и далее художественный перевод текста Г. Нурбекқызы].
<b>Текст 3.</b> Буквальный перевод [здесь и далее буквальный перевод наш]. <i>У матери еще никто не родился с бородой. И я один из них.</i>	<i>Трудно представить человека, родившегося с бородой. И я один из тех, кто пришёл из «страны детства».</i>

Как явствует из таблицы, планы выражения текстов исходного языка и языка перевода асимметричны: объем текста оригинала составляет 9 печатных знаков, тогда как объем текста языка перевода – 16 печатных знаков. Такой тип асимметрии можно квалифицировать как формальную объективную асимметрию.

Таблица 3 – Асимметрия образа

Ш. Мұртаза. Ай мен Айша – <i>Қара ешкіні кебенек алды.</i>	Ш. Муртаза. Луна и Айша – <i>Черную козу, видимо, прибрала вертячка (болезнь коз).</i>	Буквальный перевод – <i>Черную козу изнурила вертячка.</i>
– <i>Ой, әкеңнің... - дейді Тасбет бригадир.</i> – <i>Халық жауының баласы, – дейді – сен де жаусың, – дейді.</i>	<i>Бригадир Тасбет начинает материть: – Ой, акеннин! (...отца твоего!) – Сын врага народа! Ты тоже враг!</i>	– <i>Ой, акеннин... – скажет бригадир Тасбет. – Сын врага народа, – скажет – ты тоже враг.</i>

Поиск смысла привел переводчика к существенному увеличению объема текста языка перевода и, следовательно, к асимметрии плана выражения.

Таблица 4 – Асимметрия плана выражения - асимметрия смыслов

Ш. Мұртаза. Ай мен Айша <i>Бүлдіріп алдым. Атаңа нәлет.</i>	Ш. Муртаза. Луна и Айша. <i>Испортил. Предков твоих...</i>	Буквальный перевод <i>Испортил. Проклятый.</i>
---	--	---

Как видно из примеров, переводчик пытается передать смысл текста оригинала, вводит в текст словосочетание «предков твоих», что является

буквальным переводом, но не передающим настоящий смысл данного высказывания. Проиллюстрируем это на его этимологии. «Атаңа нәлет» – в устной речи это высказывание несет в себе значение «проклинания чужих предков» [9]. Слова «нәлет» или «нағылет» из этого сочетания – видоизмененная форма слова «лағынет», которое означает «быть за пределами милости Всевышнего, оставаться без его милосердия». Следовательно, коренное значение высказывания «атаңа нәлет» несет в себе желание лишить предков милосердия Всевышнего. Использование в тексте перевода данного лексического материала привело к столкновению смыслов, к асимметрии плана содержания, то есть и к асимметрии систем смыслов текстов оригинала и языка перевода.

Таблица 5 – Асимметрия в фатическом поле

Ш.Мұртаза. Ай мен Айша – Аузыңа май, – дейді Уайда.	Ш.Муртаза. Луна и Айша. – Мед тебе в уста, – сказала Уайда.	Буквальный перевод – В рот тебе побольше масла, – говорит Уайда.
--	--	--

В казахском народе употребляют этикетную фразу «аузыңа май, астыңа тай» человеку, который принес хорошие вести или просит суюнши [10]. Данное понятие обозначает «дай бог, чтобы сбылось то, что говоришь». Выбранный профессиональным переводчиком вариант перевода данной казахской лексемы очень удачен, но не передает коннотативного значения данного понятия.

### ВЫВОДЫ

Сопоставительное изучение текстов на казахском и русском языках показало их асимметричный характер. Было установлено, что типы асимметрии обусловлены асимметрией формы текстов исходного языка и языка перевода и асимметрией содержания, то есть этноязыковой асимметрией.

Следовательно, асимметрия как сущностное свойство процесса перевода, отражает переводческое мировоззрение, в зависимости от чего тексты могут стать гармоничными или дисгармоничными, что сопровождается несоответствиями и ошибками.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Гак, В. Г.** Языковые преобразования : монография / В. Г. Гак. – М. : Языки русской культуры, 1998. – 768 с. – ISBN 5-7859-0063-7.

2 **Гончар, Н. Г.** Асимметрия текстов в переводческом пространстве // Вестник Челябинского государственного университета. – 2008. – № 21.

3 **Гарбовский, Н. К.** Теория перевода : учебник / Н. К. Гарбовский. – М. : Изд-во Моск. ун-та, 2004. – 544 с.

4 **Лотман, Ю. М.** Семиосфера / Ю. М. Лотман. – СПб. : Искусство – СПб, 2004. – 436 с.

5 **Кубрякова, Е. С.** О тексте и критериях его определения [Текст] / Е. С. Кубрякова // Текст. Структура и семантика. – Т. 1. – М., 2001. – С. 72–81.

6 **Сдобников, В. В.** Теория перевода : учебник для студентов лингвистических вузов и факультетов иностранных языков / В. В. Сдобников, О. В. Петрова. – М. : АСТ : Восток – Запад, 2006. – С. 83.

7 **Тюленев, С. В.** Теория перевода : учеб. пособие / С. В. Тюленев. – М. : Гардарики, 2004. – 105 с.

8 **Кушнина, Л. В.** Основные принципы синергетики перевода // Вестник Удмуртского университета. – 2011. – № 4. – С. 173-177.

9 [https://www.facebook.com/permalink.php?id=705449822819819&story\\_fbid=734710786560389](https://www.facebook.com/permalink.php?id=705449822819819&story_fbid=734710786560389)

10 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы : DPS, 2011.

11 **Мұртаза, Ш.** Ай мен Айша: роман / Ш. Мұртаза. – Астана : Елорда, 2000. – 460 с.

12 **Муртаза, Ш.** Луна и Айша: роман / Ш. Муртаза; пер.с каз. Г. Нурбекқызы. – Астана : Аударма, 2009. – 488 с.

Материал поступил в редакцию 08.08.16.

*Ж. Т. Балмагамбетова, А. А. Нұрғалиева*

**Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» романы бойынша аударма кеңістігіндегі мәтіннің асимметриясы**

Е. А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.  
Материал 08.08.16 баспаға түсті.

*Zh. T. Balmagambetova, A. A. Nurgaliyeva*

**The asymmetry of texts in translation space in the novel by Sh. Murtaza «The Moon and Aisha»**

Е. А. Buketov Karaganda State University, Karaganda.  
Material received on 08.08.16.

*Мақалада асимметрия ұғымы аударма процесінің маңызды сипаты ретінде қарастырылған. Аударма тіл мен мәдениет*

*арасындағы өзара байланыс жүйесі ретінде зерделенгендіктен, оның нәтижесінде бастапқы және аударма мәтіндер арасында үйлесімді және үйлесімсіз қарым-қатынас орнатылады.*

*The article views the asymmetry as the essential property of translation process. Translation is considered as a system of language and culture's connection, in the result of it appear harmonious and disharmonious relations between texts of native and target languages.*

ӘОЖ 821.512.122.

### **Қ. Т. Жанұзақова**

ф.ғ.д., доцент, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: kuralay\_zhanuzak@mail.ru

## **ПРОЗАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАР**

*Мақалада прозалық туындылардағы мифопоэтикалық формалардың көркемдік мүддеге қызмет ететін және авторлық концепцияны, идеяны ашатын эстетикалық құрал екендігі пайымдалады. XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап қазақ әдебиетінде аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар қазақ қаламгерлерінің шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүрді. Мақалада прозалық шығармалардың көркемдік жүйесіндегі мифтік сюжеттердің, сарындардың, образдардың қызметі қарастырылады. XX ғасырда қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі болмағаны, оған әсер еткен факторлар тұлжысырмдалады.*

*Кілтті сөздер: мифопоэтикалық формалар, мифология, аңыз-әңгімелер, прозалық туындылар, мифтік шығармашылық.*

### **КІРІСПЕ**

XX ғасыр әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі мифтік шығармашылықтың қарқын алып, өрістеуі болды, бұл ғалымдарға көркем сөз өнерінде неомифологизм феноменін (Е. Мелетинский, З. Минц, Ю. Лотман) көруге мүмкіндік берді. Қазақ әдебиетіндегі мифологизм мәселесі С. Қасқабасов, А. Жақсылықов, Б. Жетпісбаева, Қ. Рүстемова еңбектерінде қарастырылады.

Қазіргі қазақ романдарының құрылымындағы мифопоэтикалық форма мүмкіндіктері А. Ғалиеваның, А. Мәуленовтің кандидаттық жұмыстарында арнайы сөз болады.

Мифтік аңыз-әңгімелер, фольклорлық дәстүр қазақ әдебиеті үшін қашанда сарқылмас бастау болды. Сол себепті көркем әдебиеттің даму тәжірибесінде мифтік сюжеттерді, аңыз-әңгімелерді әдеби шығармада қажетіне қарай пайдалану ежелден бар үрдіс. Шығыстың, қазақтың поэтикалық ойлау жүйесінде сөз зергерлерінің мифологиялық бастаулардан тірек іздеуі жиі байқалады. Аңыздардың жалпыадамзаттық мазмұны мен терең философиялық астарын алған ашқандардың бірі – Абай. Оның «Ескендір», «Масғұт» атты романтикалық поэмаларында алғаш рет мифологеманы батыл қолданады. Әрине, мифологизмнің терең бастауы ауыз әдебиетінің, халық поэзиясының терең қойнауларында жатыр.

Мифология ұзақ уақыт бойы дәстүрлі көркемдік ойлау жүйесінде дайын көркем форма ретінде қызмет етіп келеді. Адамзат тәжірибесінің «түйіні» болып табылатын ондағы мазмұн байлығы, мифтің универсалды қасиеті, синкреттілігі әр түрлі бағытта қалам сілтеген қаламгерлерді ғасырлар бойы қызықтырып келеді. Көркем туындылардағы мифтік сюжеттер ежелгі мәдениеттің философиялық концепцияларын синтездеуге мүмкіндік береді. Халық қазынасында жалпы адамзаттық идеялар мен адамгершілік мәселелер бой көрсетіп, бүгінгі заманның ділгір мәселелерімен үйлескендіктен, жазушылар да осынау сарқылмас бастауларға бет қойды.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Мифопоэтикалық форма – қаламгерлік шығармашылықтың жемісі, көркемдік мүддеге қызмет ететін эстетикалық құрал. Миф алғашқы танымдық форма деп танылуымен қатар, оның көркемдік тініндегі қиял байлығы мен ой шеберлігі суреткерлерді таң қалдырмай қоймайды. Мифте болған деуден гөрі болуы мүмкін құбылыстар бейнеленеді. Бұл турасында Н. Берковский: «В мифе выгоняется на поверхность вся скрытая подземная жизнь явления, пусть это будут положительные силы там лежащие, пусть это будут разрушительные. Неявное, возможное представлено в мифе на равных правах с действительным, явным, без различения между ними, чаще всего с преимуществом в пользу возможного» – дейді [1, 220 б.].

Мифтің көмегімен әдебиеттанушылар әдеби тектер мен әдеби процестің заңдылықтарын түсіндіріп қана қоймай, жеке әдеби шығармалардың ерекшеліктерін тануға ұмтылуда. Осы орайда миф поэтикасын зерттеуші Е. М. Мелетинский XX ғасыр әдебиетінде мифті саналы түрде дәстүрден тыс, шартты сипатта, яғни оның «рухын» қолдану басым сипат алғанына назар аударады [2, 280 б.].



Қазақ прозасында өзгеше бітімді миф-аңыздардың бой көрсетуі жазушылар шығармашылығындағы ерекше бір құбылыс болды. Әрине, ХХ ғасырда қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі жүрген жоқ. Мифологиялық желі ХХ ғасыр басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930-60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық себептердің салдарынан үзіліп қалды, кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ прозасындағы осы сабақтастықтың қайта жалғасты. Аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар ірі суреткерлер шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүрді. Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүр мен діни-мифологиялық, аңыздық сюжеттердің типологиялық, тарихилық тұрғыдағы көркемдік функциясын зерттеген еңбегінде А. Жақсылықов қазақ әдебиетінде мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің генетикалық тұрғыдан сабақтастығы үзілмегенін, ол дәстүрдің А. Иассауи (12 ғ.), Асан қайғы (15 ғ.) шығармаларынан қоса алғанда ХХ ғасырдың басына дейін жалғасқанын дәлелдеп көрсетеді. Зерттеушінің тұжырымдауына, бұл эстетикалық сабақтастық большевиктік идеология және әдебиеттегі репрессиялық тазалаудың, отызыншы жылдардың басында социалистік реализм әдісінің директивті енуінің нәтижесінде ғана үзіліп қалды да, тек жетпісінші жылдардың басында қайта жалғасын тапты [3, 317 б.].

Шын мәнінде, қазақ прозасында парадигматикалық ассоциативті мифопоэтикалық ойлау жүйесінің алғашқы формалары, сюжетті фольклорлық мотивтермен көмкеру С. Сейфуллин, С. Ерубаев, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларында айқын көрінді. Болмысты бейнелеудің тәсілі ретінде мифопоэтикалық архетиптерді қолдану – М. Әуезов поэтикасы ерекшеліктерінің бірі. М. Әуезов романтикалық стилінің басты ерекшелігінің бірі де мифологиялық және эстетикалық бастаулардың бірлігінде жатыр. Жазушы романтизмінің бастауы – көне түркілік эпикалық дәстүр. М. Әуезов шығармаларындағы мифопоэтикалық архетиптерді қарастыру қазақ прозасының 20-30-шы жылдарындағы романтикалық стилді бағамдауға мүмкіндік береді.

Сюжетті фольклорлық мотивтермен әдіптеу 1940-50 жылдар прозасында көрініс берді, алайда ол қосымша этнографиялық материал деңгейінде қолданылып, сюжетті қосымша желілермен күрделендірген жоқ.

Қазақ көркем сөз өнерінің хас шебері М. Әуезовтің алғашқы туындыларындағы романтикалық тенденциялар, эпикалық метафоризм 1960-70 жылдары Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, Д. Досжанов, О. Бөкеев, С. Санбаевтың прозалық туындыларында ежелгі фольклорлық-мифологиялық мәдениетпен сабақтастығын, байланысын жалғастырып, қайта жаңғырады. Қазақ прозасындағы мифологизм М. Әуезов,

С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, т.б. қаламгерлер туындыларынан нәр ала көктеп, көркемдік көкжиегін кеңейтті, қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық формаларды қолдану дәстүрі күрделене түсті. 1960-70 жылдардан бастап қазақ суреткерлері фольклорлық мұраларға, сол арқылы мифопоэтикалық архетиптерге жиі назар салатын, алайда әлеуметтік-тарихи контексттің сан алуан болуына байланысты ол да түрлі сипат алып отырды.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының құрылымында фольклорлық және мифопоэтикалық мотивтер кездеседі. Миф пен аңыз роман-эпопеяның көркемдік құрылымында сюжетті көмкеруші қызметінде, эпикалық фонды жасау тәсілі ретінде қолданылады, негізінен, ол кейіпкердің, Абайдың поэтикалық ойлау жүйесін сипаттайды. Осының өзі Абай туралы бірінші кітабы жарияланған ұлы суреткердің соңына жауларының шырақ алып түсуіне мұрындық болды.

Аңыздар мен мифтерді көркем туындыда әдеби тәсіл ретінде қолдану 1970 жылдарынан бастап күшті қарқын алды. Осы кезеңде мифологема өз дәуірінің тақырыбын идеялық-образдық тұрғыдан шешу құралы ретінде батыл қолданады. ХХ ғасырдың екінші жартысында, әсіресе 60-70 жылдардан бастап қазақ прозасында мифтік аңыз-әңгімелерге, тәмсілдерге деген ықылас, фантастикаға, философиялық пайымдауларға, қиял-ғажайыпқа деген құштарлық осы дәуір әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін белгіледі. Қазақ жазушыларының мифологиялық мотивтер мен образдарды жиі қолдануының бірнеше себептерін айқындауға болады.

Біріншіден, кеңес әдебиетінде кей зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, қаламгерлердің мифтік бастауға ден қоюы – өз дәуірінің көкейкесті мәселелерінен қашуы емес, керісінше, сол қоғам жүзеге асып жатқан саяси, экономикалық, рухани өзгерістерді қабылдай алмаудан, жалпы қоғамдық ахуалға наразы болудан туындап жатты. Қазақ қаламгерлері адамзаттың балаң кезінен жасаған рухани дүниесі боп саналған мифтер мен мифтердегі образдылықты жаңа көркемдік мақсатқа ғана емес, дәуірінің өзекті мәселелерін шешуде, өздерінің көңілі толмаған жағдайдан шығудың жолын қарастыруда өзгеріске ұшыратып пайдаланды. Олардың өткен тарихқа мойын бұруы өздері ғұмыр кешіп отырған уақыттың маңызды, дәуірлік, мәңгілік мәселелеріне деген қызығушылықтан туып жатты. Миф арқылы тарихи дәуірдің рухани дамуындағы басты ерекшеліктерді ашып көрсетуге болады.

Екіншіден, қазақ қаламгерлерін мифтің романтикалық пафосы, эмоционалдық және эстетикалық қуаты, экспрессивтік тіл көркемдігі, т.б. қызықтырды. Қаламгерлер мифологиялық сарындар арқылы жинақталған символдық бейнелерді жасауға ұмтылды. Сонымен қатар олар дәуірдің рухын бейнелейтін өздерінің мифтік образдарын жасады. М. Жұмабаев шығармаларындағы Қойлыбайдың қобызы, Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы мұнара, С. Санбаевтың Ақ аруанасы, Бекет бақсысы,

О. Бөкеев шығармаларындағы Бура, Кербұғы бейнелері хақында осыны айтуға болады. Олар халықтың өткеніне, рухани мұрасына айрықша мән беріп қана қоймай, өз мифологиясын жасай алатынын дәлелдеді. Қазақ қаламгерлері мифтің шығармашылық потенциалын, оның адамзат үшін уақыттан тыс мәнін белгіледі. Осының негізінде мифтік сюжеттердің жаңғырып, жаңарып, авторлық мифология дәрежесіне жету құбылысы аңғарылды.

Ғылыми-техникалық даму мифтік шығармашылыққа жаңа тақырыптар берді. Осы тұстағы қазақ жазушыларының тарихи романдармен қатар, бүгінгі күн тынысын бейнелейтін символдық астарлы мәндегі әңгіме, повестерде, хикаяттарда, күй аңыздарында, т.б. прозалық туындылар түрлерінде аңыз жаңаша қолданыс тапты. Олардың қатарына қазақ әдебиетінде Ә. Әлімжанов, Ә. Кекілбаев, С. Санбаев, Д. Досжанов, О. Бөкеев, М. Ысқақбай, С. Сматаев, Д. Досжанов, т.б., шет елдер әдебиетінде – В. Быков, В. Астафьев, Р. Гамзатов, Ш. Айтматов, О. Чиладзе, Г. Мотевосян, А. Ким, В. Белов, т.б. қаламгерлерді жатқызуға болады.

Мифопоэтикалық форманы пайдалану қазақ прозасындағы көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді әрекеттеріне бастады. 1960-70 жылдардан бастап социалистік реализм қазақ жазушыларының талабына толық жауап бере алмағандықтан, әдебиетте өзгеріс, өзгеше рух тілеген жаңа эстетикалық жағдай қалыптасты. Мифологизм социалистік реализм канондарын бұзып, жаратылыс жұмбағы мен өмірдің мәнісі туралы философиялық ой айтудың тәсіліне айналды. Қазақ қаламгерлері өз шығармашылықтарында аңыздарды, фольклорлық үлгілерді тұжырымды пайдалана білді. Олар өзінің өмірлік ұстанымына, адамгершілік өлшемдері мен көзқарастарына мифологиялық бастаулардан бағдар іздеді. Өздерінің шығармашылық жолында фольклорлық бастауларға ден қойып, мифтердің сұлу поэтикалық тіліне, экспрессивтік көркемдігіне жүгінді. Қазақ суреткерлері алыптар салған соқпақты кеңейтіп, мифологизмге жаңаша жинақтаушылық сипат берді. Ә. Кекілбаев, С. Санбаев, О. Бөкеев, М. Ысқақбай, Ә. Әлімжанов, Д. Досжанов, т.б. қаламгерлердің стилі мен көркемдік ойлау жүйесінде мифологизм толымды сипатымен, өзіндік ерекшеліктерімен көрінді. Олар аңыздық прозаның айшықты үлгілерін жаңа мазмұндық формада қолданғанын көреміз. Мифтік шығармашылық көркем шығарманың стильдік ерекшелігін, құрылымдық мәнін, идеялық, эстетикалық әсерін ұтымды бейнелеуге ықпал етеді.

Мифтік шығармашылықтың көркем әдебиетте тамырын тереңге жібере бастауы 1980 жылдардағы әдеби сында көп айтылып, қызу талқылау нысанына айналды. Бүгінгі күнге дейін бұл мәселе әлі жан-жақты зерттеліп біткен жоқ деп айта аламыз. Әсіресе, 1970-80 жылдары мифтердің қолданылу ерекшеліктеріне байланысты сыни-теориялық мақалаларда бұл мәселе пікірлер айтысын тудырды. Қазіргі көркем прозада мифтік сюжеттер

оқиға құрылымына жиі кірістіріледі. Мифтік шығармашылықты әдеби шығармалардың көркемдік тініне тамызып болса да пайдалану бұрыннан бар екенін жоғарыда айтып өттік. Тек басты мәселе мифтің қолданылу үлесінде. Мифтік шығармашылық бір әдебиетте көбірек, екіншісінде азырақ мөлшерде, түрлі көркемдік функциялар атқарып көрінуі ықтимал.

Кенес әдебиетінде дәуірлеген социалистік реализм әдісі тұйыққа тірелгенде, жазушылар мифтік шығармашылықты дүние, болмыс туралы ой толғаудың тәсіліне айналдырды. Қазақ жазушылары адам мен әлемнің сырын бейнелеуде қалыпты формалардан бас тартты да, оны философиялық пайымдаулар мен мифологиялық таным тұрғысынан игеруге күш салды. Қазақ әдебиетінде мифті тудырушы жазушылардың алдыңғы қатарындағы Ә. Кекілбаевтың («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры»), О. Бөкеевтің («Қар қызы», «Мұзтау»), С. Санбаевтың («Аңызды аңсағанда», «Көп-ажал»), М. Ысқақбай, т.б. шығармалары ерекше «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, бұрынғы эстетикалық және идеологиялық қалыптың шеңберінен шыға білу қасиетімен ерекшеленді. Мұндай ортақтық жазушылардың белгілі бір мәдениеттің, белгілі бір тарихи дәуірдің құбылысы болуымен де байланысты болды. Қазақ қаламгерлері мифопоэтикалық пішіндерді адам өмірінің мәні мен мағынасы, жұмбақ жаратылыстың адам санасына бағынбас өзіндік заңдылықтары хақында философиялық ой толғаудың құралы ретінде қолданып, мифтің өрісін кеңейтті.

Мифтік, аңыздық сюжеттердің 1970-90 жылдары дамуы мен өрістеуіне жаңа серпін берген жазушылардың шығармаларында ортақ сипаттар болды. Қазақ жазушыларының туындылары халықтың өткен тарихына қатысты ауқымды философиялық пайымдауларға, толқаныстарға бейімділігімен; «халық ауыз әдебиетінің поэтикасымен, эстетикасымен ішкі үндестігімен; көтеріңкі-эмоциялық, романтикалық стильге жақындығымен ерекшеленді. Анығын айтқанда, мифотворчествоға барып жүрген кейбір жазушыларды «таза» – дәстүрлі реалистер қатарына жатқызуға да бола бермес» [4, б б.].

Зерттеуші В. Хализевтің тұжырымдауынша, қазіргі прозадағы неомифологизм ертедегі мифтердің тарихи, дәуірлік, тұрақты қасиеттерінен айырылған. Жеке авторлық мифологияның, бұрынғы көне мифтердің өздерінің дәуірлік ерекшеліктері мен ұлттық бояудың сан алуандығын сақтай отырып, «еркін сыну» процесі жүрді, яғни бүгінгі күннің елегінен өтіп, жаңа қырынан көрініс берді; өткен мифология мұнда жазушының өзін-өзі бейнелеуінің, өзін ашуының мақсаты мен міндеттеріне бағынады [5, 138 б.]. Осы ретте әлем әдебиетінде Т. Маннның («Иосиф және оның ағалары»), М. Булгаковтың («Мастер мен Маргаритасы»), Р. Рилькенің («Орфейге сонеттер») туындыларын атауға болады. Аталған авторлардың шығармалары адамзаттың көпғасырлық діни және мифтік шығармашылық тәжірибесінің шығармашылық мұралары болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мифологизм халық бойында ғасырлар бойы жинақталған көркемдік танымды, рухани ізденістерді жеке тұлғаның, адамның жұмбақ болмысы арқылы өткізіп, бүгінгі күннің тәжірибесімен, өмір құбылыстарымен синтездеп қорытты. Көркем шығармада қактығыс адам мен адам арасында ғана емес, адам мен өркениет, адам мен табиғат арасында өтеді. Суреткер қоғамдағы әлеуметтік кеңістіктен гөрі ад амгершілік-рухани кеңістікке ден қояды және жеке тұлғаның ішкі әлемі күрделі рухани құрылым ретінде қарастырылады. Қаламгерлер өмір шындығын суреттеуден, біртіндеп өмірдің мәні мен жаратылыс жұмбақтары туралы ой толғауға ойысты. Қазақ прозасында рухани түлеу, рухани жаңғыру тақырыбы тереңдей түсті.

Қазіргі әдебиетте миф уақыт өте келе тарихи сенім-нанымдардың қарапайым формасы болудан қалды. Мифтегі шынайылық қазір тарихи шынайылықпен қатар қойылады. Миф құндылығының ерекше табиғаты бар, ол философиялық танымға да, поэтикалық шығармашылыққа да жақын. Бұл орайда шынайылықты, ақиқатты талап ету сақталады, алайда мифті шынайы болмыспен қатар қойып, сабақтастырғанда логикалық және хронологиялық сәйкестіктер өнерге тән заңдылыққа байланысты поэтикалық сәйкестіктермен ауыстырылады, соның нәтижесінде миф ең жоғарғы дәрежесіндегі адамдық, сонымен қатар көркемдік құндылыққа, маңызға ие, өйткені оның бойында фантазияның, көркемдік қиялдың қызметі ерекше.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Берковский, Н. Я.** Романтизм в Германии. – Л. : Художественная литература, 1973. – 567 с.
- 2 **Мелетинский, Е. М.** Поэтика мифа. – М. : Наука, 1976. – 407 с.
- 3 **Жаксылыков, А. Ж.** Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис: дис. ... докт. филол. наук: 10.01.08. – Алматы, 1999. – 348 с.
- 4 **Садықов, Х.** Мифологизм ықпал ма, әлде төл құбылыс па? // Қазақ әдебиеті. – 1985. – № 28. – Б. 6-7.
- 5 **Хализев, В.** Теория литературы. – М. : Высшая школа, 2002. – 437 с.

Материал 29.06.16 баспаға түсті.

*К. Т. Жанузакова*

**Мифопоэтические формы в художественной системе прозаических произведений**

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 29.06.16.

*К. Т. Zhanuzakova*

**Mythopoetic forms in prose art system**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 29.06.16.

*В статье рассматриваются мифопоэтические формы в художественной системе произведений. Начиная с 60-70 годов XX века идет процесс активного взаимодействия казахской прозы с разнообразными формами мифомышления. Художественный мифологизм свойственен произведениям, созданным в русле различных творческих методов, направлений и стилевых течений. Перспективной стилиевой тенденцией в литературе 70-годов предстало, мифотворчество – апелляция к духовному и эстетическому опыту национального и мирового мифа. В статье определяются факторы, повлиявшие на развитие мифопоэтического мышления в литературном процессе XX века.*

*The article deals with the mythopoetic form in the art system works. Mythologism is typical of works of art, created through a variety of creative methods, directions and stylistic trends. Since 60-70 s of XX century, there occurs the active cooperation of Kazakh prose with various forms of mythologism. Forward-looking style trend in literature of 70 s, myth-making is an appeal to the spiritual and aesthetic experience of national and world myth. The article considers the factors for the development of mythopoetic thinking in literary process of the 20th century.*

**Қ. Т. Жанұзақова<sup>1</sup>, Д. Омарова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., доцент, <sup>2</sup>магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: <sup>1</sup>kuralay\_zhanuzak@mail.ru

**ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР  
МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

*Көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады. Мақалада қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі қарастырылады. Дәстүр мен жаңашылдық әдеби процесстің негізгі ерекшелігі екені тұжырымдалады. Мақалада қазақ прозасының қалыптасу тұсында көркемдік ойдың даму үдерісіне фольклор мен ауыз әдебиеті дәстүрінің үлкен ықпал еткені пайымдалады.*

*Кілтті сөздер: лирика, дәстүр, жаңашылдық, поэзия, әдеби процесс, әдеби байланыстар.*

**КІРІСПЕ**

Көп жанрлы, сан қырлы қазақ поэзиясының төркіні, тарихы қазіргі жағдайы өзара байланыстар, бағыттар, мектептер сабақтастығы жөнінде аса қызықты, ерекше мәнді фактілер мен деректерге бай. Мұндай материалдарды салыстыра зерттеу арқылы тарихи-төркіндік, тарихи-тектестік, тарихи-мәдени өзара байланыстар туралы ғылыми жинақтаулар жасаған филологиялық іргелі еңбектер жазылып келеді. Көркем туынды өзгешелігінің өзі оның тамаша, құнды табыстарының өмір бойы өлмейтін, бағасы кемімейтін мәңгілік сипатында. Сол себепті де бұл табыстар түбегейлі құбылыстар ретінде ұдайы жаңалық тууына игі әсер етуін ешуақытта тыймайды.

Әдеби үдеріске тән ерекшеліктің бірі – дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттанудағы ең өзекті мәселелердің қатарында саналады. Себебі ол әдебиет дамуының, өркендеуінің негізі, жалпы тіршілік дамуының тетігі. Бұл екі ұғым бір-бірімен байланысты, бірінен екіншісі туындайды. Жаңара да жалғаса дамып отыратын әдеби процесс күрделі диалектикалық даму заңдылығына бағынады.

Дәстүр мен жаңашылдық – көне мен жаңаның, бұрынғы мен бүгінгінің аралығындағы табиғи жалғастық құбылысының заңдылығы. Табиғат құбылысы болсын, өзгеріп отыратын қоғам өмірі болсын, адамның сондай-ақ

бүкіл жан-жануардың, өсімдіктің өркендеп өмір сүруі болсын, – бұлар дәстүр мен жаңашылдық құбылыстарының өзара тектес, тамырлас байланысынан туады. Әр халықтың тарихи қалыптасқан тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы бар, әдебиеті, мәдениеті, толып жатқан ұлттық өнер түрлері бар. Бұлар да белгілі заңдылықпен дамып жаңғырып отырады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

1960-70 жылдары қазақ поэзиясына келіп қосылып, лирика жанрын жаңа көркемдік деңгейге көтерген қуатты буын М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ. Мырзалиев, Т. Айбергенов, М. Шаханов, Ж. Әбдіраш, т.б. лирик ақындарымыздың әрқайсысы өзіндік үнімен, дара таланттарымен, қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленді. Олардың барлығы да қазақтың қара өлеңіне ден қойды. Олардың көркемдік, тілдік, жанрлық ізденістері қара өлеңнен бастау алды. «Қазақтың күпі киген қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын», – деген Мұқағали ақынның сөзі бекер емес. Осы ретте әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық туралы белгілі ақын Т. Медетбек: «Баба дәстүрдің мұрагері – өз ұлтының рухани байлығы мен әлем әдебиетінің үздік үлгілерін бойына жинақтап, оларды өзінше игеріп, өзінше қорытқан, өз уақытының үні бола білген, өз заманының әлеуметтік мәнін ашып көрсете аларлық қуатқа ие немере Жаңалық», – деп қорытады.

Қазақ поэзиясына осы кезеңде өзіндік үнімен, қуатты қаламгерлік қолтаңбасымен, жаңашылдығымен келген Жарасқан Әбдіраш қара өлең өнерінің дәстүр бұлағынан на нәр алды. Оның «Найзағайлы жаз», «Дала, сенің ұлыңмын», «Соғыстан соң туғандар», «Перзент парызы» атты өлеңдер жинағында ақынның шығармашылық келбетін даралай түсетін басты тақырып – туған дала. Туған жер, кең дала образы – сан уақыттар бойында қай ақынды болмасын толғантып, тебіреніп келе жатқан қазық бейнелер. Барлық ақындар туған даласына перзенттік сүйіспеншілігін, махаббатын жырлайды. ХХ ғасырдың жиырмамыншы, отызыншы жылдарында Ілияс Жансүгіровтің далаға арнаған эпикалық кең тынысты туындысы өзге ақын шығармаларынан да дәстүр жалғастығын тауып жатты. Ж. Әбдіраш дала тақырыбын жырлауда дәстүрге сүйене отырып, өзіне ғана тән өрнектер, өзіне ғана тән айшықты ойларын ортаға салады. «Туған дала» деп басталатын өлеңдерінде ақын қазақ даласының поэтикалық портретін жасайды. Ақын туған өлкесінің тарихын зерделеп, оның алдындағы перзенттік парызын, жауапкершілігін терең сезінеді.

Түрлі анықтамалық басылымдарда көркемдік дәстүрді өнерді дамытудағы, өткен дәуірлердің көркем тәжірибесін игерудегі сабақтастық деп қабылдайды [1, 122]. Мысалы, ХХ ғасырға дейін қазақ әдебиеті өлең сөз шеңберінде дамып келді және оның жаңадан қалыптасқан проза жанрына әсер етті. Әдебиетімізде қара өлеңнің десі басым болғандықтан, ХХ ғасырдың

басында қара сөз шеберлерінің туындылары поэзияға жақын болды. Бұл турасында Ә. Дербісәлин: «Қай салада болмасын, жалпы дәстүр атаулыға тән қасиет – ол дайын күйінде тумайды, не өзге біреуден оңай алына салмайды, ол заманалар жемісі, тәжірибелер нәтижесі, уақыт сынынан, ұрпақтардың ақыл-ой елегінен мүдірмей өткен, халықтың тіршілік-тұрмысына жауап беру арқылы өміршен сипат алып, әрдайым өсіп, өніп, жалғасып отырған әрі тұрақты, әрі жанды, белсенді құрал» [2, 8], – деп жазады. Осы пікірге ден қойсақ, жалпы дәстүр, оның ішінде поэзиядағы дәстүр де дамиды, өзгереді, жаңарады. Бірақ бұл үшін көбінесе халықтың тіршілігінде, өмірінде, санасында, көркемдік дүниетанымында, жаңа бетбұрыс, үрдіс, даму т.б. болуы қажет. Соның өзінде байырғы, төл дәстүр аз уақыттың ішінде өзгере салмайды, ұзақ процестің, жалпы қоғамдық дамудың, сондай-ақ, өмірді, табиғатты, адамдарды жаңаша тану, бейнелеудің нәтижесінде кем-кемдеп өзгереді, жаңарады, яғни, байырғы дәстүрдің іштей түлеуі, біртіндеп жаңа сипатқа көшуі тәрізді өзгерістерді басынан өткізеді. Белгілі бір дәстүрдің белгілі бір тарихи кезеңде өзгеруі мен жаңаруы жалпы ұлттық поэзияның ұлттық сипатынан айырылуы немесе кенет өзгеше сипатқа ие болуы боп есептелмейді. Дәстүрдің бірі де, бәрі де ұлттық сипаттың ішіндегі құбылыстар. Олардың барлық жиынтығы ғана ұлттық поэзияның өзіндік дара қасиетін белгілейді. Сондықтан дәстүрдің өзгеруі мен жаңаруы жалпы ұлттық поэзияның арнасында, аясында болып жататын, оның жалпы тіршілік-тынысын, өсу қадамын танытатын, кем-кемдеп жаңа белгілерді бойына жинау тәрізді өзгерісін аңғартатын ішкі қалыпты жайлардан туады. Орыс әдебиетінде осы мәселеге ХХ ғасырдың басында назар аударған В. Маяковский: «Біздер Пушкиннің «Евгений Онегині» сияқты туындыларға жүз рет қайта айналып соғамыз. Тіпті өлімге бас тіккенде де оған қайта айналып отырамыз. Олардан ұтымды шығармашылық тәсілдерді үйренетін боламыз. Мұның өзі санамызда туған, әмірі жеткен, сезінген ойымызды дұрыс жеткізуге септесіп, шексіз ләззат сыйлайтын болады», – дейді.

Жаңашылдық – дәстүрді өзгертіп, оны қайта жасау, жаңа арна қалыптастыру. Әдеби шығармаға қатысты жаңашылдық дегеніміз – мазмұн мен пішінді, яғни тақырыпты, идеяны, көтерілген мәселелерді, образдар жүйесі мен көркемдік-бейнелеу тәсілдерін жаңарту, жаңа ізденістерге жол ашу. Жаңашылдықтың негізінде көркемөнер, оның ішінде сөз өнерінің мүмкіндіктері туралы жаңа таным-түсінік, көзқарас жатады. Философиядағы «жоқтан бар болмайды» деген қағидаға сүйенсек, көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады. Әдебиеттің дамуы, айналып келгенде, дәстүр мен жаңашылдықтың тығыз байланысынан, өзара қарым-қатынасынан тұратыны ақиқат. Мәселен, А. Құнанбайұлы өзіне дейінгі баяғы замандардан

келе жатқан шығыстың эстетикалық дәстүрі мен халқымыздың бай рухани мұрасынан сусындады, оны жоғары бағалады. М. Әуезов Абай поэзиясындағы үш арна әдеби дәстүрдің ізін атап өтеді: қазақтың төл әдебиеті, Шығыстың және Батыстың классикалық әдебиеті, орыс әдебиеті. Осы дәстүрлерден тамыр тартқан ақын поэзиясының қандай жаңа биікке шығып, өлең мазмұны мен пішінінде, өлең өлшемінде үлкен төңкеріс жасағанын білеміз.

Техникалық ғылымдарда ашылған жаңалықтар өзіне дейінгі дәстүрді жойса, әдебиеттің даму заңдылықтары бойынша жаңалық дәстүрлі көркемдік құндылықтарды жалғастыра дамытады. Мысалы, ХХ ғасыр әдебиетінде қазақ қаламгерлері фольклорлық дәстүр жүйесінде ерекше эмоционалдық-мазмұндық жүк арқалаған фольклорлық образдылықты эстетикалық тұрғыда өз туындыларында ұтымды пайдалана білді. Осы ретте адам мен әлемнің, табиғаттың уақыт пен кеңістік тұрғысындағы байланысын көрсететін зооморфты символиканы, яғни, көшпенділер санасында аса маңызды орын алатын қыран, бүркіт, қасқыр, ат, түйе, бұғы т.б. тотемдік бейнелерді атауымызға болады (Көксерек, Кербұғы, Бура, Бәйгеторы, Аруана т.б бейнелер). Төрт түлік мал – қазақ әдебиетінде концептуалдық ауқымы кең дәстүрлі образдардың бірі. Аруана, бура бейнелері ұлттық көркемдік дәстүрімізде жиі кездеседі. Олар – шексіз ана махаббатын бейнелейтін қазақ ертегілерінің, мифтік аңыз-әңгімелердің («Бозінген», «Бота» т.б.) дәстүрлі кейіпкері, киелі болып саналатын төрт түлік малдың бірі, қазақ дүниетанымында тұтастықтың, болмыс бірлігінің, ғарыштың символы.

Мифологиялық, фольклорлық бейнелер, сюжеттер, сарындар – ұлттық әдебиет пен өнердің қайнар көзі, ақындар мен жазушылар үшін шығармашылық бастауы. Әдебиетпен фольклордың байланысы – әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Әлемдегі қай әдебиеттің болсын шығу тегі, дәстүрі фольклормен байланысты екенін бағамдаймыз [2]. Сондықтан әдебиет пен фольклордың арақатынасы - әдебиет теориясы үшін де, жеке суреткерлердің туындыларын талдағанда тұста да назар аударатын маңызды мәселе. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, бір жағынан, фольклордан алшақтай отырып, екінші жағынан, одан нәр алып отырды. Әрине, фольклорға арқа сүйеу авторлық ауыз әдебиетінде де, жазба мәтіндерде де орын алғаны даусыз. Сонау түркі заманындағы тасқа қашалған мәтіндерде, орта ғасырда қолжазба шығармаларда фольклордың әсері анық байқалады. Түйіндей айтқанда, әдебиет пен фольклордың байланысы – өте күрделі процесс, осы үдерістің тарихын, даму барысын зерттеу – әдебиеттану үшін де, фольклортану үшін де аса маңызды болмақ.

Қаламгерлердің дара шығармашылық ерекшелігін әдебиеттегі дәстүр мәселесімен сабақтас қарастырудың мәні зор. Әр жаңашыл ақын өзінен бұрынғы ақындар қол жеткізген көркемдік тәсілдерді, көркемдік даму тәжірибесін игеру арқылы дамиды да, өзі де жаңа ой қосады. Мысалы,

Шәкәрім Құдайбердиев дүниетанымының қалыптасуына ұлы Абайдың, орта ғасырдағы сопылар поэзиясының, жыраулар поэзиясының, Л. Толстой шығармашылығының ықпалы зор болды. Шәкәрім ақиқатты тану, рухани тұрғыда өзін-өзі жетілдіру ұмтылыстарын, рухани ізденістерін әдеби, көркемдік ізденістерімен ұштастыра білген сирек тұлғалар қатарына жатады. Оның шығармашылығында діни, эстетикалық, философиялық және психологиялық бастаулардың синтезі жүзеге асты.

Жаңашылдық – әдебиеттің мазмұны мен пішінін жаңаша көркемдік ізденістермен, жаңалықтармен байыту: жаңа қаһармандар, жаңа озық идеялар, жаңа бейнелеу тәсілдері мен құралдары, жаңа көркемдік әдіс-бағыттар. Жаңашылдық дәстүрге сүйене отырып, оны біртіндеп дамытады, өзі де дәстүр қалыптастырады және өз кезегінде келесі жаңашыл ізденістер үшін қайнар көзге, дәстүрге айналады. Бұл – өнер мен әдебиеттің даму заңдылығы. Мысалы, халық поэзиясының дәстүріне сүйенген Абай өз дәуірінде жаңашыл-реформатор ақын болды да, өзінен кейінгі ақындар үшін дәстүрге айналды.

Қазақ поэзиясында дәстүр көрінісі әр дәуірде әр түрлі көрінгендігін байқаймыз. Ол жалпы формалық және мазмұндық тұрғыда сараланады. Бір кездері бір форманың қолданымдылығы белсенді болып, өлең тудырушылар осы дәстүрді үзбей келсе, бір уақыттары белгілі бір тақырып, мазмұн бірнеше ақындар шығармашылығына өзек болып дәстүр жалғастығын табады.

Жақсы дәстүр ұлттық көркем туындының нәрі, мықты қазығы сынды: оның жақсы мазмұнын да, оған лайық формасын да аңғартады. Бұл жолда дәстүрдің кейбір тұрақты түрлері де, немесе, ұлттық психикаға, мінез-ғұрыпқа байланысты алуан түрлі көріністердің жиынтығы да белгілі қызмет атқарады. Мазмұн мен форма бірлікті аңғартса, ұлттық дәстүр сол бірлікті айқындай түсетін, бекіте түсетін фактор. Мұның басты себебі ұлттық мінез-құлықтың, психиканың ұзақ тарихтық түзілісте белгілі бір тұрақтылыққа ие болуынан: дәстүр осының сәулесі, яғни характердің көрінуі. Мұнан дәстүрдің сана мен ақылда болатын, яки болмақ өзгерістерден бұрын тұратын, сондықтан оған біраз әсер ететіні ұғылады.

Қазақ лирикасындағы дәстүрлік іздерге назар аударсақ, бұл сала – әсіресе шытырман, бейнебір қоянның жымы іспетті, шым-шытырық. Мұнда әрмендегі ауыз әдебиетінен тартып Абайға жеткен, Абайдан тартып Сұлтанмахмұтқа, совет поэзиясындағы баспалдақтап Сәкен, Ілияс, Сәбитке, Асқар, Тайыр, Әбділдаға, Ғали, Діқан, Қалижанға, Қасым, Хамит, Жұбанға, Тұманбай, Сағи, Қадыр, Мұқағалиға, Тұрсынхан, Марфуға, Фаризаға жеткен және бүгінгі жасөспірім ақындар өрісін жауып жатқан дәстүрдің даладай дарқан дүниесі бар. Мұнымен жымдаса тұтасқан бұрын-сонды ұлы орыс поэзиясының, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың классикалық дәстүр үлгілері тағы бар. Міне, осы дүниенің ішінен ненің неден туып, немен жалғасып жатқанын

ажыратып алу қиынның қиыны екені даусыз. Әйткенмен ұқыпты зерттеу болса, өркен жайып жаңалық туғызған елеулі үрдістің ұрығын анықтауға болады. Сондай бір үрдіс ұрығы, мысалы, Қасым Аманжолов лирикасында айқын көз тартады. Оның тегінде Лермонтов пен Махамбеттің де, Есенин мен Абайдың да, Сәкен мен Ілиястың да поэзиядағы ізгі істері аңғарылады, ал Қасымнан кейінгі қазақ поэзиясында Қасым таланты шыңдаған жаңа үрдіс тамыр жайып, Сырбай, Ғафу, Мұқағали, Төлеген, Тұрсынзада т.б. сықылды ақындардың творчествосында бой көрсеткенін андау қиын емес.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Шынында дәстүр жалғасуы үнемі ұлттық арнада нақты стиль, тақырып, жанр ізімен жүруі шарт емес, оның өрісі ұлттық арнадан шығып жалпыадамзаттық деңгейге дейін көтеріледі. Сонымен жоғарыда дәстүрді синтездеп қабылдау дегеніміз де осы ұлттық дәстүр мен жалпыадамзаттық дәстүрдің астасқан ортақ өріс алуының бір көрінісі боп табылады.

Үздік үлгілерден үйренуге құмарлық, адамзат дәстүрлеріне ден қою, туған топырақ байлығынан қол үзбеу – әлемдегі барша талантты қаламгерге ортақ қасиет. Ұлттық дария, әлемдік телегей теңіз – осы талағыстың тоғысуынан арналы қазына – көркем әдебиет жасалады.

Дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық және жалпыадамзаттық сипаттардың тұтастығы туралы концепция қазіргі заман әдебиетінің тәжірибесінде сан тілдегі нақты көркем шығармалар арқылы іске асты. Әлеуметтік сипаты, тарихи мақсаты, негізгі қаһарманы тұрғысынан алғанда адамзат көркемдік дамуында жаңа құбылыс болып табылатын қазіргі әдебиет – көркемдік жүйелерінің байлығы жөнінен классикалық реализм, ілгерішіл романтизмнің жанды жалғасы – өмірді шыншылдықпен, реалистікпен, объективті бейнелейтін кең мүмкіндіктің, келешектің әдебиеті. Әдеби дамудағы жалғастық проблемаларының бірнеше аспектісін, көп қырларын көрсете келіп, ұлтаралық әдеби байланыстардың сан алуан жолдарын айта отырып, әдебиетші ғалымдар әр түрлі деңгейдегі дәстүрлер, мәдениеттер тоғысуынан үздік үлгілер туатынын нақты мысалдармен дәлелдеп берді. Жаңа дүниежүзілік тарихи кезең шындықтарын бейнелейтін, қаһарманның күнделікті тірлігін көрсететін, әлем картинасын кеңейткен қазіргі әдебиет адамзатқа ортақ дәстүрлерді байыта келе, көркемдік жинақтаулар жасап, жаңа эстетикалық игіліктер тудырады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 2 **Дербісәлин, Ә.** Дәстүр мен жалғастық. – Алматы, 1976. – Б. 7-14.

К. Т. Жанузакова, Д. Омарова

### Проблема традиций и новаторства в казахской прозе

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 29.06.16.

К. Т. Zhanuzakova, D. Omarova

### The problem of tradition and innovation in the Kazakh lyrics

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 29.06.16.

*Статья посвящена проблеме традиций и новаторства в казахской лирике. Традиции и новаторство является вечным процессом, присущим литературе и искусству всех народов. Восприятие традиций, его естественное развитие, введение новшеств в традиции, подъем по-новому, на новый качественный уровень определяют стадию развития истории литературы. В статье рассматривается огромное влияние фольклора и традиций устного народного творчества на становление казахской лирики.*

*The article deals with the problem of tradition and innovation in the Kazakh lyrics. Tradition and innovation is an eternal process inherent in literature and the arts for all people. Perception of traditions, its natural development, innovation in the tradition, the rise in a new way, a new quality level determine the stage of the history of literature. In the article there is considered the great influence of folklore and traditions of oral folklore in the formation of Kazakh lyrics.*

### Н. Қ. Жүсіпов<sup>1</sup>, М. Н. Баратова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
e-mail: <sup>1</sup>nartai1970@mail.ru

### ШӘКӘРІМНІҢ ХИКАЯТ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ

*Шәкәрімнің философиялық және хикаят өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен, танымдық моральдық адамгершілік мәселелерімен ұштастыра білуімен сипатталады. Бұл мақалада ақын әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап, биік талап қоя білуі, қиыншылыққа төзіп, табандылық, қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.*

*Кілтті сөздер: шығыс поэзиясы, хикаят өлеңдер, философиялық өлеңдер, Шәкәрім мұрасы.*

#### КІРІСПЕ

Жалпы шығыс поэзиясында, оның ішінде қазақ ақындары шығармашылығында хикаят өлеңдердің ерекше орын алып келгені белгілі. А. Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабында мынадай анықтама жазған: «Хикаят. Діндар дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелері хикаят деп аталған. Хикаят дін үйрету ғана мақсатпен шығарған сөздер емес. Діннен басқа жағынан да өнеге көрсету үшін айтылады [1, 265-266 б.].» Осы орайда орыс тіліндегі сөздіктің бірінде мысал тәрізді ақыл үйрету өлеңін «аполог» – деп [2, 45 б.] атағанын, оның біз келтіріп отырғанын «Хикаят» ұғымына біршама жақын екенін ескеру керек деп санаймыз.

#### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шәкәрімнің хикаят өлеңдерінің қатарына «Піскен мен шикі» өлеңін жатқызуға болады.

Бай мен жарлы баласы аңға шықты  
Жалаң қағып жарап тұр аты мықты  
Жортып жүрген түлкіні көрді-дағы  
Қуып барып еріксіз інге тықты  
Екеуі келді шауып атты қыстап,  
Түлкіні аламыз деп отпен ыстап

Атты бос, арқандамай жіберейік деген кедей баласына бай баласы бой бермей, атты арқандауға бұйырады. Кедей баласы ұнатпаса да еріксіз атты арқандайды. Оттан үріккен аттар арқанды үзіп, ие бермей кетеді. Атты қумақ

болған бай баласын кедей тоқтатады. Атты қумай от салып, түлкі алмасақ, аттан да түлкіден де айрылатындығын айтады. Ал кедей баласы ат соңынан кетеді. Аттарға жете алмаған соң, қайтып келсе, бай баласы от тұтата алмай отырғанын көреді. Ақын бай баласының қолынан іс келмейтіндігін, кедей баласының өмірден түйгені көп, ойы мен ісі үйлесетін ақылды, өмірге еңбекпен бейімделген екендігін оқиға барысында көрсетеді. Түгін салып, түлкіні алған соң, ауылға аяндайды. Бәйбатшаға жаяу жүру қатты батады, жүре алмай, аяғы ісіп, бір жағынан шөл қысып, қатты қиналады. Кедей баласы шаршаудың орнына байға су іздеп, зыр жүгіреді. Етікке белбеу жалғап, шыңыраудан су алады. Піскен адам деп, кедей баласының еңбекқор, қысылғанда жол таба білетін, шыдамды, істің жөнін білетін пысық адам екендігін айтса, біреусіз Күнін көре алмайтын, ойсыз, тәжірибесіз, еңбекке төзімсіз жан ретінде бай баласы суреттеледі. Ауылға келсе, жұрты қалған, ауыл көшіп кеткенін көреді. Бай баласы жылап отырғанда, кедей баласы жұрттан сынық инее мен таспаны тауып алады. Жан-жағын жіті бақылайды. Ауылдың қай жаққа көшкенін топшалайды. Көштің ізін тауып, соңына түседі. Өмірден алынған шынайы оқиғалардан тұратын бұл өлеңнің негізгі идеясы қор болып, үйде отырғаннан, қиын жерде жол тауып, көп жол жүріп еңбекпен өскен адам озатындығын айтады. Бұл аңыз өлеңдері, яғни хикаят өлеңдері арқылы ақын қазақ лирикасының жанр ретінде толысу, жетілуіне көп ықпал етті. Бұл туындыларда түрлі лирикалық бейнелер арасындағы шағын тартысты енгізу көмегімен ақын лириканың жанрлық толысуына ықпал етті, ішінара эпос, драма әсерін қабылдай отырып, өзекті ерекшелікті, лирикаға тән өзіндік сипатты сақтап қалудың соны түрлерін тудырды. Өлеңнің өмірді қамту мүмкіндігі кеңейе түсті, сол арқылы шығарма көркемдігін, әсерін арттырудың соны үлгілері қанат жайды.

Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеуші М. Н. Баратова ақынның хикаят өлеңдері туралы талдай келе, төмендегі өлеңдерін хикаят өлеңге жатқыза отырып, хикаят өлеңдердің сипатын ашады: «Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» (1880 ж.) өлеңінде алдымен бір адамның «Жолаушы боп келе жатып» бір сандықта тауып алғаны, ішін ашқанда, ондағы бір асыл тасты көргені, «Көп олжа болды ғой!» – деп шаттанып, қолына ұстағанда, оның әп-сәтте алдымен жыланға, ізінше айдаһарға айналып, өзін жұтпаққа төнгені баяндалады. Білмей істелген жаңсақ қадам осындай қауіпке ұшыратқанда барып, оған алдымен отыз адам, кейін бес адам, ең соңында жарты адам кез болғаны бейнеленеді. Назар аударарлық жайт: қиын жағдайда қалғанда, отыз кісі боп көрінген отыз Күндік оразасының да жәрдемі тие қоймайды. Сырт көзге солардың бәрінен аз (алғашқыдағы – отыз, екіншідегі бес адаммен салыстырсақ), әрі күш-қуаты да кем болуы әбден ықтимал өйткені толық емес, жарты ғана адамның ғана қол ұшын бере алғаны, яғни тапқырлықпен қиналған жолаушыны құтқаруы назар аудартады. Сөз жоқ, осы арқылы үнемі дінді насихаттап келген автор

ораз мен намазды жамандап отырған жоқ, тек ораза, намаздың өмірдегі нақты әрекетке, қайырымдылыққа ұштасқанда ғана қиналған адамға көмек бере алатынына әспеттелген. Сөйтіп бір кезде біреуге жарты нан беріп көмектесуі жарты адам кейпінде көрініп, оның қысылған адамды құтқара алуын бейнелеу арқылы ақын құлшылықтың жалаң жүрмеуін оның кем, кедейге нақты қайыр жасаумен ұштасқанда ғана пәрменді болатынын көрсеткен.

Сөйтіп, бірнеше лирикалық бейне әрекеті, тіпті шағын тартысы бейнеленуі арқылы бұл туынды лирика көкжиегін біршама кеңейткен. Лирика көбінесе бір қаһарманның бірер сәттегі бірер толғанысын бейнелеумен шектелсе, мұнда алдымен бірнеше кейіпкер алынып, олардың қарым-қатынасы біршама көрсетілген. Әйтсе де бұл туындының эпос емес, лирикаға жату себебіне келсек, сол әрекет, құбылыстың бәрі бір лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезім айнасы ретінде берілгендігі дер едік. Міне, сырт қарағанда осындай бірнеше адам қарым-қатынасы алына да, соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезім айнасы ретінде келтірілуі үлгісі ақынның «Аңқау адам туралы», «Шайтанның саудасы» өлеңдерінде де жүзеге асқан. Хикаят өлеңнің мұндай сипаты ақынның: «Алтын табақ», «Шайхы Ысқақ», «Надан би», «Ғалының тағылымы» өлеңдерінен де көрінген. Осы орайда «хикаят» ұғымына да сыя бермейтін, поэма деуге де келе қоймайтын, көлемі де ұзақтау, қатысушы адамдары біреу емес, бірнешеу болатын, белгілі бір оқиғаға негізделген, әйтсе де соның бәрі бір ғана лирикалық қаһарман толғанысы ретінде берілгендіктен де, лирика шеңберінде қалатын мұндай туындыларды «Оқиғалы өлеңдер», – деп атағанды жөн көрдік. Оларға: «Ибраһим», «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Пайғамбардың өсиеті», «Ханымбике», «Күйеу Мағзұм мен Хұршым» және «Момынның әйеліне шығарғаны» өлеңдері жатады» [3].

Шәкәрімнің шығармашылығының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның шығармаларында көңіл-күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да басты орын алады. Алайда, ақын өлеңдерінде сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті болып келеді. Ақын поэзиясының негізін «адам», «тағдыр», «өмір», «ар-иман» сияқты философиялық-танымдық тақырыптар құрайтынын көруге болады. Сондықтан ақын шығармашылығынан *алла, адам, өмір, дүние, болмыс, тағдыр* сияқты ұғымдар арқылы философиялық ой түйіндейді. Ақынның философиялық көзқарасын, дүниетанымын, діни сенімін танытуда маңызды қызмет атқарады. Шәкәрімнің философиялық толғауларында, лирикаларында адам туралы ұғымы мен көзқарастары анық көрінеді.

Адам – залым, әлемге жау,  
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау,  
Жер білсе адамзаттың бұл қылығын  
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау.



Яғни адам-тарихи процестің субъектісі. Осы тұрғыдан келгенде Шәкәрім үшін күрделі проблемалардың бірі ол – адам проблемасы болды.

Айуан етін, тірісін, сүт пен күшін,  
Ара балын, су балық, жер жемісін,  
Құс денесін, жүні мен жұмыртқасын  
Сақтап жүр ғой дейсің бе адам үшін?

Ғ. Есімовтың еңбектерінде Шәкәрім шығармаларындағы философиялық мұраға, ақынның дүниетанымының негізгі ой-түйіндеріне, оның алла-адам-қоғам-табиғат мәселесі жөніндегі түсініктемелеріне ғылыми талдау жасалады.

Шәкәрім шығармаларының негізін өлім мен өмір, осы екі аралықтағы тағдыр деген философиялық ой құрайды. Себебі бұл ұғымдар ақын шығармаларының өн бойында түрлі көрініс тауып отырады.

Өлім ақиқаттығы Шәкәрімнің мына бір өлеңінде былайша көрініс табады:

Өлімнің хақ екенін көрсен де,  
Өлместей омыраулап шатасың.  
Дозақтың барын біліп жүрсен де,  
Күнәға әлің келсе батасың...  
Алланың адал ризығын жесең де,  
Арамды әдейі іздеп татасың...  
Алланың ақ өлімі келген де  
Амалсыз қара тастай қатасың...

Бұл жерде Шәкәрімнің танымдық ойды арқалаған тағылымдық мәні зор, философиялық мазмұны осы бір өлең көлеміне топтастырылған.

Қазақтың сөз өнері мен ата тарихты зерттеуші Шәкәрім бойына бір ғана ақындықты телу оның болмысын тарылта түседі. Шәкәрім Абай идеясын жалғастыру барысында өз бойына ақындық пен қатар ғалымдықты, философты, теологтық қасиеттерді сіңіргендігін өмір жолынан көруге болады. Шәкәрім өзінің осындай болмысын

Мен бір қонақ кеттім бірде қонып,  
Қайтатұғын қалыпта мезгіл толып.  
Осы қонақ қалай деп сынға алмаңыз,  
Тәуіп деп-ақ айта сал ой мен жорып

– деп өзінің тұлғалық қасиетінің бір ғана элементімен таныстырып қана кете барады.

Шәкәрім мұрасы тек мазмұны кең арналылығы жағынан емес, соны білдіретін образды, көркем тілі жағынан да кең мағлұмат береді.

Шәкәрім дүниетанымының, ғылымның негізі – ақыл-ой, ойлау қабілетінің қуаттылығы, ой-тұжырымдарының логикалық қисындылығы деп санайды. Бар ғылымның түп атасы – таза ақыл мен ойлану.

Шәкәрім ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір, болмыстың, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып түсіну мағынасында алып қарайды.

Шәкәрім де адам бойындағы рухани тазалықты ар мен иман, ұят өлшеммен бағалаған:

Ар демек адамшылық намыс деген,  
Арың кетпес жағына қарыс деген.  
Адаспайсың ақылды арлығы ерсең.  
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде  
Ар сатар шамға да болса

– деп ақын да арың сатпа, терінді, еңбегінді сат, арсыздық – шайтан досы деп, ардан кеткен ақылдан құр қалады дейді.

Адамның рухани болмысының қалыптасуында тіл мен діннің ролі зор. Ежелгі дәуірден бұл екі қоғамдық сананың формасы бір біріне әсер етіп, бірін-бірі дамытып, сол арқылы адам табиғаты мен рухани мәдениетінің дамуына, қанат жайып өркендеуіне сол арқылы ғылымның, философияның тууына себепші болады. Шәкәрім философиясының ежелгі арманы-дүниені, қоршаған ортаны, ақиқатты, бас көзімен көрмей ақыл көзімен көру. «Үш анықтың» басты философиялық мәселесі – адамның өмірі, оның дүниемен, қоршаған ортамен тұтастығы, өзі айтқандай: өлімнен соң, бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керек іс – ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейрам.

Өлім маған өмірден мың есе артық  
Жарға құрбан болуға жан жараса.  
Дозақ отын құл қылып сөндіремін,  
Жаралы жүрегімнен қан тараса.

Шәкәрім шығармаларындағы философиялық мәселелерді адам психологиясымен тығыз байланыста қарастырады, ол сондай-ақ ұлттық психологиялық салтқа, халықтық ерекшелікке айналған құбылыс, ол адамдардың ар-ұятын оятып, намысын қайрап, ілтипаттылық, парасаттылық, ізеттілік сияқты ұнамды қасиеттерді жас буынның бойына сіңірудің басты құралы екендігін нақты деректер арқылы талдап көрсетеді [4].

Шәкәрімнің бұл ойлары сонау түркі тілдес әлемнің екінші ұстазы Өл-Фарабидің, Қожа Ахмет Яссауидің, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқаридің прогресшіл пікірлерімен ұштасып жатқанын байқаймыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен, танымдық моральдық адамгершілік мәселелерімен ұштастыра білуімен сипатталады. Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой, талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да бір іс-әрекетті ақылмен сынауды басты

моральдық принцип етіп қояды. Ол әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап, биік талап қоя білуі, қиыншылыққа төзіп, табандылық, қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ағалиева, Н.** Шәкәрім лирикасының жанрлық көркемдік сипаты // Шәкәрімтану мәселелері. – Новосибирск : Талер-Прес, 2008. – Б. 921-923.

2 **Квятковский, А.** Поэтический словарь. – М. : Сов. Энциклопедия 1966. – С. 228–229.

3 **Баратова, М.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. – Павлодар, 2010. – 256 б.

4 Абай. Шығ., 1-том. – Алматы : Ғылым, 1977. – 454 б.

Материал 15.08.16 баспаға түсті.

*N. K. Zhussupov, M. N. Baratova*

### **Повествовательные и философские стихотворения Шакарима**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 15.08.16.

*N. K. Zhussupov, M. N. Baratova*

### **Narrative and philosophical poems of Shakarim**

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 15.08.16.

*В философских и повествовательных стихотворениях Шакарима описывается глубина мысли, новизна мнения, познавательные, моральные и человеческие проблемы. В этой статье поэт осознанно повествует о том, как преодолеть трудности, быть стойким и сильным.*

*In philosophical and narrative poems Shakarim describes the depth of thought, the novelty of opinion, cognitive, moral and human problems. In this article, the poet consciously narrates how to overcome difficulties, to be steadfast and strong.*

ЭОЖ 801.7

## **Б. Д. Жұмақазева**

п.ғ.к., профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ.

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ӘДЕБИЕТ ПӘНІНДЕ ТИІМДІЛІКПЕН ҚОЛДАНУ**

*Мақалада әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану жолдары қарастырылады. Жаңа технологиялардың философиялық негізі сараланып, сабақ үдерісінде қолдану мүмкіндіктері сөз етіледі. Топтық жұмыс барысында орындалатын тапсырмаларды оқушыны дамытуға бағыттау қажеттігі, сол арқылы интербелсенді сабақ тиімділігі айқындалады.*

*Кілтті сөздер: педагогикалық технологиялар, модульді технология, таксономия, интерпретация, әдебиет.*

Бүгінде білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру ұстаздар қауымын үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктеп отыр.

Мұғалімдер қауымын бүгінде педагогикалық технологияларды пайдалану жолдары көбірек мазалайды. Бұл заңды да. Себебі бүгінгі күні білім беру үдерісінде пайдаланылып жүрген технологиялардың өзіндік философиясын зерделеп, әр пәнге лайықты бейімдеу, оқу материалдарының жүйелі кешенін әзірлеу, оны сараптамадан өткізу ісі қажетті дәрежеде жүргізіле бермейді. Сондықтан да мұғалімдер қауымына белгілі бір технологияны кешенді пайдалану қиындықтар туғызады. Себебі әдістеме ғылымының өзінде педагогикалық технологиялар әр пәннің өзіндік ерекшелігіне қарай қолданудағы тиімділік толық зерделенді деуге келе бермейді. Мәселен, модульді оқыту технологиялары көп пәндерге қатысты қолданылып жүр. Қазақ тілі пәніне бір шама ыңғайлылық танытатын аталмыш технология әдебиет пәніне пайдалануда қиындықтар туындатады. 5-9 әдебиеттік оқу сыныптарында оқу материалы әдеби жанрларға қатысты да шығарманың көлемі мен формасы жағынан да әр алуан болып келеді. Оның үстіне бұл сыныптарда көп автор шығармалары қамтылып, оқылатын шығарманы терең қабылдату мақсатында автор туралы шағын мәлімет беріледі. Сонда оқу бағдарламасы бойынша бір сыныптың өзінде оқу материалы 2-3 сағаттан бірнеше бөліктерге бөлініп берілген. Сондықтан

оқу материалын модульдеуге еш мұқтаждық тумайды. Ал модульді технологияны қайткенде әдебиет пәніне қолданамыз деген мақсат қояр болсақ оқу бағдарламасын орта буын сыныптар бойынша қайта сұрыптау қажет болады. Модульді технологияның өзі белгілі бір ғылым саласына байланыста жүйеленген білімді тиімділікпен меңгеруді көздейді. Ал оқу материалын жүйелеу бағдарламадан, тіпті білім стандартынан басталуы керек. Бұл жерде айтылмақ ой білім стандарты мен бағдарламаның сапасына қатысты емес. Әрине, көп жылғы білім берудің тәжірибесі сапалы маман даярлауға бағыттталып келе жатқаны анық. Айтпағымыз – білім стандарты мен бағдарламасындағы мазмұнды ішкі үйлесімділікпен топтастыра отырып модульдеу қажеттігі туралы. Сондықтан әдебиет пәнінің қолданыстағы бағдарламасымен модульді технологияны кез келген уақытта пайдалана қою оңайға түспейді. Мәселен, М. М. Жанпейісованың авторлығымен жарық көрген «Модульді оқыту технологиясы оқушыны дамыта оқыту құралы ретінде» атты әдістемелік кітабында (Алматы, 2002) «Қазақ әдебиеті» бойынша оқу модульдері (5-сынып) Ж. Төлегенова, Г. Қожанова, О. Шатанова әзірлеген әдістемелік нұсқаудан делініп, 7 сағатқа жіктелген оқу модулі берілген [1, 155].

Бұл ұсынылып отырған модуль өз тұсындағы оқу бағдарламасына сәйкес жасалғаны белгілі. Одан беріде бағдарламада өзгерістер болды. Әйтсе де оқу материалына қарай байқалатыны орта буын сыныптарға, соның ішінде 5-сынып бағдарламасына сәйкес жасалған оқу модулінің бірнеше олқылықтары байқалады. Біріншіден, аталмыш сыныптардағы білім мазмұны мен мақсаты тарихи кезеңді, оның ерекшеліктері туралы білім беруді мақсат етпейді. Әдебиеттің тарихи курсы арнайы 9-11 сыныптарды қамтиды. Ал, 5-сыныптағы әдебиет пәнінің мақсаты алғашқы әдеби білім беруді көздейді. Шындық болмыс пен көркем шығарма арақатысы, кейіпкер ұғымы, сөз өнері туралы алғашқы түсінік, образды сөз, т.т. әдебиеттану ғылымының алғашқы әліппесі басталады десе де болады. Оқу материалын модульдеуде авторлар мұны ескермеген. Екіншіден, бір сабақ, нақтырақ айтсақ 45 минут ішінде авторы да, жанры да бір-бірінен ерекшеленетін 7 түрлі оқу материалына оқушы назарын аударып, алғашқы білім қалыптастыра қою қаншалықты шеберлікті қажет ететіні беймәлім. Берілген 3 минут, 5 минут делініп көрсетілген уақыт мөлшері де сенімді бекіте қоймасы анық.

Білім берудегі басты мақсат қайткенде оқу технологиясын қолдану емес, пәнді игеруде ұтқырлық пен ұтымдылықты асыру болмақ. Педагогикалық технологиялар жүйелі ойлау тәсілдерін тәжірибеге ендіруді көздейді. Кез-келген педагогикалық технологияны алып өз тәжірибеңе ендіру мүмкін бе? Оқушының ерекшелігі, пәннің ерекшелігі, технологияның ерекшелігін, күтілетін нәтижені, үйлестіру мен жүйелеуді жан-жақты кесіп-пішпей, сол технологияның философиялық негізін анықтап алмай қолдану мүмкін емес.

XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Ендеше педагогикалық технологияларды қолдануда да шеберлік қажет.

Әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологиялардың қайсысы тиімді. Қай технология әдебиет пәнінің мақсат, мазмұнына сәйкес келеді дегеннің жауабын іздеу аса маңызды.

Қазіргі технологияларда «миға шабуыл», дебат, модель, жоба жасату, кейс-стади, диалогті оқыту, оны қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылып келеді. «Сын тұрғысынан ойлау», «Дамыта оқыту», «Саралап деңгейлеп оқытудың педагогикалық технологиясы» т.б. көптеген технологияларды пайдаланып жүр.

Бүгінгі білім беру жүйесінде кез-келген жаңа әдіс-тәсілдер жиынтығы педагогикалық технология деген статусты ала алмайды. Педагогикалық технология көптеген факторларға қатысты анықталады.

Дайын рецепті ешкім бере алмайды. Ол рецепт пән иесінің тынымсыз еңбегі мен талғамының, үйлестіре, үндестіре білім шеберлігінің, пәнге деген ынтасы мен сүйіспеншілігінің өтеуінде табылады. Әсіресе әдебиет пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері ерекше. Поэзияны сүйіп тұшынып оқымайтын, сөздің шебер сырын танып сүйсініп, ләззат алмай, көркем шығарманы үнемі оқып, жанына серік етпей, әдебиетке өзі сүйсінбей әдебиетті тиімді оқыту қиын. Әр әдіс өз тиімділігімен бағалы. Бабалар тарихында бір ғана баяндау әдісімен-ақ әдебиетке ұрпағын құлшындыру басым болған. Сөздің қадір-қасиетін таныта алған. Кейде әдебиет сабағында мұғалімнің сүйсіне оқыған бір өлеңі-ақ көп міндетті атқаруы мүмкін. «Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді». Әдебиет пәнінің басты мақатының бірі көркем өнерді сезіндіру, өмір сабағын беру, тұлғаны рухани қалыптастыру амалдарын іздеу.

Әдебиет сабағындағы ән де, жыр да, ойналып тұрған күй де маңызды. Олардың бәрі оқушы сезіміне, түйсігіне әсер ететін детальдар. Мәселен, жырдың әуенін тыңдатпай «Батырлар жырын», «лиро-эпостық» жырларды оқыту толыққанды емес. Жыраулық дәстүрді танытпай жырауларды шығармашылығын өз дәрежесінде оқу мүмкін емес. Егер оқушы жырау мақамын естігенде күлер болса, жырау шығармасын тұшынып оқуы екіталай. «Ғасырларды көктей өтіп» жеткен асыл сөз маржандарының ішкі астарына үңілту, тілдік қорды құнарландыру да соншалықты қиынға соғар еді. Тіл – ұлттық құндылықтардың бірі. Тілді тану әдебиеттен тысқары бола алмайды. Тілді білмеу, бағаламау, әдебиетті оқымауға, ұлтты қадірлемеуге әкеліп соқтырары белгілі. Ендеше әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарға аса көңіл бөліп, әнді, күйді, жырды тыңдату ұсақ-түйек нәрсе деп қабылдау ағаттық болған болар еді.

Көркем шығарманы оқытқанда да ұсақ-түйек нәрсе дейтін ештеңе жоқ. Әр детальдың өз қызметі бар. Көркем шығарма авторы қаншалықты маңызды

болса, кейіпкер де соншалықты маңызды. Себебі олар бір тұтастықтың бөлшектері.

Мемлекеттік білім стандарты оқыту үрдісінің сапа мен нәтижеге бағытталғанын талап етеді. Демек, әр сабақ шәкірттің нақты мақсаттарға бағытталған жүйелі танымдық әрекетін ұйымдастыруға құрылады деген сөз. Сабақтың әр кезеңінде танымдық әрекетті қалайша іс жүзіне асыруға болады? Сабақты дамыта оқыту технологиясының ұстанымдарына үйлестіре жүргізу үшін мұғалім нені білуі керек? Әдебиетті жаңаша оқыту технологиясын меңгеруде пәннің ішкі мазмұнына сай келетін жақтарына назар аударып, мына мәселеге көңіл бөлу керек.

- Білім мазмұнының ерекшелігіне қарай әдіс-тәсілдердің нәтиже беретін жүйесін дұрыс таңдау.
- Мазмұнға байланысты нақты мақсаттар мен міндеттерді қоя білу.
- Оқу технологияларын мазмұнға сәйкес тиімділігіне қарай іріктеп, синтездеу.
- Оқушылардың әрекетіналдын ала жобалаған нәтижеге бағыттай ұйымдастыру.

«Оқу» кең мағынада шәкірттің жаңа білімді меншіктеу үдерісі болып табылады. Бірақ кез келген оқу білімді меңгеру емес. Егер оқушы білім жинақтаса және ол өз бетінше алдына қойған оқу міндетін шешуге бағытталса әрі өзінің әрекетін бақылау, бағалау амалдарын игерсе ғана оқу әрекеті болып табылады. Оқу белсенді әрекет түрінде ұйымдастырылса ғана оқушының оған деген қарым-қатынасы, қызығушылығы артады.

Оқытудың жаңа технологияларының философиялық негізін түсіну аса маңызды. Қазіргі заманда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім жүйесінің құрылысы жүріп жатыр. Білім парадигмасының ауысуы өзге педагогикалық әлеует, өзге қарым-қатынас, өзге құқықтар мен әдіс-тәсілдер, басқа мазмұн ұсынары белгілі.

Білім беру жүйесі мазмұн жағынан өзгеріп келеді. Олар:

- оқушылардың ақпараттарды игеру, талдау қабілетін дамыту, қажетті ақпаратты тауып, тиісті мүддеде қолдана алу құзіретін дамыту;
- ақпараттардың игерудің дәстүрлі тәсілдеріне (ауызша және жазбаша сөйлеу, аудио құралдар) компьютерлік оқыту құралдары, E-Learning жүйесі қосылуы;
- педагогикалық үдерістің маңызды құрамы – оқытушы мен оқушының жеке-бағытталған байланысын орнату;
- жеке тұлғаның рухани тәрбиесіне, адамгершілік қасиетке бай тұлға қалыптастыруға баса көңіл бөлу;
- білім факторларының әрі қарай интерграциялануы көзделеді: мектеп, отбасы, микро және макросоциумға бағытталу;

– ғылымның қоғамдық білімге пара-пар боларлық педагогикалық технологияны құрудағы рөліне басымдық берілуде.

– дәстүрлі білім жүйесіне елеулі өзгеріс енуде. Білім беру ұстанымдарын жақсарту бағытында білім жүйесіне жаңа сипат берілуде. Атап айтар болсақ:

– есте сақтау функциясы ретінде оқытудан алған білімді қолдануға мүмкіндік беретін ойды дамытатын үдеріс ретінде оқыту. Яғни бұрынғы білім-ақпарат деп танып, оқушылардың жаттап алу, түсінгенді айтып беру сияқты оқу-қызметінен гөрі алған білімді қолдана алу қабілеттеріне басымдық берілуде;

– білімнің таза ассоциативтік моделінен ой әрекеттерінің динамикалық-құрылымдық жүйесіне алмастырылып келеді;

– білім беруді орташа деңгейдегі оқушыға бағыттаудан сараланған және жекелеген оқыту бағдарламасына ауыстыру көзделуде;

– оқушының сыртқы мотивациясынан оның ішкі адамгершілік, қажыр, қайрат қабілетіне бағыттау қажеттігін тудыру.

Қазіргі оқыту үдерісінде түрлі модель бойынша, оның ішінде авторлық модельдер бойынша, құруға мейлінше мүмкіндік беру көзделуде. Осы бағытта білімнің дамуы алға басып келеді: түрлі жүйелерді әзірлеу, білім құрылысының тиімділігін көтеру қазіргі заман талабына сай дидактикалық талаптарды қолдану мүмкіндігі; ғылыми жаңалықтар, сонымен қатар жаңа идеялар мен технологиялардың практикалық жолмен негізделуі талап етілуде.

Жоғарыда айтылғандармен қатар түрлі педагогикалық жүйелер мен оқыту технологияларының ұйымдастырылуы маңызды деуге әбден болады. Яғни қазіргі заман жағдайында өткен педагогикалық жүйелерді орнына түрлі жаңа оқыту формаларын тәжірибеден өткізу практикада қолдану қажеттілігі туындауда.

Педагогикалық жаңа технологиялар Б. Блумның таксономиясын негізге алады. Таксономия идеяларды бүкіл әлем педагогикалық жұртшылығында таным және ойлау әрекеттерінің деңгейлерін, оқу мақсаттарын айқындауда кеңінен қолданыс тапты.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқу-танымдық әрекеттер көбіне білім, түсіну, талдау деңгейінде жүргізілгені белгілі. Ендігі жерде білімді талдау мен жинақтаудың, түсіну мен қолданы алудың, өзінің және өзгенің білім деңгейін бағалай алу қабілеттерінің маңыздылығы танылады. Б. Блум таксономиясының алты деңгейіндегі оқушының оқу-тынымдық әрекетін сипаттап көрейік:

1) Білім дайын күйінде көшірілмей, тұжырымдар нақты талаптар тұрғысынан болуы, талап оқушының өмірлік тәжірибесі мен ұстанған көзқарастарына негізделетін немесе мұғалімнің ұсынысынан туындайтын болуы қажет етілуде.

Білімнің категориялық мәні кеңейе түсті. Мәселен, білім – қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат

пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Білім деңгейінде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою, анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, процестердің орбу немесе орын алу тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар орындалады. Оқушылардың басты мақсаты – ақпаратты жадында сақтау және іздеу болып табылады.

«Білім» деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейлерінің негізін құрайды, өйткені онсыз қалғандарының жүзеге асуы мүмкін емес. Абайдың өлеңін жатқа білмей оның көркемдік ерекшеліктері мен оқырманның ішкі жан дүниесінде қандай сезімдер тудыратындығын туралы ой толғап немесе шығарма жазу мүмкін емес.

Алайда мұғалімдер бұл деңгейге қатты назар аударып, оны оқу үдерісінің, оның ішінде сабақтың негізіне айналдырады. Сабақтың өту барысын орташа есеппен алғанда 80 % есте сақтау мен жаттау, қайталау мен тану тапсырмалары құрайды екен. Ал бұл жағдай мынандай жағдаяттарға алып келеді.

– Қайталау немесе жаттау тапсырмалары негізінен оқушылардан белсенді әрекеттерді талап етпей, олардың сабақтағы бәсеңдігіне жол береді.

– Оқушылар сабақ тақырыбына ынта мен қызығушылық танытпайды, демек олар сабақтың нәтижелеріне де құлықсыз болады. Сол арқылы олар өз біліміне, өздерінің парасаттық дамуына деген жауапкершілікті көрсетпейді.

– Бұл деңгейдегі сұрақтардың бір ғана дұрыс жауабы болғандықтан, олар оқушылардың ой толғау мен пікірталастығы қажет етпейді. Бұл жағдай үйренушілерге кері әсерін тигізеді.

– Бұл деңгейде берілген тапсырмаларды орындау қайталауға негізделгендіктен, оқушылар өзіндік ой мен идея, пікір мен көзқарас, тұжырым мен дәлелдерді ізденуге ұмтылмайды. Ал өз кезегінде бұл жағдай дербес тұлға ретінде дамуына қолғабыс тигізбейді.

2) Б. Блум таксономиясының екінші деңгейін түсіну категориясы құрайды. Түсіну дегеніміз мәліметті таныс, анық күйге ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде оқушылар мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар есте сақтаған мәліметтерді басқа жүйеге түрлендіреді. Оқушылар есте сақтаған мәліметтерді басқаға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар пен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді.

Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда, оқушылардан белсенділікті талап етіледі. Олар ақпаратты өздеріне таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де, сол арқылы оны есте сақтауды жақсартады.

Түсіну категориясын төрт топқа бөлуге болады.

1. Түсіндірме (интерпретация) – оқушылардың қарым-қатынас барысында негізгі идеяларды анықтауы және олардың өзара байланыстарын

келтіруі. Әдетте екі нысанның ерекшеліктерін салыстырғанда, ұқсастырғанда немесе бір-біріне қарсы қойғанда, оқушылар оларға белгілі бір мағына беру арқылы өздерінің түсінігін көрсетеді.

Түсіндірме әдетте «Қалай?», «Неліктен?» сұрақтарына жауап беру мен «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары арқылы жүзеге асады.

2. Аударма (трансформация) – мағынасын сақтай отырып, оқушылардың идеяларды қандай да бір белгілеу жүйесінен өздеріне таныс жүйеге немесе қалыпқа ауыстыру.

Мұнда мынандай тапсырмаларды келтірсе болады: мәліметті өз сөзімен мазмұндау немесе қысқаша келтіру, сөзбен берілген тапсырманы кесте, график, диаграмма түрінде көрсету.

3. Мысалдар – мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсету үшін практикадан алынған фактілерге жүгіну, соларды келтіру.

Әрине, оқушылар мысалдар келтіргенде, сабақта мұғалім айтқан мәгіметтер мен оқулықтарда көрсетілгендерден басқаларын айтқаны дұрыс, өйтпеген жағдайда олар қайтадан «Білім» деңгейіне оралады.

4. Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама түрінде тұжырымдау.

Мұнда да оқушылар оқулықта немесе сөздікте берілген анықтаманы жатқа айтпай, өзіндік тұрғыдан ұғым немесе құбылыстың анықтамасын өздеріне таныс әрі түсінікті сөздермен құрастырады.

3) Қолдану – қандай да бір жағдаятты шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Бұл деңгейде оқушылар мұғалімнің көмегінсіз таныс емес жағдаятты өздігінше шешу керек. Мұнда қорытынды маңызда мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздеу үдерісінің өзі де маңызды болып танылады: оқушылардың шешім іздегені шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

Қолдануда оқушылар тарапынан мынандай әрекеттер атқарылады:

– Жағдаятпен танысады.

– Жағдаят мүлдем таныс болмағандықтан, ол жан-жақты қарастырылады.

Бұл жағдай «Білім» деңгейіне сәйкес келеді.

– Жағдаяттың ерекшеліктерін анықтайды.

– Жағдаят басқа да ұқсас мәселелермен салыстырылып, сол арқылы оның ерекшеліктері айқындалады. Бұл әрекет «түсіну» деңгейіндегі әрекеттерге ұқсайды.

– Шешім қабылдайды.

– «Қалай жасаймын?», «Не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап береді.

– Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді.

– Бұл шешім анықтама, ереже күйінде келтіріледі.

Мысалы, оқушылардың қандай да бір мәліметті жатқа біледі. Олар, мәліметті өз сөзімен түсіндіріп немесе басқаша көрсетіп беріп, оның басқалардан айырмашылығы мен ұқсастықтарын айқындайды.

Енді оқушылар осы мәліметті нақты бір қолданыста көрсетеді: ереже немесе анықтаманы қолданып жаттығу орындайды, жағдаятты шешеді.

Бұл деңгейге мынадай тапсырмалар мен сұрақтар жатады:

- Қалай қолдануға болады?
- Өздеріңіз жасап көріңіздер.
- Не білгіңіз келеді?
- Қалай жасау керек?
- Кесте, сызба жасаңыздар.

4) Талдау.

Мәселен «қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді біріктірсе, «талдау» деңгейі, керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіндіру мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді нұсқайды. Әдебиет сабағында мәтін талдау, образдық талдаулардың барлығында дерлік пайдаланылады. Бұл деңгейде зерттеу нысаны белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс жасайды. Оқушылар жауап беру үшін ой қозғап, өз жауаптарының логикалық тұрғыдан мінсіз болуын қадағалау керек.

«Талдау» деңгейінің «түсіну» деңгейіне ұқсастықтары бар. Түсінік – нәтижені суреттеу, сипаттау, ал талдау – нәтижеге қалайша жеткендігін түсіндіру.

Талдау сұрақтары мен тапсырмалары мынандай болады:

Негізін тану – ауқымды әрі бүтін құрылымды құрамдас бөліктерге жіктеу, сол арқылы берілген мәліметті әрі қарай дамыту.

Мұнда мәліметтің негізгі бөлімдері арасындағы қатынастарды көрсету үшін оның берілген ауқымынан, шеңберінен тыс шығуға болады. Бұл үшін мәліметті құрамдас бөліктерге жіктеп, оларды бір-бірімен салыстырып, айырмашылығын ажырату керек. Осыдан кейін әрбір бөліктің ерекшелігі, мақсаты мен міндеті анықталып, оларды белгілі бір сипаттар не талаптар бойынша ажыратады.

Талдаудың бұл түріне мынандай тапсырмалар жатады:

– Үдерістің қай кезеңдері нәтиже тұрғысынан маңызды болғандығын көрсетіп, дәлелденіздер.

– Өз әрекеттеріңізді тағы да сараптап, қай жерлерде ұтымды болғандығын анықтаңыздар.

– Өз қателеріңізді тауып, оларды түзетіңіздер.

– Құрамдас бөліктердің өзара қатынасын сипаттап, олардың әрқайсының алатын орны маңызын анықтаңыздар.

– Құрамдас бөліктерді сипаттап, олардың қалайша бүтін құрастырып, қорытынды нәтиже сомдайтындығын дәлелденіздер.

– Астарлы мағына ажырату – екі тұжырымның өзара қатынасын көрсету. Бұл қатынастар тура көрсетілмеген немесе айтылмаған тұжырымдарды, ассоциацияларды, нәтижелер мен салдарды келтіру арқылы көрсетіледі. Мұнда мәліметтің жасырын, астарлы ұғымы мен мағынасын айқындау керек.

– Мотивация – «Неліктен? Не себепті?» деген сұрақтарға жан-жақты жауап беру арқылы қозғаушы күштер мен себептерді айқындау.

– Оқушылар оқиғалар мен әрекеттер туралы өздері пайымдаған қосымша мағыналарды пайдалана отырып, олардың тура және астарлы мағыналарын таниды, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғайды.

5) Синтез – жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктерді шығармашылықпен біріктіру деп түсінуге болады. Әдебиетті оқытуда талдау мен жинақтау әдістері оқу үдерісінде бұрыннан қолданылып жүргені белгілі. Талдау үдерісі қаншалықты маңызды болса, жинақтау да соншалықты маңызды. Оқушылардың білімін саралай, жинақтай алу қабілеттерін дамыту оқу үдерісінің маңызды деңгейі болып есептеледі.

Синтез шығармашылық үдерістің бірі. Мұндағы зерттеу жұмыстары «Қолдану» деңгейінен де, синтезге де жатуы мүмкін. Бірақ «қолдану» жаңа ұғымды құрастыруды талап етпейді, ал синтез оқушылардың жеке тәжірибе негізінде жаңалық енгізеді, жаңа шешім шығарады. Синтез – болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарында қолданылып, құрамдас бөліктердің қалайша бірігіп, жаңа мазмұн, құрылым, модель құрайтындығын көрсетеді.

Синтездің мынандай түрлері болады:

– Шығармашылық жанрлар – эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама, т.б.

– Жоспар құрастыру, кластер түзу, жады картасын түзу, методологиялық карта жасау, әрекеттердің тәртібін келтіру немесе тәжірибе өткізу.

– Абстрактылы қатынастармен көрсетілетін нәтижелер.

Мәселен, әртүрлі құбылыстарды бақылау нәтижелерінің негізінде жаңа моделдер құрастыру: бұл қандай да бір ғылыми болжам келтіретін гипотеза болады.

6) Б. Блум таксономиясының алтыншы деңгейі – бағалау. Бағалау – күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Мұнда да шығармашылық әрекеттердің маңызы зор.

Бұл деңгейде оқушылар өз жауаптарында дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады, сөйтіп олар өздерінің таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді.

Бағалауда оқушылар алдымен өз ойлары, идеяларды пайымдаулары қандай талаптар негізінде құрастырылатындығын анықтап, содан кейін осы талаптарды қолдана отырып, өз ойларын келтіреді. Бұл талаптар оқушылардың 1) қандай мәдени және әлеуметтік құндылықтар таңдағанына,

2) діни-рухани және тарихи идеалдарына, 3) жеке басының тұлғалық ерекшеліктері мен құндылықтарына негізделеді.

Оқушы «бағалау» тапсырмаларын орындауда мынандай әрекеттер атқарады:


- Өз ұстанымының (идея, пікір, түсінік) дұрыс-бұрыстығын анықтап, оны жан-жақты пысықтайды.
- Өзінің дербес көзқарасын қалыптастырып, тұжырым ретінде келтіреді.
- Өз пікірін дәйектейді, негіз келтіреді, жақтайды: дәлел келтіреді, сілтеме жасайды, қорғайды.

Бағалау «Сіздің ойыңызша қалай?» деген пікірталас пен дау туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асады. Оқылған мәтінді түсіну деңгейі төрт деңгей бойынша бағаланады:

- 1) фрагментарлық түсіну;
- 2) жалпы түсіну;
- 3) толық түсіну;
- 4) терең сыни түсіну.

Бүгінде білім беру жүйесінде бағалаудың формативті, суммативті түрлері оқу үдерісіне енгізіле бастады. Бағалау оқу үдерісіндегі ең маңызды деңгей ретінде танылып келеді.

Жаңа технологиямен оқыту үшін бірінші кезекте жағымды психологиялық ахуал құрылады, яғни оқушылардың топ ішінде оқушылардың жан-жақты дамуы, бірлескен өнімді әрі тиімді жұмыс жасауына қолайлы тұлға аралық қатынастар мен жағдайлар жасалады. Төмендегі сызбадан оқытудың дәстүрлі, белсенді және интербелсенді түріндегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты көруге болады.



Сурет 1

Тұжырымдай келгенде әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану бүгінгі күн татабынан тындап отыр. Жаңа технологиялардың қолданудың басты ұстанымы оқушының белсенділігі мен терең таным, қабілеттерінің дамытуға бағдарлануы тиіс. Әр оқу үдерісі негізгі мақсат айқын болғанда ғана тиімді әрі нәтижелі болады.

Материал 11.08.16 баспаға түсті.

*Б. Д. Жумакаева*

**Эффективное использование новых технологий преподавания литературы в системе образования**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 11.08.16.

*B. D. Zhumakayeva*

**Effective use of new technologies in teaching literature in education system**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 11.08.16.

*В статье рассматриваются пути использования новых технологий в преподавании литературы. Обсуждены философские основы новых технологий, а также рассмотрены возможности применения в процессе занятий. Необходимость, направление на развитие групповой работы, учащихся выполняемых задания, тем самым определяет эффективность интерактивных уроков.*

*In the article the ways of the use of NT in teaching of literature are examined. Philosophical bases of NT are discussed, and also the possibilities of application in lessons are considered. The necessity, direction on development of group work of students, determines the efficiency of interactive lessons.*

**Г. К. Исмагулова<sup>1</sup>, М. С. Кулахметова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.филол.н., профессор, Костанайский Государственный Педагогический Институт, г. Костанай; <sup>2</sup>к.филол.н., ассоц. профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

**КЛАССИФИКАЦИЯ ОЙКОНИМОВ РЕГИОНА  
БАДЕН-ВЮРТЕМБЕРГ**

*В данной статье изучено происхождение ойконимов и топонимов региона Баден-Вюртемберг (Германия), а также проанализированы языковые закономерности процесса имянаречения. В ходе исследования названия населенных пунктов региона были классифицированы по словообразовательному признаку.*

*Ключевые слова: ойконим, топонимика, словообразование, географические названия.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Происхождение географических названий тесно связано с лингвистикой. Название той или иной местности несет в себе важную информацию о культуре, о традициях и обычаях, о быте, об укладе жизни народа, который некогда жил там. Географические названия – это памятники прошлого, отблески народной культуры, история языка.

Топонимы на протяжении всей жизни сопровождают человека. Все географические названия имеют свой смысл. Язык народа не является чем-то статичным, он полон динамики, он развивается, изменяется, некоторые слова исчезают совсем, некоторые только меняют свое значение [1]. За каждым словом стоит история, бывает даже легенда, наполненная волшебством древнего мира, а бывает курьезы, которым не суждено было забыться.


Актуальность темы заключается в том, что в названиях местности отражается история народа, проявляются языковые закономерности. Изучение происхождения названий позволяет выявить их этническую специфику и проследить, как история влияет на языковые процессы в регионе [2]. В ходе исследования было выявлено, что комплексность и многообразность немецкой топонимии Баден – Вюртемберга связана с тем, что история региона богата на разные исторические события, также географическое разнообразие ландшафта регион отразилось на топонимическом богатстве. Диалекты региона такие, как швабский, альманский, латинский язык, старонемецкий не только внесли свой вклад в развитие немецкой культуры и языка, но и также повлияли на топонимию Баден-Вюртемберга.

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

Всего было рассмотрено 633 ойконима в Баден-Вюртемберге. Так как большая часть ойконимов региона образованы путем словосложения и являются производными словами или Kompositum, невозможно не провести аналогию значений между одинаковыми частями слов. Способностью «говорить» обладают служебные, образующие географические названия, элементы – аффиксы. Это связано с тем, что каждый язык для данного времени и данной местности имеет ограниченный набор суффиксов и префиксов. Это значит, что по одному суффиксу либо префиксу при наличии определенных знаний можно определить и язык, и местность, и эпоху, к которым принадлежит данное географическое название. Так ойконимы региона были классифицированы по словообразовательному признаку: суффиксальному и префиксальному.

**Суффиксальный способ образования** топонимов является самым часто используемым способом в топонимике. Суффикс словообразовательный в топонимии несет в себе информацию о значении слова. Суффикс несет в себе отражение истории, культуры народа. По суффиксу можно определить не только, где проживал тот или иной народ, но и время, в котором зародился топоним. В ходе исследования было изучено значение суффиксов, была проведена типология суффиксов: **аффиксы, несущие в себе историческую информацию и аффиксы, несущие в себе информацию о ландшафте**, т.е. географический аспект (см. диаграмма 1).

Диаграмма 1 – Суффиксы, указывающие на происхождение топонимов



Баден-Вюртемберг это родина швабского языка или швабского диалекта (schwäbisch). В швабском языке особенно много таких названий с окончанием



– *ingen*, – *ungen*, – *ung*. Из 633 ойконимов 141 имеют окончание *–ingen*, *–ungen*, *–ung*, что составляет 22 % всех ойконимов региона. Когда едешь на поезде из Штутгарта в Тюбинген, практически невозможно встретить ни одной станции кроме Бад Канштат (Bad Canstatt), которая не оканчивалась бы на *–ingen*: *Sindelfingen*, *Böblingen*, *Aidlingen*, *Ehningen*, *Gärtingen*, *Nufringen*, *Jettingen* и т.д. Топонимы, оканчивающиеся на *–ing* также не редкость для Баварии: *Garching*, *Ismaning*, *Schwabing* и т.д. В северной части Германии можно встретить вместо *–ingen*, *–ungen*: *Bad Wildungen*, *Kaufungen*. *–ingen* – это окончание, которое обозначает принадлежность, часто к определенному человеку или к вожаку. Например: *Sigmaringen* – место, где жили родственники Зигмара.


Суффиксы *–ingen* и *–heim* стали взаимозаменяемыми, т.е. имели одно значение. И если взглянуть на карту, то можно увидеть, что, где чаще встречаются поселения с окончанием *–ingen*, там реже можно увидеть поселения на *–heim* и наоборот. Например, в Швабии большинство ойконимов с окончанием *–ingen*, и меньшее количество названий населенных пунктов с окончанием *–heim*. А в Гессене, который находится севернее Баден-Вюртемберга, ситуация повторяется с точностью наоборот. Можно предположить, что это так называемая разница моды в регионах.

Особенно много названий с окончанием *–heim* сосредоточено на северо-западе Баден-Вюртемберга, где регион граничит с Райнланд-Пфальц (*Rheinland-Pfalz*). Например: *Mannheim*, *Weinheim*, *Eppelheim*, *Hockenheim*, *Hohenheim*.

Лексема *–ach* либо *–bach* является наиболее частоупотребляемой в наравне с лексемой в регионе. *–ach* (стр.нем. *–ahi*–*acha*) обозначает «селение у воды». На западной границы Баден-Вюртемберга с Францией можно найти большое количество ойконимов: *Sasbach*, *Durbach*, *Gernsbach*.

Диаграмма 2 (стр. 16) показывает количественную характеристику суффиксов, указывающих на ландшафтные особенности. Лексема *–ingen*, *–ungen* преобладают, их насчитывается примерно 141 ойконим. На втором месте по количественному показателю находятся ойконимы с суффиксом *–heim* – примерно 114. Самыми малочисленными являются ойконимы с суффиксами *–furt* и *–bruck*. В графу *другое* относятся топонимы, не имеющие аффиксации.

Диаграмма 2 – Суффиксы, содержащие географическую информацию



История также оказала свое влияние на происхождение ойконимов. В 6-9 вв. на территории Германии происходил процесс христианизации, который не смог не оставить свой отпечаток на топонимиках немецкого языка [3]. Христианство оказало огромное влияние на процесс становления раннесредневекового общества и государства. Христианизация привела к появлению большого числа топонимов церковно-христианского характера. Первые свидетельства о христианизации германских племен можно найти в названиях поселений, оканчивающихся на *–kirchen* (двн. *kiricha*, *chirihha*, др. сакс. *kirika*, свн. *kerke*): *Efringenkirchen*. Также лексема *–kirchen* может иметь усеченную форму *–kirch*: *Oberkirch*.


С развитием феодального уклада и с улучшением техники обработки земли плотность населения увеличивается. Для обозначения таких поселений начинает использоваться слово *dorf*: двн., свн., *dorf*, *dorp*, др. сакс. *thorp* «деревня», «крестьянское поселение» (однако, возможно обозначение этим словом крупного подворья или хутора). Первые упоминания ойконимов на *dorf* (*Albertsdorf*, *Bernsdorf*, *Erkenbertsdorf*) относятся к VIII веку [4]. Топонимы со словообразовательным элементом *–dorf* встречаются на всей территории Германии. В некоторых топонимах слово *dorf*, на основе диалектных различий вокально-консонатного состава, приобретает формы *–trop*, *–trup*, *–drup*, например: *Bottrop*, *Ochrdrop*.

С развитием городов словообразовательные элементы *–burg/-berg* приобретают значение: «большое поселение, город». В данной функции их постепенно сменяют варианты *–statt*, *–stett*, *–stetten* с первоначальным значением «место, местечко», однако в процессе коммунального движения, обретения независимости и права на самоуправление бюргерские поселения начинают обозначаться словом *stadt* (город), в знак оппозиции к населенным

пунктам, зависящим от рыцаря-сюзерена. Можно встретить и другие формы этих лексем –*steil*, –*stetin*, –*stedt* [5]. Ойконимы –*statt*, –*stett*, –*stetten* с окончаниями встречаются довольно часто в центральной части региона Баден-Вюртемберг: *Meßstetten*, *Pfronstetten*, *Stetten am kalten Markt*, *Mehrstetten*.

Диаграмма 3(стр.16) показывает количественную характеристику суффиксов, указывающих на происхождение исторического характера. Лексема –*statt*, –*stetten* преобладают, их насчитывается примерно 73 ойконим. На втором месте по количественному показателю находятся ойконимы с суффиксом –*kirchen* – примерно 48. Самыми малочисленными являются ойконимы с суффиксами –*hofen* и –*dorf*.

Диаграмма 3 – Суффиксы, указывающие на историческую информацию



**Префиксы** могут использоваться, чтобы отличить соседние урегулирования с иначе тем же самым именем. Они могут быть приложены или одинокие. У обоих урегулирований, которые нужно отличить, могут быть противостоящие префиксы (например, *Niederschönhausen* и *Hohenschönhausen*), но также распространено приложить префикс только к одному из них (например, *Stetting* и *Neustettin*).

Таблица 1 – Префиксальный способ образования ойконимов

№	Функция префикса	префикс	значение	пример
1	описание места	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Lichten-</i> или <i>Lichter-</i></li> <li>• <i>Schön-</i> или <i>Schöne-</i></li> <li>• <i>Grün-</i> или <i>Grüne-</i></li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «открытый диапазон»</li> <li>• «хороший»</li> <li>• «зеленый»</li> </ul>	<p><i>Lichtenhagen</i> <i>Schönwalde</i> <i>Grünwald</i> <a href="http://ru.knowledgr.com/09880147/Lichtenhagen(%d1%81%bd%d1%8f%d1%82%b8%db5%9e%bc%be%bd%b8%bc%b8%)">http://ru.knowledgr.com/09880147/Lichtenhagen(%d1%81%bd%d1%8f%d1%82%b8%db5%9e%bc%be%bd%b8%bc%b8%)</a></p>
2	указание на владение кем-либо местом	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Kirch-</i></li> <li>• <i>Bischofs-</i></li> <li>• <i>Grafen-</i></li> <li>• <i>Königs-</i></li> <li>• <i>Kron-</i></li> <li>• <i>Имя как префикс</i></li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «церковное владение»</li> <li>• «владение епископа»</li> <li>• «владение графа»</li> <li>• «король»</li> <li>• «владение короной»</li> </ul>	<p><i>Kirch Jesar Bischofswerda</i> <i>Grafenwöhr</i> <i>Königs Wusterhausen</i> <i>Königsberg</i> <i>Kronumadm</i> <i>Rügenwalde</i></p>
3	Специфика региона	<b><i>Bad-</i> или <i>Baden</i></b>	купальня спа	<p><i>Bad Urach</i> <i>Bad Cannstadt</i> <i>Badenweiler</i> <i>Baden – Baden</i></p>

**ВЫВОДЫ**

Отличительной особенностью региона являются ойконимы с префиксом *Bad*, которая в современном немецком языке является отдельным словом. В названии земли Баден-Вюртемберг в слове «Баден» (в пер. с нем. – «купаться») «зашифрован» ее курортный характер. По количеству термальных источников этот регион Германии находится в стране на первом месте. Именно из-за географических условий в Баден-Вюртемберге так много ойконимов с приставкой *Bad* или *Baden*. Здесь 29 курортов. Говоря о водных курортах в Баден-Вюртемберге, раньше других обычно называют Баден-Баден, но наибольшими запасами минеральной воды в Западной Европе обладает Штутгарт.

Каждое слово в любом языке имеет свои глубокие исторические корни. Исследование топонимов доказывает, что любые движения и изменения тесно связаны с историей развития данной территории. Все события, некогда имевшие место быть в истории, нашли свое отражение в названии городов.

Таким образом, можно сделать вывод, что города, получали чаще всего название от названия племени, жившего на данной территории, от местонахождения на данной территории, от названия реки или водоемов, т.к. именно реки (различные водоемы) играли важную роль в развитии районов.

- 1 Малолетко, А. М. Географическая ономастика. – Томск : Изд-во ТГУ, 2004.
- 2 Матвеев, А. К. Ономатология / А. К. Матвеев. – М., 2006. – 292 с.
- 3 Moskalskaja, O. Die Geschichte der deutschen Sprache, Moskau, 1988.
- 4 Berger, D. Duden, Geograph. Namen in Dtl. Herkunft u. Bedeutung der Namen von Ländern, Städten, Bergen und Gewässern, 1993.
- 5 Kob, Gerhard. Namenforschung. Eine Einführung in die Onomastik – Tubingen, 1990.

Материал поступил в редакцию 17.06.16.

*Г. К. Исмагулова<sup>1</sup>, М. С. Кулахметова<sup>2</sup>*

#### **Баден-Вюртемберг жерінің ойконимдер классификациясы**

<sup>1</sup>Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық институты, Қостанай қ.;

<sup>2</sup>С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 17.06.16 баспаға түсті.

*G. K. Ismagulova<sup>1</sup>, M. S. Kulakhmetova<sup>2</sup>*

#### **Classification of settlements' names of region Baden-Württemberg**

<sup>1</sup>Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay;

<sup>2</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 17.06.16.

*Бұл мақалада Баден-Вюртемберг (Германия) жерінің елді мекен атауларының шығу тегі зерттелген, және тілдік процесінің ат қою заңдылықтарына анализ берілген. Елді мекендердің атаулары деривациялық белгісі бойынша жіктелген.*

*This article gives an overview of the origins of placenames and toponyms of the region of Baden-Württemberg (Germany), and analyzed the language patterns of the process of naming. The study of names of settlements in the region were classified according to derivational basis.*

#### **Г. К. Исмагулова<sup>1</sup>, М. С. Кулахметова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.филол.н., профессор, Костанайский Государственный Педагогический Институт, г. Костанай; <sup>2</sup>к.филол.н., ассоц. профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар  
e-mail: <sup>1</sup>Ism\_gulnar@mail.ru, <sup>2</sup>mira67@rambler.ru

#### **ПРОБЛЕМЫ КОМИЧЕСКОГО В ЛИНГВИСТИКЕ**

*В данной статье рассматриваются вопросы изучения комического в языке, а также проанализированы языковые закономерности процесса комичности в лингвистике с точки зрения разных авторов. Также в статье представлены средства и приемы выражения комического в языке.*

*Ключевые слова: экспрессивные средства языка, комический эффект, стилистические приемы, стилистические средства, виды комического.*

#### **ВВЕДЕНИЕ**

Проблема изучения комического в языке и литературе поднималась учеными различных направлений: философами, психологами, лингвистами, литературоведами. Комическое по своему происхождению, сущности и эстетической функции носит социальный характер. Его истоки коренятся в объективных противоречиях общественной жизни. Комическое может проявляться по-разному: в несоответствии нового и старого, содержания и формы, цели и средств, действия и обстоятельств, реальной сущности человека и его мнения о себе. То есть, в основе создания комического эффекта лежит противоречие: безобразного – прекрасному (Аристотель), ничтожного – высшему (Кант), образа – идее (Фишер), нелепого – рассудительному (Жан Поль) и т.д. Перечисленные противоречия лежат в основе одной из разновидностей комического, но ни одно из них полностью не характеризует его природу.

#### **ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

Термин «комическое» принят в эстетической литературе в качестве слова, обозначающего общее и широкое понятие; сатира и юмор. Сатира представляет собой высшую и острую форму комического. В литературоведении упоминается о видах комического, включающих юмор, сатиру, гротеск, иронию, карикатуру, пародию и т.д. Подобное выделение видов комического происходит от смешения форм и приемов комического.

Вопросам комического уделялось много места в работах многих ученых, лингвистов как Ю. Б. Борева, Б. Дземидок, С. Аттардо, Г. Г. Почепцов, также лишь некоторых казахстанских авторов как И. В. Жумагулова, Е. В. Сафонова и других.

Представляя комическое как единство сатирической и юмористической форм и иронии – как промежуточной формы, для комического во всех его формах присуща общая черта – противоречие, включающие в себя такие понятия как «отклонение от нормы», «несоответствие», «контраст» и т.д. В настоящее время наблюдается междисциплинарный подход к изучению юмора и комического. Однако, по мнению ученых, лингвистика и по сей день не располагает удовлетворительной теорией комического [1].

Анализ различных экспрессивных средств языка, используемых для достижения комического эффекта, представляет несомненный интерес. Большинство исследователей проблема использования языковых средств для достижения комического эффекта рассматривалась на уровне специфических особенностей стиля отдельных авторов.

Так, Р. А. Будагов отмечает, что нет определенных границ в изучении стиля писателя, неясность, которой сосредоточена в определении литературоведческого стиля писателя и его лингвистической интерпретации [2].

В исследованиях З. В. Новицкой не отмечается контрастной параллели между литературоведческим и лингвистическим подходами к проблеме комического. Предлагая анализ речевых средств комического у М. Твена, З. В. Новицкая отмечает особенностью стиля писателя слияние двух филологических аспектов: литературного и языкового [3, 3]. В число используемых М. Твеном речевых средств и стилистических приемов создания комического Новицкая включает комическое словотворчество, юмористическое искажение смысла слов, малапропизмы, прием юмористических и сатирических толкований пословиц, поговорок, изречений, крылатых выражений и т.п.; юмористическое сравнение; прием раскрытия буквального значения фразеологической единицы; прием «персонификации» животных и неодушевленных предметов; комическое применение пословиц, идиом; каламбур, гиперболу; метафору.

В творчестве У. Теккерея отмечает другой ученый И. Н. Цыг лингвистический аспект применения комического, выраженного в использовании писателем одного из лексико-образительных средств сатиры и юмора как прием иронического словоупотребления, эпитета, метафоры и сравнения.

Исследования стилистических приемов, употребляемых писателями для достижения комического эффекта, не могут быть чисто лингвистическими, так как они всегда связаны с анализом ситуации, с анализом тех

выразительных средств, которые автор употребляет для раскрытия идейного содержания произведения.

В большинстве случаев достижение комического эффекта в произведениях отдельных авторов зависит от контекста, от ситуации, когда методы и приемы воссоздающих комический эффект средств может быть безгранично обширен. Это и объясняет большой интерес, проявляемый исследователями к данной области стилистического анализа.

Лингвистический же подход к стилистической проблематике основывается именно на ограждении стиля от контакта его со сферой идей. Объектом этих исследований является текст, представляющий собой «индивидуализированную речевую реализацию элементов системы языка» [4].

Теория комического в лингвистике пополнилась исследованиями ученого Г. Г. Почепцова [5]. В своей работе «Language and Humour» он выделяет два типа юмора: ситуативный и лингвистический. Ситуативный юмор основан, согласно его исследованиям, на несовпадении внешней характеристики предмета высмеивания и его внутреннего состояния, а также на их противостоянии. Внутренняя составляющая часть предмета высмеивания может быть скрыта и только подразумеваться. Эффект лингвистического юмора в большей степени основан на восприятии шутки реципиентом и на том, насколько хорошо развито его чувство юмора и интеллектуальные способности, а также на отношении реципиента к шутке в целом и его настроению.

Исследуя язык и стиль писателей И. Ильфа и Е. Петрова Р. А. Будагов и, основываясь на примеры из их произведений, показывает живые лексико-стилистические категории современного русского языка. С позиций лингвистики он анализирует объективное значение тех языковых и стилистических категорий, которые встречаются в работах И. Ильфа и Е. Петрова.

Автор статьи «Contemporary linguistic theories of humour» Арно Крикман проводит анализ классификации комического или теории юмора в работах В. Раскина и С. Аттардо. Семантическая теория В. Раскина, позднее доработанная в комплексную лингвопрагматическую и когнитивную общую теорию вербального юмора С. Аттардо, исходят из положения о бисоциативности структуры комического. В сознании людей существуют некие ассоциативные контексты действительности – скрипты. По определению С. Аттардо, *скрипт* – это хранящаяся в сознании структурированная информация о каком-либо объекте действительности [6]. Любой скрипт имеет определенную структуру и состоит из следующих компонентов: участников, ролей, которые они выполняют, характерных признаков данных участников, отношений, которые сложились между участниками, частей скрипта, то есть действий, совершаемых участниками,

места, в котором совершаются данные действия, и цели, ради которой совершаются действия. Механизм восприятия комического заключается в резком переключении хода мыслей из одного ассоциативного контекста в другой с помощью триггера – лексического сигнала, в результате которого возникает бисоциативный шок, что проявляется в смехе.

Томас Витч, американский исследователь комического, «A Theory of Humour», где детально описывается феномен комического эффекта, который достигается при наличии трех условий: субъективного состояния эмоционального абсурда, восприятия «нормальности» ситуации (вследствие действия «локальной логики») и нарушения ожиданий воспринимающего. В статье приводится характеристика биологических, социальных, коммуникативных и других относящихся к комическому феномену (включая непонимание юмора) в рамках разработанной теории [7].

Помимо теорий, раскрывающих сущность комического, постоянно появляются исследования, в которых разрабатываются механизмы продуцирования и восприятия юмора. Одной из таких теорий является трехчастная теория механизмов восприятия шуток, предложенная польской исследовательницей Мартой Дайнел. По ее мнению, все шутки действуют в соответствии с тремя механизмами: механизм садовой дорожки (garden path mechanism), механизм перекрестка (crossroad mechanism), механизм красного света светофора (red light mechanism) [8]. Д. В. Казакова в статье «Теории вербального юмора в современной зарубежной лингвистике» дает описание теории М. Дайнел [9].

## ВЫВОДЫ

Все представленные выше теории исходят из идеи разрешения противоречия; они учитывают когнитивные механизмы восприятия и продуцирования комического. Если ранее в лингвистике подобные теории использовались для статичного материала: шуток, анекдотов и т.д., то на сегодняшний день, с их развитием и усовершенствованием, для изучения становятся доступными явления живой спонтанной речи с учетом коммуникативной ситуации и социальной среды.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Иванова, Л. П.** Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы) // Логический анализ языка: языковые механизмы комизма / отв.ред. Н. Д. Арутюнова; Российская акад.наук; Ин-т языкознания. – М. : Индрик, 2007. – С. 651-658.

2 **Будагов, Р. А.** Язык, история и современность. – М. : Изд-во МГУ, 1971.

3 **Новицкая, З. В.** Традиции американского юмора XIX в. И речевые средства комического у М.Твена: автореф. дис...канд. филол.наук. – М., 1966.

4 **Аврасин, В. М.** Характеристика текста и система стилевых черт// Проблемы лингвистической стилистики: научная конференция: тезисы докладов. – М., 1969.

5 **Лилиенталь, Г. Г.** К вопросу о возможности разграничения лингвистического и ситуативного юмора. Вестник СПбГУ. Сер. 9. 2014. Вып. 2. – С. 113-120.

6 **Attardo, S.** Linguistic Theories of Humour. – N. Y. : Mouton de Gruyter, 1994. – 426 p.

7 **Veatch, T. C.** A Theory of Humour // Humour: International Journal of Humour. – N.Y. : Mouton de Gruyter, 2009. – Vol. 11. – № 2. – P. 161-216.

8 **Dynel, M.** Garden Paths, Red Lights and Crossroads [Электронный ресурс] // Israeli Journal of Humour Research. – 2012. – Vol.1 1. – P. 6-28. URL: <http://www.israeli-humour-studies.org/122789/Vol-1-2012> (Дата обращения 24.03.2016).

9 **Казакова, Д. В.** Теории вербального юмора в современной зарубежной лингвистике.// Филологические науки. Вопросы теории и практики, № 8 (26) 2013, Ч.2. С. 77-80. [www.gramota.net/materials/2/2013/8-2/19.html](http://www.gramota.net/materials/2/2013/8-2/19.html) (Дата обращения 24.03.2016).

Материал поступил в редакцию 17.06.16.

*Г. К. Исмагулова<sup>1</sup>, М. С. Кулахметова<sup>2</sup>*

### **Лингвистикадағы әзіл-сықақтың пайда болу проблемасы**

<sup>1</sup>Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық институты, Қостанай қ.;

<sup>2</sup>С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 17.06.16 баспаға түсті.

*G. K. Ismagulova<sup>1</sup>, M. S. Kulakhmetova<sup>2</sup>*

### **Problems of humour in linguistics**

<sup>1</sup>Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay;

<sup>2</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 17.06.16.

*Бұл мақалада тілдегі әзіл-сықақ мәселелері қарастырылып және әртүрлі авторлардың тілдік үлгілерге деген көзқарасы талдауда. Осыған орай, мақалада тілдегі әзіл-сықақ білдіретін құралдар мен тәсілдер берілген.*

*This article deals with the study of the humor in language, as well as analyzes language patterns of comic process in linguistics from the perspective of different authors. The article also presents the means and techniques of expression of the comic in the language.*

ӘОЖ 821.512.122.32.09

### **Ж. Т. Қадыров<sup>1</sup>, С. Н. Жәмбек<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.  
e-mail: <sup>1</sup>zhkadyrov\_777@mail.ru, <sup>2</sup>jambek@mail.ru

## **СЕРІК ҚИРАБАЕВ – СЫНШЫ ҒАЛЫМ**

*Мақалада жалпы әдебиетші-ғалым, сыншы С. Қирабаевтың әдеби-ғылыми, шығармашылық жолы қарастырылып, ғалымның әдеби-зерттеушілік, әдеби-сын, ұстаздық-педагогтік саладағы еңбектеріне қысқаша шолу жасалады. Яғни, қазіргі қазақ әдебиетінің жай-күйі, замандас қаламгерлер шығармашылығы жайындағы әдеби-сын мақалалары, ұлттық әдебиетіміздің қалыптасып, даму кезеңдерін, өзіндік осу жолдарының ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми зерттеулері, әдебиет оқулықтары мен әдебиетті оқыту мәселелерін қарастыратын оқу-әдістемелік, методикалық еңбектері сараланады.*

*Кілтті сөздер: ұлттық әдебиет, сын, сыншы, сын-зерттеу, сыншылық ой, әдеби-сын.*

### **КІРІСПЕ**

Біздің бүгінгі әңгімеміз абыз жас 85-тің төріне шығып отырған белгілі әдебиетші- ғалым, сыншы Серік Смайылұлы Қирабаев туралы болмақ.

Әдеби-ғылыми, шығармашылық жолында, үш бағытта: әдеби-зерттеушілік, әдеби-сын, ұстаздық-педагогтік салада өнімді еңбек еткен ғалымның негізгі қуатты арнасы – әдеби сын екендігін айта кеткен ләзім.

Әдебиет сыны – белгілі бір кезеңнің әдеби құбылыстарына сергек, белсенді үн қата отырып, өз дәуірінің эстетикалық болмысы мен көзқарасын, талғамын білдіріп, әдебиеттің даму жолдарын бағамдайды. Оның жетістіктерін жұртшылыққа түсіндіреді, жақсыларын үлгі етеді, кемшілігін сынға алады. Қысқасы, шын мәніндегі сын өз тұсындағы көркем әдебиеттің

дұрыс бағытта ілгерілеуіне жөн сілтеп, жөн көрсетеді. Кезінде қазақтың белгілі ақыны, жазушы, әдебиетші Сәкен Сейфуллин байсалды да, салауатты сынға байланысты «Сын шын болсын, шын сын болсын» деген болатын.

Орыстың үлкен сыншысы В. Т. Белинский сыншының мақсаты бір жағынан талданып отырған шығарманың құндылығын оқырмандарға дұрыс жеткізу боолса, екінші жағынан сыншының міндеті жазушылардың өздерінің де ұстазы, тәрбиеленуші екенін терең сезіне отырып, өз кезінде әдебиетті бақылап, оның даму жолдарын айқындайды. Жетістігіне қуанып, кемшілігіне қынжылды. Сынның өз дәуірінің, кезеңінің әдеби-көркемдік мәселелерін үнемі сергек, жылдам үн қатуын, динамикалық қозғалыстағы жылжымалылық қасиеттерін аңдай отырып, оны «жылжымалы эстетика» деп бағалаған болатын.

Сыншылық мұраты – абыройлы да жауапкершілігі мол, ауыр да қажырлы сала.

Әдебиеттанушы, сыншы – ғалым Тұрсынбек Кәкішев былай деп жазады: «Сын-өнер, өнер болғанда өте қиын өнер. Белинскийден бастап бүгінгі белгілі сыншыларға дейін сыншы дарыны өте сирек кездесетін талант екенін, сыншы болу да ең қиын да жауапты әлеуметтік – эстетикалық міндет екенін, әрқашан қыл көпірмен жүруге тура келетіндігін айтқандар, жазғандар көп. Сондықтан елдің көңілін табу оңай емес және біреуге ұнай қояйын деп жалпақтау да шын сыншыға жат қылық. Әдебиеттің өгей ұлы емес, бел баласы болса да оңайлықпен мойындала қоятын, оқығандар түгел қоя қоятын өнер емес, бойындағы дарын қуатын сарқа жұмсайтын, талас-тартыс, дау-дамайдың додасына түсіп, ой-пікір сайысында шыңдалатын өнер» [1].

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Академик, сыншы Серік Қирабаев өнерпаздық жолында осындай азабы мол, дау-дамайды да жетіп артылатын сыншылық өнерді өмірлік мұраты, бағдары, тұғырнамасы етіп алған. Сыншылық өнерді көбіміз тек қана сынау деп жадағай, тар өрісте жайдақ түсінетіміз бар. Абайлап қарасақ, оның бұлай емес екендігіне көз жеткіземіз.

«Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың жолдары, тәсілдері, шарттары, критерийлер бар. Мұны білу, игеру де оңай емес. Біреулер көркемдік критерий дегенді әдеби шығарманың кемшілігін ғана қазбалау деп ойлайды. Бұл – қате ұғым. Көркемдік критерий, ең алдымен, әдеби шығарманың бағалы жағын көре білу. Сынның ең қиын міндетінің өзі – осы. Кез келген шығармада болатын үлкенді-кішілі кемшілікті табу бәрінен оңай. Ал шығарма несімен жақсы екенін белгілеу, оның нағыз поэтикалық сұлулығы мен сырлығы неде екенін анықтау бәрінен қиын. Бұл сыншының берік принципін, зор мәдениетін, нәзік түсінігін, өрелі ойын, терең білімін, биік талғамын керек етеді» [2, 54 б.].

Сыншы Серік Қирабаевтың өнерпаздық, сыншылық жолына қарай жоғарыдағы сыншыға тән қасиеттер: биік талғам, терең білім, өрелі ой сипаттарының мол екендігін байқаймыз. Сыншы болмысы жадағай сынның оның диттегені өзгеде сынды қарабайыр сынау құралы деп түсінбейді сыншы мұраты.

«Сынды тек қана сынау құралы деп түсіну қателік. Сынның ең әуелгі және міндеті – әдемілікті, сұлулықты, жарастықты, парасаттылықты, көркемдікті қастерлеу, жақсыға қуану, жаманға қамығу, гүлденер өнерге қолғабысын тигізу, теріс жолдан сақтандырып, оңға бастау, бағыт-бағдар сілтеу. Ертеден кешке дейін мінегіш, кем-кетікті ғана көргіш, айыптағыш сөздер айту шын сынға жат. Сынның айбындылығынның өзі көркемдікті қастерлеу арнасынан табылады» [1, 358 б.]. Олай болса біз ғалым – сыншының өнерпаздық өрісінің іздерінен көркемдікті биік тұғырға қояр өрелі мақсат, биік мұратты көреміз.

Шығарманың көркемдік сипатын тереңірек аңғару үшін сыншыға мол әдеби білім қажеттігін жіті ұғынған.

Бұл турасында сыншы Серік Қирабаев былай деп жазыпты: «Жазушыға білім табиғи талантты, кеңірек дамыта пайдалану үшін керек болса, сыншыға бірінші кезекте қажет. Көркем әдебиет табиғатын таныр сезімталдық сыншы үшін жеткіліксіз. Оның үстіне, ол жазушы қаламынан туған образдарды өмір құбылыстарымен салыстыра алатын, көркемдік бейнелеудің сырларын түсінетін әдеби білімдар адам болуға тиіс. Сыншы жазушыдан сәлде болса ілгері отыруы қажет. Өйткені сыншы, белгілі дәрежеде, қалың оқырманның эстетикалық ұғымдарын қалыптастырушы, оның тәрбиешісі. Жазушыға ақыл-кеңес беріп, шығармалары жайлы пікір айтып отыратын қаламдас дос».

Бұл сыншының өзіне артқан жауапкершілігі, қойған зор талабы. Біз қазір ғалымның ертеректе өзіне қойған талабы мен жауапкершілігінің үдесінен шығып отырғанын көріп отырмыз.

Сыншы Серік Қирабаевтың ғылыми-шығармашылық еңбектерін саралай қарап отырсақ, әдебиет әлемінің үш саласында жемісті қызмет атқарғанын байқадық. Біріншісі – қазіргі қазақ әдебиетінің жай-күйі, замандас қаламгерлер шығармашылығы жайындағы әдеби-сын мақалалары; екіншісі – ұлттық әдебиетіміздің қалыптасып, даму кезеңдерін, өзіндік өсу жолдарының ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми зерттеулері, үшіншісі – әдебиет оқулықтары мен әдебиетті оқыту мәселелерін қарастыратын оқу-әдістемелік, методикалық еңбектері.

Ғалым Серік Қирабаев тумысынан бойына біткен қайрат пен қажыр, төзімділік қасиеттер арқылы осы үш салада да өнімді еңбек етіп, толымды шығармалар туғызды.

Серік Қирабаевтың бойында әдебиет сыншысы, әдебиет зерттеушісі деген қасиеттер бір-бірінен ажырамай, кірігіп, тұтасып кеткен. Ғалымның

осы болмысы жайында оның замандас досы, әріптесі, әдебиеттанушы – ғалым, профессор Нығымет Ғабдуллиннің мына бір пікірін келтіре кеткен орынды болар: «Бізде сыншы деген атауды, көбінесе бүгінгі әдебиет мәселесіне белсене араласып жүрген қаламгерге қатысты ғана қолданып, ал әдебиеттің өткен жолын зерттеумен шұғылданушы әріптесімізді әдебиет зерттеуші деп, екеуінің арасына сәл жік қойып сөйлейтін бір әдет бар. Кейбір әріптесімізге қатысты айтылғанда, мүмкін, бұл дұрыс та шығар. Серікті сыншы дегенде, мен сол екі сынаудың арасынан жік көре алмаймын. Мұның себебі, біріншіден, Серіктің сыншы ретінде жазған әдеби мақалалары мен зерттеуші ретінде жасаған еңбектерінен бір ғана ортақ сипат табамын, жеңілдің бетімен қалқымай, тереңге бойлап отыратын байсалды ойдың желісін танымын. Екіншіден, оның бүгінгі әдебиет проблемалары турасында қозғаған сөздерінен әдебиеттің өткенін зерттеуге де қатысы бар келелі ойларды ұшыратамын. Ал, әдебиеттің өткенінен сыр шерткен еңбектерінен қазіргі әдебиет мәселелерін де қамтыған ұшқыр пікір өрісін көремін. Бүгінгі күн тақырыбы жөнінде ой толғай ма, әлде әдебиеттің кешегісі жайында сөз қозғайма, қай-қайсында да сыншы Серіктің айнымай ұстанып отыратын шарты бар. Ол шарт – әдеби туындының идеялық-көркемдік құнын оның шындыққа қатынасына қарап айқындап, қоғамдық мақсат-мұрат тұрғысынан бағалау» [3, 138 б.].

Серік Қирабаевтың сын-зерттеу еңбектерінің дені кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған. Сыншының бұл еңбектерінде ұлттық әдебиетіміздің іргетасы қаланған алғашқы балаң дәуірінен бастап, бүгінгі жеткен биігіне дейінгі өсу кезеңдерінің жай-күйіне қатысты келелі де түйінді пікірлер өрбиді. «Октябрь және қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде төңкерістен кейінгі жаңа қалыптасқан әдебиеттің ерекшеліктері қозғалса, «Әдебиеттің есею жылдары» атты еңбегінде ұлттық әдебиеттің өркендеу дәуірі сөз болады. «Соғыс және әдебиет» атты зерттеу еңбегінде Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиетінің сипатына тоқталады. «Әдебиет және дәуір» атты туындысында қазақ әдебиетінің кейінгі кезеңдегі табыстары пайымдалады. «Қазақ поэзиясының елу жылдығы» деп аталатын еңбегінде сыншы-зерттеуші ұлттық поэзиямыздың жарты ғасырлық өрлеу жолының бел-белестеріне көз жібереді, оның көтерілген биігін айқындап, алдағы алар асуларына барлау жасайды. «Қазақ балалар поэзиясы», «Балаларға арналған үлкен әдебиет жасайық» деген шығармаларында ұлттық әдебиетіміздің кеңестік дәуірде қалыптасқан жемісті бір бұтағы – балалар әдебиетінің өзекті мәселелері қозғалады.

Сыншының осы еңбектерінің барлығына тән ортақ бір жүйе, желі бар. Олардың әрқайсысында жеке-жеке айтылған пікірлер оқшау қалып қоймай бір желіге сабақталып, түйінделіп отырады. Олар бірін-бірі толықтырып, үдемелі дамып ой арнасының кемерін кеңейте түседі. Осылайша ұлттық

әдебиеттің өркендеу, өсу кезеңдерінің негізгі сипатын, өзіндік белгілерін жақсы айқындап, танытуға күш салады. Зерттеуші салыстыру әдісін, жетістікті сипаттау үшін ғана емес, кемшіліктің сырын ашу үшін де ұжымды қолданып отырады. Сыншы әдебиеттер арасындағы байланысты, олардың бір-біріне өзара ықпалы, ұлттық ерекшеліктері туралы зерттеулерінде әдебиеттану ғылымының ірі мәселелері мен келелі проблемалары көтеріледі.

«Социалистік Қазақстан» газетінде 1948 жылы ақын Жақан Сыздықовтың «Қос қыран» атты жаңа өлеңдер кітабы жайында Серік Қирабаевтың рецензиясы жарық көрді. Бұл оның баспасөз бетінде алғашқы жарық көрген сын еңбегі болатын. Рецензия авторы ҚазПИ-дің филология факультетінің екінші курсының студенті еді. Міне, осы кезден бастап сын өнеріне белін бекем бұған жас сыншының қаламы да өткен сайын ұшталып, өткірлене түсті. Ойы да кемелденіп, қанаттанып, шарықтап өсе берді. Толыса кемерленді. Осы жерде Серік Қирабаевтың сыншылық қарымы, қадамдарының сипаты жөнінде академик Р. Нұрғалиевтің төмендегі пікірлерін келтіре кетсек.

«Тұңғыш әдеби-сын мақалалар жинағында сыншы С. Қирабаев стилінің, творчестволық бағытының негізгі ерекшеліктері көрінген. Сол тұста шыға бастаған басқа да қаламгерлердің осы тақылеттес еңбектерімен теориялық, методологиялық деңгейлестігінің үстіне, автор екі проблемаға айрықша мән берді.

Бірінші – жалпылық, жинақтаушылық сипаттағы мақалалар, екінші творчестволық портрет үлгісіндей материалдар. Алғашқы топтағы «Совет әдебиеті дүние жүзіндегі ең озық идеялы алдыңғы қатарлы әдебиет», «Әдеби сынның партиялық принциптілігі үшін» деген еңбектер кейін бір жүйеге айналса, Ж. Сайн, М. Иманжанов, Х. Ерғалиев, Ә. Нұршайықов творчествосы туралы мақалалар екінші арнаны құрайды. Араға сегіз жыл салып шыққан «Октябрь және қазақ әдебиеті» атты екінші сын кітабында автор «Әдебиеттің есеу жылдары», «Соғыс және әдебиет», «Қазақ поэзиясының елу жылдығы», «Уақыт және қаламгер», «Сыншы еңбегі» деген проблемалық зерттеулерімен қоса, Асқар Тоқмағанбетов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиев туралы монографиялық этюдтерін енгізген» [4, 220 б.].

Серік Қирабаевтың сын-зерттеу еңбегінің үлкен бір бөлігі – жеке қаламгерлер шығармашылығы туралы сөз қозғайтын мақалалары. Бұларда кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің іргесін қалаған, әйгілі сөз шеберлерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі әр буынның көрнекті тұлғаларының сөз өнері жайында ой қозғап, кеңінен толғанады. Олардың тұтас шығармашылық жолына көз салып, қаламгерлердің алғашқы адымынан бастап, алған асулары, көтерілген биіктерін сыншылдық ой сарабына салып, олардың жаза басып мүлт кеткен тұстарын да сезіне отырып, шығармашылық кең тыныспен, биікке шарықтаған екпіндеріне шаттанып, құптаушылық білдіреді. Серік Қирабаевтың бұл мақалаларында өнерпаз тұлғалардың,

қалам иелерінің шығармашылық портреттері бедерленіп, сомдалды. Олардың қатарында М. Шаханов, Жамбыл, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Шәріпов, И. Байзақов, Қ. Аманжолов, Ғ. Мұстафин, А. Тоқмағанбетов, Ә. Тәжібаев, М. Дәулетбаев, М. Иманжанов, С. Бегалин, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Т. Молдағалиевтер бар. Сонымен қатар әдебиет тарихында аз сөз етілетін Б. Бұлқышев, М. Дәулетбаев, С. Дайырбеков, С. Шәріпов, Н. Ахметбековтердің де шығармашылық портреттері жасалған.

Серік Қирабаевтың ғылыми-зерттеу саласындағы тұңғыш еңбегі – Спандияр Көбеевтің қаламгерлік, ағартушылық қызметі турлы жазған монографиясы. Осы монографияның негізінде 1956 жылы жас сыншы кандидаттық диссертация қорғады. Осы еңбекке ілесе жазылған монографиясы Ғабиден Мұстафин шығармашылығына арналады. 1962 жылы ғалымның «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясы жарық көрді. Осы монографияның негізінде 1964 жылы ол докторлық диссертация қорғады. Серік Қирабаевтың бұл монографиясы – қазақ әдебиеттану ғылымына ірі үлес боп қосылған, Сәкентанудың негізін қалап, өрісін кеңейткен, сыншының өз шығармашылығының да биіктеп өскенін танытқан елеулі еңбек боп саналды.

Бұл еңбектің құндылық сипаттары ретінде Сәкеннің жазушылық қызметі, өнер санары қазақ кеңес әдебиетінің даму, өркендеу жолымен тығыз байланыста зерттелуімен, Сәкеннің драматургиялық және прозалық туындыларының сапа-қасиеті, шығармаларының жаңалығы, ерекшелік белгілері заманның жаңалықтарына байланысты түрде сипатталып, Сәкеннің әдебиетке әкелген жаңа әуенін, поэзияның ерекшелік белгілерін оның өлеңдерінің өзгеше құрылысынан, поэтикалық тілін таңдауын атауға болады.

Серік Қирабаевтың сыншы, зерттеуші ғалым ретіндегі талантымен қатар үшінші бір өнерпаздық, шығармашылық өрісі – әдебиет пәні оқулықтарын жазып, даярлап, құрастырумен айналысатын әдістемеші-ғалым ретіндегі еңбегі. 1956 жылы ол Айқын Нұрқатовпен бірігіп, қазақ мектебінің 9 сыныбына арналған әдебиет оқулығын жазды. 1960 жылы 10 сыныпқа арналған қазақ кеңес әдебиеті оқулығын жасауға қатысты. 1968 жылы филология ғылымдарының докторлары М. Қаратаевпен, Т. Нұртазинмен бірлесіп, қазақ кеңес әдебиетінің жоғары оқу орындары филология факультеттеріне арналған оқу құралын жазды.

Бұл еңбектердің қатарына Серік Қирабаевтың мектепке әдебиет оқыту мәселелері жөнінде үнемі жазып отырған мақалалары қосылады. Бұл мақалаларында сыншы әдебиетті жаңаша оқыту проблемаларын көтереді, маңызды ұсыныстар айтылып, мектептің әдебиет мұғалімдеріне әдеби дәрістің ұжымды әдістері жайында методикалық кеңестер беріледі.

Сыншы қаламы тәуелсіздік алған жылдардан кейін де тоқырап қалған жоқ. Осы жылдары да өнімді еңбек етіп, қазақ руханиятына тың құбылыс



боп оралған қазақтың бес арысының Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығына байланысты «Жүсіпбек Аймауытов» атты зерттеу еңбегін 1993 жылы ғылыми қауымға ұсынды. Бұл еңбекте Жүсіпбек Аймауытовтың қиын да күрделі тағдыры әңгімеленіп, өмір жолы, болмыс-бітімі, тұрмыс-тіршілігі, шығармашылығы жан-жақты сөз болады.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы ретінде ұсынылған «Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» (1998) деген еңбегінде ғалым жетпіс жылдан астам өмір сүрген кеңестік кезеңдей әдебиетіміздің саяси, тарихи тұрғыдан қаншалықты өскені, қандай рухани қысым шеккені туралы қозғалып, алаш қатарында болып, есімдері аталмай келген айтулы ақын-жазушылардың еңбектері бүгінгі күн тұрғысынан бағаланады.

Ғалымның «Тәуелсіздік және әдебиет» атты зерттеуі де құнды еңбектердің қатарында саналады. Ғылыми-шығармашылық және ұстаздық, педагогтық қызметте абыройлы да жемісті еңбек еткен Серік Смайылұлы Қарабаев өмір жолында үлкен биіктерге көтерілді. Ол – филология ғылымдарының докторы, профессор, СССР Педагогика ғылымдары Академиясының корреспондент – мүшесі, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогика университетінде әдебиеттен жастарға дәріс беріп, көп жылдардан бері ұстаздық қызмет атқарды. Еліміздің орта дәрежелі оқу орындары үшін филолог мамандарды тәрбиелеу жұмысында және әдебиеттің жас ғылым кадрларын даярлау ісінде оның сіңірген елеулі еңбегі бар.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Өмірде де, ғылымда да қажырлы қайрат көрсетіп, тынымсыз еңбек еткен Серік Қарабаевтың өнегелі жолы, білім, ғылым іздеген өскелең ұрпағының кейінгі буынына адастырмас бағдар, сенімді құбылнама, ғибратты үлгі болар деп сенеміз. Сексен бесті еңсеріп отырған қайсар да, қажырлы, ғұлама ғалымнан алдыңғы уақытта да сүбелі дүниелер көреміз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті. Сынның тарихы. – Алматы, 1994. – 358 б.
- 2 **Қабдолов, З.** Таңдамалы шығармалар. Екінші том. – Алматы, 2003. – 54 б.
- 3 **Ғабдуллин, Н.** Уақыт сыры. – Алматы, 1981. – 138 б.
- 4 **Нұрғалиев, Р.** Телағыс. - Алматы, 1986. – 220 б.

Материал 31.03.16 баспаға түсті.

*Ж. Т. Кадыров<sup>1</sup>, С. Н. Жамбек<sup>2</sup>*

**Серик Кирабаев – ученый-критик**

<sup>1</sup>Северо-Казахстанский государственный университет  
имени М. Козыбаева

<sup>2</sup>Кокшетауский государственный университет  
имени Ч. Валиханова.

Материал поступил в редакцию 31.03.16.

*Zh. T. Kadyrov<sup>1</sup>, S. N. Zhambek<sup>2</sup>*

**Serik Kirabayev – a scientist and critic**

<sup>1</sup>North Kazakhstan State University  
named after Manash Kozybayev, Petropavlovsk.

<sup>2</sup>Sh. Valikhanov Kokshetau State University, Kokshetau.  
Material received on 31.03.16.

*В статье рассматривается научно-литературный, творческий путь литератора – ученого, критика С. Кирабаева, проводится краткий анализ его литературно-исследовательских, литературно-критических, педагогико-преподавательских трудов. Также проанализированы его учебно-методические, методические труды, в которых рассматриваются проблемы обучения литературе, описываются особенности современной казахской литературы, литературно-критических статей современных писателей, периодов развития национальной литературы.*

*Scientific-literary and creative path of the scientist and critic S. Kirabayev is regarded in the given article, a short analysis of his scientific-literary, literary-critical, pedagogical works is being carried out.*

*The analysis of his methodical works is given, where the problems of teaching literature and his researches describing the features of Kazakh literature, also literary-critical articles of contemporary writers in the period of the development of national literature.*

**М. Қ. Қанабекова**

аға оқытушы, Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті,  
Алматы қ.

e-mail: menya.56@mail.ru

**КӨНЕ СӨЗДЕР ҚҰПИЯСЫ**

*Мақалада қазақ лингвистикасындағы ғылыми парадигманың бір көрінісі – көркем мәтінді семантикалық-стистикалық тұрғыдан талдаудың жаңаша бағыт-бағдарын айқындау мәселелері, сондай-ақ көркем мәтіндегі тарихи стиль тезіне түсіру тәсілінің тіл тарихын зерттеп-зерделу мен қазақ әдеби тілінің даму кезеңдерін айқындаудағы маңыздылығы ашып көрсетіледі. Көркем мәтінде кездесетін кейбір көнерген сөздердің семантика-этимологиялық ерекшеліктері және қазіргі стилистикалық қолданысы жайлы сөз болады. Яғни тілімізде семантикасы күңгірттенген ескірген лексикалық бірліктердің түсініктілік дәрежесі анықталып, мұндай көне үлгілердің танымдық мәні сипатталып, қысқаша талданып беріледі.*

*Кілтті сөздер: парадигма, лингвостилистика, прагматика, мәтін, тарихи стиль тезіне түсіру, адресант, адресат, әдеби норма, көркем норма, поэтикалық тіл*

**КІРІСПЕ**

XXI ғасыр қазақ тілтанымындағы жаңа ғылыми парадигманың бір көрінісі – көркем мәтінді стилистикалық тұрғыдан талдаудың жаңаша бағыты. Қазіргі тіл білімінде танымдық негіздегі ғылыми ізденістер қарқынды жүргізілуде. Әсіресе қазіргі тіліміздің белгілі бір кезеңдеріндегі даму тарихын, сөздік қазынасын, прагматикалық мәні мен танымдық сипатын, т.б. қырларын зерттеуге баса көңіл бөлініп отыр. Лингвостилистика ғылымында көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілері тек теориялық танымдармен шектеліп қалмай, оның дамуында мәтінді құрайтын тілдік бірліктердің, әсіресе лексикалық көнерген элементтердің семантикалық-стилистикалық жүйесін анықтау, тарихи стилизация құбылысының амал-тәсілдерін де, тілдік белгілерінің көрінісін де қарастыру тіл тарихы үшін маңызды болып отыр. Демек, лингвистикалық зерттеулер ауқымының кеңеюі мен тілдегі функционалдық, коммуникативтік-прагматикалық бағыттың қарқынды дамуы көркем әдебиет стилінің де танымдық тұрғыдан жаңаша сипатта қарастырылуына зор ықпалын тигізуде. Бұл бағытта ғылыми-танымдық зерттеулер мен талдаулар жүргізген көрнекті ғалым Рәбиға Сыздықтың мына бір пікір-пайымдауы ескіліктердің

зерттеу нысанына алынуының себептерін нақтылай түседі: «Сөз дегендер де «тірі дүниелер іспетті, яғни тарихи құбылыс атаулары, демек, сөздердің де не мағынасы, не тұлғасы, не қолданыс орны өзгеріп жатады. Бүгінгі адамдар санасы өсіп, әр халық өз тарихының бұрынғы-соңды құндылықтарын мейлінше түгендеп, зерттеп-зерделеп жатқан күндерде «ескірген», тіпті әбден «көнерген дүниелерді де теріп-жинап алып, таным-ғылым дүниесіне, мүмкіндігі болса қоғам тірлігіне (тіліне) алып келудің қажеттігі туып отыр» [1, 13 б.]. Бұл мақаладағы негізгі мақсатымыз – көркем мәтін тілінде кездесетін «көнерген дүниелерді» анықтау, яғни кейбір көнерген лексикалық бірліктердің түсініктілік дәрежесін анықтау, өткен дәуірлерде білдірген нақты мағынасын семантикалық-этимологиялық тұрғыдан ашып көрсету, қазіргі тілдегі қолданылу уәжін саралау, тіл тарихы үшін танымдық мәнін сипаттау.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Тарихи стиль тезіне түсірілген (стилизицияланған) шығармаларда өткен дәуірді, тарихи шындықты шынайы суреттеуде ерекшеленетін тәсіл, әрине, көнелік сипаты басым – лексикалық бірліктер болатыны табиғи құбылыс. Бұл жөнінде ғылымда әрқилы ой-пікірлер бар. Соның бірі – «Дәуірге байланысты тіл проблемасы тек лексикалық тұрғыдан ғана емес, синтаксистік тұрғыдан да шешілуі тиіс» дейтін болса, екіншісі – шын мәнінде «лексикалық сөз топтарына байланысты тарихи романдардың негізгі тіл ерекшелігі жасалады» [2, 37 б.] деушілік. Бұл тәсілдер тарихи стиль тезіне түсірудің негізгі тілдік амалдары бола отырып, бүгінгі оқырмандар көзқарасына, адресат қабылдауына лайықты дәуір тілін қатаң сұрыптауды, орнымен өз мағынасында дәл жұмсай білуді талап етеді. Қысқасы, әр сөзді дұрыс қолданып, сөйлете білу – стильдік қана талап емес, ол – мағына айқындығының да талабы деп түсінуіміз қажет. Сондықтан мағынасы беймәлім сөздердің құпия-сырын (семантикасын) ашып көрсетіп, түсініктілік дәрежесін анықтау, стильдік мәнін түсіндіру бүгінгі қалың көпшіліктің білік-танымын көтеруде аса маңызды болмақ.

Тарихи шығарма мәтінінде көнерген бірліктер мен ескіліктер жалпы алғанда біршама жиі қолданылады және олардың бірқатары бүгінгі адресат қабылдауында түсініксіз сөздер немесе мәнмәтін арқылы түсінуге болатын тілдік бірліктер, сондықтан мұндай жағдайда ұмыт болған немесе мағынасы күңгірттенген сөздер мен сөз тіркестерін реті келген сәттерде автор (ғалым, жазушы, журналист) тарапынан түсіндіріліп отырса игілікті іс болар еді. Өйткені қалың оқырман қауым мәнмәтін (контекст) бойынша жалпы мазмұнын ұққанымен, сол кездегі (өткен дәуірлерде) білдірген мағынасын дәл тани бермейді. Әрине, тарихи шығарма авторларының бірқатары өздері қолданған көне сөздердің кейбіріне түсінік беріп, мағынасын ашып көрсетеді. Мысалы, белгілі жазушы І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы

мынандай сөйлем жолдарына назар аударалық: «Ол *ератын* да осы ажалмен қорқытып ұстаған жоқ па? Бас *наибы* Қастек би мен ауыз үйде күтіп тұрған *паруалар* үн-түнсіз соңынан ере береді». Бұл үзіндідегі мағынасы түсініксіз *ерат*, *паруа* сөздеріне автор өз тарапынан сілтеме беріп, мағынасын ашып түсіндіреді: «ерат – ескі түркі тілі, «әскер» мағынасындағы сөз. Ескірген сөзді түркі-орыс сөздігінен кездестіреміз: *erat* – состав, рядовой состав; низшие чины». Ал *паруа* «хан соңындағы қорғаушы адамдары» деген мәнде жұмсалып тұрғандығын ұғындыра кетеді. В. Бартольдтың 9 томдық шығармаларында *паруа* сөзінің мағынасына осы ұғымда төмендегідей түсінік беріледі: «перване, занимавших эту должность, в которых в средние века была связана передача личных распоряжений государя» [3]. Сол сияқты *пасбан*, *тұтғақ* сөздерін де мәнін ішінде оқырман қауым нақты мағынасын тани бермейді, яғни бұл екі сөздің І. Есенберлин туындысында «*күзетші, түнгі күзетші тобы*» деген мәнде жұмсалғандығы байқалады.

Бұл мақаладағы негізгі мақсатымыз – кейбір көнерген лексикалық бірліктердің түсініктілік дәрежесін анықтау, яғни өткен дәуірлерде білдірген нақты мағынасын семантикалық-этимологиялық тұрғыдан ашып көрсету, қазіргі тілдегі қолданылу уәжін саралау, тіл тарихы үшін танымдық мәнін сипаттау.

Өткен ғасырлардағы қазақ қоғамындағы тарихи шындықты, бүгін бір дәуір келбетін, ондағы ел билеу тәртібін суреттейтін тұстарда жазушылар әсіресе сол дәуірге тән әскери-әкімшілік терминдерді, титулдық мәндегі лауазым атауларын: *арбаб*, *аталық*, *басқақ*, *бақауыл не бөкеуіл*, *даруға*, *датқа*, *қалға*, *күріген*, *тұтғақ*, *пасбан*, *наип*, т.б. тәрізді ескірген лексикалық бірліктерді өз мағынасында дәл танып, ұтымды пайдаланған. Деректер келтірілік:

*Басқақ*. Зерттеушілер танымы бойынша, ол – түркі сөзі, «өлке басқарушысы», бірде «алым-салық жинаушы» мәнінде жұмсалған бұл сөздің моңғол тіліндегі *даругачи* (*даруға*) титулының түркілік варианты ретінде жұмсалғандығын тарихи деректерден кездестіреміз. Бұл жөніндегі түсінік-танымдар көрнекті ғалым Р. Сыздық еңбектерінде біршама беріледі [4]. Шыңғысхан, оның ұрпақтары жөнінде, Түркістан тарихын суреттейтін көптомдық шығармасында белгілі тарихшы В. Бартольд «басқақ» жөнінде тың деректер келтіріп, семантикалық ерекшеліктерін, транскрипциясын ашып көрсетеді: «Может быть, следует транскрипцию тюркского термина *баскак*, соответствующего монгольскому *даругачи*». Сондай-ақ *басқақ* сөзі туралы аталған авторда екінші бір деректер келтірілген: «Во всех странах, завоеванных монголами, они мусульманские купцы самые выгодные должности, в частности, в руках купцов находилось финансовое управление, а также должности сборщиков податей *баскаков*» [3]. В. Бартольдтың деректері негізінде келтірілген *басқақ* сөзінің мағынасы жазушы В. Янның «Шыңғысхан» романының қазақша басылымында да «*алым-салық жинаушы*,

*бастық*» ұғымында қолданылады. «Көшпенділер» авторы І. Есенберлин бұл сөзді «моңғол хандарының басып алған жерлеріндегі халықтан алым-салық жинап тұратын уәкілі» деген мағынада жұмсаған. Моңғол империясы орнаған кездегі әлеуметтік тарихи шындықты дәл бейнелеп көрсету үшін осындай тілдік белгілерді жазушы стильдік мақсатпен орынды қолданған: «Құлағу арғын әйелінің айтқанын орындап, қарамағындағы бүкіл қара теңіз маңындағы елге бас *басқақ* етіп Арғын батырды отырғызды».

*Құма*. Тарихи лексика құрамында бар, ал бүгінгі тілдік қолданыстан шығып қалған, белгілі бір кезеңдегі тарихи оқиғаны нақты суреттеу үшін белгілі қаламгер М. Мағауин «Аласапыран» романында *құма* сөзін пайдаланады. Қоғамдық құрылысты, әлеуметтік ортаны суреттеудегі тарихи дәлдікті сақтау үшін әлеуметтік атау ретінде түркі-моңғол халықтары тарихында орта дәуірлерде қолданылған. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат-ат-тауарих» атты шежіресінің тілін зерттеген Р. Сыздық орта ғасырларда ел билеуші ханның некелеп алған әйелдерін *хатун* деп, некесіз алған әйелдерін *құма* деп аталғандығын; *құмалар* негізінен жаулап алған ұлыстың хандарының, қолбасшыларының, рубасыларының, билерінің әйелдері, қыздары, қарындас-туыстары екендігін; құмадан туған балалар заңды саналып, хатундардың тәрбиесінде болғандығын айтады.

*Датқа*. Бұл ескірген бірліктің мағынасы мүлдем ұмыт бола бастаған, тек жоғарыдағыдай тарихи туындылардың тілінде ғана қолданылып жүрген сөз. Біздің тілімізге парсы тілінің *dadxah* сөзінен енгендігі жайлы мәлімет сөздіктерде көрсетілген [5]. Сөздіктерде бұл сөз «хан сарайындағы жоғары әскери атақ, лауазым» деген мәнде түсіндірілген. Мәселен, қырғызша-орысша сөздікте бұл сөзге мынадай түсініктеме берілген: «...датха – одно из высоких званий, дававшихся в Кокандском и Бухарском ханствах, приравнявалось некоторыми дореволюционными исследователями к чину полковника: одной из обязанностей датха, было докладывать хану жалобы подданных данного района, во время присоединения Кокандского ханства к России Киргизами Алтайской долины управляла киргизка в звании датха» [6]. Бұл сөзді жазушы І. Есенберлин жоғарыда аталған шығармасында «әскери басшы» деген ұғымдардан гөрі өзгеше «ел, өлке билеушісі» деген мәнде қолданғаны байқалады: «Созақ *датқасы* Бабажан тіпті қаннен-қаперсіз жатса керек, бір нөкері келіп, «жау келіп қалды, тұрыңыз» десе, «Созаққа Кенесарыдан бөтен жан бата алмайды, ол қайда, Созақ қайда?» – деп жауап беріпті» (Көшпенділер, 132 б. ).

*Даруға*. Даруға сөзінің тегі – моңғол тілі. Әрбір кезең мен әрбір әкімшілік құрылысқа қарай бұл сөздің нақты мағынасында азды-көпті өзгерістер болғаны байқалады. Мысалы, моңғол шапқыншылығын суреттейтін шығармаларда академик В. Бартольдтың деректері бойынша, *даругачи* сөзі Шыңғысхан кезеңінде «өлкенің бас әкімі, империя әкімшілігінің өкілі» деген

мәнде жұмсалған, олардың атқаратын қызметтері: 1) халықтың санағын алу; 2) жергілікті халықтан әскерге адам алу; 3) почта қатынасын қамтамасыз ету; 4) алым-салық жинау болған – деп саралап көрсетеді [3].

*Аталық.* Мағынасын дұрыс түсініп, дәл тануды қажет ететін бұл сөздің семантикасында «хан ұрпағының тәрбиешісі, қамқоршысы, кеңесшісі» деген титулдық мәндегі бірлікті білдіреді. Өткен ғасыр сөздіктері де осы мағынаны көрсетеді: «Аталық – воспитатель, попечитель, род советников ханских сыновей» [7]. В. Ян трилогиясында бұл титул атақты баһадүр Сүбітайға берілген. Баяндалатын мәтінде ол сөз Бату ханның әрі тәрбиеші ұстазы, әрі әскери кеңесшісі деген мағынада жұмсалағандығы байқалады. Қазақ қаламгерлері де бұл сөздің семантикалық реңкін дәл танып, осы ұғымда орынды жұмсаған: «Батыр Саянды Сүйіндікке *аталық* етуге тырысқаны да, басына ажал қылышы төнген сәтте жігіттің құтылып кетуіне жәрдем бергені де рас» (Алмас қылыш, 76 б.).

*Аталық* сөзіне жақын, семантикасында ұқсастық бар, мағыналас ұғымдарда келетін *сұрқылтай* титулдық мәндегі сирек сөз тілімізде бар. Төркіні түркі-моңғол тілінен тараған ескірген сөз қазіргі тілімізде «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген мәтел құрамында сақталған, сирек қолданыстағы сөз. Бұл – моңғол тіліндегі «оқытып-үйрету, тәрбиелеу, кеңес беру» мәніндегі *сурга(х), сургаалтай* сөзінен дыбыстық өзгеріске ұшырап, тілімізде тұлғасы *сұрқылтай* тұлғасында қалыптасып орныққан. Өткен ғасыр ақын-жыраулар поэзиясының тілінде қолданылған. Тезек төре өзінің сұрқылтайы етіп Сүйінбай ақынды ниет еткені екеуінің айтысынан анық байқалады: «Әр заманның бар дейді *сұрқылтайы, Сұрқылтайым* менің де екен мынау». Сол заманның тілдік колориті ретінде сақталған мұндай сипаттағы сирек сөздерді тарихи шындықты шынайы суреттеуде стильдік амал ретінде әдеби тіл үлгілерінде пайдалану фактілері жиі байқалады. Демек, тіліміздегі ескірген лексикалық бірліктер – қазақ халқының өткен дәуірлердегі тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат беретін тарихи ақпараттар көзі.

Лексикалық ескіліктер құрамында өзге тілден енген көптеген көне кірме сөздер бар. Қазіргі тілімізде дәл баламасы жоқ кейбір сөздердің «стильдендіру» мәні бар деп ұғынсақ, ондай өзге тілдік кірме элементтердің де мән-мағынасын дәл таныған жөн. Шығарма мәтінінде өзге тілдік бірліктердің кездесуі – заңды құбылыс. Мұның өзі сол шығармада суреттеліп отырған дәуірді, оның тілдік ерешеліктерін сипаттайды әрі сол дәуірдің тілдік колориті ретінде сол қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық мәдениеті мен тарихи шындықты бейнелеуде эстетикалық қызмет атқарады. Жоғарыда аталған романдар тіліндегі көнерген өзге тілдік лексикалық бірліктердің дені – араб-парсы, моңғол және орыс сөздері: *әкім, датқа, наип, даруга, күріген, көрехан, богдахан, ақтажы бояр, емелдес, қонтайшы, мырза, патша, царевич, вой, воевода, стряпчий, окольникий,*

т.б. М. Мағауин туындысында орыс тілінен енген мұндай көнерген сөздер мен ескірген сөз тіркестерін шығарма тіліне енгізу – тарихи стиль тезіне түсірудің ұтымды тәсілі болып саналады.

Өзге тілдік лексикалық бірліктердің бірқатарының мағынасы бүгінгі оқырман қауымға мүлдем түсініксіз, олардың кірме сөз екендігін, өзіндік семантикалық ерекшелігін тану қиынға соғады. Бұл сөздер – төлтума тілдің (орыс тілінің) өзінде архаизмге айналған сөздер. «Аласапыран» романында бүкіл өмірін адал әскери қызметте өткерген кәрі вой Матвей Чулков туралы баяндалатын мәзмәтінде жазушы М. Мағауин *вой* сөзін «жауынгер, әскери адам» деген мәнде өте орынды жұмсаған. Сол сияқты «ас-су, дастархан жайын басқаратын адам» мағынасындағы *бақауыл* сөзінің синонимі ретінде орыс тіліндегі *стряпчий* көне атауы осы тұлғада ұшырасады. Қызметтері бірдей болғанымен, орыс патшасы сарайының ресми қызмет иесін *бақауыл (не бөкеуіл, не бауыршы)* деп атамай *стряпчий* деп беруі тарихи шындықты дәлірек суреттеу мақсатынан туындаған стильдік амал деп түсінеміз. Бақауыл сөзінің қазіргі тілімізде мынадай мақал-мәтелдер құрамында сақталғанын аңғаруға болады: *Аз асқа бақауыл болған жаман, аз елге хан болған жаман.*

Сөздің бүгінгі қолданыстағы мағынасы мен көне мағынасының арасында едәуір айырмашылықтардың бар екендігін кейбір жағдайда басқа сөздермен тіркесу сипатынан да байқауға болады. Ондай мағыналық реңк-өзгешеліктер әдетте оқырманға жеткілікті түрде байқала бермейді. Мысалы, *азамат* сөзі бүгінгі әдеби тіл нормасы тұрғысынан «кәметке жеткен» не «адамгершілігі мол адам» ауыс мағынасында да жұмсалады. Бұл сөздің архаистік мәні *аламан* сөзімен тіркескенде айқын көрінеді. *Аламан азамат* сөзі М. Мағауин романында Ораз-Мұхамед пен Манақ батыр арасындағы диалогта қолданылып, «шапқыншы, ел қорғайтын жауынгерлер» ұғымында жұмсалған болуы керек: «...Сәждаға маңдайы тимеген өңшен баскесер намазды қалай оқымақ? *Аламан азаматты* айтсаң, отаман, сенің өзін бірдене білемісің?». Бұл үзіндідегі *аламан азамат* тіркесін дәуір оқиғасын суреттеуде, ондағы әлеуметтік топты айырып көрсетуде автор стилизация құралы ретінде орынды қолданады. Мұндағы *аламан* да *азамат* сөзіне көнелік реңк үстемелеп, мағынасын нақтылай түседі. Мұндай реңдегі ескірген бірліктерді пайдалану ерекше стильдік жағдайларды талап етпейді, контекстің сипатымен, кейіпкерлер образымен байланысты болып келеді. Көне мәніндегі *азамат* сөзі фольклор үлгілері мен лиро-эпостық жырларда және жыраулар поэзиясында жиі қолданылады. Мысалы, «Айман-Шолпан» жырындағы: Аты болса байласын, *Азаматын* сайласын – дегендегі *азамат* – «*жасақшы*» мағынасында жұмсалған, көнелік ұғымды танытатын сөз әрі бұрын терминдік мағынасы болған тілдік бірлік. Қысқасы, *азамат* сөзінің көне жырларда, ертеректегі қазақ әдеби тілінің тарихи туындыларында «*ел қорғайтын жауынгер адам, жасақшы*» деген мәнде қолданылғандығы тіл деректері арқылы дәлелдене, айқындала түсті.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, тіл тарихын зерттеп-зерделеуде, қазақ әдеби тілінің даму кезеңдерін айқындауда көркем әдебиетте кездесетін мұндай көне үлгілердің маңызы зор. Себебі әр кезеңде дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы – тіл. Тіл – халықтың әр кезең, әр дәуірдегі айнасы. Сөз төркінінде әр халықтың тағдыры, тарихы мен дүниетанымы жатады. Сондықтан қалың оқырман, әсіресе жастар мен студенттер қауымы тарихи тақырыпты, кең мазмұнды көркем шығармаларды сүйіп оқып, танымдық-тарихи ақпараттарды тереңірек игеру үшін, тіліміздегі ескірген бірліктердің, тарихат сөздердің ерте кездердегі білдірген мән-мағынасын дәл тани білуі аса қажет-ақ.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сыздық, Р.** Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы, 2009.
- 2 **Донец, Л. С.** Особенности языка произведений исторического жанра (на материале романов Л. Югова, С. Скляренко). – Л., 1976.
- 3 **Бартольд, В. В.** Сочинения ( в 4-ти томах). – М., 1963.
- 4 **Сыздықова, Р.** Сөздер сөйлейді. – Алматы, 2004.
- 5 **Ондасынов, Н.** Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, 1974.
- 6 **Киргизско-русский словарь (Юдахин К.К.).** – М., 1965.
- 7 **Страчевский, А. С.** Спутник русского человека в Средней Азии. – СПб., 1878.

Материал 13.06.16 баспаға түсті.

*М. К. Канабекова*

**Тайны архаических слов**

Казахский государственный женский педагогический университет. г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 13.06.16.

*М. К. Kanabekova*

**Secrets of archaic words**

Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty.  
Material received on 13.06.16.

*В данной статье речь идет об одной из категорий научной парадигмы – семантико-стилистическом аспекте анализа художественных текстов. Рассматриваются семантико-*

*этимологические особенности языковых единиц, устаревших с точки зрения современного читателя, и их употребление в современной стилистике. Раскрыта значимость исторической стилизации художественного текста, его когнитивный аспект в развитии определенного периода словарного запаса казахского языка.*

*This article is about one of the categories of scientific paradigm – the semantic and stylistic aspect of the analysis of literary texts. There are considered the etymological and semantic features of language units, obsolete from the viewpoint the modern reader, and their use in modern stylistics. The article deals with disclosure of significant historical stylization of a literary text, its cognitive aspect in the development of the vocabulary of the Kazakh language of a certain period.*

ӘОЖ 81'37

**Б. Қ. Қасым**

ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ.

e-mail: bkasym\_gosyaz@mail.ru

**КҮРДЕЛІ АТАЛЫМДАРДЫҢ УӘЖДІЛІГІ МЕН СЕМАНТИКАСЫ**

*Мақалада тілдегі уәжділік ұғымы – күрделі лингвистикалық категориялар: сөз мағынасы, тұлғасы, мәні мен мағынасы, мазмұны, белгісі лексикалық бірліктердің фразеологиялық мағынасы т.б. зерттеулердің негізі болатыны қарастырылады. Туынды сөздің жасалуында қажеттілік, себептілік, негізділік болуы шарт. Уәждеме – сөздің ұғыммен байланысын, болмыспен қарым-қатынасын айқындайтыны талданады.*

*Кілтті сөздер: уәжділік, сөзжасамдық уәжділіктегі, дыбыстық уәж, морфологиялық уәж, семантикалық уәж, номинативтік белгі, фреймдер.*

## КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімінде уәждеме мәселесі қазіргі таңда зерттеу нысанына айналған. Тілдегі көптеген таңбалардың уәжділік сипаты уәждеме теориясының негізі қаланған деуге негіз бар. Қазіргі қазақ тіліндегі аталым бірліктерінің сөзжасам тәсілі арқылы жасалу үрдісінің белсенділігі тілдік

қолданысынан айқын байқалады. Аталым бірліктердің туындауының уәждемесін қарастырғанда олардың тілдік сипатымен қоса танымдық негізі де назарға ілігеді. Бұл мәселе күрделі бірліктерді тіл қолданушының өзін қоршаған әлем нысандарының тілдік бейнесін түзу мәселелерімен байланыстыра зерделеуді талап етеді. Күрделі бірліктерінің аталым нысаны ретінде көбінесе заттар мен құбылыстар ұқсастығының негізінде жасалатыны белгілі.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Уәжділік** – сөз бен заттың арасындағы ат беру сәтіндегі байланысын зерттейді. Бүгінде уәжділік мәселесі әлеуметтану, психология, семиотика, философия, тіл білімі сияқты көптеген іргелі салалар бойынша қызықты әрі күрделі зерттеу нысанына айналу үстінде. Тілдегі уәжділік ұғымы күрделі лингвистикалық категорияларды, атап айтқанда, сөз мағынасы, тұлғасы, мәні мен мағынасы, мазмұны, белгісі лексикалық бірліктердің фразеологиялық мағынасы т.б. зерттеулердің негізі болып отыр. Белгілі бір затқа атау беріп, ат қойғанда өмір шындығы мен халықтың тұрмыс-тіршілігі, сана-сезімі мен болмыс-бітімі тіл фактілеріне айналып, әртүрлі заттардың бейнесі ретінде тілде сөзбен айтылып таңбаланады. Соның негізінде адам баласы табиғаттағы заттар мен құбылыстарды, олардың қозғалысы мен қимыл-әрекетін танып-біліп, содан кейін оны басқа заттардан ажырату үшін ат қойылады. Осы белгілер тіл білімінде «*уәждер*» деп аталады. Сөзқосым аталымдарының уәждемесі, ішкі мағыналық құрылымы мәселелерін зерделеуде олардың бейнелілігі, ұқсастыққа негізделетіні күрделі бірліктер тілдік құбылыс ретіндегі сипатын ашуды талап етеді. Күрделі бірліктердің жасалуын қарастыру адамның қоршаған әлем нысандарын таңбалау, тілдік материалдармен бекітудегі танымдық әрекеттеріне бойлауға жетелейді. Күрделі бірліктер тілдік құбылыс ретінде табиғатын саралау сөзқосым атауларын уәждемесін, уәжділігі тануға жол ашады.

И. С. Улуканов өз зерттеуінде «Уәжділік – кезкелген мынандай белгілері бар әр түрлі екі сөз арасындағы байланыс: 1) екі сөзде де бір ғана түбір болады; 2) біреуінің мағынасын екіншісінің мағынасымен түсіндіруге болады. *Сөзжасамдық уәжділіктегі* сөздерде сөздің уәждеуші белгісі мен сөзжасамдық формант арнайы бөлініп алынады да, ол – «уәжділік», түсіндіріледі [1, 52]. Демек, жалпы уәжділік пен сөзжасамдық уәжділік арасында біршама айырмашылық бар екені айқындалады. *Уәжділік* – белгілі бір атаудың жасалуының негізін, дәлелін көрсетсе, *сөзжасамдық уәждемеде* сөз тудырушы тұлғалар арнайы бөлініп алынып, олардың туынды сөздегі ерекше мағыналары айқындалуы қажет болады.

Тіл білімінде атаулардың фоносемантикалық негізін анықтайтын уәжділікті тілдік сипаты жағынан үш түрге бөліп қарастырып жүр:

- *дыбыстық уәж*;
- *морфологиялық уәж*;
- *семантикалық уәж*.

Б. Қасым бұл процеске мынадай анықтама берген: «Уәждеме – аталымның жасалуындағы алдын-ала жасалатын міндетті баспалдақ. Сөзжасамдық уәждеме, құрастырушы сыңарлардың арасындағы қатынастар мынадай белгілерге ие болады: екі сыңар да күрделі сөз жасауға қатысады; бір сыңардағы мағына толығымен екінші сыңардағы мағынамен мағыналық үйлесім жасап кірігеді, кіреді. Кез келген сөз жүйесіз тіркесе бермейді, тілдің барлық қабаттары белгілі бір тәртіпке, заңдылыққа бағынады» [2, 250].

Уәждеме – сөздің ұғыммен байланысын, болмыспен қарым-қатынасын айқындайтын болғандықтан, әрі осы процесс кез келген тілдегі атаудың жасалуына негіз болатындықтан, тілде жалпы заңдылықтардың орнығуы заңды. Болмыстың маңызды, ерекше белгілері арқылы ұғым қалыптасып, атау пайда болса, сол атаудың ішкі мағыналық құрылымында зат не құбылыстың маңызды белгілерінің сақталуы – тілдегі номинативтік атаудың жасалуының басты шарты. Таным болмыстың қай белгісін маңызды деп бағаласа, сол *номинативтік белгі* арқылы атау жасалады. Сондықтан номинативтік белгілер *тілдік уәжді (мотивациялық) таңба* ретінде таныла алады.

Сөздің уәжділігін анықтау үшін номинативтік белгілерді айқындау қажет. Кез келген ұғым пайда болғанда, болмыстың ішкі қасиеттері бағаланады, сондай-ақ, атаудың ішкі мағынасында осы белгілер таразыланып, туынды сөздің ішкі мағынасын құрайды. Яғни, кез келген туынды сөздің жасалуында *қажеттілік, себептілік, негізділік* болуы шарт екені ғалымдар еңбегінде дұрыс көрсетіліп, жүйелі талданған.

Сөзжасамдық мағына мен сөзжасамдық уәждемені анықтауда қай сөз табына екеніне көп көңіл бөлмейміз де, керісінше, туынды сөздің заттар мен құбылыстардың болмысы мен қасиетін анықтауы мен мағыналық құрылымына басты назар аударылады. Мысалы, бір сөзді алып түсіндірме сөздіктегі мағынасын, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер бойынша уәждемеленген туынды сөздерді көрсету. Бір *сөзжасамдық ұядан* тараған *сөзжасамдық уәждеме* арқылы жасалған туынды сөздер: **боз** → *бозамық* → *бозаң* → *бозар* → *бозашы* → *болзбала* → *боздау* → *бозқонақ* → *бозөкпе* → *бозторғай* → *бозшағала* → *бозшағыл* т.б. [ҚТС, 1999, 102 б]. Мысалы, Абай тілі сөздігіндегі мағынасы:

**Бозбала.** *Жас жігіт.* Осы елде *бозбала* жоқ сөзді ұғарлық, Үзілмес үмітпен бос қуардық [37 б]. Керек іс бозбалаға – талаптылық, Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық [38 б].

**Бозбалалық.** *Жастық, жігітшілік.* Бір дәурен кемді-күнге – *бозбалалық*, Қартаймастай көрмелік, ойланалық. *Бозбалалық* – қыз қарадық, Қалжың, әзіл сөйлестік [36 б].

**Бозбастық.** *Бозбалалық, жігітшілік.* Жазу жаздық, Хат таныдық, Болдық азат молдадан. Бағасыз жастық – *Бозбастық.* Адастық [129 б].

**Боздау I.** Түйенің зарлы үн шығаруы. Түйе *боздап*, қой қоздап – қорада шу, Көбелек пен құстар да сайда ду-ду [122 б]. 2. *Ауыс. Еңіреу, зарлау.* Жер қорығыш желгек шал, Желіп жүріп *боздайды* [156 б]. Әрбір туынды сөздің өзіндік ерекше мағыналары синтетикалық немесе семантикалық сөзжасамдық тәсіл негізінде пайда болып, өзіндік сөзжасамдық мағынаға ие болады. Сөзжасамдық мағына себепші негіздің мағыналары арқылы уәжделеді. Бір себепші негізден тараған туынды сөздердің уәждемелік қатысқа құрылуы – сөзжасамдық ұяның негізгі ерекшелігі. Сөзжасамдық ұяның құрамында тек қана уәждеме сөз бен уәждемелі сөз, яғни себепші негіз бен одан жасалған туынды сөздер орналасады. **Уәжділік** – екі жақты құбылыс: оның ішкі мағыналық құрылыммен және сыртқы дыбыстық жамылғышпен терең байланысы бар.

Тіл бірліктерін осы бағытта қарастыру олардың мағынасын құраушы бірліктермен байланысын және сол байланыстардың сипатын ашуда маңызды болып табылады. Адам ойлау әрекетінің ерекше көрінісі ретінде метафоралар табиғатын дәл осы бағытта зерделенуі қажет екені туралы көптеген ғалымдар пікірі бір жерден шығады. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың атаулары тілдік таңбалар арқылы белгіленеді. Әр таңба астарында нысандардың беретін білім қоры ақпараттары сақталады. Сондықтан да таңбалар сананы нысандар арқылы еске түсіретін жағдаяттарға бағыттайды. Тілдік бірліктер шындық болмыстың заттары мен құбылыстарының тілдік таңбасы, сондықтан да олар стандартты ситуацияларды, яғни нысандарды еске түсіреді. «Фрейм – нақты заттардың беретін қасиеттері мен қатынастары туралы белгілі ситуациялардың беретін білімінің адам санасындағы когнитивтік құрылымы» [3, 23]. Жаңа нысандарға атау беруде адам өзінің санасындағы нақты бейнелердің қасиеттерін, белгілерін еске түсіре бастайды. Нақты заттар немесе құбылыстардың анықтамасы, сол заттың тәжірибе арқылы танылған ақпараттарынан тұрады. Жаңа нысандарға атау іздеуде адам өз санасындағы нақты бейнелердің қасиеттерін, белгілерін еске түсіре бастайды. Метафорада бұл ұқсастық арқылы танылады. Аталымдардың жасалуын когнитивтік тұрғыда қарастыруда қолданылатын фреймдік құрылымдар нысандар туралы ақпараттар алмасуын түсіндіруде тиімді әдіс болып табылады. Когнитивтік тұрғыда метафора екі фрейм арасында жүргізілетін шартты әрекет ретінде танылады. **Бірінші негіз-фрейм**, метафораның сигнификативті дискрипторына сәйкес келеді, екінші **мақсат-фрейм** денотативті дискриптор деп алынады [4] (Курсив – Б. Қасым).

**Фреймдер** ақпараттар жинақталған ұяшықтардан құрылады. Олар белгілі тәртіппен сатылы орналасады. *Жоғарғы сатыдағы* ұяшық ақпараттары адамның сенсорлы мүшелері арқылы оңай қабылданады. Бұл нысандардың

сыртқы *пішіні, түрі, көлемі, дәмі* сияқты ақпараттар болуы мүмкін. *Ортаңғы ұяшықтарда* қажеттілікке қарай таңдалатын ақпараттар сақталады. Ал *төменгі сатыда* қабылдауда бірден көріне қоймайтын нысандар туралы энциклопедиялық біліммен байланысты ақпараттар жинақталады. Әр фрейм көлемді де, күрделі құрылым болып табылады. Лингвистикада *фрейм* тілдегі әртүрлі стереотипті жағдай туралы білімнің берілуін түсіндіруде қолданылады. Сонымен қатар, әр тілдік таңбаның белгілі бір нысан туралы білім қорын беруіне байланысты оларды фрейм ретінде қарастыруымызға негіз болады. Фрейм тілі метафоралану процесін суреттеуде лингвистикалық, экстралингвистикалық мәліметтерді бөле жара қарастырмауымен тиімді. *Негіз-фрейм* метафоралық үлгіге қажет таңбаны ұсынады. Таңба ұқсастық нәтижесінде *мақсат-фреймге* ауысады.



Сурет 1

Б. Қасым уәждеме құбылысына мынандай анықтама береді: «Уәждеме – аталымның жасалуындағы алдын-ала жасалатын міндетті баспалдақ. *Сөзжасамдық уәждеме* – құрастырушы сыңарлардың арасындағы қатынастар мынандай белгілерге ие болады: екі сыңар да күрделі сөз жасауға қатысады; бір сыңардағы мағына толығымен екінші сыңардағы мағынамен мағыналық үйлесім жасап кірігеді, кіреді. Жүйесіз кез келген сөз тіркесе бермейді, тілдің барлық қабаттары белгілі бір тәртіпке, заңдылыққа бағынады» [5, 250]. Аталым жасаудағы алғашқы белгілердің таңдалуы, тілдік бірліктермен бекілуі аталымның негізін құрайтын әрекеттер.

**Уәждеме** – сөздің дыбыстық таңбасы мен мағынасының арақатынасын саралауды талап ететін тілдік құбылыс. Сөздің дыбысталуы мен мағынасының арақатынасы мәселесі көне замандағы философтардан бастап осы уақытқа дейінгі тілші ғалымдарды толғандырып келеді. Уәждеме теориясының бастауы тіл мен ойлау арасындағы байланыс туралы философиялық пайымдауларды қалдырған Платон еңбектерінде жатыр. «Кратил» диалогында Платон «сөз мағына мен дыбыстық жамылғышынан бөлек өзіндік бейнелік қасиетке ие», – деген [6, 479]. Әр атаудың жасалуына негіз боларлық бейненің сипатын ашу метафоралы мағыналы атаулар табиғатын зерделеуде аса маңызды. Метафораларлы мағыналы сөздерге бейнелілік қасиет тән. Адам жаңа атау жасағанда өзге заттар мен құбылыстардың санадағы бейнелерін қайта жаңғыртады, яғни солардың негізінде атау жасайды. О. И. Блинова «Уәждемелік белгі – атауға негіз болған денотат белгісі», – деп көрсетеді [7, 188].

Метафора арқылы туындаған атауларда заттар немесе құбылыстардың адам санасында сақталған қасиеттерін ұқсату арқылы өзге нысандарға телу әрекеті жүзеге асырылатындықтан, уәждемелік белгі деп уәждеме процесі нәтижесіндегі таңдалынған сол ұқсастық белгілерін аламыз. Жаңа нысандарды тануда адам бұрын жинақтаған білім қорын қолданады. Жаңа құбылысты немесе ұғымды атау үшін жаңарған бұрынғы тілдік материал пайдаланылады. Уәждемелік белгі уәждеуші сөз арқылы лексеманың ішкі мағыналық құрылымына енеді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, уәждеуші сөздің ауыспалы мағынасы оның біріншілік лексикалық мағынасы негізінде дамып, метафоралану арқылы аталым жасауға түсіндіріледі, кейде мағынаға сол бірліктің беретін кең пайымдаулармен айқындалып жатады. Бұл сөздің уәждемелік базасын құрамақ. Аталымдардың жасалуын гносеологиялық (*таным*), лингвистикалық тұрғыда қалай саралау керектігі жөніндегі Б. Қасым пікірі негізге алынды: «Күрделі атау – дара сөз секілді қатысым және атаулық тілдік қызмет атқарумен қатар, бірінші кезекте, тілдік аталым құралы, тілде туынды лексема ретінде қалыптасқан сөздер. Сонымен күрделі атаулар – гносеологиялық және лингвистикалық ұғымдардың жиынтығынан: **зат** → **ұғым** → **таным** → **мазмұн** → **мағына** → **белгі** → **таңба** т.б. тоғыса байланып, бір-бірімен сөзжасамдық заңдылықтарға сүйене отырып түзілетін күрделі лексикалық бірліктер» [5, 210]. Осымен байланысты аталымдарда уәжділіктің төмендегідей дәрежелер қалыптасқан:

1. **Тура уәжділік.** Күрделі атаулардың уәждеуші сыңарларының қалыптасқан мәні уәждеуші мағыналармен сәйкестігі, яғни лексикалық морфемдердің айқын мағыналары сөзжасамдық құрылымда сақталған: *алақарға, қараторғай, қараөрік, қарамай, қарақоңыз* т.б.

2. **Жартылай уәжділік.** Күрделі атаулардың уәждеуші сыңарларының кез келген біреуінің мағынасы күнгірттеніп, көмескіленіп ауыс мағынаға

көшуі: *қарасуық, иманжапырақ, итбүлдірген, итжидек, жеркепе, жауқөбелек, көз ұясы, дау-шар, жүн-жұрқа* т.б.

3. **Көмескі уәжділік.** Сөзжасамдық құрылымда айқын мағынаның орнына жасырын мағына пайда болады да, ауыс мағынаға көшуі, жаңа мағынаның қалыптасуы, алғашқы лексикалық мағына тасаланып, күнгірттенеді. Мысалы, *атұстар, жолбике, жерсоғар (өкше), қарақұрым, қызыласық, алаяқ, аласапыран* [5, 220].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен **уәждеме** – заттың атауында танымдық және категориялық белгінің таңдалым және бекілім үдерісі. Уәждеме процесі нәтижесінде таңдалынған және бекілген танымдық белгіні сөздің уәждемелік белгісі деп түсінеміз. Метафоралардың уәждемесінде уәждемелік белгі ұқсатудан таңдалған заттар мен құбылыстардың қасиеттері болып табылады. Уәждеме үдерісін зерттеудің мақсатына орайлас метафоралаумен қатар қарастыруға болады. Өйткені метафоралануда да аталымға негіз болатын қажетті ақпараттардың таңдалуы мен бекілуі жүзеге асырылады. Сөздің ішкі мағыналық құрылымы – лексеманың морфемалық құрылымынан байқалатын тіл қолданушының санасында қалыптасқан денотаттың белгілерін елестету арқылы туындайтын бейненің көрінісі. Ішкі мағыналық құрылымда метафоралануға ұйытқы болып тұрған бейненің түзілу жолы суреттеледі.

*Уәждеуші* сөздің беретін лексикалық мағынасы немесе кең пайымдаулары уәждемелік базада беріледі. Метафорада уәждеуші сөз ауыспалы мағынада қолданылады. Сөздің ауыспалы мағынасы таңбаның астарындағы білім қорына жасалатын танымдық әрекеттердің негізінде туындайды. Сөздің уәждеме құбылысын толығымен бейнелеуде сөзжасамдық дефиниция ұғымы қолданылады. Сөзжасамдық дефиницияда туынды сөздердің лексикалық мағынасын құрайтын барлық семантикалық бөлшектер, уәждеуші сөздердің мағынасы кеңінен ашылуы тиіс.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Улұханов, И. С.** Мотивация в словообразовательной системе русского языка / Мотивация в словообразовательной системе русского языка. – М. : Азбуковник, 2005. – 314 с. – ISBN 5-98455-014-8.

2 **Қасым, Б.** Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым / Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 267 б.

3 **Макаров, М. Л.** Коммуникативная структура текста / Коммуникативная структура текста. – Тверь : Тверский гос. унив-т, 1990. – 52 с.

4 **Баранов, А. Н., Караулов, Ю. Н.** Очерк когнитивной теории метафоры // Русская политическая метафора: Материалы к словарю. – М., 199. – 184-193 с.



5 **Қасым, Б. Қ.** Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер) / Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным. – Алматы : ЖК Волкова А. В., 2010. – 383 б.

6 **Платон.** Сочинения: в 3-х т. – М., 1971. – 689 с.

7 **Блинова, О. И.** Явление мотивации слов (лексикологический аспект) / Явление мотивации слов. – Томск : Из-во Том. Ун-та, 1984. –191 с.

Материал 04.07.16 баспаға түсті.

*Б. К. Қасым*

#### **Мотивация и семантика сложных названий**

Казахский национальный педагогический университет  
имени Абая, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 04.07.16.

*В. К. Қасым*

#### **Motivation and semantics of composite names**

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty.

Material received on 04.07.16.

*В статье рассматриваются сложные лингвистические категории: понятия мотивации языка смысл слова, личности, сущность и значения, содержание, знаки лексических единиц фразеологического значения и т.д. являются основой исследования. Производные слова в совершении которой имеется заинтересованность, потребность, причинность и обоснованность. Мотивация анализирует связь слова с понятием, отношением с существом.*

*The article deals with the complex linguistic category: the concept of the language motivation, sense of the word, personality, essence and meaning, content, signs of lexical units, idiomatic meaning etc are the basis of the study. The creation of derivative words requires interest, necessity, causality and validity. Motivation analyzes the relation of the word with the concept, and the essence.*

ЭОЖ 811.512.122`42:070

#### **Қ. К. Кенжеқанова<sup>1</sup>, А. Ж. Акшолоқова<sup>2</sup>, А. А. Камзина<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>аға оқытушы, <sup>2</sup>аға оқытушы, доктор PhD, <sup>3</sup>аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

e-mail: <sup>1</sup>kura87.87@mail.ru, <sup>2</sup>askazhan.051@mail.ru, <sup>3</sup>kamzina\_aiman\_67@mail.ru

### **ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЛЕКСИКАНЫҢ БАҒАЛАУЫШТЫҚ СИПАТЫ**

*Мақалада қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар беттеріндегі прагматикалық қызметті атқаратын қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипаты қарастырылған. Қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық ерекшелігі ғалым-зерттеушілер тарапынан берілген анықтамалар мен ой-тұжырымдар арқылы дәйектелген.*

*Жалпы қоғамдық-саяси лексика бағалауыштық сипатқа толы. Ол бағалау адресант арқылы бұқара қауымға басылымдар көмегі арқылы жеткізіледі. Ал бағалауыш лексиканың түп мағынасын түсіну – адресат тарапынан атқарылатын әрекет. Прагматикалық функцияның сәтті/сәтсіз өтуі тікелей адресант пен адресат факторларына байланысты болып отыр.*

*Мақалада қоғамдық-саяси лексиканың тілдік ерекшеліктеріне тоқталып, ол нақты тілдік фактілер мен тілдік бірліктер негізінде талдау түрінде көрсетілген.*

*Кілтті сөздер: прагматикалық қызмет, қоғамдық-саяси лексика, бағалауыштық сипат, дискурс, газет.*

Прагматикалық қызметті атқаратын құралдардың бір түрі – қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипаты. Қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипатын айтпастан бұрын, жалпы қоғамдық-саяси лексика дегеніміз не деген сұраққа жауап бергеніміз дұрыс болар. Ғалым Б. Момынова өзінің «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам» атты еңбегінде қоғамдық-саяси лексиканың табиғатын жан-жақты зерттеп, «қоғамдық-саяси құбылыстар мен ұғымдарды атайтын, мағыналық ұқсастығы арқылы топтастырылатын сөздердің жиынтығын қоғамдық-саяси лексикаға жатқызуға болады», – деп тұжырымдайды. «Қоғамдық-саяси лексикаға кейбір эмоционалдық бояулы тілдік элементтерді де қосуға болады. Себебі аталмыш лексика түрін құрайтын тілдік бірліктердің семасында саясилану (идеологизация) үдерісі жүреді, ал саясилану мен саясиландыру көбінесе бағалауыштықпен тығыз байланысып жатады. Бағалауыштық экспрессиядан гөрі эмоциямен үндес,

астарлас», – деп, зерттеуші қоғамдық-саяси лексиканың бағалаушытық ерекшелігіне аса мән береді [1, 42-45 бб.].

Қоғамдық-саяси лексикаға үнемі бағалау тән болып келеді. Е. Ф. Вольфтің көрсетуі бойынша, бағалаудың «субъектісі – бұл белгілі бір адам немесе қоғам, оның тарапынан баға беріледі, ал бағалаудың нысаны – бағалауға қатысты адам, зат, уақиға немесе белгілі бір құбылыстар [2, 12 б.]. Ал осы орайда В. Н. Телия бағалаудың субъектісі – бұл белгілі бір адам не ұжым, қоғамның бөлігі немесе толығымен қоғамның өзі», – деп анықтайды [3, 109 б.]. Бағалау кезінде белгілі бір нысан назарға алынып, әртүрлі деңгейде автор тарапынан бағаланады.

Н. Н. Миронованың көрсетуі бойынша «кез келген мәтін бағалау мүмкіндігіне ие болады. Өйткені бейтарап (нөлдік) бағалаудың өзі де – ол да бағалау болып табылады» [4, 56 б.]. Кез келген мәтін, сөз не дискурс болсын, онда үнемі автор тарапынан бағалау беріледі. Ол баға жағымды, жағымсыз, бейтарап болуы мүмкін. Әрине бағалаудың түрі адресанттың көздеген мақсаты мен иллюкуциясынан, қоғамдық-саяси лексиканың бағалаушытық сипатынан көрініс тауып отырады.

Қоғамдық-саяси сөздердің тағы бір ерекшелігі ретінде «қоғамдық-саяси лексиканың үлкен бір бөлігі әр түрлі қоғамдық жүйелерге тән ұғымдар мен реалийлердің, жаңа әлеуметтік өзгерістердің атауы болып келеді де, олар өздері таңбалайтын ұғымдармен бірге қоғам өзгергенде қолданыстан шығып қала береді. ... Бірақ, қоғамдық-саяси лексиканың жаңарып-ескіруі, жасарып-көнеруі міндетті түрде қоғамдық формациялардың ауысуын қажет етпейді. Бір формация өмір сүріп тұрған кезде ішкі саяси құрылымдардың өзгеруі, жаңа сипат алуы, соған орай тілдік таңбалардың ауысу үрдісі байқалып отырады» [1, 42-45 бб.]. Яғни қоғамдық-саяси лексика қоғамда болатын түрлі өзгерістерге байланысты үнемі өзгеріс, жаңару үстінде болады.

Ал газет мәтінінің прагматикалық функциясын зерттеген Ф. З. Жақсыбаева «газеттік бағалаушытық лексика – газет сөздігінің ең маңызды және ең ірі қорының бірі» ретінде бағалап, адресат факторының да маңыздылығын алға қояды: «прагматикалық бағалаушы ерекшелікті қабылдаудың маңызды факторы – адресаттың білім деңгейі, өмірлік тәжірибесі, сөздің ауыспалы мағынасын және сол сөздің бойындағы жасырын бағалаушы қасиетті ұға білуі» [5, 106 б.]. Яғни бағалаушы лексиканың түп мағынасын түсіну – адресат тарапынан атқарылатын әрекет. Прагматикалық функцияның сәтті/сәтсіз өтуі тікелей адресатқа байланысты болып отыр.

Ғалым Б. Момынова «бағаның адам санасына әсері екі жақты: баға семантикалық категорияға ауысқаннан бастап тілдік фактіге айналады, яғни категорияланады, сөйтіп барып адам санасына қайтадан әсер ете бастайды, яғни тілдің көмегімен адам санасында, сондай-ақ қоғамда да белгілі бір мақсатты көздеген тілдік сурет қалыптастырдық десек, бұл жерде баға

категориясының қызметін сезініп, бағалаудың жүріп өткенін түсінеміз», – деп ойын қорытады [1, 65 б.]. Яғни бағалаушытық лексиканың прагматикалық мақсаты әлдебір саяси құрылым туралы, не әлдебір саяси оқиға немесе саясаткер туралы қоғамның, бұқара халықтың саяси көзқарасын, пікірін қалыптастыру болып табылады.

Бағалаушытық лексиканың баспасөз беттеріндегі қолданысы, ең біріншіден, адресанттың бағалауымен бұқара қауымға жеткізіледі. Ол қарапайым тілдік бірліктер арқылы тура мағынада бірілуі мүмкін. Мысалы:

*Өткен Президент сайлауы – заң талаптарына сай, ашық және әділ өтті. Ал оның басты нәтижесі – өткен сайлау Қазақстан халқының бірлігін, ынтымағын да тағы да айқын дәлелден берді. Біздің Еліміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеңіске жетуі, ол – бүкіл еліміз, бүкіл халқымыздың күткен ұлы жеңісі. Себебі Қазақстан халқы өзінің болашағын, бейбіт өмірін, өсіп-өркендеуін тек қана еліміздің Дара да, Дана басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген шынайы сенімі мен сөзсіз қолдауын тағы да көрсетті* (А., 5 сәуір 2011).

Келтірілген мысалда Елбасы тұлғасы адресанттың жағымды бағалауымен адресат қауымына жеткізіледі. Автор елдегі сайлаудың ашық өткенін жай ғана айтып кетпейді, сөзін дәйекті ету үшін дәйектемелер де келтіреді. Сайлаудағы Елбасы жеңісін бүкіл халықтың жеңісі ретінде бағалау арқылы автор өзінің иллюкутивтік мақсатына жетуді көздейді. Адресант пен адресатты жақтас коммуниканттар ретінде сипаттап, соның дәлелі ұлт Көшбасшысының – дара да, дана басшының жеңісімен байланыстырады.

*«Нұрсұлтан – әлем мойындаған тұлға»* тақырыпатының өзі бағалаушытық сипатқа ие. Енді мақаланың өзіне мән берейік:

*Нұрсұлтан өз дәуірінің геройы бола білді. Нұрсұлтан Әбішұлы болса, әрдайым көшбасында. Өйткені ол – ерекше жаратылған табиғи дарын иесі. АҚШ президенті Барак Обаманың сөзімен айтсақ, әлем басшыларына үлгі боларлық тұлға. Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіздіктің алғашқы минуттарынан жүзеге асырған әрбір ісі соның дәлелі* (А., 25 маусым 2014).

Келтірілген мысалда, автор орыс тілінің *герой* сөзін аудармастан қолданып отыр (*өз дәуірінің геройы*), яғни солай ете отыра оған ерекше акцент жасап, адресаттың назарын соған аудартқысы келегені байқалып та тұр. Кейін автор елбасы тұлғасының әлемдік мәртебесін прецеденттік есімді (*АҚШ президенті Барак Обаманың сөзімен айтсақ, әлем басшыларына үлгі боларлық тұлға*) пайдалана отырып, сөзін дәйекті етеді. Нәтижесінде, президент бейнесін асқақтата білді.

Елбасының дара да, дана саясаты дискурстың жалғасында көрініс табады, ол елбасы сөзі арқылы одан әрі дәлелдене түседі:

*«Біз мемлекет құрдық. Құрғанда да аты бар да заты жоқ мемлекет емес, бүкіл адамзат танытын, танып қана қоймаған – мойындайтын,*

*құрметтейтін мемлекет құра алдық», – деген-ді бір салтанатты жиында Елбасы (А., 25 маусым 2014).*

Мақаланың соңында автор сол бағалауға өзі толықтай келісетінін көрсетеді және солай ойын нақтылайды:

*Иә, оған бұл күндері барша Қазақстан халқы күә. Алдағы таңда да Қазақстанның көреген көшбасшысы халқын жарқын істерге жұмылдыра беретініне сенім мол (А., 25 маусым 2014).*

Сөйтіп, адресант өзінің көздеген мақсатына жетіп, бұқара қауымға Елбасы жүргізіп отырған саясаттың көрегендігіне сендіреді, мақтаныш сезімін оятады.

Сонымен қатар, Л. А. Сергееваның көрсетуі бойынша, «бейтарап, нөлдік немесе т.б. бағалау түрлерін анықтаған кезде екі бірдей құбылыс сабақтасады: объектіні аксиологиялық тұрғыдан интерпретациялау мен сол берілген бағалауды интерпретациялау» [6, 104 б.]. Бағалау кезінде құндылықтар жүйесі мен автордың ерекше эмоционалдық-экспрессивтік бағалауы да қатар беріліп отырады.

Мысалы, *«Асу бермес асқар жоқ»* тақырыпатымен берілген мақалаға назар аударайық.

*Қымбатты отандастар!*

*26 сәуір еліміз үшін тағы бір тарихи, тағдырлы күн болды. Президент сайлауы Қазақстан халқының кемеңгерлігін бүкіл әлемге паш етті. Ел бірлігіне, беріктігі мен кемел келешекке сенімін танытты. Мәңгілік Елдің мызғымас ұстынымдарына адалдығын көрсетті. Бұл таңдау – жарқын болашаққа қадам басқан Қазақстанның таңдауы! Бірлігін береке ұластырып, ұлы істер жолында ұйысқан барша халықтың жолы! Өзінің, ұрпағының болашағын қасиетті Отанымыз – Қазақстанмен бірге көретін әрбір азаматтың ерік-жігері! (Е. Қ., 30 сәуір 2015).*

Берілген үзінді Елбасы дискурсына негізделген. Президент сөзін қаратпа сөзден бастау арқылы (*қымбатты отандастар*) барлық жамағатты өзіне жақындатады. Ары қарай президент сөзінің ақпараттық бөлімінде 2015 жылғы президенттік сайлаудың сәтті нәтижесі тек қана халықтың қолдауымен, таңдауымен (бұл таңдау – *ұлы істер жолында ұйысқан барша халықтың жолы*) жеткен жетістік деп халықты жоғары бағалайды; *Отан, Мәңгілік ел* сияқты ұлттық құндылықтарды алға тартады; нәтижесінде дискурстың иллюкутивтік қызметі жүзеге асады.

Ары қарай Президент халқының білдірген қолдауын аса бағалайтыны ұлттық құндылықтарға жүгінуінен байқауға болады. Мысалы:

*Бүгінгі мерейлі сәтте маған берілген сенім мандаты – мемлекеттілігімізді нығайту жолындағы қыруар істеріміздің бағасы! Қазақстанды ең қуатты елдердің қатарына қосуды көздейтін ұлы мақсатқа берілген халқымның ақ батасы! «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен «Қазақстан –*

*2050» Стратегиясына, «Нұрлы Жол» бағдарламасы мен «Бес халықтық реформаға» елімнің білдірген қолдауы (Е. Қ., 30 сәуір 2015).*

Нұрсұлтан Назарбаев халықтық қолдауды *«халықтың берген ақ батасы»* деп түсінеді, бағалайды. Қазақ танымы үшін *«бата»* – үлкен, қастерлі, қадірлі, көпті көрген адамдардың шын жүректен шыққан ақ ниеті, лебізі һәм тілегі, ал *«ақ»* қазақ танымы үшін символдық мағынаға ие, жақсылықты, пәктікті, шынайылықты білдіреді. Яғни Елбасы халқының қолдауын қазақтың шынайы бағалауы деп түсінеді. Сөйтіп халықты өзіне жақындатады. Президент дискурсында ұлттық идеяларды да насихаттап кетеді (*«Мәңгілік Ел», «Қазақстан – 2050», «Нұрлы Жол», «Бес халықтық реформа»*).

Президент ел сенімін ақтауды аса мәртебе, құрмет және үлкен бақыт деп аса жоғары бағалауға толы пафоспен сөзін жалғастырады:

*Өмірін халқының бақыты жолына арнаған жанға бұдан зор құрмет болмайды. Мен үшін ел сенімінен асқан мәртебе жоқ, сол сенімді ақтаудан артық бақыт жоқ. Сол себепті, мен Қазақстанның жарқын болашағы жолында қандай тәуекелге де дайынмын (Е. Қ., 30 сәуір 2015).*

Елбасы дискурсы вокативтерді бірінен соң бірін үйіп беру арқылы халық пен елбасын достар, мүдделес екендігін аңғартады. Бағалаушытық лексика көмегі арқылы елбасы дискурсының прагматикалық әлеуеті арта түседі:

*Құрметті қазақстандықтар!*

*Қымбатты достар!*

*Серіктестерім мен тілектестерім!*

*Ел Конституциясына сәйкес жаңа ғана мен өзімнің халқыма ант бердім! Ондағы сөзді мен бүгін алғаш рет ең ізгі де жарқын мереке – Халық бірлігі күні қарсаңында айттым. Болып өткен президенттік сайлау біздің қоғам бірлігінің күшін нақты айғақтап берді. Мен біздің барша халқымызға ризамын (Е. Қ., 30 сәуір 2015).*

Сөйтіп, Елбасы сөзін халқына деген ризашылығымен аяқтайды. Сонымен, *«Асу бермес асқар жоқ»* деген тақырыпатпен жарияланған мақала елбасы дискурсына негізделіп, мақала мазмұны бағалаушытық, экспрессивтік лексика мен ұлттық құндылықтарға да жүгінеді.

Сонымен, саяси мәнді үстейтін бағалаушытық лексика баспасөз беттеріндегі прагматикалық функцияны беру құралдарының бірі болып табылады. Олар жағымды не жағымсыз мағынаны эмоционалды-экспрессивтік түрде, тура және ауыспалы мағынада, хабарланатын ақпаратқа ерекше мән үстеп, оны өткір береді және адресат санасында, дүниетанымында бар білімдер жүйесіне, танымдық негізіне сүйенеді.

1 **Момынова, Б.** Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалаушытық сөзжасам. – Алматы : Қазақ университеті, 2005. – 140 б.

2 **Вольф, Е. Ф.** Функциональная семантика оценки / Вступ. ст. Н. Д. Арутюновой, И. В. Чельшевой. Изд. 3-е, стереотипные. – М. : КомКнига, 2006. – 280 с.

3 **Телия, В. Н.** Коннотативный аспект семантики языковых единиц. – М. : Наука, 1986. – 144 с.

4 **Миронова, Н. Н.** Оценочный дискурс: проблемы семантического анализа // Известия АН. Сер.лит. и яз. – 1997. – Т. 56. – № 4. – С. 52-59.

5 **Жақсыбаева, Ф. З.** Газет мәтінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): филол.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 153 б.

6 **Сергеева, Л. А.** Проблемы оценочной семантики. – М. : Издательство МГОУ, 2003. – 185 с.

Материал 26.08.16 баспаға түсті.

*К. К. Кенжекканова, А. Ж. Акишолокова, А. А. Камзина*

#### **Оценочный характер общественно-политической лексики**

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 26.08.16.

*K. K. Kenzhekanova, A. Zh. Aksholakova, A. A. Kamzina*

#### **Evaluation character of social and political lexis**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 26.08.16.

*В статье рассматривается оценочная характеристика общественно-политической лексики на основе материалов казахскоязычных периодических изданий. Множество определений, которые были даны учеными раскрывает оценочную особенность общественно-политической лексики.*

*Общественно-политическая лексика полна оценочных свойств. Эта оценка передается народу с помощью периодических изданий через адресанта. Оценочная лексика интерпретируется адресатом. Успешность/неуспешность прагматической функций на прямую зависит от адресанта и адресата.*

*В статье автор подробно останавливается на языковых особенностях общественно-политической лексики на основе анализа языковых фактов и языковых единиц.*

*The article deals with evaluated characteristics of social and political lexis on the basis of Kazakh periodicals. Many definitions that have been given by scientists reveal the evaluated feature of political lexis.*

*Social and political lexis is full of evaluation features. This evaluation is transmitted to the people by means of periodicals through addressee. Evaluated lexis is interpreted by the recipient. Success / failure of pragmatic functions are directly dependent on the sender and the recipient.*

*The author dwells on the linguistic features of the social and political lexis based on the basis of linguistic fact and linguistic unit analysis.*

ӘОЖ 371.33

#### **Б. Ш. Қожекеева<sup>1</sup>, Б. Д. Жұмақазева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауым.профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы; <sup>2</sup>п.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

#### **АБАЙ МҰРАСЫН КЕМЕЛ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ**

*Мақалада Абай мұрасының танымдық, тағылымдық ерекшелігін саралай отырып, оны жас буынға оқытудың тиімді әдістемелік жүйесін ұсыну қажеттігі қарастырылады. Мақалада кемеңгер тұлға тағылымын тануға әлі де әдістемелік ізденістердің қажеттілігі басты мәселе ретінде көтеріледі.*

*Кілтті сөздер: тағылым, пайым, «толық адам» ілімі, көркем тіл, образ, жүйе, арна, әдіс-тәсіл, іргелі еңбек, ақын, рухани мұра, ұлттық құндылық, әдістеме, пішін, әдіс, әдістемелік, педагогикалық, тәлім-тәрбиелік әлует, жаңа бағыт, педагогикалық үдеріс.*

#### **КІРІСПЕ**

Абай шығармаларының орта мектепте оқытылу тарихы бір ғасырдан асты десек қателеспейміз. Абайдың өнер мен өнеге мектебі көзі тірісінде-ақ қалыптасқанын, оның ақын шәкірттері туралы жазылған зерттеулер дәлелдесе керек. Одан өзге Абайдың өз ауылында молдадан сабақ алған балаларға, қалада оқуына өзі мұрындық болып жіберген жас шәкірттерге

арнап жазған шығаралары, аудармалары туралы «Абай жолы» эпопеясында М. Әуезов те жазады.

Уәсила Абайқызының естелігінде: «Мен 8 жасқа шығарымда оқыдым. Ол кезде молда, дін оқуын оқытатын, қазақ тілінде кітап жоқ болатын. Сондықтан балалардың ойы, дүниетануы кемшіл болады деп әкем көп айтып жүрді. Әлі есімде, бір күні біздің оқып отырған үйімізге әкем келді. Біз отырып, жайғасқан соң, молдаға қарай: «Балаларға мына кітапты әкелдім, осыны көшіріп, көбейтіп, бала басына таратып бер. Бүгіннен бастап осы кітапты оқыт», – деді. Біз қуанып кеттік. Бұл жаңа кітаптың тілі ұғымды, сөзі түсінікті, ыңғай ақыл айтып отыратын жақсы кітап болды. Кейіннен байқасам, сол кітап әкемнің «Ғақылия» атты қарасөзбен жазылған кітабы екен. Біздің молдадан бұл кітапты естіген басқа молдалар да келіп алып, өз шәкірттеріне оқып жүрді» [1] деп жазады.

1932-1933 жылы Қазақ Оқу комиссариаты бекіткен орта мектептің бағдарламасы фабрика, завод және колхоз жастары жеті жылдық мектебіне арналып жазылды. Сол бағдарламаға ақынның алғаш рет «Болыс болдым мінеки», «Бойы бұлған» сияқты ел адамдарына арналған өлеңдері, орта буынның 5-сыныбында Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы ол кезде бастауыш болып есептелетін 4-сыныпта оқытуға берілді.

Барлық кеңес мектебі кезеңінде Абай шығармалары бастауыштан бастап жоғарғы сыныптарға дейін оқытылып келген. Әрине, әр кезеңдегі оқу бағдарламалары мен оқулықтарда түрліше өзгерістерге орын берілген. Орта буын сыныптарда көп өлеңдері оқулыққа бірде енгізіліп, бірде алынып, басқа өлеңдерімен алмастырылып өзгертіліп отырған. Жалпы алғанда орта буын сыныптардағы оқу айналымында болған өлеңдері санаулы ғана. Олар оқу, білім, өнер тақырыбындағы өлеңдері, жыл мезгілдеріне қатысты өлеңдері мен бірлі-жарым ел адамдарына арналған сатиралық өлеңдері («Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың»). Кеменгер тұлға шығармашылығын тану үшін бұл жетімсіз екендігі белгілі. Оның үстіне саясат ықпалынан айнымаған сол қоғам үшін Абайдың өз ыңғайларына келетін шығармаларын ғана сыздықтап шығару, қатаң сүзгімен қарау жағы басым болды. Ол жоғары сыныптарда Абай шығармаларын оқыту үдерісінде де орын алды. Абай шығармаларының идеялық мақсаты саясатқа қарай бұра түсіндірілген тұстары да болмай қалмады. 1932 жылғы оқулықта: *«Шегірткенің өмірі сияқты көшпелі өмірден құтылуға көшпелі ел шаруашылығын не қылу керек?», «Абайдың осы өлеңі бұрынғы қазақ шаруашылығына қабыса ма, шаруа жөнінде шегірткеге кімді, құмырсқаға кімді ұқсатуға болады? Қандай тұрмыстар? Қазір қанша ел отырықшы болды?»* т.б. Ал 1934 жылғы «Әдебиет хрестоматиясында» *«...Ақын өз заманын мінеп, өткен, я өтіп бара жатқан феодалдық заманды шенеп, кекетумен қатар жоқтап, азалап та отырады. Жаңалығымен қатар ескіліктен шығып кете алмаған*

*бөксебасты, сарқыншақ, қамкөңіл Абай ақын толық мұсылман болмаса да, діннен де қол үзе алмайды» деп жазылған [2].* Анығын айтқанда, ақынның «Дүние шаруа мінез күнде өзгерді» дегеніндей өткен уақыт, заман, қоғам Абай шығармаларын өз қажеттеріне қарай саралады. Әрине, өткен уақыт, бұрынғы талап-сұраныс тұрғысынан қарағанда ақын шығармашылығын оқытуда қалыптасқан жүйе көп игілікті істі тындарғанын жоққа шығаруға болмайды. Біздің мақсатымыз да басқа.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ел тәуелсіздік алғаннан бері өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды жандандырамыз деген құлшыныс тұсында кеменгер тұлғаны танытуда оқу мазмұнын жетілдіру, жаңаша пайыммен қарау, ақынның өзі көкसेген ой биігінен қарай отырып, терең меңгерту керектігі талас тудырмайды.

Солай бола тұра оқу бағдарламалары мен оқулықтарындағы бұрынғы жүйе бірлі-жарым ауыс-түйіс шығармаларын атамағанда өзгеріссіз қалып отыр. Біздің қазіргі оқулықтарымыздың мазмұны Абайтанудың кеңес кезеңіндегі теорияларына негізделген. Бүгінде Абайтану ғылымы көп өзгерді, бұрынғы саяси ықпалдан арылып, жаңа пайым, пікірлермен қанығып келеді. Абай шығармаларын кең көлемде оқитын 10 сыныпта «Шығысым батыс боп кетті» идеясы берік орныққан еді. Абай шығармаларын «Еуропалық модельмен» қарастыру басым. Абай шығармашылығын ауқымды зерттеген М. Әуезовтың өзі кезінде саяси цензураның ықпалымен еркін көсіліп, ашық айта алмаған тұстары көп болғаны белгілі. Ал қазірде мектеп қабырғасында Абай шығармалары қаншалықты қамтылған, Абай ілімін меңгерген құзіретті тұлға даярлап жатырмыз ба деген сауал қояр болсақ, әлі де дйттеген мақсаттың орындалмай жүргенін аңғару қиын болмас.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу мазмұнына назар аударып көрейік. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 09.07.2010 жылғы № 367 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасында (авторлары: Жұмажанова Т. Қ., Әрінова Б. А., Құрманбай Г. С., Мадиева А. Т.), сондай-ақ қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған бағдарламада Астана, 2010. (авторлары: Жұмажанова Т. Қ., Дүйсебаев С. Р., Асыллов Ұ., Мадиева А. Т.) [3].

5 сыныптарда «Қыс», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері (2 сағат).

6 сыныпқа «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Әсемпаз болма әрнеге», «Отыз бірінші қара сөзі» (3 сағат). 7 сыныпқа «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Жиырма тоғызыншы қара сөзі» (4 сағат).

8 сыныпқа «Адамның кейбір кездері», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне», «Он жетінші қара сөзі» (4 сағат)

9 сыныпқа «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Мәз болады болысын», «Сегіз аяқ», «Ескендір» дастаны (5 сағат) берілген.

Ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 сыныпқа Абайдың өмірі мен шығармашылығы. Ұлы ақын, данышпан ойшыл, философ. Әлемдік әдебиет жарық жұлдыздарының бірі (150 жылдық мерейтойының 1995 жылы ЮНЕСКО тарапынан дүниежүзілік деңгейде атап өтуі).

Өлеңдері: «Ғылым таппай мақтанба», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Желсіз түнде жарық ай», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Білімдіден шыққансөз», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?»

Дастаны: «Ескендір» – философиялық мәні, көркемдігі.

Аудармалары: «Қараңғы түнде тау қалғып», «Теректің сыйы», «Татьянаның хаты», «Онегиннің хаты», «Есек пен бұлбұл», «Піл мен қанден» т.б.

Қарасөздері: «Он бесінші сөз», «Он тоғызыншы сөз», «Отыз екінші сөз», «Отыз сегізінші сөз». (10 сағат) деп берілген. Жаратылыстану бағытындағы сыныптарға да дәл осы шығармалары өзгеріссіз ұсынылған да, тек оқу сағаты 5 ке қысқартылған.

Байқап отырғанымыздай, әр сыныпта берілген ақын шығармалары тақырып жағынан алуан түрлі. Абайдың заман, әлеумет, қоғам, адам, адам мінезі, тұлға туралы концептілерінің әр қайсысы дербес ілімді құрайтыны Абайтану ғылымынан белгілі. Мәселен, М. Мырзахметов Абайдың «Толық адам» ілімімен байланысты келелі пікір білдіреді. Ғылым: «– Әрбір қазақ Абайды білуі керек. Абайды білсе, күйбең пенделік жолдан қайтады. Біздің қауіміміз сонда, жастарымыз қуыс кеуде болып қалмауы қажет. Абайда 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз бар. Ал оқысаң таусылмайды. Ол біздің рухани қазынамыз және ол бізді аласапыран дүниеде адастырмай, дұрыс, тура жолға бастайтын, бірегей ілімі бар адам. Мұндай ілімі бар адам көп халықта жоқ, Еуропада да жоқ. Абай салған «толық адам» ілімі Тұран жерінде пайда болған. Оның арғы төркінінде «Жәуан мәрттілік» жатыр, одан кейін Қожа Ахметтің «Хақ ілімі» жатыр, содан кейін Абай жасаған «Толық адам» ілімі бар. Қазақ руханиятының паспорты саналатын Абайдың бұл ілімі келешек Қазақстанның моральдық кодексіннің іргетасын қалайтын ілім болып табылмақ» дейді [4].

Абай осы идеяларын бірнеше шығармасында толықтырып, түсіндіріп, қайталап әдіптеп отырады. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңіндегі идеяны он жетінші қара сөзінде кеңейтіп түсіндіретіні сияқты.

Біздің әдіскерлеріміз Абай шығармашылығындағы осы ерекшелікті ескермейді.

Абай шығармаларындағы ел мәселесі әлі де бұрынғы кеңес идеялогиясында түсіндіріледі. Мектепте оқытылып жүрген «Сегіз аяқ» өлеңі үстірт оқытылады. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі – қазақтың өлең үлгісіне қосқан тың жаңалығы. Өлең ақын шығармашылығының кемел шағы 1889 жылы жазылған. Шебер үйлесіммен жазылған өлеңнің идеялық, көркемдік қуаты тіптен қою, жоғары. Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде көкейде көптен ширыққан ойлары мен сөзін ағытқандай әсер қалдырады. Өлеңде ақын ойы түйдектеліп келіп, бірнеше оралыммен ширыға түседі.

XIX ғасырда отаршыл елдің құжаттарында көрсетілгеніндей (Сырдария облысының генерал-губернаторы Н. И. Градеков «...1867 жылдың заңы») қазақ жерін округтерге бөлгенде белгілі бір болыстық құрамына алыс болып келетін майда рулардан енгізуді мақсат еткен. Ұсақ рулардың бір болыстықта көп болуы болыстыққа таластағы ұсақ партия күресін сол құрлы жандандырып, арыз-шағым, өз ара талас, тартыс, ел аңду, атқамінер жинап күш көрсету сияқты ел берекесін кетіретін зиянды әрекеттерге ұшыратқан [5]. «Бөліп алып билей беруді» мақсат тұтқан отаршылардың саясатын түсінбей, өз қара басы үшін қырқысатындарға күйінген ақын:

Таласып босқа,

Жау болып досқа,

Қор болып, құрып барасың;

Өтірік шағым толды ғой,

Өкінер уақытың болды ғой, – деуінің себебі осындай саяси-әлеуметтік ахуалдан туған. Саяси-әлеуметтік жағдай елді аздырып, «Өтірік, ұрлық, Үкімет зорлықты» молайтады. «Бір кісі мыңға, Жөн кісі сұмға, Өлі жетер заман жоқ» деп бірін-бірі аңдумен, «қулық сауып», «сыбырлап бұғып», «Сөзуар білгіш, Закүншік, көргіш, Атанбақты – мақсұт тұтып», өмірін мардымсызға қор қылған әлеуметке «жан ауруын» жеткізеді. Ақын пайымынша «Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды» дейтін надандықтың құрсауын бұзудың бір жолы – өнер, білім іздеу, кәсіп табу, «Егіннің ебін, Сауданың тегін Үйреніп, ойлап, мал іздеу. Абай өлеңнің бірнеше шумағында толғаулы ойын түйдектеп келіп, «Тарылды көкірек, Қысылды жүрек, Ағызды сығып жасымды» деп жеке басының мұңын, қиналысын білдіріп отырады. Өлеңде ақынның заман адамы туралы ойы айқын, ұстанымы ашық көрінеді, қоғам шындығын, заман сипатынан дәл жеткізеді. Өлеңде автор «Мансұқ – алыс, өмір – шақ» деген сияқты шендестірулердің, «Кеш деп қайтар жол емес, Жол азығым мол емес» тәрізді афоризмдердің немесе «Баяғы жартас – бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамас» деген сияқты метафора, символдардың, сондай-ақ «Екі кеме құйрығын, Ұста жетсін бұйрығын» сияқты мақал-мәтелдердің қолданысының көркем нұсқаларын жасаған. Өлеңнің әр

шумағындағы ой «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Көңілсіз құлақ – ойға олақ», «Біріңді қазақ, бірің дос Көрмесей істің бәрі бос» деген сияқты афоризм сөздермен қаныққан.

Мұндай терең пәлсапалық, тұлға ілімін қалыптастырушы шығармалары кең ауқымда меңгерілуі керек. Тіпті кезінде «Абай ескішіл тапты сынайды деп түсіндіріліп келген «Мәз болады болысын» өлеңінің де қазақ халқының саяси-әлеуметтік жай-күйін танытатынын аңғарған абзал. Абай шығармаларында көбінде айтылатын ұждан мәселесі «Мәз болады болысын» өлеңінде жаңа сипатта көрінеді. Қазақ еліне жаңа билік жүйесін енгізген отарлаушы ел округ, уезд басына жергілікті ұлт өкілінен ұсынбауды дұрыс санаған. Көбіне болыстықтар, ауылнайлықтар ғана қазақ ұлт өкілінің жеткен жоғарғы дәрежесі болып есептелінген. Осы шенді алу үшін ру басы атқамінерлер тарапынан ел ішінде көптеген талас-тартыс, егес молайған. Бұрынғы жер дауы, жесір дауына қосымша болыстыққа талас та елдің ішкі жағдайын шиеленістіре түскен. Абай болыс дәрежесі мен ұлықтан шен алуды «Еш нәрсе емес жұбанар, Ақыл көзбен баққанға» деп астарлайды. Ұлыққа «бір қылығы жаққанмен», «күнде жақсы болмасы» белгілі, әрі ол билік «қақпаны» екенін жасырмайды. «Жасық, жаман болмассың, Жамандықтан қашқанға» деп, адал іске араласу, оңға жүру адамдықтың парызы ретінде көрсетеді. «Елертпін көзін аспанға» төбесі көкке жеткендей «мақтанға салынып» есі кеткен болыстың іс-әрекетін шенейді. Ақынның «Оқалы тон тола ма, Ар-ұятын сатқанға?!» деуі – ел мүддесі мен бар «қасиетін» шенге айырбастаған болыстың қылығына күйінуінен туған ойлар. «Одан үміт кім қылар, Жол табар деп сасқанда» деп елдің сенгені шен-шекпенділер емес екендігін аңғартады. Абай «Мәз болады болысың» өлеңінде мансапшылдың жағымсыз мінез-құлқын көрсете отырып, «Бір ғылымнан басқаның, кеселі көп асқанға» деген ой қорытындысын жасаған.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» – Абайдың мораль мәселесін тереңнен толғап, кеңінен айтқан өлеңі. Өлеңнің алғашқы шумағынан-ақ ақын екі нәрсені салыстыра түсіндіреді. Оның бірі – ойын, екіншісі – күлкі. Ақынның қымбат деп баға бергені жай күлкі емес, ол адамның ішкі ниеті, шынайы ықыласы. Сондықтан ақын келесі тармақта «Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат» деп, сыр – ішкі болмыс, ниеті де, сымбат – сыртқы көрінісі, бет-бейнесі деп ойын айқындай түседі. «Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік, ер табылса жарайды, қылса сұхбат» деп, шынайы қарым-қатынастың адал көңіл, ақ ниетке ғана құралатынын түсіндіреді. Өлеңде ақын татулық (достық), әдеп, тұрлаулылық, адалдық, ар, мінез сияқты қасиеттерді насихаттайды. Абай қай дәуірде болсын құнын жоймайтын бағалы кеңесті әлі де өмірдің татымды-татымсызын таразылап көрмеген, көп дүниенің байыбына бара бермейтін жасөспірім қыз-жігітке ұғынықты жатық тілмен өрбітеді. «Болар елдің баласына» лайықты іс – талаптылық, татулық, жақсы

қылық, сұхбаттастық, жолдастық, сырға беріктік және өнер дей отырып, осы қасиеттерге күншілдік, көрсеқызарлық, жеңсікқойлық, пайдакүнемдік, ұсақтық, пысықсымақтық сияқты іс-әрекеттерді қарсы қоя сипаттайды.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Тұжырымдай келгенде, ақын ойының өзегінде, «пайда ойламай, ар ойлайтын» салауатты қоғам құндылығы жатады. Абайдың терең пәлсапалық, тұлға ілімін қалыптастырушы шығармалары бүгінгі білім беру саласына мейлінше еркін енгізу, болашақ қоғам адамын, жан әлемі жетілген тұлғаны қалыптастыруға зор ықпалы бар ұлттық, адамзаттық құндылық болмақ. Абай шығармалары білім беру саласында кең ауқымда меңгерілуі керек деп білеміз. Абайдың «Толық адам» ілімі «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», Әбдірахманға арналған өлең топтамаларында, «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» т.б өлеңдері мен көптеген қара сөздерінде еркін ашылады. Абай шығармаларын оқытуда осы «мораль кодексін» терең аша отырып, кемел тұлға қалыптастыру мүддесіне жарату бүгінгі білім берудің түпкілікті мақсаты болуы керек деп түйеміз.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Абайқызы, У.** Абайдың балажандығы// Социалистік Қазақстан. – 1945.– 15 тамыз.
- 2 Әдебиеттік оқу кітабы: 4-класқа арналған// Құрастырған Жолдыбаев М., Қоңыратбаев Ә., Қаратаев М. – Қызылорда : Қазақстан, 1934 -94 б.
- 3 Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V-IX, X-XI сыныптар. – А. : Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы жанындағы баспа, 2010. – 26 б
- 4 Abai.kz Ақпараттық порталы 2009,15 сәуір. E-mail: abai-akparat@mail.ru
- 5 **Мырзахметов, М.** Билемесе бір кемел...// Абай. – 1992. – № 1. – 43-47 б.

Материал 23.08.16 баспаға түсті.

*Б. Ш. Кожекеева, Б. Д. Жумакаева*

**Изучение наследия Абая с целью формирования полноценной личности**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 23.08.16.

**The study of the legacy of Abay with the aim of forming the full personality**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 23.08.16.

*В данной статье рассматриваются актуальные проблемы изучения произведения А. Кунанбаева в казахских школах. Актуальность темы статьи обусловлена тем, что ранее и на современном этапе развития методики преподавания литературы изучение произведений Абая не основывалось на новых эффективных технологиях обучения, осуществлялось без учета возраста и психологических особенностей учеников. Методика преподавания произведений Абая будет оказывать эффективное влияние на формирование всесторонне развитой личности с новым типом национального мышления, если построить ее в соответствии с требованиями целостного учебно-воспитательного процесса.*

*In this article there are described the current problems of studying the works of A. Kunanbayev in Kazakh schools. The relevance of the topic is conditioned by the fact that at the previous and current stages of development of literature teaching methodology, studying of the poetry of Abay was not based on new effective training technologies and was carried out without taking into account the age and psychological characteristics of students. The method of teaching the poetry of Abay will exert effective influence on the formation of fully developed personality with a new type of national thinking, if it is to build in accordance with the requirements of the holistic educational process.*

ӨОЖ 821.512.122.

**Б. Ш. Қожеева<sup>1</sup>, Б. Д. Жұмақазева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауым.профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы; <sup>2</sup>п.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

**БӨЛТІРІК АТЫХАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

*Бұл мақалада Жетісу өңірінің айтулы ақынының бірі – Бөлтірік Атыханұлының отаршылдық салдарынан болған жайттар сөз етіледі.*

*Кілтті сөздер: отаршылдық, айтыс, отаршылдыққа қарсы күрес, патша үкіметі, әлеуметтік мәселелер, шешендік өнер, азаттық күрес.*

**КІРІСПЕ**

Патшалық билікпен бірге келген ел басына түскен қиыншылықтар сол замандағы ақындарды, көзі қарақты ел адамдарын бей-жай қалдырмады. Отаршылдықтың бұғауы елдің басына түскен нәубеттей саналып, көптеген әлеуметтік сұрақтардың жауабын іздеуге әкеліп соқты. Бір жағынан еркінен айырылған, екінші жағынан экономикалық қыспаққа ұшыраған елдің күресуге дәрмені жоқтай көрінді. Тығырықтан шығар жолды таба алмаған елдің жоғын жоқтаушы ақындар ел басындағы ауыртпашылықты өз өлеңдерінде көрсете білді.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Бөлтірік Атыханұлы – өзі өмір сүрген заманның қиындығы мен отаршылдық салдарынан болған жайттарды буырқанған өлеңдерінде көрсетіп бере білген Жетісу өңірінің айтулы ақынының бірі. Сол уақыттағы көптеген әлеуметтік сұрақтардың көрінісі Б. Атыханұлы шығармашылығында да кездеседі. Ол ақындар өмір сүрген кезеңнің, сонымен қатар халықтың басынан кешіп отырған жағдайларының да ақынның жанына батқандығынан болса керек. Ол 1870 жылы Кеген ауданының Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Б. Атыханұлы – жалынымен тіліп өтер өлеңдерімен қатар айтыскерлік өнерімен де дараланатын ақын. Бұл есепте Б. Атыханұлы Құланаян Құлмамбеттің жанына ере жүріп, оның айтыскерлік өнеріне тәнті болумен қатар, өзіне ұстаз тұтқаны, шешендігімен бірге күйшілігінің де дарығаны мәлім. Бөлтіріктің атақты Майкөт ақынмен, Жамбылмен айтыстары үзінді күйінде бізге жеткен. Бөлтіріктің жиырма жасқа келген кезінде қырықтың қырқасына шыққан атақты Жамбыл ақынмен айтысканы туралы деректер



өте қызықты айтылады. 1890 жылдың жаз айында Қарқара өңіріне келген Жамбыл ақынмен сөз сайысына түскен Бөлтіріктің уытты өлең өрімдері дарынды ақынның өмірге келгендігін айғақтайтын еді. Айтыстың қызып тұрған шағының бір кезеңінде айнала отырған ауыл атқамінерлерінің сараңдық танытып, енжар отырғандығына көңілі толмаған Жамбыл:

Уа, Бөлтірік, Бөлтірік,  
Сөз мәуітін келтіріп,  
Бір сөйлесең нетеді?!  
Сүйегімді жасыттың,  
Кетейін бе өлтіріп.  
Ақын атың бар еді,  
Сөйлесеңші серпіліп.  
Жасыл жайлау, ақ орда,  
Қалсын біраз желпініп,

– дегенде сөздің ығын таныған Бөлтірік те қалыспай:

Ой, Жамбыл-ай, Жамбыл-ай,  
Қашан құлақ салды бай?  
Сөз асылын тани ма,  
Өзі ақынша қаңғымай.  
Думан қылды аулында,  
Сөзді бұлдап сатқан жоқ.  
Өлең беріп, жорға алса,  
Жамбылдан бір сөз қалса,  
Тарамай ма мақтан боп?! [1]

– деп билердің сараңдық жасағаны үшін өзінің ұялғанын білдіреді.

Бөлтірік байлардың малының көптігіне сатылған адам емес, кедейлердің есесі кеткен жерде көмек қолын созатын, елдің басындағы қиын-қыстау кезең әкелген қиыншылықтарда өлеңі арқылы қолдау көрсеткен ақын. Өзінің улы мысқылға толы өлеңдерімен байлардың жағымсыз іс-әрекеттеріне тосқауыл қоя білген ақын көршілес жатқан қырғыз өңіріне де танымал болған. Жалайыр елінің бір болысының үйіне Бөлтірік келіп түседі, бұған дейін де үйде Қытай жеріне саудамен барып, келіп жүрген саудагерлер отырады. Қолға су құйылып болған соң Бөлтіріктен асқа бата сұралады. Сонда Бөлтірік:

Салдырлатып Іледен,  
Өте шықтым қағылға.  
Аударыла түсе қалып ем,  
Болыс деген дабылға.  
Бата сұрап қойғаның  
Ботқа, омыртқа, қабырға.  
Асықты жілік, бас, жамбас

Жалайырдан табылма,  
Сарт, қазағың жабылып.  
Ботқана қарай жабырла,  
Құдай түбін оңалтсын.  
Асықпа, Бөке, сабырла [2].

Б. Атыханұлының шығармасына арқау болған оқиғаның бірі – он алтыншы жылғы азаттық күрес. Он алтыншы жылғы күрес батырлары Ұзақ, Серікбай, Жәмеңкелердің елі үшін жасаған ерлік істерін, патша жеңдеттерінің халыққа бықпырт тигендей шабуылын осы өлеңі арқылы көрсетеді. Ол ақынның «Ел жарыла көшкенде» атты өлеңінде анық көрінеді:

Патшаның төре, ұлығы,  
Албан қаптап келгенде,  
Жәрмеңкеге тығылған.  
Сойылы бар батырдың,  
Талайы атқан оқпенен  
Жапалақтай жығылған.  
Сай салаға тығылған.  
Қызыл жоса қырман боп,  
Қырылдық жаман шыбыннан.  
Албанның қасқа, жайсаңы,  
Серікбай, Ұзақ, Жәмеңке,  
Бәрі он екі кісі еді,  
Қарақолға бет алып,  
Қара жолмен шұбырған [3, Б. 33].

Бөлтіріктің айтыскерлігі турасында С. Дәуітұлы «Бөлтірік ақын» еңбегінде [4], Бөлтірік ақынның шешендігі мен тапқырлығы жайында Ә. Әлдібаев [2], Б. Атыханұлының есімінің елге қайтып оралуы жайлы Ж. Тұрлыбайұлы [1], ақын тұрғыластары қақында С. Медеубекұлы [5], жастарға берер тәлімді тәрбиесі жөнінде Б. Асанов [6], Б. Атыханұлының жарық көрмеген өлеңдері туралы Ә. Әлдібаев [7], Бөлтірік ақынның 120 жылдық мерейтойының тойлануы туралы Н. Төлепбергенұлының [8] еңбектерінде жарияланып отырды.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, сөз оралымдары жайдың оғындай жарқырағын ақынның шығармашылық ғұмыры көзі қарақты ғалымдар тарапынан қолға алынуы керектігі сөзсіз. Себебі, Б. Атыханұлын бір ғана өлкенің, бір ғана әулеттің жоқтаушысы деп тану жеткіліксіз. Ол отаршылдықтың өріс алып тұрған тұсында елден үдере көшкен қазақтармен бірге Қытай еліне өтті. Ол жерден де жер ұйық таппаған ақын бар ғұмырын тәуелсіздік идеясын жырлауға арнады. Тәуелсіздік идеясын жырлау – XIX ғасырдың аяғы мен

XX ғасыр басындағы ақындардың барлығына ортақ болса, осы ерекшелік Бөлтірік ақынның шығармаларынан да кең орын алды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Тұрлыбайұлы, Ж.** Бағы ашылған Бөлтірік ақын // Егемен Қазақстан. – 1997. – 30 желтоқсан.
- 2 **Әлдібаев, Ә.** Бөлтірік ақынның тапқырлығы // Жетісу. – 2001. – 16 маусым.
- 3 **Атыханұлы, Б.** Ел жарыла көшкенде. Құраст. С. Дәуітов. – Алматы : Жалын, 1993. – 48 б.
- 4 **Дәуітұлы, С.** Бөлтірік ақын // Алматы ақшамы. – 1990. – 5 қыркүйек.
- 5 **Медеубекұлы, С.** Өлеңінің шарпынды өрті мықты // Жетісу. – 1990. – 20 қазан.
- 6 **Асанов, Б.** Жастарға қалсын бір нұсқа // Жетісу, 1990. – 18 қазан.
- 7 **Әлдібаев, Ә.** Бөлтірік ақынның жарық көрмеген өлеңдері // Жетісу, 2001. – 18 қаңтар.
- 8 **Төлепбергенұлы, Н.** Бөлтірік ақынның 120 жылдық мерейтойының тойлануы туралы // Жетісу, 1990. – 31 қазан.

Материал 23.08.16 баспаға түсті.

*Б. Ш. Кожеева, Б. Д. Жумакаева*

### **Идея независимости в творчестве Болтирик Атыханулы**

Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 23.08.16.

*B. Sh. Kozhekeyeva, B. D. Zhumakayeva*

### **The idea of independence in the creations of Boltirik Atykhanuly**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 23.08.16.

*Статья посвящена творческой деятельности Б. Атыханулы во  
время колонизации.*

*The article is devoted to the poetry of B. Atykhanuly during  
colonization.*

ӨОЖ 821.512.122.

## **А. А. Көшекова<sup>1</sup>, Қ. Т. Жанұзақова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауымд.профессор м.а., <sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: <sup>1</sup>koshekova71@mail.ru

## **МАНАП КӨКЕНОВ АЙТЫСТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК, ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақала Манап Көкенов шығармашылығының бір арнасы  
айтыстарының көркемдік ерекшеліктерін қарастырады. Сонымен  
қатар Манап Көкеновтің шығармашылық жолы, оның айтыс ақыны  
ретінде қалыптасуына ықпал еткен дәстүр жалғастығы мәселелер,  
оның шығармашылығына халық ақындарының ықпалы, әсіресе,  
Нартай Бекежанов пен аға буын ақын ағалардың әсері, тағылымдық  
орны зерделенеді. Сонымен қатар ақыныңың Надежда Лушиковамен,  
Асқар Тоқмағанбетовпен айтыстарының тақырыптық арнасы,  
тілдік, образдық, көркемдік ерекшеліктері талданады.*

*Кілтті сөздер: айтыс, дәстүр жалғастығы, халық ақындары,  
көркемдік ерекшеліктер, теңеу, метафора.*

### КІРІСПЕ

Кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен ой танымымен тікелей байланысты. Көркем мәтін – ұлттық бітім-болмысты, ұлттық салт-дәстүр мен наным-сенімді таныстыратын біртұтас дүние. Көркем мәтін – ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы. Сондықтан әрбір көркем шығарманың бойынан сол туралы материалдық та рухани да мәдениет негізінде тануға болады. Соның ішінде айтыс поэзиясында осындай құбылыстар көптеп кездеседі [1].

Ғасырлардан бері жалғаса дамып келе жатқан айтыс – ауыз әдебиетінің ғажайып үлгісі. Айтыс – үлкен өнер, халықтың рухани азығы, сонымен қатар идеологиялық тәрбиенің өткір құралы [2]. Әдетте, шындық айтыста туады десек, жетістігіміз қандай, кем-кетігіміз неде, міне, солардың бәрі айтыс ақындарының назарынан тыс қалмақ емес. Айтыс тақырыбының кенересі кең. Ол заман, қоғам, адам туралы бүгінгі күннің шындығын мол қамти алады. Жеке бастың ғана емес, сонымен бірге қоғамдық мәні бар жайлар бірінші кезекте тұрады. Алқа топта ақын аузымен айтылатын өткір шындық салмағы да оңай болмаса да керек. Міне, бұлардың бәрінен айтыс

өнерінің саяси, әлеуметтік, идеологиялық және тәрбиелік мәні айрықша көрінеді. Айтыс барлық түркі тектес халықтарда сақталған, бірақ қазіргі кезде әлемді таң қалдырып отырған, өзіндік ерекшеліктері жақсы сақталған қазақ ақындарының айтысы. Айтыс өнерінің негізгі шарты, басты мақсаты ол – шындық, сол заманның көкейкесті мәселелерін, қоғамда орын алып жатқан әділетсіздіктерді, қарапайым халық қалауын шешен сөзбен маржандай тізіп шындықтан таймай батыл айта білу. Сондықтан да айтыскер ақындар шешен сөзді, орақ тілді, суырып салма нағыз жүйріктер болуы шарт.

Қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы, халқымыздың аса көрнекті ақыны А. Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде халқымыздың ұлы өнері айтыс туралы былай жазады: «Айтысқанда екі күрескен балуандар сияқты, бірін-бірі аңиды, бірін-бірі бағады. Күрескендегі бірін-бірі жығу үшін істейтін әдіс-амалдарды мұнда да істейді», – дей келе айтыс туралы өзінің ойын былайша сабақтайды: «Айтысқанда түрлі нәрселер жайынан сөйлеп, бірін-бірі тосуға тырысады. Көбінесе біріннің-бірі басындағы, еліндегі, жұртындағы міндерін айтып тоспақшы болады. Айтыстың бұл жағының әлеумет алдында пайдасы зор. Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз ғаламдарын, мінездерін айтып көрсету – халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін нәрсе», – деп өзінің тамаша ойларын жазады [3].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кеңес дәуіріндегі айтыстың 1950-60 жылдардағы даму жолдарына көз салсақ, бұл тұста жазып айтысу салтының өріс алғанын көреміз. Екі облыстың немесе екі ауданның ақындары сол жазып шығарған айтыстарын жергілікті баспа бетінде жариялап қана қоймай, соны бетпе-бет келгенде де қарсыласына жаттап айтып, немесе қағазына қарап отырып оқып беретін болды. Бұдан айтыс өзінің баурағыш, тартымдылық қасиетінен айрылып қалды. Сондықтан әдебиетші-ғалымдар айтыстың қалыпты суырыпсалма дәстүріне қайта оралуы қажет деп тапты.

1980 жылы өткізілген Республикалық II-айтыста Манап Көкенов (Қызылорда облысы) пен Надежда Лушникова (Алматы облысы) сайысқа түсті. Ақындар айтысқа бел шеше кірісіп, айтыс деген жаттанды сөз емес, суырыпсалма ақындық өнер екенін өз істерімен, өлең-жырларымен дәлелдегенін айта кеткен жөн. Манап Көкенов пен Надежда Лушникованың айтысының мәтіні кейіннен 1982 жылы жарияланған «Жыр шашу» атты ақындардың республикалық екінші айтысы жинағында басылып шықты. Айтыстың асыл үлгілерінің бір тармағы – қыз бен жігіт айтысы десек, Манап Көкенов пен Надежда Лушникова осы айтыс түрінің әдемі үлгісін көрсетеді. Қазақ айтысының байырғы түрі – қыз бен жігіт айтысында әр дәуірдің тынысы, замана лебі сезіледі, уақытқа сай жаңарған өмір жалғастығы айқын аңғарылады.

М. Көкенов пен Н. Лушникованың айтысы өлеңдік құрылысында мазмұнына сай, көп көркемдігі бар үлгілі айтыс болып шыққан. М. Көкенов айтысты Надеждамен амандасудан бастап, Надежданың Сыр елінде туып-өсіп, Асқар ақынды ұстаз тұтқанын білдіреді.

Манап Көкенов пен Надежда Лушникованың тілінде метафоралар, теңеулер, кейіптеу сынды тілдік айшықтар молынан кездеседі. Мысалы, Манап:

Надежда, сау жүрсін бе, қарындасым,  
Жалын ең жасыңнан-ақ бағың басым.  
Өнерде өрге жүзген бір жүйріксің  
Қуанам сіздей жұптас табылғасын.

Сыр бойы, Жетісуда тел өссең де  
Білемін Қызылорда жағындасың.  
Екеуміз Асқар ақын шәкіртіміз  
Ақын боп баста бізде танылғансың [4, 230]

– деген жолдардағы метафора Надежда Лушниковаға берілген үздік образ екені сөзсіз. Надежда:

«Мен дағы тарта тудым түріңізге,  
Сайраған сандуғаштай тіліңізге»,

– деген жолдарында Надежда Манаптың сөзін, тілін жоғары бағалап, теңеудің -тай деген жұрнағы арқылы сандуғаш сөзін одан әрі сынын-сипатын білдіретіндей етіп көркем қолданған.

Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйірігі екенін танытуға тырысады, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Айтыстағы әдет бойынша Манап ақын бірден асқақ кетпей, қайта керісінше, жас қызды шабыттандырып, оның сөзге жүйріктігін, ақындығы жағынан өз ортасынан оқ бой озықтығын тілге тиек етеді, «бүгінгі Сараға» теңейді, қолдау көрсетеді. Манап ақын өзін мақтай жөнелмей, ел мейірін, ел бақытын жырлап жүрген жас қыздың еңбегін елеп, ағалық ақ тілегін білдіреді:

Өзіңсің бүгін Шолпан, Сарамыз да,  
Бүгінгі Мариясың арамызда.  
Сыр менен Жетісудың мақтанысың,  
Жасырып мұны көптен қаламыз ба? [4, 230] – дейді.

Ақындар айтысында «жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады» [5, 10]. Надежда апамыз да Манап ақынның тосыннан айтқан мақтау сөзіне табан астында өлең шығарып, жауап береді:

Ағасы, есенбісіз, сөз зергері,  
Асықты жүрек тулап, көз көргелі,  
Халайық, артықтау ғой Сара ақынға  
Ағайың Надежданы теңгергені.

Надежда ақын Манап Көкеновтің мақтауына мастанбай, кішіпейілділік пен ізеттілік танытады. Амандық-саулықты сұрап болған соң Надежда Манап ақынға қайтарған жауабында ағасының басын сыйлап, қасиеттеп:

Есен бе, «Талап» деген совхозыңыз,  
Аман ба, ел-жұртыңыз, жалпы өзіңіз?  
«Нартайдың бағы қонған, – дейді халқын, –

Айтыста шалдырмайтын жампозымыз» [4, 231], – деп ардақтайды да, содан кейін:

Сайыстың небір ақын саңлағымен,  
Соларға болар ма екен салмағым тең,  
Дегенмен бүгінгі күн сақ бол, аға,  
Артыңнан ере шыққан тайлағың – мен [4, 231].

– деген жолдарда Лушникова өзін Манаптың ерген ізі екенін білдіргісі келгендей, сөзді ауыстырып, метафораны қолданып тұр әрі өзінің де осал еместігін тілге тиек етеді.

Қазағым, мен бір қызы жыр бағының,  
Жаңылмай ақын жүрек жырла бүгін.  
Жамбылдай заңғар таудан басын алған  
Мен сенің күмбірлеген бір ағының!

Тарихта аты мәлім қазақ ақындарының көпшілігі осы айтыс өлеңдерінде тәрбиеленіп өсті. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Сөз сайысы үстінде оның ақындық өнері шыңдала береді. Ақындар шаршы топ алдында сарапқа, сынға түскендіктен, сөзінің мазмұны мен көркемдік жақтарына зер салады. Айтыс жырларындағы үздік образ, шешен сөздер осы айтыс үстінде туған.

Өлшеусіз талант әрі әнші екі саңлақтың шешен сөздері – өзінің көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі. Бұл айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын қазақ поэзиясының төрінен орын алады.

Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады. Жоғарыдағы шумақтың:

Жамбылдай заңғар таудан басын алған  
Мен сенің күмбірлеген бір ағының!,

– деген жолдарындағы «күмбірлеген бір ағының» «деген сынды эпитеттік метафоралар мен теңеу үздік образдар екені сөзсіз.

Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Соның бәріне ақындар жөпелдеме жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды,

сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Манап Көкенов Надежда Лушникова да бір-бірінің аяқ алысына, сөз саптасына, өнерлілігіне барлау мақсатында күнделікті өмір құбылыстарынан сұрақтар қояды. Манап ақын астана болған Алматыдағы кемшіліктерді бетке басады. Бір қызығы, осы айтыстың өткеніне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, М. Көкеновтің Алматы қаласына айтқан сыны қазіргі таңда өзінің өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді:

Көшең мен мекемеңде қазақша аттан,  
Бір қарап қате таптым қаптап жатқан.  
«Апыр-ау, қашан осы түзелер?» – деп  
Күн сайын қанша кісі даттап жатқан.

Міне алмай автобусқа талай халық,  
Тұрғанын көзбен көрдім қатты налып.  
Өкпемді өлімші қып қысқан кезде,  
Жаяулап кеткім келді түсе қалып.

Ақын 80-ші жылдардың өзінде үлкен қалалардағы қазақ тілінің төменгі ахуалын, қазақша жарнамаларда, қазақша көше атауларында қателердің қаптап жүретінін, қоғамның қазақ тіліне деген салғырттығын тап басып отыр.

«Көше» деудің орнына «кәше» дейді,  
Бір қатені он етіп еселейді.  
Көше толған көп шұңқыр ойық-ойық  
Асфальтты неге дұрыс төсемейді?

Қазіргі таңда теледидарлар мен ақпарат құралдарынан, мерзімді баспасөз беттерінен көп айтылып, жазылып жүрген Алматы жолдарының нашарлығы, шұрық тесіктігі, кейбір көшелердің сәнсіздігі де 80-ші жылдары астанаға сапармен келген Манап ақынның қырағы назарынан тыс қалмаған. Ақын ұлтқа еңбегі сіңген ұлы тұлғалардың ұмыт болмауын да қадап айтады. Алматы қаласында әлі күнге дейін Ыбырай Алтынсаринге, Ғани Мұратбаевқа ескерткіш салынбағанын, мәдениет қайраткері Т. Жүргеновтің сексен жылдығын тойлағанмен, оның есімі театрға, не мектепке, не көшеге берілмегенін өкінішпен жырлайды. М. Көкенов пен Н. Лушникованың айтысы халықтың ойын толғандыратын келелі тақырыптарды қозғайды. Манап ақынның айтыстарында жай жеке басты мінеп-сынауы мақсат тұтпай, қоғамдық маңызды мәселелерді, халықтың мәдени, рухани өсуіне көмек болар мәселелерді халықтың мәдени, рухани өсуіне көмек болар жайттарды тілге тиек ете білді. Жауаптасуларда жүйелілікті, мергендікті, шешендік тапқырлықты бағалап отырды.

Асқар Тоқмағанбетовпен сұрақ-жауап айтысында Манап Көкеновтің жер тарихын жетік білетіні байқалады. Бұл айтыс жазба айтыс болды. Асқар

Токмағанбетовтың таудағы әрбір шоқы, бұлақ, бау, диірмендер атауының сыры турасындағы сұрақтарына Манап Көкенов мүдірмей жауап береді. Манап ақын жердің әрбір атауына шеберлікпен жеке-жеке тоқталып, тәптіштеп түсіндіреді. Бір айтыстың ішінде 26 тау сілемдері мен 33-ке жуық жер, су аттарын мысалға келтіріп, деректі дәйектемелер келтіреді. «Ботасоқты», «Қарныжарық», «Ақұйық», «Құланшы», «Тастүскен», «Токпансалды», «Сарапан», «Өгіз мүйіз», «Бүркітті», «Қатынқамал», «Есекбел», «Жыланды», «Жолбарысты», «Көлтабан», «Таңбалы тау» т.б. аты аңызға айналған тау, су, жер аттарының тарихи екі ақынның айтысында көркем тілмен айшықты баяндалады.

Манап ақынның:

Бұл жердің тарихы мен сыры қызық,  
Жеткізу маған қиын бәрін тізіп,  
Әр бұлақ, әр төбеде терең сыр бар,  
Бірі алтын, бірі күміс алсаң сүзіп.

– деп айтысқан жыр шумақтарында метафоралар арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, шексіз махаббат жатыр.

Асқар ақын тағы да тау туралы аңыздың шығу тарихын сұрағанда, Манап ақын да мүдірместен:

Тау қайда тарихы көп «Тас қорғандай»,  
Тамызда тамған суы тас жарғандай.  
Жүгіндей қыздың жиған текше-текше,  
Кей жері шөгіп үнсіз жатқан нардай.

– деп табиғаттың, туған жердің әсем көріністерін, елдің тарихын көркем сөзбен, – дай, дей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулердің легімен төгілте бейнелейді. Айтыста осындай сөз байлығы айшықты, әдемі сөз тіркестері молынан кездеседі. Жалпы, айтыстағы ойдың ашық айтылуында немесе меңзеу, пернелеу түрінде жеткізілуіне, яғни айтыстың тартысты да көркем өтуі үшін қажетті де, маңызды нәрсе, ол – айтыстың тілі. Яғни, айтыс өнеріндегі ең маңызды рөл ойнайтын, оның көркемдік ерекшелігін арттыратын және оның ерекше тартысты өтуіне себепші болатын басты нәрсе-ұйқаспен үйлестіріле қолданылған көркем сөздер. Асқар ақын тағы да тау туралы аңыздың шығу тарихын сұрағанда, Манап ақын да мүдірместен:

Тау қайда тарихы көп «Тас қорғандай»,  
Тамызда тамған суы тас жарғандай.  
Жүгіндей қыздың жиған текше-текше,  
Кей жері шөгіп үнсіз жатқан нардай.

– деп табиғаттың, туған жердің әсем көріністерін, елдің тарихын көркем сөзбен, – дай, дей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулердің легімен төгілте бейнелейді. Айтыста осындай сөз байлығы айшықты, әдемі сөз тіркестері молынан кездеседі.

Манап ақын ары қарай:

Көркіне көз тоймайды көк арайлы,  
Телмірткен сәулетіне Күн мен Айды.  
Шілдеде суы салқын, шөбі шүйгін,  
Самалдың өзі келіп саялайды [4, 2],

– деген жолдарда кейіптеуді, яғни жансыз табиғат құбылыстарына тірі адамның кимылы мен әрекетін теліп, жан бітіре суреттейді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Айтыс өнерін дамытқан Манап Көкенов дәстүрлі өнер бұлағының көзін ашып, халқымыздың сан ғасырлық тарихынан тағылым берер ауыз әдебиетінің ғана арқау болатынын терең түсінді. Манаптың ақындық атағын танытқан ерекшелігі – ауызша импровизациямен жырлаған айтыстары. Бұл арада Манап ақын импровизациясының ішкі дүниетаным әлеміндегі тиянақты ойлардан, жинақталған түйіндеулерден туындайтыны анық. Манап Көкенов – Қазақстанның 60-80 жылдардағы халық ақындары шоғырының аса көрнекті тұлғасы. Осы тұрғыдан келгенде, Манап Көкенов айтыстарының тақырыптық арнасы, көркемдік ерекшелігі – өз алдына зерттеуге әбден тұрарлық дүниелер.

Манап ақын өз айтыстарында әйтеуір кезектесіп лебіз білдіріп қайтуды ғана парыз тұтпай, қайта кәдімгі дәстүрлі айтыстың жолын ұстап, жыр арқылы жауаптасқанын, қағысқанын көреміз. Мұндайда олар өз облыстарының жетістіктерін қысқа түйіп, тапқыр айтып мақтаса, қарсы ақын тұратын облыстағы өзі білген, байқаған кемшіліктерін де сыпайы тілмен, көп сырды аңғарта отырып, сынап кетеді. Айтыс кеңес заманында өтіп жатқандықтан коммунистік партияның жетекші ролі, коммунизм идеялары жыр өзегіне айналуы заңды құбылыс болатын. Сонымен бірге, ақындардың өзара жарасты әзілі, жеке бастың тілектері қоғамдық мүддемен ұштастырылып жатты. Манаптың Надежда Лушниковамен айтысуы да айтыс өнерінде келелі бір саты іспеттес, әдемі теңеулер мен метафоралаға мол, тілі әсем айтыс болмақ.

М. Көкенов пен А. Токмағанбетовтың жер тарихы туралы туралы келелі айтысында екі ақынның да дүниетаным кендігі мен ой тереңдігін байқаймыз. Қазыналы қарияның шежіре тарқатқанында бұл айтыстың келешек ұрпақ үшін маңызы аса жоғары. Ол кезде суырып салу енді ғана қайта өріс алғандықтан, жазба айтыс та қызық болған. Қаратаудың Ақбастау деген жеріндегі жазба ақын мен ауызша ақынның айтысы көркемдігі тұрғысынан да жоғары деңгейде өткен.

Артында таусылмайтын мол рухани қазына тастап кеткен, тілі жүйрік, ойы орамды халық ақыны Манап Көкеновтің өзі де қазір сол жыр дүлдүлі Сыр сүлейлерінің біріне айналған. Оның ұйымды өлең жырлары мен ойлы

тоғаулары, табан астында тауып айтқандары мен қызық айтыстары кезінде өзін алақынына сап аялаған туған халқының аузында жүр. Оның маржандай мол мұрасынан кейінгі ұрпаққа өнеге-тәлім алып өсе беретінінде сөз жоқ.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Көкенов, М.** Екі мыңыншы сапар. – Алматы : Қайнар, 1987. – 184 б.
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. 11-том. – Алматы : Аруна, 2010.
- 3 **Байтұрсынұлы, А.** Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2003.
- 4 Бір қыз бен он алты ақын: Айтыс / Құрастырған Алма Қыраубаева. – Алматы : Жалын, 1985. 2-басылымы (Баспаға дайындаған Н. Мәтбек). – Алматы, 2013. – 379 б.
- 5 **Мұқанов, С.** Айтыстар туралы // Айтыс. 1-т. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. – 427 б.
- 6 **Көкенов, М.** Сыр әуендері: Өлеңдер, айтыстар, дастандар. – Алматы : Жазушы, 1991.

Материал 10.06.16 баспаға түсті.

*A. A. Kosheikova, K. T. Zhanuzakova*

**Художественные, языковые особенности айтысов Манапа Кокенова**  
Казахский государственный  
женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 10.06.16.

*A. A. Kosheikova, K. T. Zhanuzakova*

**Artistic, linguistic characteristics of aitys by Manap Kokenov**  
Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 10.06.16.

*Статья посвящена проблематике айтыса акына М. Кокенова, занимающего важное место в казахской народной поэзии 1950-90-х годов. Малоизученная проблема тематики и художественных особенностей айтыса Манапа Кокенова определяет актуальность исследования. Художественный мир акына рассматривается в тесной связи с традициями народного творчества. Анализируются творческий путь акына, влияние на его творчество Нартая Бекежанова и других народных акынов. На материале айтысов Манапа Кокенова с Надеждой Лушниковой, Аскарком Токмаганбетовым*

*рассматриваются темы Родины, дружбы народов, богатой истории родной земли. На материале айтысов Манапа Кокенова рассматриваются представления акына о том, каким должен быть человек, общество, его идеалы и характер осмысления жизни, общества. Рассматривается актуальность темы айтыса акынов, такие как проблема казахского языка, воспитание молодого поколения, нравственность и т.д.*

*The article is devoted to aitys by akyn M. Kokenov, who occupies an important place in the Kazakh folk poetry of 1950-90s. The problem of subjects and artistic features of aitys by Manap Kokenov determines the relevance of the research. The art world of akyn is seen in close connection with the traditions of folk art. There is examined the career of the akyn, the impact of Nartai Bekezhanov and other folk singers on his creativity. On the material of aitys by Manap Kokenov with Nadezhda Lushnikova, Askar Tokmaganbetov there is addressed the topic of the Homeland, friendship of peoples, the rich history of his native land. On the material of aitys by Kokenov Manap there are discussed the views of akyn on person, society, its values and the nature of the reflection of life of society. There is discussed the relevance of the topic, such as the problem of the Kazakh language, the upbringing of the younger generation, morality, etc.*

**Т. В. Левина<sup>1</sup>, Н. А. Мошенская<sup>2</sup>, А. Н. Нурланова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ст. преподаватель, кафедра «Педагогика и психологии», зам. начальника научно-исследовательского отдела КАСУ, магистр языкознания; <sup>2</sup>преподаватель, кафедра «Педагогика и психологии», менеджер научно-исследовательского отдела КАСУ, магистр экономических наук; <sup>3</sup>к.фил.н., зав. кафедрой «Педагогика и психологии», Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск, Казахстан  
e-mail: <sup>1</sup>tanya\_levina@mail.ru, <sup>2</sup>natalya-moshensk@mail.ru, <sup>3</sup>anur\_81@mail.ru

## **ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ БИЛИНГВАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У СТУДЕНТОВ ВУЗА НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ**

*В статье рассматриваются вопросы, связанные с государственной политикой в области языков и ее конкретной реализацией в рамках высшего учебного заведения. Особое внимание авторы обращают на развитие билингвальной компетенции у студентов неязыковых специальностей высшего учебного заведения по направлениям – казахский и русский языки, методики обучения, особенности восприятия.*

*Ключевые слова: билингвальная компетенция, студенты, высшее учебное заведение, методика обучения, казахский язык, русский язык, языковая картина.*

Процессы глобализации, которые сейчас распространяются на большинство сфер науки и общества, в первую очередь, повышают интерес к изучению языков. Отсюда выходят не просто проблемы методики сопоставления различных языков, но и вопросы межнациональных контактов, межкультурных коммуникаций, языковой компетентности в аспекте мирового сообщества.

Языковая картина казахстанского общества представляет собой уникальное лингвистическое пространство, в котором существуют два основных сообщества – казахскоязычное и русскоязычное. Уникальность данной ситуации состоит в том, что оба языка не только остаются самостоятельно значимыми в языковой политике страны, но и продолжают интегрироваться, развиваться и сохранять свою функциональную значимость. Языковая политика Республики Казахстан направлена на формирование полиязычной личности, развитие которой подразумевает под собой развитие и продвижение государственного языка, а также сохранение

функциональной значимости русского языка и овладению и применению во всех сферах общественной жизни английского языка [1, 2].

Основное направление развития данных вопросов возлагается на образовательные учреждения, в том числе на систему высшего образования. В рамках образовательной программы бакалавриата обучение языкам включено в блок общеобразовательных дисциплин. Изучение казахского и русского языков позволяет осуществлять компетентное профессионально-ориентированное общение, что дает возможность легко адаптироваться к динамично изменяющимся условиям профессиональной деятельности. Во время обучения языкам студенты неязыковых специальностей развивают свою речевую культуру, формируют коммуникативную компетенцию специалиста – участника профессионального общения на казахском/русском языках в сфере науки, техники и технологий, развивают профессионально-деловые качества будущего специалиста: умение вести деловые переговоры, сотрудничать и взаимодействовать, быстро и правильно принимать решения и решать профессиональные задачи.

Главным условием профессионального становления будущего специалиста является целая система требований, обусловленных учебной, образовательной и воспитательной деятельностью, в процессе выполнения которой формируются качества будущего профессионала. Актуальность билингвального образования предполагает философско-педагогический и психолого-педагогический аспекты, а также формирование у учащихся толерантности и заинтересованности к другой культуре, традициям и обычаям, пересмотр и отказ от стереотипов, влечение и интерес к общечеловеческому пониманию ценностей, идей, диалога разных культур. Билингвальная подготовка студентов неязыковых специальностей представляет собой, с одной стороны, процесс формирования личности, которая всегда открыта к единению с полинациональным и поликонфессиональным миром. С другой стороны, билингвальность – это еще и базовый принцип интернационализации образования [3].

Таким образом, принцип билингвальности предполагает знание и понимание о профессиональной лексике в аспекте обучения будущей специальности, применение знаний и пониманий в области изучения теоретических аспектов профессионального общения, формирование суждений об особенностях языкового процесса в профессиональной сфере и его закономерностях. В процессе обучения формируются коммуникативные способности в области владения терминологическим аппаратом дисциплины, а также навыки обучения самостоятельно пополнять полученные при изучении учебного курса знания.

На рисунке 1 можно увидеть процессы, которые влияют на развитие билингвальной компетенции у студентов неязыковых специальностей.

Способности и качества, данные человеку от природы, развиваются в процессе обучения, поэтому вопросы профессионально-предметной компетенции в обучении языкам дают хорошие результаты при совмещении различных методик и приемов обучения. Одним из наиболее результативных методов обучения является коммуникативный подход, целью которого является развитие у студентов умений решать коммуникативные задачи средствами изучаемого языка – казахского или русского соответственно, свободно общаться с его носителями. Язык усваивается во время естественного общения, организатором и участником которого является преподаватель. При этом студент выполняет роль субъекта этого общения и постоянно должен действовать. Организация и проведение занятий, ориентирующие преподавателя на обучение межкультурному общению и отражающее интерес студентов к культуре и образу жизни носителя языка должны формировать у учащихся представление о языке как отражении социокультурной реальности, национальной и общечеловеческой. Изучение культуры изучаемого языка и его народа, а так же представление и донесение информации о культуре своего языка помогает студентам сопоставительно рассматривать природу языков.



Рисунок 1 (Прим. – составлено авторами)

Таким образом, исходя из рисунка 1, вопросы обучения языкам и формирование билингвальной, социокультурной и речевой компетенции не могут произтекать без изучения культурных и интеграционных вопросов народа изучаемого языка.

Глобализация экономики и новые тенденции в сфере мировых технологий заставляют расти и модернизироваться требования к системе образования. Необходимо приучать студентов к вариативности и многообразию познания, а в центре внимания преподавателя должны быть целевые ориентиры

его студентов, их личностные особенности. Для развития билингвальной компетентности у студентов, тем более неязыковых специальностей, преподавателю необходимо ориентироваться на коммуникативную и индивидуализированную траекторию в процессе овладения студентами неродного языка, причем так, чтобы подача изучаемого материала была направлена на каждого студента индивидуально, с учетом его побуждений, интересов, мотивов, механизмов познания неродной речи [4].

Взаимоотношения человека и Космоса образуют систему пространственно-временных координат. Вертикальная координата, так называемая мировая ось, расценивается как символ трехчастного деления Вселенной, каждой из которых соответствуют три основных универсальных божества. Это Тенгри, верховное божество, адекватно понятию «Вселенная». Жер-Су – покровитель Среднего мира и Умай – божество женского мира и хранительница детей, в образе которых отчетливо выражена философия вечного круговорота жизни: прошлое (аруахи), настоящее – будущее

(потомки). «Аруах» можно рассматривать как проявленность непроявленной Божественной силы или света. Схематически, если Свет (Божественная сила) – точка, Аруах (проявленность света) – круг, центром которого является эта точка. Таким образом, аруах – это и разделяющая два мира граница, и одновременно объединяющий их посредник, круг, исполняющий роль двери» [3].

В работах ряда философов и теоретиков искусства присутствуют фундаментальные идеи о наличии в культуре моделей структурной организации пространства. Ими зафиксированы модели умозрительной организации пространства, основывающиеся на наиболее общих представлениях о структурировании пространства, и поэтому соотносимые практически с любым из существующих видов культуры. Такие модели показывают динамику преобразования хаоса в космос – процесс организации, структурирования, «очеловечивание» «пустого пространства».

Так, пространственная организация традиционного казахского жилища в значительной степени отражает традиционную картину мира, характерную для кочевой цивилизации. Наиболее полно такую модель представляет сборно-разборное жилище – юрта. Знаковое содержание казахского мобильного жилища – юрты показывает специфику организованного пространства в казахской традиционной культуре. Символическое значение локусов юрты позволяло не только протекать достаточно сложным функциональным процессам, но и служить зримой моделью традиционной картины мира. Символизм кочевой культуры представлял собой философское отношение к миру и был нормой жизни. Не было разделения философии мира и быта, они были взаимосвязаны. Преодоление таких пространств было бы немисливо без такого изобретения кочевников, как юрта. Юрта как модель построения мира в мировоззрении кочевников олицетворяет собой Космос. Ее разборка означала наступление Хаоса, а установка – вновь создание Гармонии.

Юрта состоит из трех частей: кереге, уык и шанырақ (решетчатый остов, жерди купола юрты и ее круговое навершие). Цифра три – известна в древней философии как мировая символическая доминанта. Авторы книги «Космос казахской культуры» Ж. К. Каракузова и М. Ш. Хасенов отмечают, что человеческая душа представлена у казахов тремя видами: «ет-жан», «шыбын жан» и «рухи жан». После смерти человека шыбын-жан уходит в небо, ет-жан в землю, рухи-жан – остается в доме умершего. Предки казахов трижды обходили покойного. Перед его выносом, трижды поднимали и опускали, что представляет собой прощание с тремя мирами земной жизни [4, с. 26].

Сама же юрта была моделью космоса и триединства Вселенной, символом освоенного пространства. Круг Солнца, полукруг неба и полукруг юрты сформировали представления о трех частях Космоса. По мнению

авторов, «все мышление строилось на аналогиях: солнце – голова, т.е. шанырақ юрты; туловище – лучи солнца. Уыки юрты; ноги – земля, кереге, таким образом, подразделяясь на верхний, низший и срединный миры» [4, с. 31]. Верхний мир, мир обитания богов – предков, срединный мир – мир обитания людей, и низший мир – мир мертвых, мир смерти. Высший мир шанырақ делит на четыре части, что соответствует четырем сторонам света (север, юг, запад, восток) и четырем стихиям (воздух, земля, огонь и вода), т.е. он делит пространство юрты, а с ним и весь мир по вертикали на четыре. Все развивается по закону аналогий, круг становится самой совершенной формой движения. Три геометрические исходные: точка солнца, плоскость земли и объемность юрты способствовали осознанию законов Космоса.

Графически это выглядит следующим образом: по вертикали пространство имеет три горизонтальных сечения, которые, соответственно представляют нижний, срединный и высший миры. Каждый из них содержит четыре стихии и четыре стороны света. Через центры трех миров проходит вертикаль пространства, соединяющая три мира. Низший мир, это мир мертвых, соответственно – прошлое, срединный мир, мир обитания людей – настоящее. Высший мир, это обитель богов – будущее. Вертикаль пространства совпадает с осью времени. Четыре стороны света и вертикаль – это характеристика пространства.

Естественно, выше трех миров - это пространство бога Тенгри и земли Умай. Черная земля и Синее небо. Рассмотрим логическую интерпретацию космогонии миров: Создатель творит землю и небо. С философской точки зрения, это связанные между собой дух и материя. Они являются основой для остального мира: планет, звезд, всей Вселенной. Рождение происходит в следующей последовательности: вначале появляется Дух и Материя как единая субстанция, которая порождает Пространство и Время. В нашем случае – это три мира, разделенные на четыре стороны света, четыре стихии в трех мирах, это связанные в некотором пространстве параметры: огонь – функция состояния, вода – функция процесса – движения. Воздух – производное Духа – поле. Земля в стихии – носитель материи – вещество. Применительно к любому объекту, например, человеку: земля – тело, воздух – душа. Энергия состояния (потенциал) – огонь, энергия, находящаяся в движении (кровь, лимфа, желчь) – вода. Умозрительно тело человека, подобно трем мирам, делится на три части: голову, туловище, ноги. Если все параметры находятся в гармонии, то человек имеет гармоничную связь с Создателем [5].

Все вышеобозначенные мифологические характеристики архаической символики встречаются и в традиционном казахском орнаменте юрты. Принято считать, что круг в сознании древнего человека выражал идею единства и законченности, т.е. высшего совершенства. Круг – солнечный знак

одновременно воплощение и постоянства, и динамизма, круг олицетворяет полноту, законченность, общность, совершенство, единство, вечность, равенство. Древние часто представляли себе обозримую Вселенную. Круглой и подчиненной законам круга: по кругу шли планеты, круглым был земной диск, окруженный водой, круговому циклу подчинялись времена года. Также круговые танцы и ритмичные хороводы вокруг огня, божества или алтаря, круглые формы жилищ и поселений кочевых народов; кружение шаманов, круговая структура мегалитических знаков неолитического периода. При этом, он отражал общую исходную схему, которая задавала некий общий ритм и пространству, и времени, создавая определенную защищенность, гарантированность, уютность, настраивая на ожидание того, что уже было, предотвращая ужас, неизменно связываемый человеком космогонической эпохи с разомкнутостью, открытостью, особенно с линейностью в чистом виде. Именно такое гармоничное ощущение солнечного божества и дошло до наших дней в изобразительной структуре казахского солярного орнамента особенно ярко выраженного в оформлении и символике юрты, раскрывающий духовно-культурный и научно-философский смысл юрты. Таким образом, символика юрты в традиционном мировоззрении казахов определила и мировоззренческий опыт повседневного быта. Юрта с восходом солнца имела символический смысл. Символизировала космос и единство вселенной, освоенное пространство. Шанырак (навешенные юрты) был семейной реликвией, символом продолжения рода. Он передавался из поколения в поколение. Старшие дети, отделяясь от родителей, получали енши (свою долю), в юрте оставался самый младший сын. Хозяйство у него было общее с отцом, он был наследником всего его богатства и назывался шанырак иеси. Когда умирал последний представитель рода, на его могиле оставляли шанырак. Символ шанырака – крест в круге – знак вечного движения в природе солнца, символ эволюции, развития жизни.

Обычно после окончательного выбора места для поселения, первым устанавливался улкен уй (буквально – большой дом), нередко назывался, кара шанырак (буквально-черный обод, черный обруч), соотносился исследователями с небосводом. По мнению Н. Алимбая смысл понятия шанырак семантически восходит к Тенгри – верховному древних тюрков, космическим воплощением которого является бесконечное и огромное небесное пространство. По правой стороне улкен уй, соотносимой у тюркских народов с югом, в зависимости от генеологической близости к «кара шанырак» и социального статуса в общине располагались юрты других членов рода. Восточная ориентация у тюрков, вероятно, была семантически связана с культом Солнца как главного Небесного Светила, восход которого символизировал обновление Мира и оживление всего Сущего в гармоничном «освоенном» пространстве, «улкен уй – хранитель»,

«кара шанырак» символизировал собой величие и благополучие рода. Поэтому, ориентированность улкен уй на восточную сторону света имела всеобщую силу всех членов общины. В целом выражения, характеризующие целостность, сохранность, устойчивость деревянного остова юрты и ее войлочных покрытий, символизировали у казахов благополучие. Основным семантическим назначением юрты было обеспечение здоровья, плодородия, роста, благополучия ее обитателей. На достижение этих целей была направлена вся обрядовая практика кочевого социума, с ними были связаны и ими определялись категории и морали традиционного общества [6, с. 57].

## ВЫВОДЫ

Таким образом, присутствующие в традиционной казахской культуре пространственные и временные представления имеют комплексный и системный характер и могут быть обозначены как базовая пространственная модель традиционной картины мира казахов и её разновидности. Такая базовая модель пространственной организации имеет трехчастное деление по вертикали. Верхняя и нижняя части обладают знаковым значением и представляют собой отражение мифопоэтических областей традиционной картины мира казахов. Средняя часть такой модели представляет собой ведущий пространственный образ – «равнина». Это образное восприятие самой распространенной формы природного ландшафта – казахской степи. В этой модели актуализируются как горизонтальная составляющая, характеризующая основной тип ландшафта, так и вертикальная, в мифопоэтическом контексте означающая параллельное существование верхнего и нижнего миров. Ведущей характеристикой такой модели является проницаемость границ всех трех миров, обозначаемая как медиальность.

В широком смысле понятие медиальности характеризует в целом и саму специфику казахской культуры, которая, хотя и латентно устойчива в своей вертикальной осевой парадигме, но динамична и открыта в горизонтальном пространственно-временном восприятии мира.

В традиционной пространственной ориентации казахов фиксируется характер взаимоотношения реального мира с миром духов. Такое взаимоотношение возникает вследствие соотнесения вертикальной составляющей традиционной картины мира с системой ориентации по странам света.

Традиционные пространственные представления, демонстрируют свою жизненность, эстетическую привлекательность и потенциальную возможность существования в организации жилищного пространства юрты.

1 **Сабитов, А. Р., Турганбаева, Л. Р.** Пространственное представление «равнина» как невидимая сфера, круг, восьмиугольник // Мировоззренческо-методологические проблемы современной науки и образования: межвузовский сборник научных трудов, посвященных 20-летию КазГАСА. Часть II. – Алматы : Каз ГАСА, 2000. – С. 83-89.

2 **Кокумбаева, Б. Д.** Введение в культурологию: Учебное пособие по курсу Теория и история мировой и отечественной культуры. – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2000. – 149 с.

3 Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы : Гылым, 1993. – 264 с.

4 **Каракозова, Ж. К., Хасанов, М. Ш.** Космос казахской культуры. Издание третье, переработанное. – Алматы : ТОО «Эверо», 2011. – 78 с.

5 **Баласагунский, Юсуф** Благодатное знание перевод С. Иванова. – М., 1983. – 518 с.

6 **Алимбай, Н., Муканов, М. С., Аргынбаев, Х.** Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. – Алматы, 1998. – 235 с.

Материал поступил в редакцию 28.07.16.

*Е. Ю. Личман, Е. Жанайхан*

**Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің әлем суреті негізі кеңістік уақыттық категория ретінде**

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
Материал 28.07.16 баспаға түсті.

*Ye.Yu. Lichman, E. Zhanaykhan*

**Spacial-temporary categories as a basis of traditional image of the world of Kazakhs**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 28.07.16.

*Берілген мақалада көшпенді-қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі әлем суретіне қатысты кеңістіктің, уақыттық құрылымы қарастырылады. Адам мен космос арасындағы байланыс көшпенділердің кеңістіктің-уақыттық координаттарының жүйесін құрады. Әлемдік белдігі Бүкіл әлемнің үш бөліктік бөліну символы ретінде көрсетіледі, олардың әрбірі үш негізгі әмбебап құдыретке сәйкес келеді: Тәңір, Жер-Су, Ұмай. Айналу уақыты көшпенділердің дуниетаным көзқарасының негізіне жатады. Қазақтардың*

*мобильді тұрғын үйі – киіз үйдің маңызды мазмұны қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі ұйымдастырылған кеңістіктік ерекшелігін көрсетеді.*

*In the given article there are considered spacial and temporary constructions, correlated with the image of the world of traditional culture of nomadic Kazakhs. Interactions of human and Space create a system of spacial-temporary coordinates of a nomad. World axis is evaluated as a symbol of triform division of the Universe, each of them correspond to gods: Tengri, Zher-Su, Umai. Circular time lies in the basis of worldview presentation of a nomad. Significant content of Kazakh mobile dwelling – yurt, shows specifics of organized space in Kazakh traditional culture.*

ӘОЖ 811(510=512.122)

**Ж. Т. Мамырханова**

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.  
e-mail: zhamila-4@mail.ru

## **ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАТЫС ҚЫТАЙДАҒЫ ЭТНОСТЫҚ ҚҰРАМЫ**

*Бұл мақалада Қытай қазақтарының этнос құрам ретінде қалыптасуы, тарихы туралы жазылған.*

*Кілтті сөздер: көшпенділер, ру, тайпа, халық, этноним, қоныс.*

### КІРІСПЕ

Мақалада Қытай қазақтарының тарихы жан-жақты зерттеліп қамтылғандықтан, жергілікті халықтың тарихына қысқаша тоқталу. Алтайға қазақтардың көшуіне жоңғарлар жорығы «Ақтабан шұбырынды» және басқа себептер әсер еткен. Мұнда ең алдымен абақ керейлер, сонан кейін ашамайлы керейлер, артынан наймандар көшкен болатын.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қытай жерінде қазақтардың арғы тарихын сөз еткенде жалпы казак өлкесінен керейлер мен наймандардың Алтай өңіріне қалай қоныстанғанын айта кеткен дұрыс. Өйткені Қытайдағы керейлер мен наймандар Алтайдың арғы беті, қазіргі Шыңжаң қазақтарының бір бөлігі. «Абақ керей көшіп барып қоныстанған – Алтай, Іле, Тарбағатай өлкесі Шығыс Түркістан өлкесі деп аталады. Бұл өлке екі жүз жылдан бері Синь-Цзян (жаңа өлке) деген қытай сөзімен Шыңжаң деп аталады. Бұл ежелден көшпенділердің ата мекені» [10, 15 б.].

Орта жүз құрамына енетін осы наймандар мен керейлер қазақ халқының құрамындағы саны жағынан ірі тайпалардың бірі. Қытай қазақтарының көбі этникалық құрамы жағынан керейлер, одан кейінгі наймандар, үйсіндер т.б. рулар бар.

Аталмыш тайпалар – тарихта сонау VIII-IX ғасырдан бастап белгілі болған, ерте кезден ұйғыр, моңғолдармен көршілес тұрған. Бұлар Есіл, Тобыл, Нұра, Ертіс өзені, Сарыарқа, Тарбағатай, Жетісу, Жоңғар ойпатынан бастап, моңғолдың Керлін, Онын, Тула, Қобда өзені, Кентау мен Алтай арасы, қазір қытайдың жері болып саналатын Бұлғынның басы, Қара Ертіс, Қыран Ертіс, Шіңгіл өзені, Өр Алтай қырқасына дейін қанат жайып, міне, он ғасыр бойы әлемге әйгілі болған [5, 5 б.].

М. Тынышпаев қалдырып кеткен дерекке жүгінсек, Қытай тарихнамасы бойынша керейлер IX ғасырда Саян тауының батыс бөктерінде мекен еткен 900000 халық екен [9, 11-12 б.].

Керейлерден кейінгі тайпалардың бірі – наймандар, олар Орта Азия көшпенділерінің тарихында ертеден белгілі. Найман руы қазақ халқының алтыдан бір бөлігін алады [6, 329 б.]. Найман атауы турасында да бірнеше болжамдар бар. Н. А. Арисовтың пайымдауынша, наймандар, Қатын өзенінің бір саласы «Наймадан» шығыпты десе, Г. А. Потаниннің кезінде Мұса Шормановтан жазып алған шежіресінде наймандарды ағайынды Ақжол, Алшын, Үйсіннің Ақжолының сегіз ұлының бірі деп белгілеген [1, 14 б.]. Моңғолдың тарихын зерттеуші Л. Л. Викторова найман атауын түріктің «сегіз оғуз» тайпасының бірлігінен өрбіген деп көрсетеді [2, 172 б.].

Алайда «найман» атауының моңғол сөзі дейтін де көзқарастың бары рас. Себебі керей, найман, жалайыр сынды т.б. рулар тарихи құжаттарға қарағанда, моңғол халқында да болған. Сондықтан қазақ халқының құрамына енген керей, найман, жалайыр моңғолдан келді ме, жоқ па, бұл – терең зерттеуді керек ететін мәселе. Бір халықтағы ру, тайпа аттарының екінші халыққа ауысып кетіп отыратыны тарихта жиі кездесетін, дағдылы жағдай. Ол туралы Г. Рамстед: «Что касается до такого перенесения этимологических наименований с одного народа на другой, то известно, как старые имена одного народа после столетий могли оказаться принадлежащими народам, говорящим совсем другим языком... Известно тоже странная история имен «татар», «монгол». Теперешние монголы раньше назывались татарами и предком татар до наших дней был по мусульманским легендам какой-то герой с именем Монгол. История Востока, как ни мало она известна, знает много примеров как имена народов и племен переходят по известным причинам, с одного народа на другой» [8, 554 б.]. Бір халық атауынан келесі бір халыққа ауысуының бір себебі ретінде мына жайтты келтіре келсе болады.

Өр халықтың өз атауы өзге жазбалардан көп табыла бермейді. Түркі-оғызқарлұқтар қазіргі Қытай жерінде мекендеп, қытайлармен өзара жауласып

та, сауда-саттықпен де шекаралас өмір сүргенімен, көне түркі жазбаларынан Джунго (Қытай), хань (қытайлық) этнонимдерін кездестіре алмамыз. Өйткені олардың әрқайсысы бір-біріне өздерінше атау қоятын болатын. Сол сияқты көне орыс жазбаларында да түркі этнонимдері берілмеген. Көне орысшадағы «куманы» дегенді «половцы» деп атаған. «Половцы» дегенді Дешті Қыпшақтағы түркі жұрты деп түсінеміз. Демек, әр халық келесі бір халықты қандай атаған болса, соның өзі этнонимге айналып, сол халық атауы болып танылғанын аңғарамыз.

Наймандар тайпасының тегі туралы мәселе ертеден-ақ тарихшылардың пікірталасын тудырып келді. Бірі – найманды түркі тектес халықтың құрамында қарайтын Г. Н. Потанин, С. Аманжолов, М. Қозыбаев, С. Қойшығара сияқты ғалымдар болса, Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаев, Ц. Нацагдорж, И. Инжолц сияқты ғалымдар найманды моңғол тобына жатқызады.

Бүгінгі Қытай қазақтары мекендеп отырған байтақ дала ежелден-ақ ұлтын құраған ру-тайпалардың ата қонысы. Мұны Қытай жазбаларының қай-қайсысы да терістемейді. «Тарихи жазбалар» мен «Ханнамада» жазылған үйсін, қаңлы, албан қазақтың белбасар ата-бабасы есептеледі. «Сонымен бірге байырғы қазақ даласындағы сақ, иүзі (ұлы жүз), сондай-ақ кейіннен қазақ даласына көшіп келген ғұн, сиянпи, жожан (авар), түркі, теле (тірек), кеден, моңғол секілді тайпалар да арт-артынан қазақтармен тоғысып, қазақтарға сіңісіп кетті». Аталған тайпалардың арғы тарихына көз жіберсек олар бүгінгі қазақтар отырақтанған жалпақ даланы ғана мекендеп қалмай, одан сыртқы жерлерге де кеңінен қоныстанған.

Қытай тарихын зерттеуші қазақ ғалымдарының пайымдауынша қытайлармен қоныстас, көршілес отырған түркі тілдес тайпалардың мәдениет тұрғысынан қарағанда олар осыдан 3000-7000 жыл ілгері бүгінгі Қытайдың орталық өңірі мен орта жазық төңірегінде жасағаны мәлім. «Мәдениеттік деректерде қазақты құраған ескі тайпалардың қазіргі Қытай жерінің Лияунь, Ішкі моңғол, Хуанхы бойы, Чиланшан баурайы, Хши каридоры сияқты жерлерге дейін мекендегені көрсетіліп отыр» [3].

Қытайдағы қазақтар қоныстанған Шыңжаң өңірін айтар болсақ, ол қытай жазбаларында тарихқа «Батыс өңір» деген атпен қалған. Қытай хандықтары мен ғұндардың арасында болған ұзақ жылдарға созылған талас-тартыс пен қантөгіс нәтижесінде қытайлар ырықты орынға шығып, ғұндар біртіндеп батыс өңірге қарай шегінеді, әрі бүгінгі Дұңхуан және Іле өңірін мекендеген үйсін тайпаларымен де белгілі қарым-қатынаста болады.

Қытай патшасы Хан Уди жыл санауымыздан бұрынғы 138 жылы Жаң Чиянды батыс өңірмен байланыс жасауға аттандырады. Әрі көп өтпей құдандалық байланыс орнатады. Бұл ғұндарға аса жағып кетпейді де олар Хан елінің батыс өңірге жасаған қадамын барынша тежеу ойында болады.

Сол себепті де ғұндар мен хан армиясы арасында және ғұндар мен үйсіндер арасында көптеген қанды жорықтар жасалады.

Қытай жазбаларында батыс өңір тұрғындары негізінен сақтар, үйсіндер, қаңлылар, чияндар, ғұндар, дилиндер, тағы басқалар делінеді. Олар негізінен егіншілік және мал шаруашылығымен айналысқан. Бүгінгі оңтүстік Шыңжаң өңірі егіншілікті кәсіп етсе, Баркөлдi өзек еткен солтүстік аймақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысып «көшпенді елдер» аталған.

Демек, біздің заманымыздан бұрынғы 176-177 жылдардан бастау алатын жазба деректер қазақты құраған ру-тайпалардың сол дәуірлерде-ақ бүкіл Қытай өңірінде, жүйеден Шыңжаңда жасағандығын айғақтап отыр.

Тарихта «батыс өңір», бүгін Шыңжаң ұйғыр автономиялы районы аталып отырған осы байтақ мекеннің территориялық жер аумағы бір миллион алты жүз мың шаршы километр. Шыңжаңдағы қазақтар негізінен Іле қазақ автономиялы облысына шоғырланып қоныстанған. Соның ішінді қазіргі қазақтар мекендеген Іле, Алтай, Тарбағатай, Баркөл өңірінің ежелден қазақтардың мекені екендігі туралы тарихи жазылымдар көп кездеседі.

Қытай жазбаларының дерегіне негізделгенде Алтай тауы өңірі заманымыздан бұрынғы 5-6 ғасырлар шамасында сақтардың мекені болған. Ал ежелгі грек авторларының деректемелерінде сақтардың ішіндегі армиясып тайпасы исседондардың солтүстік және шығыс солтүстік жағында, Алтайдың батысындағы сілеміне дейінгі жерлерде тұрғандығы айтылады [3].

Қазақ тарихын зерттеуші Қытай ғалымы Су Бихай Алтай өңіріндегі ежелгі молаларға талдау жасай келіп, ол өңірде жасаған халықтар және олардың өзге өңірлерімен болған байланысты туралы мынадай деректер айтады: «Қарасук дәуірінен кейін Алтайдағы ұлыстардың мәдениетінің дамуы көптеген жақтардан тағар ұлыстарының ахуалына ұқсап кетті. Нарын өзенінің басындағы маниз (майем) сахарасынан Бұқтырма өзенінің аяғындағы Солонеч – Берк маңынан, Черновая қыстағы маңынан алынған қазбалардың нәтижелері бұл араларда Алтайдың біршама соңғы дәуірдегі әйгілі тас пен балшықтан жиналған (қаланған –Ж. Ш.) обаларда болғанын сипаттады. Обаның астынан ашылған төрт бұрыш көрдің шығыстан батысқа ұзындығы 2,05 метр, кеңдігі 1,5 метр, тереңдігі 2,75 метр. Көрден мынадай заттар шықты:

Ұзын қайрақ тас, құстаспен немесе шағылмен төрт қыры қырланған, тесікті тұтқасы бар, іліп байлауға болады. Мұндай ұзын тастар Алтай мен Орал өңіріндегі скиф – сармат дәуірі молаларынан өте көп кезігеді». Демек, біз бұл деректерден біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV-V ғасырларда Алтай тауы өңірінде қазақты құраған ежелгі тайпалардың болғанын әрі олардың басқа өңірлер мен жүйеден бүгінгі қытайлар қоныстанған Ішкі Қытай өңірімен, қытайлармен көршілес отырған тайпалармен белгілі барыс-келісте болғанын көре аламыз.

Алтай аймағы Қытай елінің батыс солтүстігіне орналасқан. Моңғолия, Ресей, Қазақстан елдерімен шекараласады. «Алтай тауы» көне түрік және моңғол тілдерінде «Алтын тау» дегенді білдіреді.

Алтай аймағының жалпы жер аумағы 117 мың 700 шаршы километр. Қазіргі қазақтардың саны Алтайда халық санының 45 пайызын құрайды.

Тарбағатай таулары Алтаймен қанаттас жатқандықтан тарихтағы орыны жағынан да көп ұқсастықтарға ие.

Бұл өңірді де бір мезет сақтар, батыс түріктер, ғұндар ілгерінді-кейінді мекендеген. Тарбағатай тауының батыс солтүстік сілеміндегі Шілікті жазығынан табылған сақ тайпасының ежелгі зираты соның бір айғағы.

Ескілікті қытай деректері мен жартас суреттерінен «Қобысқасқырдан Тарбағатай, Барлық тауына дейінгі жасыл жазира, дарқан дала ежелгі көшпенді малшылар қажырлы еңбегі, мол парасаты арқылы малдың асыл тұқымын көптеп жетілдіргенін көруге болады. Еміл өзенінің түстігі мен терістігіндегі Тарбағатай, Барлық, Жайыр, Орқашар тауларынан бірсыпыра таңбалы тастар кезікті. Шағантоғай ауданы Барлық тауының Бардақұл деген жеріндегі жүздеген жартас суреттерінен сиыр, жылқы, бұғы, тауешкі, түйе, ит, аңшы, тағы осы секілділерді көруге болады» [3]. Ендеше көшпенді мал шаруашылығы тұрмысын негіз еткен ата-бабаларымыздың ізі Тарбағатай төсінен де ап-айқын көрінеді.

1977 жылы Тайваньда басылып шыққан Цыхай (сөз теңізі) деген кітаптың 802 бетінде наймандар тура айта келіп: «... Осы аталған ру тарихтағы аса гүлденіп, дәурендеген кезде, қазіргі кезде, қазіргі Шыңжаңға қарайтын Тарбағатай өңірінде Жасақты хан деген атпен мәлім болған көсемдерінің бастауында сол жерде хандық құрған. Ал кейін келсе солардың жалғасы ретінде Таян хандық құрды» дейді.

Атамекені Тарбағатайдан Сыр бойына дейін босқан найман, керей тайпалары 1760-1770 жылдарға келгенде байырғы жұртына қайтадан бауыр басты. Әрі осыдан бұрын жасап келген ойрат тайпасының торғауыт руымен қанаттас, көршілес отырды. Бүгінде Қобысқары аталатын Моңғол автономиялы ауданында торғауыттар мекендейді [3, 8 б.].

Тарихи жазбаларда Іле өңірі ежелдің ежелінен ұлы жүз – үйсін тайпасының жері деген деректер көп айтылады.

«Ұлы жүздер заманымыздан бұрынғы III ғасырда Дунхуан мен Чилан тауы аралығын қоныстанған, бұлар өз кездерінде ғұндардың батыс жағындағы ірі ел еді» [3, 10 б.].

Қазақтың байырғы аңыз-шежілері мен жазба әдебиетте «үйсін» деген атау тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынадағы «үйсін» – қазақтың Ұлы жүзінің құрамындағы бір тайпаның аты, ал кең мағынадағы «үйсін» – Іле алқабы мен Жетісу өңірін және Оңтүстік Қазақстанды мекендеген Ұлы жүз тайпаларының жалпы аты. Бұлар ежелгі заманнан бері осы өңірді

мекендеген. Қытайдың Іле аймағындағы албан, суан, жалайыр тайпалары осы Үйсін ұлысының тармақтары.

Байырғы қазақ шежірелері мен тарихи жазба деректер Үйсін ұлысының қазақтың негізгі тұлғасы мен ұйтқысы болғандығын дәлелдейді. Үйсіндер осыдан екі мың жыл бұрынғы Қытай жылнамаларына у-сүн (усунь) деген атпен енген [7, 11 б.].

19 ғасырда орыс ғалымы Н.Аристовтың Ұлы жүз ботбай руынан шыққан шежіреші Диқанбайдан жазып алған шежірелік деректері бойынша: Ұлы жүз қазақтарының атасы Майқы би, Майқыдан Қаңлы, бактияр, қырықжүз, мыңжүз; бактиярдан Үйсін мен ойсыл; Үйсіннен ақсақал (абак), жансақал (тарак); абақтан қараша; қарашадан бәйдібек; бәйдібектен албан, дулат, суан, шапырашты, сары Үйсін, ошақты, ысты тайпалары тарайды [4, 401 б.].

Үйсін деген ат бұрын Үйсіндер мекендеген өңірлердегі жер-су аттарында да сақталып отыр. Мысалы, ежелгі Үйсіндердің атамекенінің орталығы болған Іле аймағының Шапшал ауданы мен Моңғолкүре ауданының аралығында Үйсін тауы деп аталатын тау бар. Үйсін ежелгі қытай жазба деректерінде усүн деп жазылған. Қазақтар мен моңғолдар бұрын Тарбағатай аймағына қарасты Шиху ауданын Қарусүн (Көрқарасу) деп атаған. Тарбағатайдағы Манас, Сауан аудандарының аралығында Алусүн, Толы ауданында Сарығүсүн деген өзен бар. Демек Қарусүн – қара усүн (қара Үйсін), Алусүн – ал-усүн (алғы Үйсін), Сарығүсүн – сары Үйсін деген тайпа аттарының жер-су атында сақталған түрі болуы мүмкін. Ерте заманда бұл жерлерді Үйсін тайпалары мекендеген [7, 12 б.].

С.Е. Малов: Үйсін деген ел атының 8-ғасырдағы орқон-енисей ескерткіштерінде кездесетіндігін дәлелдеген. Осыған сүйенген орыс ғалымдары Үйсіннің исседондармен туыс екенін айтады [4, 401 б.].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада Қытай қазақтарының этнос ретінде қалай қалыптасқаны туралы жазған. Бүгінгі Қытай қазақтары мекендеп отырған байтақ дала ежелден-ақ ұлтын құраған ру-тайпалардың ата қонысы. Мұны Қытай жазбаларының қай-қайсысы да терістемейді. Қазақтардың арғы тарихына көз жіберсек олар бүгінгі қазақтар отырақтанған жалпақ даланы ғана мекендеп қалмай, одан сыртқы жерлерге де кеңінен қоныстанған. Қазақтардың Қытай шекарасына үдере қоныс аударуының басты себебі патша үкіметінің жергілікті халықтың қолындағы құнарлы жерлерін тартып алуы болды.

Қазақ елі орыс отарына айналғалы бері түрлі қырып-жоюшылықтардан бас сауғалап бірді-екілі қытай асып жатқан қазақтарда аз болмады, кейін, ел оңалған тұста қайтып келгендеріде болды. Олар қытайдағы бүгінгі қазақ диаспорасының негізін қалаушылардың біріне айналды.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Аристов, Н. А.** Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.
- 2 **Викторова, Л. Л.** Монголы: происхождение народа и истоки культуры. – М. : 1980.
- 3 **Жәдиұлы, Ш.**
- 4 Қазақ Совет энциклопедиясы. – 11 том. – 401 б.
- 5 **Қинаятұлы, З.,** Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы : Мерей, 1995. – 297 б.
- 6 **Маргулан, А.** Найманы // Сб «Кзаки». – Л., 1930. – 329 с.
- 7 **Мыңжанұлы, Н.**
- 8 **Рамстед, Г.** Этимология имени ойрат // Сборник в честь 70-летия Г. Н. Потанина. – СПб., 1909.
- 9 **Тынышпаев, М.** Материалы к истории киргиз-казахского народа, – Ташкент, Вост.отделеление кирг. Гос.Изд., 1925. – 65 с.
- 10 **Хабышұлы, И.** Монғолиядағы қазақтардың тарихы – Өлгий, 1980. – 241 б.

Материал 05.08.16 баспаға түсті.

*Ж. Т. Мамырханова*

#### **Этнический состав казахов в Западном Китае**

Евразийский Национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 05.08.16.

*Z. T. Mamyrkhanova*

#### **Ethnic composition of the Kazakhs in Western China**

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 05.08.16.

*В данной статье рассмотрена проблема становления и история этнических казахов Китая.*

*In this article there is reviewed the problem of the formation and history of ethnic Kazakhs in China.*



**Р. М. Муталиева<sup>1</sup>, К. С. Әбдіқалық<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: <sup>1</sup>raushan\_mutalieva@mail.ru, <sup>2</sup>Kun\_jan.16@mail.ru

**М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ДЕРЕКСІЗ ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

*Мақалада М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы дерексіз ұғымдардың бейнелілігі талданады.*

*Кілтті сөздер: дерексіз ұғымдардың заттандырылуы, дерексіз ұғымдардың жасандандырылуы, жазушылық шеберлік.*

**КІРІСПЕ**

М. Әуезовтің «Абай жолы» романында дерексіз ұғымдар бейнелі түрде әр қырынан қолданылған. Қазақ әдебиеттануында бұрын дерексіз ұғымдардың бейнелілігі деген термин болған жоқ. Әдебиетші ғалым Қ. П. Жүсіптің «Өлең – сөздің патшасы» зерттеуіндегі «Дерексіз ұғым және заттылық мәселесі» тарауында былай дейді: «Біз, осы орайда, әсіресе, поэзия дамуы үшін мәні зор (әрине, прозаға да әсері осал емес) бір маңызды мәселеге арнайы көңіл бөлгіміз келеді. Ол ақындардың өз айтпақ ойын неғұрлым әсерлі, пәрменді жеткізу үшін, дерексіз ұғымдарды заттандырып, жандандырып суреттеу тарихы» [1, 149]. Дерексіз ұғымдардың заттандырылуы, жандандырылуы деген ұғымдар осылай Қ. П. Жүсіп зерттеуінде алғаш сөз болды.

Поэзиядағы дерексіз ұғымдардың образдылығы туралы біршама зерттеліп жүр. Прозадағы дерексіз ұғымдардың образдылығы көп қарастырылмаған тақырып деуге болады.

Д. Ысқақұлының «Әдеби сын тарихы» еңбегінде Әуезов тілі туралы Д. Досжан мынадай пікір айтады: «М. Әуезовтің тіл оралымы – ешқандай жазушымен салыстыруға келмейтін өзгеше өзекті құбылыс» [2, 502]. Бұл пікірді дәлелдеу үшін жазушының «Абай жолы» романындағы тілдік қолданыстарды әлі де егжей-тегжейлі зерттеуіміз қажет.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

«Көшкен бұлттай қарауытып, ауып келген ауыр ойлар шындық кескінін танытады» [3, 430]. Бұл сөйлемдегі бейнелі сөздерді тенеулі эпитет деп алуға да болады. Екінші жағынан, «ой» деген сөз дерексіз ұғым болғандықтан, «ауыр» сөзі тек заттық сипаттағы сөздермен тіркесетіндіктен, дерексіз ұғым

заттандырылып, кейіпкердің жан күйзелісінің қаншалықты күйде екенін нақты жеткізіп тұр.

«Базаралы олардың Әріп үшін қызықты болған сыр сөздерін ұзақ өрістетпей, оқыс бұрып салды» [4, 55]. Әдетте, «өріс» сөзі мал жайылатын жерді білдіреді. Мал бір жайылса, ұзаққа өрістеуі мүмкін. Жазушы ұлттық өрнекті қазақтың сөз саптау үлгісі ретінде қолдана білген. Бір тақырыптағы әңгімені ұзаққа созбай, кілт доғаруды «өрістетпей» сөзімен айту арқылы автордың сөз қолдану шеберлігін дәлелдей түседі.

«Бұл да сөз аяғын Базаралы тоқтаған сағаға әкеп сарықты» [4, 70]. Тура мағынасында «саға» дегеніміз өзендердің ағып келіп түйсетін жері болса, жоғарыдағы мысалда екі адамның әңгімесінің қорытындысы, түйіні. Екі адамның ойы бір жерден кеп тоғысқанын жазушы осылай бейнелеп жеткізген.

«Жақсылық мына Тәкежан мен Қаражанның отының басында, ошағының бұтында ма екен? Немесе ана теңінде буулы жатыр деп пе ең?» [4, 76]. Осындағы «жақсылық» дерексіз ұғымы «оттың басы», «ошақтың бұты» секілді тұрмыстық заттар арқылы заттандырылып, бұл отбасындағы адамдардың жақсылық атаулыдан қашық жүретіндерін білдіреді.

– Жоқ, мен білсем, дәл бүгін бізге мал соймай, кәрі қойдың өлі етін асып отырған Қаражанның сараңдығын найзаға шаншып жатқан болу керек.

Дәрмен қалжың айтты:

– Ереке-ау! Қарныңыз қанша қоңылтақсығанмен, Абай ағамның өленін Қаражанның қазанына түсірмей-ақ қойсаңыз нетті! [4, 80]. Сараңдықты найзаға шаншу – мақтамен бауыздағандай етіп сөзбен әшкерелеу. Абайдың Тәкежан үйінде шығарған «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңі Қаражанның сараңдығын найзаға шанышқандай еді. Ал Дәрменнің Абай өлеңін Қаражанның қазанына түсіргісі келмегені – Абай өлеңі үшін қазан тақырыбын ұсақ-түйек деп санағаны. Бірақ Абай өлеңі талай сараңдар үшін соққы болғаны рас.

«Құшағын толтырып, бәле әкеліп тастады» [4, 98]. Тура мағынасында құшақ толтырып отын секілді нәрселер әкелінеді. Бұл жерде оңайлықпен бітпейтін дау-дамайдың басталғандығын нақты жеткізген.

«Жауыздық менің өзімнің де қойны-қоншымда отырғаны ма? – дегенде, жүзі өзгеше қуарып, қолдары да дірілдеп кетті» [4, 169]. Абай бұл «қойны-қоншым» деген сөзі арқылы Оспанды меңзеген еді. «Оспан да басқа жауыздардың ісіне қосылды ма» дегенді айтқысы келді. «Жауыздық» деген дерексіз ұғым қойынға кіріп кеткен жанды мақұлық тәрізді сипатталып, жазушының айтайын деген ойын айқындай түскен.

– Е, Көке! Сіздің ақындығыңыз ауыздығын тістеп алып бір қынырлыққа басқан екен [4, 200]. Ауыздық – аттың аузына салатын жүген, ат тізгінге бағынғысы келмегенде жүгенді тістеп алады. Жазушы ұлттық өрнек арқылы

«ақындық» дерексіз ұғымын ат бейнесінде жандандырып, Көкбай ақынның тақырыбының жастарға ұнамағандығын дәл суреттеген.

– Әрине, Дәркембайдың ақылына, аулына да қонсы қонсам, бүйтер ме ем деп өзім де бармағымды тістеп жүрмін [4, 202]. «Дәркембайдың айтқанын істесем» деген сөзді «ақылына қонсы қонсам» деген бейнелі сөздермен көшіп-қонуды білдіретін ұлттық өрнек арқылы жеткізген.

«Адалдық оның татып көрген асы емес» [4, 213]. «Адалдық» дерексіз ұғымы ас секілді заттандырылып, адалдық қолынан келе бермейтін кейіпкердің бір қыры дәл танытылған.

«Енді аңғарсам, сен Оразбайды жөнелткенде мені мен Абайды сатып тұрып, соның қанжығасына біздің арымызды байлап жөнелтіп оыр екенсің ғой» [4, 214]. Жазушы тағы да «қанжыға» ұлттық өрнегі арқылы «ұятқа қалдық, абыройдан айрылдық, намысымыз тапталды» деген ұғымдарды бір тіркеске сыйғызған. Әдетте қанжығаға ауланған аң-құс байланады. «Ар» дерексіз ұғымын ауланған аң-құс секілді заттандырып, қанжығаға байлаған. Әуезовтің қаламгерлік қиял байлығының молдығын осыдан байқауға болады.

«Павлов достығымен, оның сондай әр кезде мойымас болған батыл ойы тағы да бір келіп, қолтығынан демегендей. Соған ғана қол артсаң, әр латтан, құнсыз жауыздық, қастықтардан биік бойлап, асып озып, артыла қарауға болады. Сонда бүксіп, бықсыған қызғаныш, айлалы жаманшылық, күндестік – бәрі де тобығыннан келмей, тозаңдай елеусіз болып қалады. Сондай достықтың өзі, бір өзі ғана ақын көңілін үмітті сәулеге бөлегендей» [4, 268]. Мұнда «ой» дерексіз ұғымы Абайды қолтықтан демейді, «жауыздық, қастық» дерексіз ұғымдары биік қорған секілді, «қызғаныш, жамандық, күндестік» бықсыған от секілді, тобықтан келмейтін су секілді заттандырылған. Достық көңілді үмітті сәулеге бөлейді. «Бөлеу» – ұлттық өрнек.

«Осы аз-ақ күннің ішінде Базаралы айдау, азаптың бәрін үйіп-төгіп, бекем бойынан бір-ақ серпіп тастағандай» [4, 52]. Базаралының айдауда көрген азаптары «серпу» сөзі арқылы үстінен серпіп тастаған көрпе секілді немесе үстінен шешіп лақтырып тастаған киім секілді берілген.

«Бай атаулы пәлесі мен шарпуын айналаға шашып жатты» [4, 121]. «Пәле» дерексіз ұғымы шашылатын зат секілді сипатталған.

«Шапшаңдаған шабытпен құрыш сөздер қатарларын құйып отырғандай» [4, 80]. Өлең тармақтары ерітіліп, бір қалыпқа құйылып жатқан құрышқа ұқсатылған. Абай өлеңі ұқсатылған құрыш – болаттың ең берік түрі.

«Дәл осы үйдің балалар турасында танытқан ит мінезіне арналған мысқыл сөздер енді шығандап шықты» [4, 81]. Мұндағы «шығандап» сөзі «шарықтап, аспандап» дегенді білдіреді. «Сөз» дерексіз ұғымы құс секілді аспанға, биікке көтерілгендей. Абай өлеңінің ең бір мысқылды жерін жазушы осылай бедерлеген.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы дерексіз ұғымдардың заттандырылып, жандандырылып бейнелі түрде қолданылуы өте көп кездеседі. «Абай жолындағы» дерексіз ұғымдардың бейнелілігі ұлттық өрнекпен астасып отыратынын аңғардық. Мысалы, қазақ өмірімен біте қайнасқан мал жайылуы, аңшылық, ат әбзелдері, киіз үй жабдықтары, т.б. Әуезов қазаққа етене таныс ұғымдарды алады. Д. Досжан айтқандай, Әуезов тілінің ешқандай жазушымен салыстыруға келмейтін өзгеше құбылыс екеніне көз жеткіздік. Мұндай тілдік қолданыс басқа жазушылар шығармаларында сирек кездеседі.

Әуезов шығармаларының көркемдігі тек дерексіз ұғымдардың қолданылуымен шектелмейді. Тілді қолданудағы жазушылық шеберлігі бірнеше зерттеу нысаны бола алады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мәшһүр-Жүсіпов Қ.** Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер / Қ. Мәшһүр-Жүсіпов. – Алматы : Жазушы, 1991. – 216 б. – ISBN 5-605-01095-6

2 **Ысқақұлы, Д.** Әдеби сын тарихы / Д. Ысқақұлы. – Алматы : Таңбалы, 2012. – 580 б. – ISBN 978-601-06-1891-6

3 **Әуезов, М.** Абай жолы. Екінші кітап / М. Әуезов. – Алматы : Жазушы, 2004. – 432 б. – ISBN 9965-666-78-4

4 **Әуезов, М.** Абай жолы. Үшінші кітап / М. Әуезов. – Алматы : Жазушы, 2004. – 384 б. – ISBN 9965-666-79-2

Материал 30.06.16 баспаға түсті.

*Р. М. Муталиева<sup>1</sup>, К. С. Абдикалык<sup>2</sup>*

**Применение абстрактных понятий в романе М. Ауэзова «Путь Абая»**

<sup>1</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

<sup>2</sup>Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 30.06.16.

*R. M. Mutalyeva<sup>1</sup>, K. S. Abdikalyk<sup>2</sup>*

**Using abstract notions in «Abay's Way» novel by M. Auezov**

<sup>1</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

<sup>2</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 30.06.16.

*В статье рассматриваются абстрактные понятия в романе «Путь Абая» М. Аuezova.*

*The article deals with the abstract notions in «Abai's Way» novel by M. Auezov.*

УДК 811.161

### **А. А. Мухамедина**

к.ф.н., доцент, кафедра «Иностранных языков и переводческого дела», Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова, г. Кокшетау

## **ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

*В статье рассматриваются этапы анализа интерпретации текста, а также исследуются концепты, выражающие глубинный смысл текста.*

*Ключевые слова: текст, интерпретация художественного текста, концепты*

### **ВВЕДЕНИЕ**

Одним из недостаточно исследованных вопросов современного языкознания, теории текста является проблема интерпретации, изучаемой в различных аспектах в рамках разных наук. Так, в прагматике и в коммуникативной лингвистике «интерпретация» исследуется как «многоаспектная деятельность по извлечению, обнаружению смысла речевого поведения и определения инварианта речевого поведения адресанта» [1, 72].

### **ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

По мысли В. З. Демьянова, интерпретацию следует рассматривать как одну из фундаментальных операций познавательной деятельности, понимаемую как процесс, результат и установку в их единстве и одновременности. Она опирается на знания о свойствах речи, знания о человеческом языке, на локальные знания контекста и ситуации, глобальные знания конвенций, правил общения и фактов, выходящих за пределы языка и общения. Для такой интерпретации существенны личностные и межличностные аспекты: взаимодействие между автором и интерпретатором, различными интерпретаторами одного текста, а также между намерениями и гипотезами о намерениях автора и интерпретатора. Намерения

интерпретатора регулируют ход интерпретации, сказываются на ее глубине и завершенности [2]. З. Д. Попова и И. А. Стернин считают, что интерпретация является когнитивной операцией, когда на более высоком уровне абстракции осуществляется мысленное обобщение результатов описания языковых единиц, номинирующих концепт [3, 147]. Учеными рассматривается и такой вид интерпретации, как социокогнитивная, предполагающая не только анализ слов и их значений, но и сбор информации о социальной истории коммуниканта: кто субъект, какую социальную позицию он занимает, каков его социальный статус, в какие социальные отношения он вступает, какую социальную роль играет в обществе, какой вариант языка используется им в той или иной ситуации, каковы его личностные характеристики, взгляды [4, 27-28].

Интерпретация художественного текста способствует пониманию разнообразных смыслов (эксплицитных и имплицитных), актуализирующихся в рамках текста. К таким смыслам относят: «фактуальный смысл; модальный смысл говорящего; рефлексивный смысл, актуализирующийся в поле адресата; иррадирующий смысл, возникающий в затексте и соответствующий энергетическому полю текста; ассоциативно-семиологический смысл, формируемый в интертексте и коррелирующий с фактическим полем» [5, 7].

Интерпретация художественного текста обусловлена также необходимостью понимания различных типов информации, выраженной в нем. В рамках художественного текста актуализируются такие типы информации, как: концептуально-содержательная, фактуальная, подтекстовая, эстетическая [6].

Концептуально-содержательная информация содержит сведения об авторе, его мировоззрении, идейных установках, намерениях, дает понятие об авторской оценке какого-либо явления действительности. Концептуально-содержательная информация способствует раскрытию понятия образ автора, выступающей как ядро художественного текста, цементирующее в единое целое все средства, дающие представление о писателе. Авторская оценка высказываемого и описываемого передается в ходе актуализации авторской модальности – текстообразующей категории, объединяющей в единое целое формальные и содержательные аспекты художественного целого. Авторская модальность связана с выражением авторской оценки, выступает как способ преломления объективной действительности в художественной форме, что способствует раскрытию личности самого писателя [7, 185].

Художественный текст выступает как превращенная форма творческой речемыслительной деятельности автора, который опредмечивает все свои знания, взгляды, убеждения, свое мастерство в тексте. Поэтому художественный текст носит следы деятельности творческой личности писателя. А. Р. Бейсембаев утверждает, что текст, любое высказывание личности является

эгоцентрическим, «за любым высказыванием стоит личность с определенным жизненным опытом, которая пользуется языковым кодексом с целью выражения своей личной мысли. Всякое высказывание можно рассматривать как выражение определенной позиции говорящего по отношению к другим лицам, как естественную речевую эгоцентричность» [8, 13].

Выявление разнообразных смыслов и информации текста осуществляется в ходе понимания их и интерпретации, осуществляемой на различных этапах анализа текста. Интерпретацию можно осуществить на протяжении нескольких этапов: на первом этапе осуществляется описание семантики единиц номинативного поля концепта; на втором – осуществляется интерпретация результатов ассоциативных экспериментов через описание их психологического, ассоциативного значения. На третьем этапе осуществляется интерпретация когнитивной метафоры. Четвертый этап интерпретации направлен на выявление внутренней формы концепта. На пятом этапе осуществляется выявление культурной информации, лежащей в смысловой структуре идиомы, слова. Шестой этап – моделирование содержания концепта и составление его номинативного поля [3]. Чтобы осуществить интерпретацию текста на протяжении шести этапов, необходимо выявить ключевое слово текста. Таким словом является концепт, выражающий в структуре глубинный смысл текста и обеспечивающий целостность. Концепт, «воплощая авторскую интенцию, выражает глубинный смысл текста в виде свернутой структуры текста» [9, 57].

Осуществление контрастивно-сопоставительной и когнитивной интерпретации концептов «свой» и «чужой – свой» в произведении Г. Бельгера «Дом скитальца» позволяет интерпретировать художественный текст посредством этих концептов. На первом этапе интерпретации акцентируется внимание на концептуализации понятий «свой», «чужой». Концептуализация понятия «чужой» предполагает выделение таких признаков, как: «нездешний», «враждебный», «странный». «Чужой» – это человек, которому все здешнее не нравится. Он чувствует себя чужим среди другого окружения, сравните поведение Христьяна как «чужого» в книге Г. Бельгера «Дом скитальца». Христиан не может привыкнуть к чужому быту, чужой земле, так как все это ему неродное, не по душе ему: «Христьян дотащился до постели, залез под одеяло и шубу, и покосился на окно. Ветер, кажется, выдохся, ни звука, ни шороха. На краю стилового неба неприкаянно зависла одинокая озябшая луна. Возле нее забилась блеклый круг. Чужое небо. Чужая луна. Чужая земля». (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 164.)

Свой – человек, который идентифицируется с окружающими его людьми по языку, по знанию образа жизни другого народа, усвоению его обычаев, традиций. Герои романа Г. Бельгера Давид и Гарри становятся «своими» среди казахского народа, например, Гарри хорошо усвоил казахский язык,

поступает на русско-казахское отделение факультета казахского языка и литературы КазПИ, сдает вступительные экзамены на пятерки и четверки, и когда его не зачисляют в университет, выражает свое возмущение на казахском языке: «Жазығым не, Мәке?! – голос Гарри дрожал. – Жазығым – неміс болғаным ба?» (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 335.); а в военкомате начальник удивляется тому, как хорошо Гарри говорит на казахском языке: «Слушай, ты, ипаришь по-казахски лучше казаха! Вот это да! Откуда... как ты научился говорить?! Ой, айналайын сен өзің... да ты, оказываешься, просто хороший парень!

– Да, – спокойно сказал Гарри. – Я вырос в казахском ауыле, окончил казахскую школу (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 364.).

Давид, фельдшер, стал «своим» среди аульчан: он знает разговорный казахский язык, говорит правильно, хотя и с немецким акцентом: «Кел, кел айналайын. Атың кім?» (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 169). Давид помогает всем: сироту Жараса берет к себе, в дом, тот называет его Дяу-ага; оказывает поддержку Маруа, жене Газиза; помогает старикам, следит за здоровьем интернатовцев. Когда Давид строит дом, односельчане ему помогают всем миром: «Весть о том, что ..... Эрлих решил строить дом, радостно всколыхнула всю округу. Все считали своим долгом принять посильное участие в благом деле. Такого рвенія со стороны аульчан и знакомых Давид Павлович и не ожидал и потому был весьма тронут» (Г. Бельгер. Дом, скитальца, с. 321.). На втором этапе интерпретации текста рассматриваются и обобщаются результаты психолингвистического эксперимента, проводимого с целью сбора ассоциативного материала, отобранного по реакции на слова-стимулы «свой», «чужой». Анализ результатов эксперимента показал, что число ассоциатов на слова стимулы значительное. Приведем фрагмент ассоциативного поля «чужой»: враг, нездешний; странный; непривычный; неприспособленный; взгляды его не меняются; не знает нашего языка; не знает традиций, обычаев казахского народа; иностранец, с ним нельзя поговорить на какую-либо тему, он не понимает тебя, он недруг; язык его чужой; «свой» – друг, приятель, брат, родной, знает наш язык знает мою культуру, мы с ним идентифицируемся по языку и культуре, земляки, с ним можно говорить по душам, душевный, родной, земля наша общая, родина одна, я его понимаю.

На третьем этапе дается толкование образным средствам, используемым в тексте: исследуется применение метафор, метонимий, сравнений.

Так, Г. Бельгером используются образные средства.

Метафора. В произведении часто используется антропоморфная модель метафоры, когда свойства человека переносятся на животных, рыб: «щука мигом успокоилась, обмякла» (Г. Бельгер. Дом скитальца, с. 56); «Осеннее

*солнце отстраненно взирало на разлитое людское горе. По белесому небу металась тучи»* (там же, с. 82); *«Гордый, строптивый поток, с ревом пенившийся, бурливший летом, теперь был обуздан лютым морозом»* » (там же, с. 92); *«Город набухнул, отсырел до последнего бревнышка и кирпичика»* (там же, с. 296).

Однако нестрогое определение самого понятия «внутренняя форма языка» вносило неясность в понимание отношений языка и мысли, затрудняло решение вопроса о природе языка. Само понятие примиряло мышление и язык. С целью решения проблем взаимосвязи мысли и языка, раскрытия их природы, исследования роли языка в познании А. А. Потебня суживает понятие внутренней формы до более частного понятия «внутренняя форма слова». А. А. Потебня тем самым «компрометировал понятие «внутренней формы языка» [3, 447]. Но понятие «внутренней формы слова» органично вытекало из теоретических построений русского языковеда, а опора на обширный лингвистический материал придавала ему научный характер.

В других исследованиях встречается и отрицание тесной связи между ними, и игнорирование мышления в пользу языка в методике лингвистического исследования.

Язык и мышление – два вида общественной деятельности, тесно связанных между собой, «отличающихся друг от друга по своей сущности и специфическим признакам» [4, 606-607].

Вопрос связи языка и мышления волнует и философию языка. Мышление и язык находятся в органическом единстве: природа мышления связана с обобщенным и опосредованным отражением действительности, а природа языка связана с такими понятиями, как средство общения, средство обмена мыслями между людьми. Они не могут быть поняты достаточно полно, если мышление и язык рассматривать изолированно, в отрыве друг от друга. Процессы мышления проявляются в трех основных видах, выступающих в сложном взаимодействии, – практически-действенном, наглядно-образном и словесно-логическом.

Если мышление абстрактно, то язык конкретен. В этом плане, на наш взгляд, удачным можно считать то разграничение между языком и мышлением, которое дает А. С. Мельничук: «Мышление, за исключением его практически-действенного вида, имеет психическую, идеальную природу, между тем как язык – это явление по своей первичной природе физическое,

материальное». Здесь немаловажно и определение языка как знаковой деятельности, обеспечивающей материальное оформление мыслей и обмен информацией между членами общества.

Словесно-логический вид мышления «обеспечивается двумя специфическими особенностями языка: естественно не мотивированным, условным характером исторически установившейся связи слов как знаковых единиц с обозначаемыми сущностями и членением речевого потока на относительно ограниченные по объему, формально размежеванные и внутренне организованные отрезки – предложения». Этот вывод исследователя нам глубоко понятен: именно предложения связаны с выделением в потоке мышления отдельных единиц – суждений и умозаключений. Но, как отмечает далее автор, «прямого соответствия между единицами мышления и ... единицами языка нет: в одном и том же языке одна мысль или ее компоненты – понятия и представления – могут быть оформлены разными предложениями, словами или словосочетаниями, а одни и те же слова могут быть использованы для оформления разных понятий и представлений». Не будем забывать о том, что есть, к примеру, служебные слова, не обозначающие понятий или представлений.

Мы отмечали, что в части многих исследований о языке и мышлении в стороне остается речь. По этому поводу лингвист И. Ю. Абелева пишет, что «мыслить можно лишь умея говорить» [5, 174]. Речь исследователь считает необходимым толковать шире, тогда «речь – это любой способ владения языком, физически доступный человеку». Исследователь также четко разграничивает язык и мышление: «Язык как система знаков имеет в своем распоряжении только... значения... Их он и доставляет мышлению. Снабдившись значениями, мышление передает их на хранение в блок памяти, а само «освобождается» от языка и вырабатывает собственную систему единиц, каких в языке нет. Это понятия» [5, 187]. Язык – это своего рода способ осуществления движения мысли.

Наиболее точно связь языка, речи и мышления выразил Рассел: «Язык служит не только для выражения мыслей, но и для изготовления мыслей, которые иначе бы и не существовали вовсе» [6, 60]. Предполагается, что в процессе совершения мысли в слове должна участвовать единица, которая обладает взаимоисключающими характеристиками: мысль и не мысль, слово и не слово.

Как известно, такими характеристиками, по Л. С. Выготскому, обладает внутреннеречевое слово [7]. Его составляющие выраженное (фиксируемое словом) и подразумеваемое (мыслимое) неперебиваемы без остатка друг в друга, каждое имеет свой особый контекст, по-разному выражает «я», но это и есть диалогизм по М. М. Бахтину [8].

В языке происходит становление мысли, язык выражает мысль, «осуществляет» ее движение, «изготавливает ее».

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Гумбольдт, В. Избранные труды по языкознанию. – М. : Прогресс, 1984. – 400 с.
- 2 Потебня, А. А. Мысль и язык // Потебня А. А. Слово и миф. – М. : Правда, 1989. – 250 с.
- 3 Шпет, Г. Г. Эстетические фрагменты // Шпет Г. Г. Сочинения. – М., 1989. – С. 345-379.
- 4 Мельничук, А. С. Язык и мышление / Лингвистический энциклопедический словарь. – М. : Советская энциклопедия, 1990.
- 5 Абелева, И. Ю. Речь о речи. Коммуникативная система человека. – М. : Логос, 2004. – 304 с.
- 6 Russell B. Human knowledge: Its scope and limits. – N.Y. : Simon and Schuster, 1948.
- 7 Выготский, Л. С. Педагогическая психология. – М. : АСТ, 2008. – 671 с.
- 8 Бахтин, М. М. Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 1986. – 445 с.

Материал поступил в редакцию 17.06.16.

*К. Х. Рахимжанов, М. К. Аकोшева*

#### **Тіл мен ойлаудың диалектикалық өзара байланысы**

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 17.06.16 баспаға түсті.

*K. H. Rakhimzhanov, M. K. Akosheva*

#### **The dialectical relationship between language and thought**

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 17.06.16.

*Мақала тіл мен ойлау арасындағы байланыстың сипаты туралы мәселені қарастырады. Бұл мәселе теоретикалық тіл білімінің және тіл философиясының басты мәселелерінің бірі. Тіл – белгі іс-әрекеті, ол ойдың материалдық формаға түсуін және қоғам мүшелері арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.*

*The article is devoted to the question of the nature of the relationship between language and thinking. This problem is one of the central problems in theoretical linguistics and philosophy of language. Language is a sign activity, providing material design of ideas and the exchange of information between the members of society.*

ӘОЖ 398.2/574/

#### **Б. С. Рахымов**

ф.ғ.д., профессор, Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.  
e-mail: berik\_aktubek@inbox.ru

### **ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫР БЕЙНЕСІ**

*Бұл мақалада қазақ фольклорындағы Олжабай батыр бейнесі жан-жақты қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: фольклор, батыр бейнесі, тарихи жырлар, аңыз, эпостық жырлар.*

#### КІРІСПЕ

Қазақ халқының тарихи тағдырында «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» аталатын тарихи оқиға, ел басына түскен қайғылы кезеңді көрсетеді. Бұл кезең – қазақ хандығының дербестігі, қазақ халқының азаттығы үшін қозғалыс, күрес Ұлы Отан соғысы сияқты алапат асқақ мәселелерді күн тәртібіне шығарған шақ. Тарихтың сынына түскен қаһарлы XVIII ғасырда елдің амандығы мен жердің бүтіндігін мұрат тұтқан әйгілі тұлғалар тарих сахнасына шықты. Тәуке, Абылай хандар, Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Дулат Өтеген, Балталы Оразымбет, Сіргелі Елшібек, Бәсентиін Малайсары, Жасыбай, Уақ батыр Баян, Тарақты Байғозы, «Он сан орта жүзге ұран болған ер Олжабай сияқты батырлар, Бұқар, Тәтіқара, Төле, Әйтеке, Қазыбек секілді шешен-билер бірі ақыл-айласымен, екіншісі теңдессіз ерлік істерімен, келесілері тапқырлық-даналығымен ел амандығын, жер бүтіндігін қамтамасыз етті. Осынау елдік пен ерлік күн тәртібіне түскен шақта, ұлттың рухына лайық жыр-толғаулар дүниеге келіп, қазақтың қаһармандығы өлмес өнер тіліне түсті. Елім деп еңіреп туған батырлардың өнегелі өмірі мен ерлік істері туралы сыр шертетін тарихи жырлардың қалың шоғыры қалыптасып, олар шын мәнінде қазақ халқының асқақ рухын танытатын көркем шежіреге айналды.



Өкінішке орай, социалистік системаның солақай саясатынан қағажу көрген ғалымдар ұлттың рухын көтеретін тарихи жырларды жүйелеу, бастыру және зерделеп зерттеу ісіне келгенде амалсыз алақол, алаң көңіл болды. Қазақ ауыз әдебиетіне қатысты 1926 жылы, жарық көрген А. Байтұрсынұвтың «Әдебиет танытқышы» [1], 1927 жылы шыққан М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбектері көзден таса болып [2], тыйым салынғаннан кейін-ақ, бұл мәселеге социализм сақшылары сақтықты күшейтті. 1945 жылы дайындалып, 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» [3] ауыз әдебиетіне арналған томында да тарихи жырларға арналған бөлім бөлшектеңіп, кеңес идеологиясының керегіне жарағаны қалды. 1960 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» [4] алғашқы кітабы осының кебін киді.

Есесіне Европа тарихшы ғалымдарының тарапынан ХҮІІІ ғасырдағы қазақ халқының Отан соғысындағы жеңісі басқаша бағаланды. Қырғыз, кайцах, бұратана халық ретінде кемсіткені былай тұрсын, сол жеңіс Ресейдің арқасында келген болып тұжырымдалды. Тарихқа жүгінсек ойраттарға қарсылық Тақыр (Тахир) хан тұсында (1523-1533) болған екен. Бұл мәселеде, академик Әлкей Марғұланның Шоқанның «Джунгары» деген терминіне (Шоқан еңбегі Іт. 66 бет) берген түсініктемесінде: «Көрші түркі тілдес халықтар қалмақтар деп атап кеткен батыс моңғол тайпалары (ойраттар) Жоңғарлар деген лақаппен белгілі болды. Осы тайпалар күшті одақ құрып, ХҮ ғасырдың бірінші жартысында шығыс моңғолдарды екінші қатарға ысырып, жоңғарлар немесе ойраттар мемлекетін дүниеге әкелді. Ойраттар мемлекеті ХҮІІ ғасыр аяғы мен ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысында Батор, Цеван-Рабтан және Ғалдан хандар тұсында өзінің шарықтау шегіне жетті» [5] деген пікіріне көңіл бөлу қажет.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқын «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан алапат шапқыншылықты бастаған Жоңғарлар осал жау емес еді. Бұл көріністі Ш. Уалиханов: ХҮІІІ ғасырдың алғашқы он жылы қазақ халқының өміріндегі ең бір жан шошырлық кезең болды, әсіресе, 1723 жылғы халық трагедиясы әр қазақтың жадында қалды. Бұл жылы қар қалың жауып, мал ашығып, онсыз да қыстан жұтап шыққан елге қырғын салып, Жоңғар хонтайшысы Ғалдан-Церен басқарған қалың жау қазақ жеріне басып кірді. Шошынған ел сайғақтың үйіріндей дүние-мүлкі мен мал жанын тастап түстікке қашты», [6] – дейді. «Жұт – жеті ағайынды» демекші халық басына түскен «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама сөз тіркестерінің алғашқы сыңарын әркім түсінеді. Бұл арадағы әңгіме – сол сөз тіркесінің екінші сыңары болмақ. Осы сөзді түсіндіруді біз оңай әдіске салып алғандаймыз. Өйткені табанынан сарсылып жаяу шұбырған қазақ халқын әбден титықтатып, алқа көлдің маңына апарып сұлата салуымыз қисынға келмейтін секілді.

Қариялардың айтуынша «Алқа көл» төрт түліктің басы, түйенің жұқпалы ауруына қатысты айтылған. Негізінде жұқпалы түйе ауруы - «алқа өл» деп аталып, кейін өзгеріске түскен болуы тиіс. Байыппен көз жіберсек, қазақтың қаншама сөздерінің транскрипциясының өзгергенін білуге болады. Сөз мағынасына, шығу тегі – этимологиясына үңілудегі шалағайлықтар бізде жеткілікті. Оған дәлел ретінде көшпелілер, ереулі дейтін сөздерге қаншама талас болғанын еске түсіруге болады. Жау жолындағы «Ала көл» қисынға келмей, Сырдарияның жанынан «Алқа көл» тауып, тұжырымдама жасауда тарихқа қиянат екендігін айтпасқа болмайды. Екінші бірі Е. Бекмахановтай фольклордың үлгілерін пайдаланып, Кенесары көтерілісіне қатысты тұжырымдар жасамағаны аян. Қайта кеңес дәуірінде фольклорға ат үсті қарап, рухани қазынаның құндылығына мән бермегендігі баршаға түсінікті.

Ел басына түскен 1723 жылғы ауыр кезді халық өз туындысында барынша нанымды көрсеткен:

Алапат жеті жылдай не жай қойсын,

Айырылдық ауыр дәулет мың найсаннан [7],

– деп, жоңғар шапқыншылығы алдындағы Қаратау атырабында жеті жыл аштық болғанын жеткізеді.

Халық арасына кең тараған, жадында жатталып қалған, 17 нұсқада айтылатын «Елім – ай» атты тарихи өлең де осы кезең шындығына арналған.

Мына заман, қай заман, қысқан заман,

Басымыздан бақ дәулет ұшқан заман.

Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,

Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман [8],

– деген жолдардан қаралы күндер мен ел тарихындағы жаралы жылдардың екі ұдай дүрлігі суретін танысың.

Қазақ халқының сөз өнерінің қалыптасуына көз жіберсек, бертіндегі ХХ ғасырға дейінгі суырыпсалмалық ауызша шығармашылық дәстүрдің үздіксіз даму үстінде болғанын көреміз. Бірақ, бұның бәрі бірдей тап-таза фольклор деген ұғыммен түйіндеуге болмайды. Фольклорлық заңдылықтың ең басты шарты авторы белгісіз, бірнеше нұсқалы болып келетін халық мұрасы екендігі талассыз. Ал, белгілі ақын-жыраулар поэзиясының фольклорлық дәстүрде жасалуының анықтамасы ауызша айтылып, ауызша таралу заңдылығына қатысты екендігі ғылымда басы ашылған мәселе.

Дәл осы теорияның қисын-қағидасы арқылы ХҮІІІ ғасырдағы қазақтың азаттық жолындағы көтеріліс басшысы Олжабай батырдың фольклорда бейнесі бар ма, бар болса оған қандай дәлелдер болуы мүмкін деген заңды сауалдың туындары хақ. Ең алдымен бұл сұраққа айтулы баһадүр туралы аңыз-әңгімелер жауап бере алады. Біріншіден, Олжабайдың ерен ерліктері елден-елге тарауы нәтижесінде барып, батырдың шыққан тегі азан шақырып қойған есімі, туыс-жекжат, ныспысы туралы аңыз әңгімелер пайда болған.

Олжабайдың өмір тарихы туралы Жаяу Мұсадан қалған әңгімелерді жинаған Салық Жаяумусин (1893-1969) Мәшһүр Жүсіптер жинақтаған аңызда «Сүйіндік Толыбайдың үш баласы болады, оның ең үлкенінің аты Алажағы аталып, Толыбай өліп, балалары жетім қалады. Жандарын сақтап отырған жеті жылқысы жоғалып, Алажағы қотыр таймен жылқы іздеп, далада алты қасқырға жолығады, түні бойы теректі паналайды. Бұдан құтылғанда бір әйелге жолығады» [9]. Әлгі әйел ел-жұртын жинап: «Түнде түсімде бір ақсақал аян берді: «Терек түбінде қамалып отырған баланы құтқар, атын Олжабай қой, алты қасқыр оның болашақ жолдастары, елден асқан батыр болады, – деді. «Сондықтан баланы алып келдім», – дейді. Бірнеше күн бағып, нағашысы Қаратайға жібереді. Алажағы содан бастап Олжабай атанады [10].

Бұл – бір.

Екінші аңыз бойынша Айдаболдан Толыбай атты асқан батыр болады. Толыбай ұзақ сапарға кетіп үйіне оралса, әйелі ұл туады. Зайыбы алдынан шығып: «Менің олжам мына бала, сенде не олжа бар», – деп сұрайды. Толыбай баланың атын Олжабай деп қойыпты. Олжабай ер жетіп, қалмақтардың талай қамалын алады. Бір соғыста әскерді бөгеп жатқан айдаһарды өлтіреді [11].

Бұл – екі.

Ендігі бір аңызда «Әрі батыр, әрі би Толыбай жау қолына түсіп, оны қамаудан құтқарып қалу үшін сенімді серіктерімен бірге құдай қосқан қосағы да барады. Толыбайды жау қолынан амалын тауып азат етуде үлкен қайрат көрсеткен абзал ана көп кешікпей ұл табады, әкесін тұтқыннан азат етіп, олжалы оралғандары үшін баланың атын азан шақырып Олжабай қойған», – деседі. Олжабайдың әкесі Толыбай Тәуке хан ордасындағы белгілі билердің бірі, құба қалмақтармен соғыста қаза тапқан. Олжабайдың туған жері Түркістан қаласы» [12], – делінеді.

Бұл үш.

Келесі аңызда да «Орта жүз Сүйіндік елінің биі Айдабол Қаратайдың қызық Есенбикені баласына айттырады, үйленер кезінде жігіт өледі. Айдабол Есенбикені Толыбайға алып береді. Толыбай Шанышқылы елінің тағы бір қызын алады, екі әйелден екі ұл туады. Бірінің атын Олжабай, екіншісін Көшетер қояды. Айдаболдың Тайкүрең деген атын жау алып кетіп, оны Олжабай іздеп шығады. Бір тоғайда арыстанға кездеседі. Олжабайдың қаһарынан қорқып, арыстан қарсы шаба алмайды. Еліне жүйрік атты аман есен алып келеді. Жолда тынығып жатқанда Олжабайдың аузына бір жылан кірмек болып басын сұққанда, оны шайнап тастайды.

Бұл – төрт.

Олжабай есіміне қатысты бірнеше нұсқалы болып келетін бұл аңыздардың фольклорға тән екенін ескерсек, ауызша айтылу барысында халық құрметтеген Олжабайдың аңыз әңгімелерден асып, әпсанаға айналып кеткенін көреміз. Ал, Олжабай батырдың ерлік істері өткен «Талқы асуы»,

«Қалмақ қырған», «Шүршіт қырылған», «Олжабай мен Жасыбай» секілді топонимикалық аңыздар белгілі тарихи оқиғаларды толық табиғатына сіңірген. Сонымен қоса, Олжабай батыр еліне лайық жер іздеп, Асан қайғы секілді жер шолады. Халық прозасына тән фольклордың бір көрінісі осы тұрғыдан аңғарылды.

Олжабай батыр дәуіріндегі айырықша дамыған жыраулар мұрасы болса, мұның фольклорға қарым-қатынасын жоғарыда атадық. XVIII ғасырды сол Бұқар жыраусыз елестету мүмкін емес. Даңқты жырау толғауларында тек жаудан беті қайтпаған, ел мақтаған тарихи тұлғалар ғана аталатыны аян. Әйгілі Жасыбай батырдың қазасына қатысты жоқтау Бұқар жырау атынан айтылып, батыр кегін алу Олжабайға жүктеледі. Мысалы:

Қанды жорық Олжабай,  
Болат тіреу ордам-ай...  
Қолды баста, тез аттан,  
Ту көтеріп үш жақтап.  
Ер кіндігін шабақта,  
Нөсер төгіп садақтан.  
Болат қару тарланым,  
Арыстандай арланым  
Сен тірі де құламас,  
Сары ала туы орданың [13]

– десе, «Айдаболдың арқыраған Көтеші едім, Жеті қабат көк асып, жұмаққа өтпекші едім», дейгін әйгілі Көтеш ақын Жасыбай, Олжабайлармен бірге жауға қарсы күресіп, олардың ерлігін орынды мақтан тұтқан. Ел арасында Көтештің «Ер Олжабай», «Ботан» атты жырлары барлығы айтылатыны болмаса, бізге толық нұсқасы жетпеген. Осындай аңыз, өлең, шежірелер шоғырын арқау еткен, бүгінгіге жеткен «Олжабай батыр» туралы тарихи жырлардың төмендегідей нұсқалары бар:

1. «Олжабай батыр» жыры. Айтушысы Жаяу Мұса Байжанов. Жинаушысы Салық Жаяумусин.
2. «Орта жүз Олжабай батыр». Жырды айтушы Ертай Құлсариев. Аңыз – жыр тоғыз тараудан тұрады. 1939 жылы жазып алынған.
3. «Олжабай батыр». Жырды айтушы Бозтай Жақыпбаев. Жырдың айтушысы Молдажан Жадайұлы. 1946 жылғы Қазақ ССР ҒА тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Ақмола-Көкшетау экспедициясы жиналған.
4. «Олжабай батыр». Айтушысы Сақау ақын. ҚарМУ экспедициясында жинақталды. 1989 ж. Дәптерге түсірген кім екендігі белгісіз.

Қанша іздестіргенімізбен Көтеш ақын жырлаған «Ер Олжабай» жыры табылмай келеді. Мүмкін жоғарыдағы нұсқалар Көтеш жырынан желі тартуы мүмкін деген пікірдеміз. Фольклорлық заңдылыққа сай дәстүрмен жырланатын Олжабайға арналған тарихи жырлардың сюжеттік желісі

бір, бірақ жырлануында түрлі айырмашылықтар барлығы жырдағы аңыз желілерінің түрліше жасалуынан көрінеді. Бір нұсқасында Олжабай арыстанмен кездессе, екіншіде айдаһарды өлтіреді. Үшіншісінде далада ұйықтап жатса, бір сары жылан Олжабайдың басынан аяғына дейін аралап шығады. Жылан кеткен соң, Олжабай басын көтерсе, аяқ жағында бір ақ сәлделі қария отыр екен. Ол Олжабайға «Жауға шапқанда өз атыңды айтып ұрандап шап» [14] дейді де, жоқ болып кетеді. Түйіндей айтсақ, «Олжабай батыр» жыры алғашқыда Көтеш, Сақау, Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп секілді шежіреші, жырау-ақындардан басталып, келе-келе көлемді эпикалық жырға айналған. Тарихи жырларға тән ерекшелік секілді «Олжабай батыр» жыры батырдың ата-тегімен таныстырудан басталады. Шежіре бойынша, батырдың шыққан руы – орта жүз, Арғын, Сүйіндік, оның ішінде – Айдабол. Айдаболдың бәйбішесінен Жанғозы, Малқозы, Кенжеқозы: ортаншы әйелінен Қожакеңді, Тайкелтір туған. Кенжеқозы жастай, үйленбей тұрып дүниеден өткен соң, оның қалыңдығы ұлы жүз Қаратай батырдың қызы Есенбикені Малғозы баласы Толыбай алады. Толыбайдан Орман, Құлжабай, Олжабай туады. Жыр осы деректерді жоққа шығармайды.

Жырдағы батыр бейнесі Коншин жазбасындағы «Олжабайдың батырлығы сондай – ол үстіне мінген ең мықты деген аттардың өзі теңселіп кетеді екен және ат үстінен еңкейгенде қолдары жерге жеткен» [15], дейтін пікірімен үйлеседі. Тарихи жырдағы Олжабайдың алғашқы сапары әкесінің жоғалған бәсіре аты Тайкүренді іздеуден басталады. Кей үлгісінде жеті жылқы, енді бірінде Тайкөкті іздейді делінеді. Осы сапарда Олжабай «Қабанбай батыр» жырында айтылатын Әтекенің ауылынан Тайкүренді тауып, бір тоғыз айыбымен еліне қайтады. Одан кейін туған еліне келуі, Бөгенбай батырмен достасып, қалмаққа қарсы соғысы жырланады. Жырда Олжабай батырмен бірге қазақ батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Жанатай, Жасыбай т.б. батырлар есімі аталады. Әйгілі Бұқар жырау, Көтеш ақындар есімдері мен Әбілмәнбет, Абылайхан дәуірі суреттеледі. Бүкіл Қазақстан аймағындағы жер-су атаулары көркем шежірелей беріледі. Олжабайдың Талқы асуындағы қамалдың темір қақпасын бұзып кіруі де, болған оқиғадан шалғай кетпеген. Одан кейін жырдағы Қалдан-Церен өлген соң, таққа таласқан бақкүндес талапкерлер ханның мұрагері Әмірсананы қудалап өлтірмек болуы, оның жезделері Абылай хан мен Олжабайға қашып келіп паналауы – болған оқиға, тарихи шындық. Бұл жайларды Үмбетей мұралары, әсіресе Ф. А. Шербинаның [16], Коншиннің [17], Д. Примактың [18] зерттеулерінде айтылғандығы куәландырады. Баянауыл тауының шығысындағы жырда айтылатын жер-су аттары, ірі жеңістерден кейін «Қалмақ қырған», Олжабай батырдың жиенінің ерлігіне риза болып, Шойын көлді «Жасыбай көлі» атауы, Қарағанды облысының бұрынғы Молодежный ауданындағы «Шүршіт қырған» деп аталатын кеңістіктер жырдың тарихи негізін анықтауға септігін тигізеді.

Олжабай батырға арналған жыр бірнеше оқиғадан тұрады. Соның бірі ел арасына сіңісті болған аңыз «Олжабай мен Абылай» туралы әңгіме. Ол Абылайдың тентектігі үшін Қаракесек Ботахан мен Жанайды байлатып зынданға салуы, Ботахан ызадан өзін өлтіруі, Бекболат пен Едіге бастаған Бес Мейрамның баласы көтеріліп, Абылай ханның ордасын шабуға аттануы сөз болған. Осы келгендердің ішінде жеті жүз кісілік қолды бастап, Олжабай да келеді. Абылай кешірім өтініп, Жанайды босатып, қолды қаншама тарту-таралғымен қайтарады. Бұл оқиға Көтеш ақын өлеңі [19], белгілі жазушы І. Есенберлиннің шығармасында да айтылады.

Жыр шешімі Олжабай батырдың балаларын атаумен аяқталады. Олжабайдың қалмақ, қарақалпақ, қырғыз, қазақтан алған бес зайыбы болған. Олардан Дулат би, Есенаман, Бұлан, Сақау, Жұмабай деген ер балалары болғаны мәлім. Бұл жайлар тікелей осы жолдардың авторы атынан «Тарихи жырлар тағылымы» [20], «Тарихи эпос табиғаты» [21], «Олжабай батыр» [22] т.б. кітаптар мен мақалаларында айтылған еді.

Ел аузында «Олжабай өсиеті» деген аңыз бар. Онда өзі төсек тартып жатып: «Мен өмір бойы жаудың өзін өлтірмей, жараламай, киімімен түйреп түсіруші едім. Содан-ау жау қолынан өлмей, жамандарша үйде өлгенім» деп өкінген екен. Сөйтіп, «Мені ел ұмытпас, менен кейінгі біздің әулеттен үш есім үш жүзге таралады. Оны үшінші, жетінші, тоғызыншы атадан тарайтын ұрпақ жалғастырар» [23] – депті. Бұны біз даңқты композитор, айтулы ақын Жаяу Мұса өмірінен, жетінші ұрпағы атақты ғұлама Әлкей Марғұлан мен тоғызыншы айтулы ақын, ірі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бойынан көргендейміз.

Олжабай батырға қатысты аңыз, өлең, жыр үлгілерінің бәріне ортақ желінің бірі – батырдың ту ұстаушы болғандығы. Байрақ кез келген жауынгерге берілмейтіндігі аян. Сұрапыл шайқаста ту ұстаушыны қолға түсіру үшін екі жақ та жанталасады. Алғашқы жорыққа Қаратай батырдың туын ұстап кіріп, сенімді ақтаумен қатар дұшпанының ту ұстаушысын мерт ететін Олжабай батыр болса, кейін Абылай хан бастаған қалың қол Қалдан Церенге қарсы аттағанда да алаштың ақ туын алып қамалға ат қояды. Қолының қоспасынан оқ тигеніне қарамай туды ешкімге берместен, кейін шегінбестен қақпаны бұзып қамалға жол салды. Бұл жырда да айтылып, Сақау ақынның толғауларында да дәріптеледі.

Олжабай орта жүзде ту ұстаған,  
Балапан түйғын құстай құныстанған  
Қолынан қоспасының оқ тисе де,  
Ту ұстаған жерінен жылыспаған [24],  
– дейтін өлең шумақтары өшпес ерліктің өнегесі іспеттес.

Жалпы батырға қатысты тарихи аңыздар, өлеңдер мен тарихи жырларда Абылай есімі айырықша аталып, Олжабай бірде Абылайды тұтқыннан

босатып алса, енді бірде хан ордасына Ботахан мен Жанабайдың жоқшысы болып барады. Қарама-қарсы оқиғалар ұшыраса Олжабай мен Абылай тез мәмілеге келеді. Жас жағынан шамалас Олжабайдың Түркістандағы нағашы жұртында жүріп, Төле бидің қолында болған бақташы Сабалакпен таныстығы ертеден басталған деудің қисыны бар. Батырға хан тарапынан айырықша сенім білдіріліп, «Олжабай есен болса-ел аман», – деп, Абылайханның баға беруі шындық.

Жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық қозғалыс болып басталып, Отан соғысына айналған сұрапылда қазақтың сандаған батырларының есімі ерліктің шежіресінен орын алып, жауынгерлік ұранға айналды. Халқымыздың қаһармандары Қабанбай, Бөгенбай, Малайсарылар қатарында «Он сан орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атақ та Әбілхайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет хандар тарапынан батырға берілген еді. Батыр осы жауапкершілікті сеніммен ақтап, азаттық үшін күресте есінен шығармағандығы тарихи жырда да былайша беріледі.

Бұл қалмақты жеңе алмай,  
Қызығын қашқан көре алмай,  
Қанша қазақ қырылып,  
Жолдасына сене алмай;  
Жаратқанға жалынып,  
Жылады сонда Олжабай:  
Қор қылмағай дұспанға-ай,  
Жаратушы бір құдай.  
Нағашым едің Үйсінде,  
Қуат бергін Қаратай.  
Өмірде бетім қайтпаған,  
Жар бола гөр Бөгембай.  
Орта жүзге ұран боп,  
Абыройым кетті ме,  
Қамдана гөр Жасыбай,  
Қашпаған соң қалмақтар,  
Олжабай батыр сасыпты.  
Шақырып аруақ сиынып,  
Көзінің жасын шашыпты.  
Әптиеке айтып Олжабай,  
Мінажат қақтан сұрады.  
Тайкөктің тартып тартпасын,  
Толғап мойнын бұрады.  
Жасыбайды қасына ап,  
Енді қырғын салады.  
Шідертінің басында

Қатты соғыс болады.  
Олжабай тартты садақты,  
Рүстемдей талапты.  
Он бір күндей шабылып,  
Тайкөк деген тұлпары,  
Жолбарыстай жарапты.  
Қашты қалмақ сол кезде,  
Ойдағы тастап талапты [25].  
Батыр туралы көлемді эпостың бұл бір ғана үзгіі.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздің дербестік алғалы ұмыт қалған, кезінде тыйым салған дүниелер жарыққа шығып жатыр. Бұның бәрі дұрыс. Алайда, жалған батыр, атақты ақын, дүлдүлдер мен бұлбұлдар шығару ұшырасып қалады. Халық ешқашан «Елім», – деп еңіреген елін ұмытпай, өзінің көзі тірісінен бастап дәріптей білген. Сондай тұлғаға лайық – Олжабай батыр. Батырдың халық шығармасынан орын алуын жоғарыда атап өттік. Ғажайып ескерткіш жасалғандығына көз жеткіздік.

Олай болса, атақты батыр Олжабайдың шынайы бейнесі ең алдымен фольклорда жасалған деген тұжырымға тоқтадық.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы : Жалын, 1991. – 425 б.
- 2 **Әуезов, М.** Қазақ әдебиетінің тарихы. – Қызылорда : Ташкент, 1927. – 226 б.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы : Ғылым, 1948. Т.1. – 440 б.
- 4 Қазақ әдебиеті тарихы. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы : Ғылым, 1960. – 740 б.
- 5 **Валиханов, Ч. Ч.** Соб. Соц. Ів 5-ти томах. Т.1. – Алма-Ата : Наука, 1961. – С. 661.
- 6 **Валиханов, Ч. Ч.** Аталған еңбегі. – 423-427 б.
- 7 ОҒК. № 1176 бума.
- 8 ӘӨИ. № 144 бума. 6 дәптер. 6 б.
- 9 ОҒК. № 381 бума.
- 10 Сонда. № 381 бума.
- 11 Сонда. № 381 бума.
- 12 Қазақ халқының қаһармандары. – Павлодар : Дауа, 1991. – 55 б.
- 13 **Сүйіншәлиев, Х.** VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы : Мектеп, 1989. – 224 б.
- 14 ОҒК. 1177 бума.

15 **Коншин, Н. Я.** От Павлодара до Каркаралинска (Памятная книжка Семипалатинской области на 1901. Вып V. –Семипалатинск, 1901. – С. 36.

16 **Шербина, Ф. А.** Материалы по киргизкому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по пользованию степных областей Семипалатинской области Павлодарского уезда Т.IV. – Воронеж, 1923.

17 **Коншин, Н. Я.** Аталған еңбегі.

18 **Примак, Д.** Скалы и легенды Баянаула. – Алматы, 1974.

19 **Сүйіншалиев, Х.** Аталған еңбегі. – 236 б.

20 **Ибрахим, Б.** (Рақымов Б. С.) Тарихи жырлар тағылымы. М. О. Әуезов әдебиет және өнер институты, 1997. – 207 б.

21 **Рақымов, Б. С.** Тарихи эпос табиғаты. – Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 1999. – 235 б.

22 Олжабай батыр. (Құрастырушы Б. С. Рақымов) – Қарағанды : ҚарМУбасп., 2003. –106 б.; ҚарМУ студенттері жинаған материалдар. – Қарағанды, 1989.

23 Олжабай батыр. /Аталған кітап. – 79 б.

24 Қазақ тарихи жырларының мәселелрі. – Алматы, 1979. – Б. 143.

25 Сонда. 52-53 беттер.

Материал 27.05.16 баспаға түсті.

*Б. С. Рахимов*

### **Образ Олжабай батыра в казахском фольклоре**

Карагандинский государственный университет  
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 27.05.16.

*B. S. Rakhimov*

### **The image of Olzhabay Batyr in the Kazakh folklore**

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 27.05.16.

*В статье рассматривается образ Олжабай батыра в казахском фольклоре.*

*The article discusses the image of Olzhabay Batyr in the Kazakh folklore.*

ЭОЖ 372.652 1044

### **Р. С. Пазтаева**

магистрант, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент қ.  
e-mail: rpaiztaeva@mail.ru

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ**

*Бұл мақалада автор ағылшын тілін оқытуда жобалау әдісін пайдаланудың тиімділігін және жаңа технологияларды оқыту үдерісінде пайдалануды қарастырады.*

*Кілтті сөздер: Продуктивті ойлау, жобалау әдісі, технология, жасанды тілдік орта, үдеріс.*

### **КІРІСПЕ**

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – білім беру жүйесінде оқыту үдерісін технологияландыру. Осыған орай педагогикалық үдеріске қатысты әртүрлі технологиялар жасалып білім беру жүйесінің құрылымдарына кеңінен енуде.

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану білімгерлердің жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі оқу–танымдық әрекетін белсендіруге, пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың бойына қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру және қарым-қатынасты дамыту. Осыған орай бағдарлама талаптарына сай іскерліктерді қалыптастыру. Ағылшын тілінің оқытушысы білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында уақытты үнемдейтін қызықты әдіс-тәсілдерді пайдалануы жөн [1].

Ағылшын тілін оқытуда тиімді әдістердің бірі боп саналатын - жобалау әдісі. Себебі жоба әдісі шынайы практикалық нәтижеге бағытталған. Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында білім беру саласында жаңа технологияларды қолдану мәселесі шетел және отандық ғалымдардың зерттеулері бойынша бірнеше бағытта қарастырылғанын анықтадық.

Білім беру проблемалық, зерттеу, іздестіру әдістерін қарастырады. Дүние жүзінің барлық елдерінде жобалар әдісі кең қолданылады, себебі, ол бір проблеманы шешу барысында білімгерлердің алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндіктерін береді.

«Жаңа педагогикалық технология» сөз тіркесін пайдалану үшін оның мәнін анықтап алу керектігі туындайды. Ол үшін алдымен «технология» ұғымының мазмұны жөнінде немесе ұғымының шығу мен қолдану аясын білу керек.

Технология – грек тілінен аударғанда *techné* (өнер, қолөнер, ғылым) және *logos* (ұғым, ілім) дегенді білдіреді. Шетел сөздіктерінде: «технология» – өндірістік үдерістерді жүргізу құралдары мен әдістері туралы білімдердің жиынтығы. Технологиялардың көмегімен ақыл-ой апараты практикалық шешімдердің тіліне аударылады. Технология – бұл білім беру әдістері, сонымен қатар жеке түрінде білім беруге қатысады. Кез-келген білім беру технология, болмаса өнер болуы мүмкін. Өнер интуицияға негізделген, ал технология ғылымға. Бүкіл үдеріс қайтадан басталуы үшін өнерден басталады, технологиямен аяқталады [2].

*Жобалау әдістемесі бойынша істелетін жұмыс бірнеше кезеңдерден тұрады:*

Бірінші кезеңде мұғалімнің көмегімен оқушылар істейтін жұмыстарының мақсатын белгілеп, проблемаларды анықтайды. Әртүрлі сурет, сызба, мәтін т.б. жобаға қажетті материалдар жинастырады.

Екінші кезеңде істейтін жұмыстың жоспары жасалып, топ мүшелері өздеріне нақты тапсырма алады.

Үшінші кезеңде оқушылар әртүрлі лексикалық, грамматикалық, ойлау, оқу, сөйлеу т.б. қабілеттерін дамытатын жаттығулар орындап, білімдерін жетілдіреді, туындалған проблеманы шешуге, жобаны жасауға әдіс, тәсілдер мен жұмыс түрлерін анықтайды [3].

Төртінші кезеңде әр топ өздері белгіленген жобаны жасап, дайындайды.

Жұмыстың бесінші, қортынды кезеңінде оқушылар дайындаған жобаларын қорғап, пікірлерін дәлелдейді. Мұғалім әр кезеңде әр түрлі роль атқарады, ол – көмекші, бақылаушы, нұсқаушы жұмыстың барлық кезеңінде мұғалім шәкірттерінің іс-әрекеттерін қолдап, мадақтай келе, олардың ынтасын көтерген жағдайда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады. Жобамен жұмыс істеу әрбір оқушының жұмысқа деген жауапкершілігін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытып, оқытудың түпкі мақсаты: білім сапсын жақсартуға үлкен ықпалын жасайды. Жобалау мен шығармашылық. Жобалауды шығармашылықпен байланыстыратындар көп, олар жобалауды жаңа шығармашылық мүмкіндіктерді ашу деп түсінеді. Алайда бұл түсінік дұрыс емес. Шығармашылық бұл – жаңаның пайда болуы. Бұл жерде жобалаумен байланысы бар, бірақ шығармашылықтың жобалауға айналуы үшін уақыт факторы негізге алынып, нақты нәтижені елестету керек. Алайда шығармашылықты нақтылықпен байланыстыру мүмкін емес [4].

Жобалау мен басқару. Практиканың қандай бір түрінде өзгерістерді жобалап, іске асырып, оларды басқарғанда ғана біздің жұмысымыз алға басады. Қазіргі кезде менеджмент сөзі пайда болды, ол басқару дегенді білдіреді. Білімде де менеджмент сөзі қолданылады. Қазіргі таңда білім алу түрлері де көбейді, ол территория мен уақытқа қарай бөлінеді. Осыған орай өзінің білім алу процесін басқару, білім алғандағы нәтижені жобалау міндетті түрде қажет болды. Сонымен практика нысанында пайда болған жобалау үлкен әлеуметтік контекстке шығады. Осының бәрі әлеуметтік ғылымдардың басты мәселесіне жобалаудың білімдегі орнын жатқызады.

Жобалау мен даму. Жобалау теориясында белгілі бір мәселенің дамуына әкелетін өзгерістер айтылған, яғни біз тек мәселенің өзгеруіне әкелетін жобаларды қолдануымыз керек. Бірақ бұл тек теорияда қолданылады, яғни біз жасаған жұмысымыз оның нәтижесіне тең емес. Мысалы, гүл отырғызу мақсаты, отырғызатын орны, жасалған жұмыстар мен гүлдердің өзі жобалау болып табылады. Алайда жобалаудың теориялық тұрғысынан бұл жерде жобалаудың негіздері жоқ, ең біріншіден мәселенің анализі, яғни гүлдер отырғызылған жағдайда өзгертін жәйт. Гүлдер отырғызылған жағдайда не өзгереді? Біз өзгерткіміз келген заттың жұмыс істеу жүйесі қалай өзгереді? Нәтижесін қайдан көреміз? Теория тұрғысынан осындай сұрақтарға міндетті түрде жауап беруіміз керек.

Жобалаудың құрылымы:

- нақты нәтиже шығару жобасы
- нақты мәселенің анализі
- нақты уақыт белгілеу
- жұмыс жүргізу жобасы
- нәтиже шығару

Жобалаудың ең негізі – мәселенің анализі болып табылады. Мәселе шешудегі нәтиже белгіленіп, оған жету үшін жасалатын қадамдар жобасы жасалады. Мәселе анализі неғұрлым нақты жасалатын болса, жоба да соғұрлым жақсы болады.

Жоба мен ғылыми жұмыс. Бұл жерде мысал ретінде ғылыми жұмысты қарастырғанымыз жөн. Жазылып, қорғалған диссертация диссертантты жаңа сатыға көтере отырып, практикалық жұмысын ұлғайтады – жаңа мамандық, адамдардық құрметі мен жаңа айлыққа иеленеді; яғни диссертанттың әлеуметтік жоба негізін мәселенің нәтижесі ретінде ғылыми жұмыс қарастырылады [5].

Ғылыми жұмыс пен жоба ұқсас келеді. Ғылыми жұмыс жобаның негізін құрай алады. Сонымен қатар кейбір жобалар ғылыми ізденіс тудырып, ғылыми жұмысқа айналуы мүмкін.

Жоба мен қабілет. Жобалауды жүзеге асыру үшін тұлға қандай қабілетке ие болу керектігін айтамыз. Ең біріншіден тұлға продуктивті ойлау қабілетіне ие болуы керек.

Продуктивті ойлаудың негізгі сатылары:  
 – мәселенің анализі, тақырыптың пайда болуы;  
 – мәселені шешудегі жұмыстар жобасын құру;  
 – мәселе шешудегі ойларын іске асыру;  
 Продуктивті ойлаудың екінші сатысы – мәселені түсіну, яғни анализ жасау. Назар аударарлық тағы бір жәйт мәселе шешудегі шешім қабылдау.

Мәселені шешу сатылары:  
 – мәселенің негізі, яғни қандай жұмыс жасау керектігін ұғу;  
 – мәселе құрамын бағалау, яғни мәлімен іздеу және іріктеу; Мәселе шешудегі нақты қадамдарды анықтап, іске асыру.  
 – мәселе шешудегі нәтижеге жету жолдарын іздестіру;  
 – мәселені шешу [6].

Қорытынды саты – шешім қабылдау. Шешім қабылдау өте қиын процесс. Шешім қабылдау 9 элементтен тұрады [7]:

1 Таңдау. Бұл тұлғаның өзінен немесе қоғаммен жасалған таңдау болуы мүмкін.

2 Ұғыну. Мәселе шешу және шешім қабылдау тұлғаның сол мәселе шешудегі ролін ұғынуы керек.

3 Креативтілік. Мәселе шешудегі креативтілік, яғни стандартқа сай емес шешімдерді іздеу.

4 Компромисс. Мәселе шешуде компромисс іздеу, яғни мәселеге қатысты барлық тұлғалардың жағдайын ойлау.

5 Алдын-ала ойлау. Мәселені шешкеннен кейін нәтижесінің қандай болатыны ойлау, ұғыну.

6 Шешімнің дұрыстығы – шешім қабылдау сатысының ең қиын бөлігі.

7 Мәліметтердің нақтылығын тексеру.

8 Шешім қабылдау сатыларының дұрыстығын тексеру.

9 Жауапкершілік.

Сонымен қазіргі кезде психология мәселені ұғыну, шешудегі жолдарын қарастыру, шешім қабылдау деген жәйттарға көңіл бөліп отыр. Біз қарастырған теориялардың барлығында тұлғаның шешім қабылдауы, мәселенің анализін жасауы, шешімді қабылдауы, нәтижесіне өзінің жауапкершілігін алуы аталып өтеді. Білім мазмұны да оқушылардан өз бетінше білім алуға, оны практикада қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған, яғни оқушыларды зерттеу мен жоба жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу [8].

Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса - ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалау технологиясының негізінде – білімгерлердің жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр.

Білімгерлер жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылғандай, оны жоспарлай білу қажет.

Жоба жұмысы кезендері

Жұмыстың мазмұны.

Мұғалімнің тәрбиелік мақсатты шешудегі негізгі іс-әрекеттері.

Оқушылардың іс-әрекеті.

1. Дайындық кезеңі

Жоба тақырыбын анықтау.

Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топтағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып жұмысты жоспарлауға үйретеді.

Әр оқушы өмірлік өз тәжірбиесіне (егер ол болса), сүйене отырып, өз ойын ортаға салады, бірігіп жобаның түпкі мақсатын анықтайды.

2. Жоспарлау.

Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету. Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау.

Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауға бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жобы бойынша күнделігін тексереді.

Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап, бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. «Қоғамдық» тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді.

3. Зерттеу жұмысы.

Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұхбат, анкета бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау.

Оқушы күнделігін бақылап, әрбір жетекшісімен және топ мүшелерімен жеке-жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру.

Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценарий жазу, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас қалыптастыру. Білімін әр пәндік салада кеңейтеді, түрлі қоғамдық жұмыстармен танысады, шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін бойында қалыптастырады.

#### 4. Нәтижені талқылау.

Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау. Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтымаққа бір-біріне деген сыйластыққа шақырады. Тұсау кесерге келетін қонақтар тізімін жазады, қажетті аудио-видеотехниканы жабдықтайды.

#### 5. Жұмыстың тұсау кесері.

Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүмкіндік жасайды.

#### 6. Бағалау және жоспарлау.

Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдағы үлкен мақсаттарға жетелейді [9].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Оқыту үдерісінде бұл әдісті қолдануда арнайы мақсат қойып, белгілі шарттарға сай таңдалған жобаларды қарастыруға болады [10].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы. Жасалып отырған зерттеудің практикалық құндылығы туралы айтар болсақ, жұмыста алынған нәтижелерді жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында ағылшын тілі сабағында, факультатив сабақтарда қолдана алады.

Негізгі бұл жұмыстың қажеттілігін уақыт талабы дәлелдейді. Мұғалім оқушыны өз бетімен білім алып, алған білімін арнайы рәсімдеумен жобалау әдісі арқылы дәлелдей білуге үйретеді. Осы жұмыстың арқасында мұғалім мен оқушының арасында шығармашылық байланыс, жаңа көзқарас пайда болады. Мектеп қабырғасында оқушыда зерттеу, іздеу, анықтау, дәлелдеу, синтез, анализ жасау дағдылары қалыптасады және жобалау әдісі белгілі мерзімге берілуіне байланысты оқушы уақытты ықшамдап үйренеді.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Абышева, Н. Ю.** Эффективность применения метода проектов на уроках иностранного языка в общеобразовательной школе. [Электронный ресурс] // [ftp://lib.herzen.spb.ru/text/abyшева\\_102\\_116\\_121.pdf](ftp://lib.herzen.spb.ru/text/abyшева_102_116_121.pdf)

2 Альтернативные модели воспитания в сравнительной педагогике: Учебно-методический комплекс для студентов педагогических вузов [Текст] / Под ред. М. Н. Певзнера и С. А. Расчетиной. – Новгород, 1994. – С. 172-183.

3 **Березина, Т. В.** Использование метода проектов на уроках английского языка как средства формирования положительного интереса к иноязычной культуре. / Т. В. Березина [Электронный ресурс] // <collection.edu.ru/attach/17/11175.doc>

4 **Бехтенова, Е. Ф.** Педагогические условия формирования проектной деятельности учащихся: на материале национально-регионального компонента школьного исторического образования: дис. ... канд. пед. наук. [Текст] / Е. Ф. Бехтенова. – Новосибирск, 2006. – 276 с.

5 **Венедиктова, С. А.** Проектная деятельность учащихся на уроках немецкого языка. [Текст] // ИЯШ, 2002. – № 1. – С. 11-14.

6 **Гребенникова, О. А.** Проектная деятельность как средство развития познавательных интересов старшеклассников: Дис. ... канд. пед. наук. [Текст] / О. А. Гребенникова. – Великий Новгород, 2005. – 181 с.

7 **Гребенникова, О. А.** Проектная деятельность старшеклассников: предпочтения, мотивы, формы организации [Текст] / О. А. Гребенникова // Ученые записки института непрерывного педагогического образования. – Вып. 6 – Великий Новгород : НовГУ им. Ярослава Мудрого, 2004. – Кн. 2. – С. 37-41.

8 **Иванова, Л.** Проектирование в обучении: дидактические принципы [Текст] / Л. Иванова // Учитель. – 2004. - №6. – С. 11-15.

9 **Кагаров, Е. Г.** Метод проектов в трудовой школе [Текст] / Е. Г. Кагаров. – Л. : «Брокгауз-Ефрон», 1926. – 88 с.

10 **Коптюг, Н. М.** Интернет-проект как дополнительный источник мотивации учащихся. [Текст] // ИЯШ, 2003. – № 3.

11 **Кочетунова, Н.** Метод проектов в обучении языку: теория и практика [Электронный ресурс] // <http://distant.ioso.ru/library/publication/iaproj.htm>

12 **Полат, Е. С.** Новые педагогические и информационные технологии в системе образования [Текст] / Е. С. Полат. – М. : Издательский центр «Академия», 2003. – 272 с.

13 **Сокова, Г. А.** Из опыта использования проектной методики на уроках английского языка в 7 классе. / Г. А. Сокова // ИЯШ, 2002. – № 4. – С. 53-55.

14 **Сиденко, А. С.** Метод проектов: история и практика применения. / А. С. Сиденко // Завуч, 2003. – № 6. – С. 96-111.



Материал 02.09.16 баспаға түсті.

*P. S. Paztaeva*

**Особенность и эффективность использования проектного метода в процессе обучения английского языка**

Региональный социально-инновационный университет, г. Шымкент.  
Материал поступил в редакцию 02.09.16.

*R. S. Paztayeve*

**The peculiarity and effectiveness of the project method in teaching English language**

Regional Social-Innovation University, Shymkent.  
Material received on 02.09.16.

*В настоящей статье рассматривается особенность и эффективность использования проектного метода на уроках английского языка, а также новые технологии в процессе обучения.*

*In the given article the author analyzes the peculiarity and effectiveness of project method in English lessons. Also, the using of new technology in the process of learning.*

**А. А. Самбекова<sup>1</sup>, Л. М. Әділбекова<sup>2</sup>, Ж. К. Қайратова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, «Тіл теориясы мен оқу әдістемесі» кафедрасы; <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., «Қазақ әдебиеті» кафедрасы; <sup>3</sup>магистрант, «Тіл теориясы мен оқу әдістемесі» кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.  
e-mail: lyazzat\_mahaikz@bk.ru

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРГЕ  
ЛИНГВОЕЛТАНЫМ БАҒЫТЫНДА ОҚИТУ  
ӘДІСТЕМЕСІ**

*Бұл мақала мемлекеттік тіліміздің мәртебесі мен қазақ тілін орыстілді студенттерге оқытудың маңыздылығы жайында жазылған. Осының негізінде қазақ тілін орыстілді студенттерге лингвоелтаным бағытында оқытудың әдістемесі мен тиімділігі туралы мәлімет алуға болады.*

*Кілтті сөздер: Қазақ тілі, лингвоелтаным, оқыту, әдіс.*

**КІРІСПЕ**

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәні жайында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл–Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл», – деген болатын. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдерінің меңгеруі қоғамдағы бірліктің күші ретінде тануға болады. Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері қазақ халқының тілін білумен қатар халқымыздың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен танысады және тілді жетік меңгеруге мүмкіндік алады. Сол себепті де қазақ тілін орыс тілді студенттерінің меңгеруі әрі құрмет, әрі міндет деп есептеймін.

Бүгінгі таңда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өзге ұлт өкілдеріне үйрету өзекті мәселе болып отыр. Себебі Қазақстанда қазақ тілін білмейтіндер саны өте көп. Тіпті, қазақ тілін білмейтін қазақтар да бар екені ащы шындық. Орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар қолданылғаннан ба, әлде еліктегіштіктен бе көбісі орыс тілінде сөйлегенді жөн көреді. Тіпті, қазақ тіліне қызықпайды, оны менсінбейді десек те артық айтқандық емес. Сол себепті біз өзіміздің көркем де бай ана тілімізді, мемлекеттік тілімізді дәріптеп, басқалардың қызығушылығын арттырып, меңгертуге күш салуымыз керек.

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту жолында А. А. Сатбекова, Қ. Қадашева, К. Жақсылықова секілді ғалымдарымыз көптеген еңбектер жазып, өз әдістерін ұсынуда. Осы әдістерді ескере отырып, қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқытатын болсақ тілді меңгерту қызық әрі нәтижелі болмақ.

«Елтаным» дегеніміз – қандай да болмасын елдің тарихын, мәдениетін, географиялық жағдайын т.б. ерекшеліктерін танып білу. Ал «Лингвоелтаным» дегеніміз – қазақ тілін үйрете отырып, қазақ елін, жерін, тарихын, салт – дәстүрін, мәдениетін, құндылықтарын қоса оқыту, рухани байыту, мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру. «Лингвоелтаным» бағытында оқыту – әр жаңа грамматикалық тақырып өтілген соң, қазақ халқы мен жері туралы ақпарат беретін мәтіндерді, тапсырмаларды ұтымды пайдалана білу. Мысалға алынған сөз бен сөйлемдерге де елтанымға қатысты болатындай жіті мән беру керек.

Оқыту үрдісінде студенттерді сол елдің мәдениетімен, сол елге ғана тән өзіндік салт-дәстүрімен, сол елге ғана тән өнерінің ерекшеліктерімен таныстыру әдетте қазақ тілінен өтетін әр сабақтың алдына қойылатын міндеті болуы тиіс. Ол елтану және лингвоелтану міндеттерін жүзеге асыру барысында іске асады. Қазақ тілін шетел азаматтарына оқыту тұрғысынан келгенде бұл мәселенің өте маңызды екені белгілі. Сонымен бірге қазіргі кезде шетел азаматтарының әртүрлі әлеуметтік жағдайлармен байланысты қазақ тілін үйренуге деген ынта-ықыластарының күшеюі қазақ тілін оқыту мақсаттарына оның міндеттері мен әдістерінің де сай болуын, оны оқытудағы кейбір бағыттарды қайта қарауды талап етеді.

Кез келген тілді өзге тіл ретінде оқыту кезінде оқытылатын тіл сол елдің мәдениетінің белгісі іспетті көрінеді. Қазақ тілін оқыту арқылы да біз өзге ұлт өкілдерін қазақ мәдениетінің деректерінен хабардар етеміз. Ол деректер оқу міндеттері аясында дидактикалық мақсат негізінде тәпсірленіп ұсынылады. Осыған байланысты оқу үдерісін оқытушылар өзге тілдегі мәдениетті, атап айтқанда, өзі оқытып жатқан тіл мәдениетін сабақ үстінде, оның бөліктері арқылы трансляция жасаудың табиғи жолы есебінде пайдалануға тиіс. Басқаша айтқанда, тіл – ұлт мәдениетімен тығыз байланысты. Ол мәдениет арқылы жетіледі, сонда дамиды, сөйтеді де оны көрсетеді. Ал бұл студенттерге өзге тілді үйреніп немесе сол тілде білім алып қана қоймай, өздерінің танымдық, қатысымдық әрекеттеріне қажетті бағыт бағдар алуға да көмектесе алады. Сонымен, тілді өзге тіл ретінде оқыту үрдісінде ұлттық-мәдени ақпараттарды енгізуге байланысты лингвоелтану ертеден келе жатқан лингводидактикалық стратегия болып есептеледі.

Лингвоелтанудың негізін қалыптастыратын басты белгілер мыналар:

1) Лингвоелтану үшін маңызды мәселе – тілдің қатысымдық, кумулятивтік және директивтік қызметтері. Себебі олар өзге ұлт өкілін өзі

үшін жаңа мәдениетпен танысып қана қоймай, сол мәдениет өкілдерімен тілдік қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

2) Тілді оқыту кезінде сол үйреніп жатқан тіл мәдениетін игеру жүреді.

3) Берілетін елтану мәліметтері оқу үшін алынған тақырыптардан алшақтамауы тиіс. Және бұл мәліметтерді лингвистикалық талдау техникасын меңгерген, сөз мағынасы арқылы лингвоелтану мәліметтерін талдап түсіндіре алатын тілші ғана жүргізе алады.

Қазақ тілі сабақтары мен қазақ тілін оқыту әдістері туралы ғылыми-әдістемелік зерттеулерді, еңбектерді талдай келе қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқыту сабақтарын былайша жинақтаймыз. Олар: дәріс сабақ, семинар сабақ, лабораториялық сабақ, практикалық сабақ, жаңа білім сабағы, пікірталас сабақ, ән-сабақ, конференция сабақ, саяхат сабақ және бақылау сабақ.

Қазақ тілін оқытуда жоғарыда атап өтілгендей дәстүрлі сабақ түрлерімен қатар, сабақтың жаңа формалары да мол қамтылуы керек деп санаймыз. Өйткені студенттің танымдық, коммуникативтік қабілетін дамытуда сабақтың бір-екі түрі аздық етері сөзсіз. Дәріс сабақтар студенттердің жаңа біліммен танысу деңгейін жүзеге асырса, практикалық сабақтар олардың білімді меңгеріп есте сақтауға және оны шынайы өмірде пайдалана білу деңгейін жүзеге асырады.

Қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқытуда әдіс мәселесіне ерекше назар аударылады. Дидактикалық зерттеулерде қазақ тілін оқыту әдістемесі зерттеулерінде әдістерге түрлі жіктеулер жасалатынын көреміз. Олармен танысып, талдау жасай келе лингвоелтаным әдістерінің жүйесін анықтаймыз.

1) Жаңа білім алу, игеру, белсенді оқыту, оқу әдістері.

Бұл топқа жататын әдістер мыналар: әңгіме, түсіндіру, дәріс, әңгіме-сұхбат, иллюстрация және демонстрация.

Осының «әңгіме», «түсіндіру», «дәріс», «әңгіме-сұхбат» деген әдістері тілдік/вербалдық әдістер деп те танылады. Бұл әдістер студенттердің оқу-таным іс-әрекетін белсендендіруге, лингвоелтаным мазмұнындағы қазақ тілі оқу материалдарын игеруге, олардың шеберлікпен сұрақ қоя отырып, қазақша ойлау механизмдерін қалыптастыруға, оқу материалдарын талдап, өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландырады.

2) Студенттің өз бетімен білім іздену әдістері деген топқа мынадай әдістер топталады: жаңа білімді түсіну мен меңгеруге қажетті кітаппен жұмыс жасау әдісі, жаңа оқу материалын меңгеруде лабораториялық жұмыстар орындау, зерттеу жұмыстары.

Қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқыту әдістемемізде студенттердің өз бетімен білім алу белсенділігі маңызды болмақ. Аталған әдістер студенттердің кітаппен жұмыс жасап, өз бетімен талдау жасауға, лабораториялық жұмыстарды нәтижелі орындауға, өзін қызықтырған мәселелер бойынша зерттеу жүргізіп, білімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

3) Алған білімін практикада қолдану әдістері. Бұл топқа: жаттығу әдістері, лабораториялық әдістер алынады.

Орыс тілді студенттер үшін алған білімін тәжірибе жүзінде қолдана білуде, қарым-қатынас жасауда, яғни теория мен практиканы ұштастыруда аталған әдістердің мағызы зор болмақ

4) Әдістердің келесі бір тобы студенттердің қазақ тілінен алған білімдерін, біліктері мен машық-дағдыларын бағалауға байланысты анықталды. Бұл топқа: тест және оның түрлерін (бақылаушы, анықтаушы және үйретуші) жатқызамыз.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылып отырған тест жүйесі – студенттің қазақ тілінен алған білімін бағалауда, сабақтағы бақылауды, бақылау сұрақтарын, үйрету барысын анықтауда тексерудің барлық түрін қамти алады деп ойлаймыз.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп Қадыр Мырзалиев атамыз айтқандай. Мен қазақ тілін ана тілім ретінде сүйемін әрі құрметтеймін. Сол себепті де елімізде мекен ететін өзге ұлт өкілдері қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеп, меңгерсе екен дейміз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Прохоров, Ю. Е.** Лингвострановедение. Культуроведение. Страноведение. Теория и практика обучения русскому языку как иностранному. Методическое пособие для студентов –русистов и преподавателей русского языка иностранцам. – Москва : Б. И. инст-т рус. Языка им. Пушкина, 1998.

2 **Моисеев, А. И.** Лингвострановедение. Его сущность и место в процессе обучения иностранцев общению на русском языке. Теория и методика. – Ленинград : ЛГУ, 1983.

3 **Қадашева, Қ.** Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005.

4 **Сүлейменова, Ж.** Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыт-н ғылыми-әдімтемелік негіздері. Монограф. – Алматы, 2005.

5 **Құрманова, Н.** Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Ақтөбе, 2002.

Материал 31.08.16 баспаға түсті.

*А. А. Сатбекова, Л. М. Адилбекова, К. Ж. Кайратова*

**Методика обучения казахского языка русскоязычным студентам в лингвострановедческом направлении**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 31.08.16.

*А. А. Satbekova, L. M. Adilbekova, Zh. K. Kayratova*

**The method of teaching the Kazakh language to Russian-speaking learners through lingua-country study**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.  
Material received on 31.08.16.

*В этой статье излагается статус государственного языка и преподавание казахского языка русскоязычным студентам. На этой основе вы можете узнать об эффективности методологии и обучения казахского языка в лингвострановедческом направлении русскоязычных студентов.*

*This article sets out the status of state language and Kazakh language teaching to Russian-speaking students. On this basis, you can learn about the effectiveness of the methodology and training of the Kazakh language to Russian-speaking students in lingua-country study direction.*

**А. Б. Сейсекенова<sup>1</sup>, К. Қ. Есіркепова<sup>2</sup>, С. Ф. Қанапина<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент; <sup>3</sup>ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.  
e-mail: kenzhe.1810@mail.ru

**ШӘКӘРІМНІҢ КӨРКЕМДІК ТАНЫМЫНДАҒЫ  
«ЖАР» СИМВОЛЫ**

*Мақалада Шәкәрімнің көркемдік танымындағы «жар» символы қарастырылған. Жаны тазарып, тәнін рухы билеп өзгерген адам үшін бұл өмірде шешілмейтін мәселе жоқ. Тәнінің өзгерісі ойдың өзгерісімен тікелей байланысты. Түрлі денеде түрлі жан-дар болады. Осылардың ішінде адам жаны ерекше қабілетке ие. Жан адамның әр жасушасында өмір сүреді. Сол жанның арқасында адам ағзасы тірі болады. Ал егер осы жанды дамытса, яғни, жан тазарса, адам ерекше қасиеттерге ие болады деген ой-тұжырымдар аталған мақалада жан-жақты зерттеліп анықталған.*

*Кілтті сөздер: Жан, өлім, космос, жар, махаббат.*

**КІРІСПЕ**

Әлемде қазіргі уақытта кванттық секіріс үдерісі жүріп жатыр. Бұл үдеріс адамдарда жаңа сапаның болуын талап етеді. Адам сапасы үшөлшемдік материалдық әлеммен шектелмейтін көпөлшемді (многомерное измерение) сапа. Ал адам санасының үшөлшемді материалдық әлем заңымен ғана өмір сүруі – барып тұрған азапты өмір. Бұл – «Ә дегенге мә» деген өмір заңы. Мұнда адам өзі не үшін өмір сүріп жүргенін түсінбей де қалуы мүмкін. Міне, сол себептен кванттық үдеріс дегеннің не екенін түсінуге тырысып көрейік. Адам өмірінде кванттық үдеріс денесіндегі тәндік өзгерістерден басталып отыр. Сонда қандай тәндік өзгерістер? Оны біз кейбір адамдардың жасарып, жасампаздық қуатының артуынан байқасақ, енді біреулердің бойындағы аурулардың көбеюінен байқай аламыз. Аурудың пайда болуы адамға жоғарыдан түскен сигнал деп қарағанымыз дұрыс. Қазір қатерлі ауруларға шалдыққан көптеген адамдар осыдан арылудың жолын іздеуді жанын тазарту арқылы шешуге тырысып жатыр. Жаны тазарып, тәнін рухы билеп өзгерген адам үшін бұл өмірде шешілмейтін мәселе жоқ. Тәнінің өзгерісі ойдың өзгерісімен тікелей байланысты.

Әлемде кездейсоқ ештеңе жоқ. Азық-түліктер қымбаттаған сайын, адамдар аштыққа ұшыраудан қорқады. Ал адам рухани дамыған сайын оның

ағзалары сыртқы ас қоректерін азайта бастайды. Ал адам тағамды азайтқан сайын оның жасушаларындағы өмірлік күш тағамсыз-ақ адамға қорек бере алатын жағдайға жетеді. Бұл өмірлік күшті үнділер «прана», қытайлар «ци» десе, Шәкәрім шығармаларында «жар» сөзімен қолданылып жүр. Бұл өмірлік күш адамға туа біте беріледі. Ал осы өмірлік күшті адам сонымен бірге күннен, топырақтан, судан, ауадан толассыз алып отырады. Ғылым тілінде макро-микроэлементтер деп аталады. Шәкәрім ақын өз өлеңінде:

Жанымыз күннен келген нұрдан,

Тәніміз топырақ пен судан,

– деп талай нәрсенің басын ашып берді [1, 10].

Жалпы, тән әлемін ата-бабаларымыз иллюзия, яғни, «жалған» әлем деп атады. Өйткені, бәрімізге белгілі: мән мен құбылыс сәйкес келе бермейді. Мысалы, планеталардың қозғалысын біз әдеттегі өмірде «ай туды», «күн шықты» дейміз. Ал шын мағынасында бұл планеталардың қозғалысы. Ал «космос» деп әлдебір қол жетпес жоғарыны елестетеміз. Егер біз айдың үстінен шығып қарасақ, жер бізге космос болып көрінер еді. Себебі, табиғатта төртбұрыш атаулы жоқ. Шәкәрім тілімен айтқанда, біз бұның бәрін «бас көзімен» көрген соң солай болып көрінеді. Шәкәрім осы туралы:

Тән көретін бастағы көз,

Байқамайды жан сырын.

Көр де ақылға сал деген сөз,

Көз керек қой ойлырақ [2, 204 б.].

– деп жырлайды. Шын мағынасында көз - «жанның көзі», құлақ – «ойдың құлағы», – дейді ақын.

Шопенгауэрдің: «Өмір дегеніміз мидағы сезінулер», үнділердің: әлемді – жалған, яғни, «майя», Платонның: бізді қоршаған барлық «заттар идеяның көлеңкесі», Гераклиттің: «тек қозғалыс бар екені шындық» дегені мен Шәкәрімнің әлемді «жардың көлеңкесі» деп жырлауы да осыны көрсетеді.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Бұл әлем біздің ішімізде. Әлем бізден тыс емес. Әлем деген – Мен. Аспан – Мен, қоршаған әлемнің бәрі – Мен (менікі емес!). Мен жоқ болсам, әлем де жоқ. Ал, менің жоқ болуым мүмкін емес. Шәкәрімнің «барлық жерден жарды көретіні» сондықтан:

Менің жарым қандай жар?!-

Ай өлді де, күн қашты.

Мағынасын байқандар,

Сырлы сөзім сырды ашты [2, 256 б.].

...Жар – уақытсыздық. Жар – мәңгілікпен тұтасып кету жағдайлары. Жар – әлемді сезінудің өзіндік метафорасы. Жарды махаббаттың сезім қуатын бастан кешірмей түсіне алмайсың. Жарды сезінуге бәлкі Дайзетцу

Судзукидің мына бір сөздері көмектесе алар: «Гүлді тану – гүлге айналу, гүл болу, оған ұқсап гүлдеу, күн сәулесі мен жаңбырға, гүлге ұқсап қуану. Егер осылай болса, гүл менімен сырласады, мен оның барлық құпияларын, қуаныштары мен азаптарын – оны, өмірімнің тамыр соғысының бәрін білемін. Мен гүлді «тануыммен» бірге ғарыштың барлық құпияларын, өз «Менімнің» барлық құпияларын түгел білемін» дегенін еске түсірсек жеткілікті [3, 342 б.].

Жарды сезіну өзімшілдік пен менмендіктен жырақтағанда ғана болатын сезім. «Бұл - мен емес, шын мені, Жарат, жоғалт өзгені, Тазарт мына дүниені, Бұл адамнан қалсын тұл» деп Шәкәрімше Жардан сұрау. Жардың құпиясы іште оянуы. Ол үшін адам зұлым ақылдан өзін босатуы керек. Бұл - адамның өзіне дейінгі уақыттан шығып «өзіне қайту» жағдайы. Бұл – «өзіне» дейінгі уақыттың бәрін нәпсінің құрсауынан босату арқылы «Әлемді мен билейін, Нәпсі болсын маған құл» деп дүниені игеретін құбылыс. Ақылды уақыттың тегеуірінен босату шынай патшалыққа әкеліп, күнәсіз «Нәрестедей жас болып», қайта туатын кез. Ақиқатты сөз арқылы тірілтпек үшін «Мас бол жүрек тазала. Қарсы ұмтыл қазаға», жалған өмірден жоғал да, Шын өмірге тіріл!» дейтұғынды жүректен ұғынып, тілмен жеткізе алмайтын ол бір ләззат. Шәкәрімнің Шыңғыстың табиғатын көріп «мас» болуы мен Басенің шарбақтың астындағы қарапайым гүлді сезінуі ғажап ұқсастар:

Жалтарып жардан нұрын жасырғаны,  
Күн батып, Жер жамылып, қорғаласа.  
Жер жүзіне қып-қызыл гүл бітірем,  
Көзімнен қанды жасым сорғаласа.  
Жарды көрген көзіме шоқынып жүр,  
Су бұрандап, майысып жорғаласа [2, 259 б.].

Бізді қоршаған әлемдегі заттар бір орнында тұрмайды, мысалы, ағаш шіриді, сөйтіп, жерді қоректендіреді. Сол жерден өсімдіктер, гүлдер өсіп шығады.

Жан мен денені өзара ұлы тартылысқа әкеліп тұрған көңілді жүрек, тілек, махаббат, Шопенгауэр айтқан «еріктің әлем ретіндегі көрінісі» десек те, біржола үгіліп кетпей ұсталып тұрған тастағы тартылыс – махаббат; өсімдіктегі, жан-жануардағы, адамдағы, өмірге құштарлық та; бәрі де жаратқанның жар бейнелі мәңгі арулық уыз дүниесінің жемісі екенін Шәкәрім өлеңмен былайша өрнектейді:

Шын асықтың әрбірі  
Өліп топырақ болды да,  
Жаратылыстың тағдыры  
Жаратты мені орнына.  
Бәрінің нұры қосылған  
Мол керемет менде бар

Жалғыз жарға шоқынған

Қайда мендей пенде бар [2, 238 б.]?

Түрлі денеден түрлі жандар болады. Осылардың ішінде адам жаны ерекше қабілетке ие. Жан адамның әр жасушасында өмір сүреді. Сол жанның арқасында адам ағзасы тірі болады. Ал егер осы жанды дамытса, яғни, жан тазарса, адам ерекше қасиеттерге ие болады.

Адам жаны физикалық денені тастап кеткенде де мәңгі болғаны сияқты, адам тәнін де мәңгілік ете алады деген пікірлер бас көтергелі біраз болды. Жан нұрланғанда, тән де нұрланады. Қазір краснодарлық Зинаида Баранова 2000-шы жылдан азық-түліксіз, сусыз өмір сүріп келе жатыр. Австриялық Джасмухун 12 жылдан бері азық-түліксіз өмір сүріп келеді. Қазір әлемде 8 мыңнан артық адам осылай өмір сүріп отыр.

Әрине, бұлай тамақ ішпей өмір сүру үшін адамның рухани мүмкіндіктері өте жоғары дайындықта болуы керек. Ресей ғалымы, физика – математика ғылымдарының докторы, Табиғат және Қоғам жөніндегі Ғылымдардың халықаралық Академиясының академигі Е. Н. Вселенскийдің пікірінше 1-ші расаның адамдары физикалық денесіз осылай өмір сүрген көрінеді. Біз 5-ші расаның адамдарымыз. Қазір 6-шы расаның адамдары дүниеге келіп жатыр [4].

Әлем тұтас. Біз осы заманда өмір сүруіміз үшін қаншама уақытты бастан кешірдік. Алайда тұтастықты сезіну арқылы мәңгілікпен сырласуға болады. И. В. Гетенің мәңгілікті табиғаттың бойындағы Ұлы тыныштықпен ұласу арқылы сезінгенін «Шаң шығармас жол – дағы, Сілкіне алмас жапырақ» деп Абай ақын да дәл жеткізе алған.

Ғылымда қара тесік туралы тартыс-таластар туғалы біраз болды. Ал қара тесік дегеніміз кәдімгі адамның асқазаны десек те болады. Кәдімгі адамның асқазаны – толып болмайтын қара тесік. Дүниенің бәрін жалмай беретін қу құлқын, нәпсінің көзі осы қара тесікте орналасқан. Осы бір толып болмайтын қара тесіктің арқасында асқазан ашығады да тұрады. Құдды бір түйені түгімен жұтатын сияқты. Адам бір осы асқазан үшін күндіз-түні жұмыс істейді. Ал адамның осы қара тесікті толтыра алмай бүкіл өмірі кетеді екен. Рабленің Гаргантюасы, қазақтың Қолтауысары міне, қайда жатыр? Оларды ертегіден тіпті іздеп керегі жоқ екен. Бүкіл өмір үш метр ішек-қарында айналып жатыр.

Асқазан дегеніміз бір жағынан жай бір символдық түсінік десек те болады. Сарандық та осы асқазанда орналасқан. Ал шын мағынасында дүниені иемдену де иллюзия. Бізге ештеңе тиесілі емес. Бізді дүние билемеу керек. Біз дүниені билесек керек. Шәкәрім ақын:

Біз семірттік денені азықпенен,  
Байлап бердік жанды оған қазықпенен.  
Ұйқы, тамақ күйлеген сорлы дене,  
Құтылар ма осындай жазықпенен,

– деп ескертеді [2, 61 б.]. Құмарлық пен махаббат» атты өлеңінде бір рюмкадан басталатын маскүнемдік, нашақорлықтың дүниеқұмарлық, көрсеқызырлық сияқты адамның басқа құмарлықтарынан еш айырмасы жоқ:

«Ойласаң соның бәрі бір құмарлық» [2, 61 б.].

Адамдар нашақорды, маскүнемді қоғамдағы ең төмен адамдар қатарына жатқызады. Ал ақшаға құмарлықтың дерті нашақор мен маскүнемнен де қиын екенін түйсіне аламыз ба? Үнді ойшылы Ошо «Нәпсі – өзіншілдік – тойымсыздық тілегі» атты еңбегінде біреу тамақтың құлы, біреу биліктің құлы, біреу ақшаның құлы – бұның бәрі қауіпті құмарлықтар екенін ескертеді. Тіпті нашаға құмарлық ақшаға құмарлықтың қасында ойыншық екенін түсіну екінің бірінің қолынан келе бермейді. Осыны түсінудің өзі адамды көптеген қауіп-қатерден сақтайды.

Барлық істер адамға деген махаббаттан бастау алуы керек. Өмірдегі жалғыз дұрыс жол – осы. Шәкәрім мұрасының негізі де – осыған саяды:

Не қылсаң қыл, адамға махаббат деп,

Мейлің сөк, мейлің үйрет, айла ізденбей [2, 62 б.].

Махаббат дегеніміз өзін ғана емес, басқаны сүю. Басқаны сүю дегеніміз – басқаға зиянсыз өмір.

Жалғыздықтың ең ауыр жағдайы - өлімнен қорқу. Материя иллюзия болғандықтан, өлім де жоқ. Тән әлемі нұрдың қаттыға айналған түрі. Мысалы, ұйықтағанда көретін түсті алайық. Түсімізде біз сезім мүшелерімізбен қатты денелерді ұстағанымызды сезінеміз, кейде біреулермен соғысып, кәдімгі ояу кезіміздегідей шындық өмірде жүреміз. Ояуымыз да негізінен солай деуге болады. Бізді қоршаған әлем бізден тыс емес, бұл – мидағы голограммалар. Шәкәрім:

Өмір деген - ұйқы ғой,

Түс көргізбей қоя ма?

Қиын-қызық, әр түрлі ой,

Іс көргізбей қоя ма?

Түстегіні шын ғой деп,

Шынды ұмытқан жарай ма?

Әл жеткеннің бәрін жеп,

Арды жұтқан жарай ма?

– деп [2, 193 б.] барлығымызға сауал тастауы да осыған байланысты.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Ең қызығы кванттық физиканың дамуымен «бүкіл әлем үшөлшемді голограмма тәріздес» дейтін ғалымдардың саны жылдан – жылға көбейіп келеді. Олардың пікірінше, шындық өмір таңқаларлық өте нәзік те, күрделі фильм тәріздес. Сыртқы әлем «біздің санамыздан тыс» объективті тәуелсіз әлем бе, жоқ осының бәрі бізбен бірге ме?

«Бүкіл әлем тұтас бір голограмма» деген идеяның негізгі авторлары - кванттық физика саласының ірі маманы, Эйнштейннің сүйікті шәкірті, Лондон университетінің профессоры Дэвид Бом мен Стэнфорд университетінің нейрофизиология маманы, нейропсихология бойынша «Мидың тілдері» атты классикалық еңбектің авторы – Карл Прибрам [5].

Атомдық физиканың тағы бір керемет жаңалығы – егер атомды ұсақтап бөле берсек, ол жоққа айналады, сөйтіп, электрондар мен протондардың ұзындық, дене сынды қасиеті жоққа айналады. Бұл ой Шәкәрім өлеңінде көрініс тапқан: Дене сезіміне нанба!

Сағым су ма екен?

Барып көрсең таяу сол маңға,

Бар дене, сезім түгел алдайды,

Бұл сөзімді әбден аңда [2, 327 б.].

Осыған байланысты әлемнің тұтастығы идеясы физиктермен одан әрі дәлелденуде. Сөйтіп, кванттық потенциал барлық кеңістікте бір-бірімен тұтастық байланыста өмір сүреді. Осыған сәйкес қазір ғылымда толқынды генетика деген түсінік те пайда болып, жан – жақты әр түрлі зерттеулер жүріп жатыр.

Тән әлемін әлі толық ашқан ешкім жоқ. Адамның бүкіл өмірі оның ойына, сеніміне байланысты. Канттың идеалистік философиясы да бүкіл материалдық әлемнің санамыздан тыс емес, керісінше, санамыздың ішінде екенін көрсетеді деп ойымызды қорытамыз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Құдайбердіұлы, Ш.** // Абай. – 1994. – № 9. – 10 б.

2 **Құдайбердиев, Ш.** Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, кара сөздер. Алматы, 1988. – 560 б.

3 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2 – том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы : Жазушы, 2005. – 568 б.

4 **Вселенский, Е. Н.** Смена полюсов и великий вселенский эксперимент. Халықаралық ғылымконференция «Народная медицина России — Прошлое. Настоящее. Будущее». – М., 2000.

5 **Прибрам, К.** Языки мозга. Экспериментальные парадоксы и принципы нейропсихологии. – М. : Прогресс, 1975. – <http://www.myword.ru>

Материал 29.07.16 баспаға түсті.

*А. Б. Сейсекенова<sup>1</sup>, К. К. Есиркенова<sup>2</sup>, С. Г. Канапина<sup>2</sup>*

**Символ «Второй половины» в художественном восприятии Шакарима**

<sup>1</sup>Казахский университет экономики,  
финансов и международной торговли, г. Астана;

<sup>2</sup>Костанайский государственный  
педагогический институт, г. Костанай.  
Материал поступил в редакцию 29.07.16.

*A. B. Seysekenova<sup>1</sup>, K. K. Yesirkepova<sup>2</sup>, S. G. Kanapina<sup>2</sup>*

### **Symbol of «The second half» in art perception of Shakarim**

<sup>1</sup>Kazakh University of Economics, Finance and International trade, Astana;

<sup>2</sup>Kostanay State Pedagogical institute, Kostanay.

Material received on 29.07.16.

*В статье рассматривается символ «вечно женственное» в художественном познании Шакарима. Поэт повествует о том, что нет ничего невозможного для человека чистого душой и озаренного теплотой. Изменения в душе напрямую связаны с изменениями мыслей. В разном теле живут разные люди. Среди них человеческая душа имеет особенные способности. Душа живет в каждой частичке тела. Благодаря душе человек живет. А если человек развивает душу, значит душа очищается, а если душа чиста, то человек обретает особые возможности для жизни. Вот об этом повествует данная статья.*

*The article discusses the symbol of the «eternal feminine» in the art knowledge of Shakarim. The poet tells us that nothing is impossible for a man with a pure soul and lit with the warmth. Changes in the soul are directly related to changes of thoughts. The people in different body differ. Among them, the human soul has a special ability. The soul lives in every part of the body. By the soul the person lives. But if one develops the soul, so the soul is purified, but if the soul is pure, then the person finds special ways to live. This is what this article tells us.*

УДК 811.512.122 + (81)06)

### **С. Л. Сорокина**

аспирант, Университет Фатих, г. Стамбул, Турецкая Республика  
e-mail: sofya.sorokina@gmail.com

## **К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДИФТОНГОИДНОГО ЗВУКА /Е/ В НАЧАЛЕ КАЗАХСКИХ СЛОВ**

*Данная статья выполнена с целью определить историю развития звука /е/ в начале казахских слов. В ходе работы был проведен анализ современных и древних текстов казахского (тюркского) языка, в результате чего был сделан вывод о возможном наличии дифтонгоидного звука /е/ в древнетюркском языке.*

*Ключевые слова: дифтонгоидный звук /е/, казахский язык, древнетюркский язык, звук /ж/, эволюция звуков.*

### **ВВЕДЕНИЕ**

Казахский язык – это язык казахского народа, официальный язык Казахстана, на котором говорят и в этой стране и за ее пределами. В то же время казахский язык является продолжением одного из древнейших языков на земле, древнетюркского языка, развивающегося с VI в.

Он представляет собой один из немногих тюркских языков, в большей степени сохранивших в себе и продолживших языковые особенности древнетюркского языка, одной из которых, возможно, является наличие дифтонгоидного звука /е/ в начале слов.

Звуковая система языка это одна из основных его опорных систем. Зная звуковые особенности того или иного языка, можно не только проследить историю развития этого языка, но и спрогнозировать ход его развития. В основе звуковых изменений в языке лежат определенные физиологические закономерности, знание которых может пролить свет не только на историю развития того или иного языка, но на историю развития народа-носителя этого языка и, более того, на принцип работы человеческого мозга.

Исследования в сфере фонетики с точки зрения восприятия звуков человеком, с точки зрения закономерности языкового развития языков – новое веяние в науке. Фонетические исследования казахского языка начались еще в XIX в. Однако проведение опытов в области экспериментальной фонетики датируется концом 70-х – началом 80-х гг. Над особенностями казахской фонетики работали такие ученые, как М. К. Исаев, Ж. А. Аралбаев, Б. К. Калиев и др. Большой вклад в развитие исследований

в области фонетики казахского языка внес А. Джунисбеков. Благодаря его трудам экспериментальным путем были установлены особенности фонем казахского языка.

Всегда привлекали внимание исследователей проблемы исторической фонетики тюркских языков. В этой области работали А. М. Щербак, Н. А. Баскаков и др. Однако исследования, посвященного истории развития казахских фонем, до сих пор проведено не было. В данной статье рассматривается вопрос истории формирования дифтонгоидного звука /e/ в начале слов в казахском языке.

### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

О дифтонгиальном произношении буквы «е» в начале слова сообщал еще Н. И. Ильминский в 1861 г.: «Въ началѣ слова е предшествуется замѣтнымъ звукомъ і, который исчезаетъ, когда е соединяется въ одинъ слогъ съ согласною предъидущаго слова» [7, 7].

В период, когда для записи текстов на казахском языке использовался латинский алфавит, дифтонгоидный звук /je/ передавался буквой «е». При этом интересно отметить, что сдвоенный гласный звук в начале слов, вошедших из русского языка, передавался именно этой буквой. Например, еңсерлер [10; 6]<sup>1</sup> – инженерлер (каз.).

В результате исследований последних лет доказано, что буква «е» в начале слов в казахском языке передает дифтонгоидный звук /je/ [5; 87-90]. Однако это не находит отражения на письме ни в современных, ни в древних текстах. Единственный текст, строки которого вызывают интерес с изучаемой точки зрения, это словарь Ed-Dürretü'l-Mudiyue Fi'l-Lugati't-Türkiyue, название которого с арабского языка переводится как «Блестящая жемчужина турецкого языка». Это произведение было написано как учебное пособие для носителей арабского языка, желающих изучить тюркский. Несмотря на то, что автор, точное место и время создания этого словаря не известны, можно предположить, что это произошло на территории Египта примерно в XIV в., так как словарь является примером мамлюкско-кыпчакского языкового искусства<sup>2</sup>.

Произведение Ed-Dürretü'l-Mudiyue Fi'l-Lugati't-Türkiyue состоит из словаря и части, содержащей предложения, написанные в той форме, в которой они должны произноситься. Именно эта часть является наиболее привлекательной с точки зрения нашего исследования. В ней содержатся такие предложения, как [9, 297-298]<sup>3</sup>:

1. Kélip ne yizder sen? (Кéлип не йиздер сен?);
2. Ne yizder sen? (Не йиздер сен?);

<sup>1</sup> В русском языке буква «и» в начале слова «инженер» произносится с некоторым присутствием звука /й/.

<sup>2</sup> Из лекций доктора филологических наук Э. Тереса.

<sup>3</sup> Запись предложений кириллицей сделана автором этой статьи.

<sup>4</sup> Из лекций кандидата филологических наук А. Н. Байтуовой.

3. Sen yéğirür sen. (Сен йегирур сен.);

4. Sen yéşitir (yéşitür) sen. (Сен йешитир (йешитюр) сен.).

Современная интерпритация данных предложений:

Казахский язык	Турецкий язык
1. Kélip ne izdeysiñ (mileyisiñ)?	1. Gelip ne istersin?
2. Ne izdeysiñ (mileyisiñ)?	2. Ne istersin?
3. Sen jirenesiñ.	3. Sen iğrenirsin.
4. Sen eçimesiñ.	4. Sen işitirsin.

Как видно, в тексте древнего учебного пособия глаголы, начинающиеся на гласный звук, написаны через букву «у», обозначающую звук /j/ (/ü/). Для представителя огузской группы тюркских языков, турецкого языка, вообще не характерно присутствие согласного перед гласными в данной группе слов. В казахском же языке мы видим, что в некоторых словах звук /j/ выпал, передав первенство в слове гласной, в некоторых – заменился звуком /ž/ (/ж/), в других же мы находим на месте буквосочетания «уэ» букву «е».

Присутствие звука /j/ в начальной позиции слов не характерно для казахского языка. Согласно сравнительному исследованию, проведенному А. Н. Байтуовой, слова, начинающиеся со звука /j/ в турецком и узбекском языках, в казахском языке начинаются со звука /ž/. Например<sup>4</sup>,

Каз. яз.	Тур. яз.	Узб. яз.	Рус. перевод
žav	jağ	jağ	`жир`, `масло`
žañbir	jağmur	jàmğir	`дождь`
žalğan	jalan	jälğan	`ложь, неправда`
žara	jeni	jängi	`новый`
žol	jol	jol	`дорога`

Звук /j/ был очень популярен в древнетюркском языке. Согласно исследователям, в этом языке присутствует большое число слов, начинающихся на звук /j/. В казахском языке /j/ в начале слова был заменен на /ž/. Например [14, 186-187].

Древнетюркский язык	Современный казахский язык
йаш	жас
йазы	жазық
йегирми	жиырма
йемшак	жұмсақ
йер	жер

В редких случаях он просто выпал, оставив гласный звук на первых позициях в слове. Например, йинчю (др.-т.) [14; 187] – інжу (каз.).

Когда именно произошла замена звука /j/ точно не известно, но подтверждение того, что это произошло давно, мы находим уже в первом тюркском словаре Диван Лугат ат-Турк, который был написан Махмұдом ибн ал-Хусейн ибн Мухаммад ал-Кашгарй в 466/1074 г. на арабском языке.



Так, автор, объясняя слово жинжу, что значит інжу в казахском языке, делает оговорку следующего характера: «жинжу (جنگو) – «жемчуг», в огузском и кипчакском наречиях. Ж может чередоваться с й» [8, 392]. Следовательно, уже в XI в. вместо древнетюркского звука /j/ употреблялся звук /ž/.

Судя по словарю Диван Лугат ат-Турк, звук /ž/ оказался популярен и начал употребляться не только вместо звука /j/. Он начал употребляться и вместо звука /č/ (/ч/) в древнетюркских словах. Вообще, для словаря Диван Лугат ат-Турк характерно наличие большого количества слов со звуком /ž/. По всей вероятности, в какой-то момент произошло «вливание» слов с этим звуком в тюркские языки народов, живущих в Средней Азии. В духе нового веяния начало изменяться произношение и уже привычных звуков. Так, как указано выше, стало чередоваться произношение звуков /j/ и /ž/, а также звук /ž/ начал заменять звук /č/.

В словаре Диван Лугат ат-Турк представлено большое число слов, содержащих звук /ж/ вместо /ч/. Автор передал этот звук с помощью букв ж и ڭ. При этом, слов, написанных через букву ڭ очень мало; в основном была использована буква ж. В казахских текстах, написанных арабской графикой, для обозначения звука /ž/ использовались обе эти буквы. Например, *بىر ڭۇتاسان ڭوڭ بولۇر* [13; ۶۱۱]. Однако в османском языке, который, являясь продолжением древнеогузского тюркского языка, полноправно вступил на историческую арену в XVI в., буквой ڭ обозначался звук /ž/ (/ж/), а буквой ж – звук /dʒ/ (/дж/), полностью сохранившийся в языках огузской группы и лишь частично – в устной речи казахов. По этой причине справедливо предположить, что во времена создания словаря Диван Лугат ат-Турк звук /dʒ/ был более популярен, чем /ž/, что и было отражено в словаре; либо что разница между этими звуками не была характерной для выражения на письме, что, в свою очередь, могло быть результатом только лишь начавшегося процесса формирования и использования одного из этих звуков (по всей вероятности, звук /ž/ сформировался позже звука /dʒ/ [4, 101]).

При анализе текста первого тюркского словаря была замечена некоторая особенность, которая заключается в том, что звук, переданный буквой ж, в современном казахском языке передается с помощью буквы «ш» и произносится как /s/ (/ш/), в современном турецком же языке (который характеризуется тем, что сохранил в неизменной форме древнетюркские звуки /j/, /č/, /s/ и др.) звук, передаваемый буквой ж, произносится как /č/, реже /dʒ/. Например,

Диван...	Ар. графика	Казахский язык	Турецкий язык
жәтир	رتاج	шатыр	şadır /чадыр/
кижик	كچك	кіші	küçük /кючюк/
бижак	كچب	пышак	bıçak /бычак/
жужук	قچج	шөжек	çöçük <sup>5</sup> /чоджук/
куж (кужнар)	قچ	кошқар	koç /коч/
саж	چس	шаш	saç /сач/
°ажик-	قچا	ашығу	açıkmaq /аджыкмак/
°иж-	چا	ішу	içmek /ичмек/
°аж-	چا	ашу	açmak /ачмак/
кужуш	شچق	күшу	kucak /куджак/

Многие из тех слов, которые написаны через букву ж, встречаются в более древних текстах, а именно в орхоно-енисейских надписях. По мнению ученых, в звуковом составе этих слов присутствует не /ž/, а /č/ звук. Например,

Диван...	Др.-т. язык <sup>6</sup>	Место нахождения слова
°ажик-	āç- (аач-)	Памятник в честь Бильге-Кагана
кижик	kiçig (кичиг)	там же
саж	saç (сач)	там же

Следовательно, звук /dʒ/-/ž/, пришедший на смену древнетюркскому звуку /č/, имел временное значение в казахском языке и в какой-то момент был сменен звуком /s/. Однако /ž/, сменивший /j/, сохранился.

В настоящее время звук /j/ в начале слова в казахском языке используется только в очень малом количестве слов, начинающихся на «я» /ja/, и в словах, начинающихся на «е». Слов, в которых начальным звуком является звукосочетание /ja/, в казахском языке мало. Это такие слова, как я, яғни, яки, якут, яһуди [1, 963]. Все эти слова заимствованы из арабского языка<sup>7</sup>. Присутствие звука /j/ в словах, начинающихся на /ja/ тюрколог М. Куталмыш объясняет следующим образом: «Звук /j/ в начале слова в казахском языке сменился звуком /ž/ в словах тюркского происхождения. В тех же словах, которые вошли в казахский язык посредством письменной литературы из других языков, звук сохранился в исходном виде»<sup>8</sup>. Как видно, число таких слов в казахском языке небольшое.

Что касается звука /j/, присутствующего в словах, начинающихся на букву «е», то причиной того что он сохранился в современном казахском языке, являются характерные ему акустические особенности, отличающие его от так называемого «самостоятельного, отдельного» звука /j/.

<sup>5</sup> В современном турецком языке это слово используется в значении «ребенок». Однако во времена создания словаря Диван Лугат ат-Турк оно имело значение «поросенок», что подтверждено создателями Древнетюркского словаря, В.М. Наделяевым, Д.М. Насиловым, Э.Р. Тенишевым, А.М. Щербаком (см. [6; 151]).

<sup>6</sup> Примеры взяты из книги [14; 46, 64, 68].

<sup>7</sup> Из лекций доктора филологических наук Д. Ибрагим.

<sup>8</sup> Из лекций профессора М. Куталмыша.

Дело в том, что звук /j/, присутствующий в словах, начинающихся на «е», является составной частью дифтонга /je/. Это обуславливает особенности его произношения и физические характеристики типа частоты, длительности произношения и т.д. Звук /j/ из дифтонга гораздо короче самостоятельного звука /j/. Длительность его произношения составляет лишь 30-40 % от общей долготы гласного «е» [5, 88], что является большим показателем для звука – составной части дифтонга, но маленьким для одиночного звука. Кроме того, по результатам наблюдения было отмечено, что при произношении одиночного звука /j/ и /j/ из дифтонга меняется артикуляция органов речи. При произношении одиночного /j/ язык сильно поднят к небу и продвинул вперед; а при произношении звука /j/ из дифтонга язык поднят к небу не так сильно и не так сильно выдвинут вперед (акцент делается на следующий за ним звук /e/).

Таким образом, разные акустические особенности звуков привели к тому, что звук /j/, присутствующий в дифтонге «е» /je/, не был заменен другим звуком. Возможно даже предположить – исходя из того, что казахский язык характеризуется наличием большого числа особенностей древнетюркского языка, и из того, что наличие звука /j/ в дифтонге не было обозначено ни в одном древнем тексте, а следовательно, возможно, воспринималось как само собой разумеющееся – что дифтонгиальное произношение звука /je/ в начале слова было характерно для древнетюркского языка.

Отметим, что слова, которые в современном казахском языке начинаются со звука /je/, имеют схожее написание в древнетюркских текстах. Например, слово *yéşitir (yéşitür) sen (eşitesin)*, имеющее место в учебном пособии *Ed-Dürretü'l-Mudiyue Fi'l-Lugati't-Türkiyue*, по результатам исследований памятников древнетюркского письма прочитано как /эшид-/ [14; 140]. Подобным же образом, то есть через звук /э/ прочитаны другие слова, начинающиеся в казахском языке с дифтонга /je/. Например, /эң/ (ен), /эр/ (ер), /элиг/ (ел), /экин/ (екі) и др. [14, 137-139].

В данном случае проблемой исследования становится вопрос о том, какой звук был первичен, /э/ или /ü/. Возможно ли дифтонгу быть первичнее одиночного гласного звука? Большая популярность звука /ü/ в древнетюркском языке, а также особенности исторического развития казахского языка (в результате которых присутствующий звук /ü/ был полностью заменен другими звуками) указывают на то, что это возможно. К тому же, согласный звук /ü/ мог интуитивно произноситься в начале слова перед гласным звуком, не отображаясь на письме, в целях облегчения произношения. В таком случае становится понятным отсутствие указания на дифтонгиальное произношение начального гласного в тюркских (в том числе, казахских) текстах разных эпох.

## ВЫВОДЫ

Современный казахский язык является «молодым» языком, письменность которого начала развиваться лишь во второй половине XIX в. Однако исторические корни развития этого «молодого» языка уходят в глубь веков, когда существовал и развивался древнетюркский язык. По сути, казахский язык является одной из последних форм, которые приобрел древнетюркский язык в процессе своего совершенствования.

В результате анализа тюркских текстов, датируемых XI и XIV вв., а также их сравнения с современным казахским языком были сделаны несколько выводов (для получения более полных данных об истории развития казахских (т.е. тюркских) фонем, во время анализа внимание также уделялось представителю огузской группы тюркских языков, турецкому языку): 1) для казахского языка не характерно наличие звука /j/ в начале слова (чего нельзя сказать о представителе огузской группы тюркских языков, турецком языке); 2) в казахском языке звук /j/ в начале слова присутствует лишь в словах, начинающихся на «я»; 3) сокращенный и облегченный вариант звука /j/ в казахском языке в начале слов содержится лишь в дифтонгоидном звуке /je/, обозначающимся буквой «е»; 4) особенности исторического развития казахского языка свидетельствуют о том, что дифтонгоидный звук /je/ мог быть характерен для древнетюркского языка.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008.
- 2 Қисса-и Шортанбай. Шортанбайдың бала зары. – Қазан, 1894.
- 3 **Байтуова, А. Н.** Сравнительная характеристика гласных фонем *ī (i), i (и), e (э), и (y)* в казахском, турецком и узбекском языках // А. Н. Байтуова // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2014. – № 3(149). – С. 76-80.
- 4 **Баскаков, Н. А.** Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М. : Наука, 1988.
- 5 **Джунисбеков, А.** Заметки о фонеме [e] в казахском языке // Вопросы казахской фонетики и фонологии. – Алма-Ата : «Наука» КазССР, 1979. – С. 87-90.
- 6 Древнетюркский словарь. – Ленинград : Наука, 1969.
- 7 **Ильминский, Н. И.** Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861.
- 8 Махмұд ал-Кашгарй. Дйван Лугат ат-Турк. – Алматы : Дайк-Пресс, 2005.
- 9 **Argunşah M., Sağol Yükksekaya G., Tabaklar Ö.** Karahanlıca Harezmsce Kırçakça Dersleri «Уроки хаганского, хорезмско-тюркского и кыпчакского языков». – İstanbul : Kesit Yayınları, 2010.

10 Bastauыс Mектеp Pығақығамь «Программа начальной школы». – Kızıl-Orda, 1933.

11 **Ercilasun A. B.** Başlangıçtan yirminci yüzyıla Türk dili tarihi «История тюркского языка с начала до двадцатого века». – Ankara : Akçağ, 2008.

12 **Timurtaş F. K.** Osmanlı Türkçesine giriş 1 «Введение в османский язык 1». – İstanbul : Alfa, 2013.

13 **Kutalmış M.** Keşşafüddin bin Şahmerdan. Mektubat Kırgız ve Kazak tilinde «Кешафюдин бин Шахмердан. Мектубат на киргизско-казахском языке». – İstanbul, 2004.

14 **Tekin T.** Orhon yazıtları «Орхонские письменные памятники». – Ankara : Türk Dil Kurumu Yayınları, 2014.

Материал поступил в редакцию 05.09.16.

*S. L. Sorokina*

**Қазақ тіліндегі сөз басында келетін дифтонгтық /e/ дыбысының даму тарихына қатысты**

Фатих университеті, Стамбул қ., Түркия.  
Материал 05.09.16 баспаға түсті.

*S. L. Sorokina*

**To the problem of the origin of diphthong sound /e/ at the beginning of words in the Kazakh language**

Fatih University, Istanbul, Turkey.  
Material received on 05.09.16.

*Берілген мақала қазақ тіліндегі сөз басында келетін /e/ дыбысының даму тарихын анықтау мақсатында жазылған. Жұмыс барысында қазіргі және көне қазақ (түркі) мәтіндерінің анализі өткізіліп, көне түркі тілінде дифтонгтық /e/ дыбысының болуы ықтимал деген қорытынды жасалынды.*

*The aim of this article has been to define the evolution of the diphthong sound /e/ at the beginning of words in the Kazakh language. Present-day and ancient texts of the Kazakh (Turkic) language were analyzed during the research. The conclusion implies that diphthong sound /e/ could be present at the Old Turkic language.*

ЭОЖ 82

**Қ. Т. Төлебаева<sup>1</sup>, Б. М. Қадырова<sup>2</sup>, Г. Т. Кәріпжанова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент м.а., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.; <sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор; <sup>3</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
e-mail: masalim70@mail.ru

## **МАХМҰТ ҚАШҚАРИДІҢ «ДИУАНИ ЛҰФАТ-ИТ ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

*Мақалада қазіргі кезеңдегі ұрпақ тәрбиесі және тәрбие берудің жолдары сөз болады. М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» жинағындағы мақал-мәтелдері өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл ағартушылардың тәлім-тәрбиелік идеяларымен үндестік табуы және мақал-мәтелдердің негізгі тақырыбы, көтерген мәселесі қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: мақал-мәтел, ұрпақ, тәрбие, халық, ұлт, жастар, отан, ата-баба.*

### КІРІСПЕ

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Осы мақсатта әрбір халықтың сан-алуан ой-пікірлері мен іс-тәжірибелері ғасырлар бойы жинақталып отырған.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн екендігі айтылған [1]. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ

дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діңгегі десек те болады.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата [2], әл-Фараби [3], Қожа Ахмет Йассауи [4], Мұхамед Хайдар Дулати [5], Жүсіп Баласағұн [6], Махмұт Қашқари [7] т.б. және қазақ ақын- жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркі өркениетінің шежіресін жазып, өз есімін мәңгілік еткен данышпан ғалым, кемеңгер ұстаз Махмұт Қашқаридің («Диуани лұғат-ит-түрік») қазақша «Түрік тілінің сөздігі сөздігі» еңбегін оқып-үйрену және теориялық тұрғыдан талдау бұл тек сөздік, немесе тілтану мәселелерін ғана қарастырған еңбек еместігін, онда біздің ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесі бойынша тәжірибесі жинақталып, түркі халқының педагогикалық тұжырымдамасы негізделгенін айқын көруге болады. Ғұламаның тәлім-тәрбиелік идеялары немесе сөздіктегі мақал-мәтелдер өнегелі өмір сүру үшін жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берудің маңыздылығын дәріптеуге бағытталған. Сондықтан оның педагогикалық тұжырымдамасының негізгі өзегі – орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі – «ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақлақты насихатын ұстанған» ірі тұлға.

М. Қашқари сөздігінде ғылымның әр саласынан білім беру көзделген, егер білім берудің басты қызметі алдыңғы ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жеткізу болса, ғұлама ең алдымен, білім берудің осы қызметін іске асыруды мақсат етіп қойған. «Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-түрк» деген ат бердім»

дей отырып, өз оқырманына түркі өркениетінің тарихы, тілі, әдебиеті, географиясы, қоғамы және өмір салты туралы білім беруді көздейді.

М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» жинағындағы мақал-мәтелдері өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл ағартушылардың тәлім-тәрбиелік идеяларымен үндестік табуы болып табылады. Мақал-мәтелдердің негізгі тақырыбы адамшылық, адамгершілік және ізгілік принциптеріне негізделген тәрбие мазмұнының көрінісі екені анық. Жалпы түркілік дәстүрге, ерекшелікке сәйкес келетін тәрбие мазмұнының ізгілендіру идеясына сүйенуі заңды құбылыс.

Қазақтың әрбір баласы ата-бабаларының кім болғандығын, қандай жолдармен жүріп өткендігін мейлінше терең танып-білгені жөн. Бүгінде «Мәдени мұра» бағдарламасын насихаттайтын электрондық кітапхананың жұмыс істей бастағанын білеміз. Олардың барлығы жастар тәрбиесіне оң ықпалын тигізеді анық. Соңғы кездері жастардың ұлттық санасының қалыптасуына мәдени, ұлттық құндылықтардың тигізеді әсерін жандандыру керектігі күн тәртібінен түспей отыр. Ол уақыт талабы. Бұл жайында ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, жастар тәрбиесіндегі мәдени құндылықтары деп төмендегілерді айтуға болады:

1. Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
  2. Отанды, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу. Жақсылықты судың аяғында таста, басынан ізде. «Елге, халыққа ізгілік істе» [8, 150].
  3. Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
  4. Жеті атасын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз». «Ата баласы аташ туар», «Атаға тартып ұл туар» [8, 100].
  5. Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.
- Қазаққа тән игілік пен ұлттық сана дегеніміз ол - әдептілік, бауырмалдық, қонақжайлылық, еңбекқұмарлық, ұрлық, қиянат жасамау, үлкенді сыйлау, тағы сондай сияқты [9, 23].

Қазақ ойшылдарының көзқарасындағы басты идея «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды [10, 196]. Махмұт Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдерден мысал келтірсек: «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Асығыс еткен іс шала, асығыс жаққан от шала», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артында, ғұмыр сырғып жоғалар», «Ақылымды ал, ұлым менің, рақымшыл бол, әулетіңнің ағасы бол, ақылшы данасы бол, білгенінді ортақтас...», «Ұлым менің, ақыл сенің серігің», «Ашу-ыза ақылыңды алады, мажыма мылжың дүниенді тарылтады».

